

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ


**ТАҢДАМАЛЫ
СӨЗДЕР**

VII

2012-2013

Н. Ө. НАЗАРБАЕВ

ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР



Арман - 2014

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

**ТАҢДАМАЛЫ
СӨЗДЕР**

**VII том
2012–2013**

Астана – 2014

УДК 342.61
ББК 67.400.6
Н 17

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді

Н 17 Назарбаев Н. Ә.

Таңдамалы сөздер.

– Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014.

ISBN 978–601–277–183–1

Т. VII. – 2012–2013 жж. – 584 б.

ISBN 978–601–277–195–4

Көп томдық «Н. Ә. Назарбаев. Таңдамалы сөздер» басылымының жетінші томына Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2012–2013 жылдардағы жұртшылық алдында сөйлеген өзекті сөздері енгізіліп отыр, бұл кезеңде Қазақстан жұртшылығы «Қазақстан – 2050» стратегиясы аясында өз дамуының жаңа көкжиектерін айқындаған болатын.

УДК 342.61
ББК 67.400.6

ISBN 978–601–277–195–4 (Т. VII)
ISBN 978–601–277–183–1

© Назарбаев Н. Ә., 2014
© «Сарыарқа» баспасы, 2014

ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕР

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Таңдамалы сөздерінің» жетінші томында қамтылған 2012–2013 жылдар кезеңі Қазақстан халқы «Қазақстан – 2050» стратегиясы арнасында дамудың жаңа көкжиектеріне шыққан уақыт аралығына айналды.

Бұл кезеңде Елбасы Қазақстан дамуының келешегі мол жолдарын одан әрі пайымдауға және мемлекетті жаңа деңгейге өтуге дайындауға бағытталған бірқатар стратегиялық бастамалар ұсынды.

Мемлекет басшысының 2012 жылғы 27 қаңтарда жаңадан сайланған Парламент құрамының алдында жария еткен «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы осы іске аттанудың сөресіне айналды.

Мәжіліс пен мәслихаттарға 2012 жылдың 15 қаңтарында өткен кезектен тыс сайлау нәтижелері бойынша құрамында «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының, Қазақстанның демократиялық «Ақ жол» партиясының және Қазақстан Коммунистік халық партиясының өкілдері бар көппартиялы Парламент жасақталғаны

белгілі. Депутаттық корпусстың айқын басым көпшілігін Президент басшылық ететін «Нұр Отан» партиясының өкілдері құраған еді. Осынау жарқын жеңіс Н. Ә. Назарбаевтың қазақстандықтар арасындағы биік беделінің және Елбасы бағытын бүкілхалықтық қолдаудың кезекті дәлелі болды.

«Қазақстан жолының жаңа кезеңі – экономиканы нығайтудың, халықтың әл-ауқатын арттырудың жаңа міндеттері. Қазақстан үшін экономикалық табыстар мен қоғамдық игіліктерді қамтамасыз етудің оңтайлы теңгерімін табу – өмірлік маңызды нәрсе. Бүгінгі әлемде бұл – әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың түбегейлі мәселесі» – Қазақстан халқына Жолдауының негізгі қысқа желілерін жария ете келіп, Н. Ә. Назарбаев осылай деген еді. Аталған міндеттердің арасында тұрғындарды жұмыспен қамту, қолжетімді тұрғын үй, өңірлік даму, тұрғындарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасын жақсарту, кадр әлеуетін арттыру, сот және құқық қорғау жүйесін жаңғырту, адам капиталының сапалы өсуі, зейнетақы жүйесінің жетілдірілуі, индустриялық-инновациялық жобалар және ауыл шаруашылығы белгіленген болатын.

Қазақстан қоғамының әлеуметтік дамуының философиясын айқындап берген басқа бір бағдарламалық құжат Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы

10 шілдеде жарияланған «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» мақаласы болып шықты.

Жалпыға ортақ еңбек қоғамы ұғымын негіздей келіп Президент: «Бүгінде өткен жүзжылдықтың 60-шы жылдарында кеңінен таралған тұтынушылық қоғам тұжырымдамасының елесі айқын сезіледі. Тұтынудың бұл идеологиясы бүлдіруші болғанына бүгінде бүкіл әлем көз жеткізіп отыр. Ол әлемнің дамыған елдерінде жаппай әлеуметтік масылдық туындатты және жаһандық дағдарыстың басты себептерінің бірі болып табылады. Тек бүкіл әлемде ғана емес, сондай-ақ, тіпті дамыған елдерде жүзеге асырылуы мүмкін емес бұл жалған идеяға сындарлы балама табуға болады. Және мұндай балама Жалпыға ортақ еңбек қоғамы идеясы болып табылады... Бүгінде еңбек – ХХІ ғасыр жағдайындағы шешуші ұлттық фактор ретінде, жаһандық бәсекелестік жағдайында алдыңғы кезекке ілгерілетілуі тиіс», – деп мәлімдеді.

Осы көзқарасқа сәйкес мемлекеттік әлеуметтік саясаттың 20 басымдығы айқындалды.

Сонымен бірге, мемлекет жаңаруының стратегиялық желісі Президенттің Қазақстан халқына «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында өзінің түпкілікті сұлбасына ие болды.

Жолдауда «Қазақстан – 2030» стратегиясын жүзеге асырудың негізгі нәтижелеріне тұжырымдамалық тұрғыдан баға берілді және таяу онжылдықтардағы өзекті сын-қатерлер ыңғайында елдің 2050 жылға дейінгі дамуының келешекті міндеттері белгіленді. Жаңа бағдарламалық құжат Қазақстанның ұзақ мерзімді дамуының жаңа бой көрсетіп келе жатқан бағытын стратегиялық мазмұнмен табиғи түрде толықтырды.

Жолдауда жария етілген бастамалардың қатарында мыналар бар: осы заманғы бәсекеге қабілетті экономиканы дамыту; әкімшілік реформа; билік деңгейлері арасында жауапкершілік пен өкілеттіліктердің аражігін ажырату арқылы мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру; әкімдердің сайланбалылығы мен жергілікті өзін-өзі басқарудың кеңейтілуін енгізу; құқық жүйесінің жаңғыртылуы; Жалпыға ортақ еңбек қоғамының қағидағтары негізінде жаңа әлеуметтік саясат қалыптастыру; қазақстандық отаншылдықты нығайту.

Бұл бастамалардың баршасы жаңа қазақстандық идеологияның арқауына алынып, соның айналасында мемлекеттік саясат, дамудың жоспарлары мен бағдарламалары түзіле бастады.

«Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асырудың алғашқы нақтылы қадамдары мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру және әкімшілік реформасы болды.

Мемлекеттік басқаруды орталықсыздандырудың аясында орталық пен өңірлердің арасындағы жауапкершіліктің және өкілеттіліктің аражігін ажырату жүзеге асырылды, жергілікті жерлерде әкімдердің сайланбалылығы енгізілді және жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілеттілігі кеңейтілді. Атап айтқанда, 67 мемлекеттік функция ауылдық деңгейге ауыстырылды, мұның өзі ауыл әкімдеріне салық жинауға, жергілікті бюджетті қалыптастыруға және оны тұрғындардың өзін араластыра отырып, қажетті мәселелерді шешу үшін жұмсауға мүмкіндік берді.

2013 жылдың тамызында жергілікті билік органдары басшыларының сайлауы өткізілді, оның нәтижесі бойынша аудандық маңыздағы қалалардың, ауылдық округтердің, ауылдық округтер құрамына кірмейтін кенттер мен ауылдардың әкімдері баламалы негізде сайланды, олар барлық деңгейдегі әкімдер корпусының 91 %-ын құрады.

Әкімдердің сайланып қойылуы олардың қызметін тұрғындар тарапынан бақылау мүмкіндігін көбейтті, сондай-ақ, әрбір жеке аумақтық қоғамдастықтағы әлеуметтік-экономикалық ахуалға азаматтардың ықпалын арттыруға септесті. Осылайша, саяси жүйені жаңғырту, қазақстандықтардың жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруға белсене қатысуының практикасы мен дәстүрлерін кеңейту жолында тағы бір маңызды қадам жасалды.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет жүйесін одан әрі жетілдіру мен кәсіби мемлекеттік басқарушылар корпусын жасақтауға бағытталған әкімшілік реформа да басталды. Осы мақсатпен әкімшілік мемлекеттік қызметтің «А» және «Б» корпустары түрінде лауазымдардың қос деңгейлі құрылымы және мемлекеттік қызметшілер жұмысының тиімділігін бағалаудың жүйесі енгізілді. 2013 жылдың күзінің өзінде-ақ «А» корпусына кандидаттарды жалпыұлттық конкурс бойынша іріктеу жүргізілді.

Әкімшілік реформасының аралық қорытындыларын мемлекет басшысы 2013 жылғы 17 қазанда «А» корпусына кіретін мемлекеттік қызметшілер қатысқан жұмыс мәжілісінде шығарды.

Тұтастай алғанда, жүргізілген реформа саяси мемлекеттік қызметшілердің санын 7,5 есе азайтуға, сондай-ақ, өңірлердегі аудандар мен қалалар әкімдерін 30 %-ға және орталық атқару органдарының басшы құрамын 15 %-ға жаңартуға мүмкіндік берді.

«Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асырудың маңызды шарты құқық жүйесін одан әрі жаңғырту деп танылды, оның басты бағыттарын Президент 2013 жылғы 20 қарашада өткен судьялардың VI съезінде жария етті.

«Қазақстан – 2050» стратегиясы ережелік-құндылық бағыттардың сапалық тұрғыдан жаңа, бұрынғыдан әлдеқайда ауқымды әрі серпінді

межесін белгілеп берді, осыған байланысты «Нұр Отан» партиясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясы сияқты азаматтық қоғамның белді институттарының түбірлі құжаттары да тұжырымдамалық тұрғыдан қайтадан пайымдалды. Осылайша, кезектен тыс XV съезді шақырып, «Нұр Отан» партиясы өзінің жаңартылған Саяси доктринасын талқылады және бекітті, ал Ассамблеяның «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» ұранымен өткен мерейтойлық XX сессиясының қорытындысы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданды.

«Бір халық – бір ел – бір тағдыр» тұжырымының тамаша тиянағы Қазақстан құрама командасының Лондонда өткен XXX жазғы Олимпия ойындарындағы әсерлі табысы болды, қазақстандықтар онда 205 ұлттық команданың арасынан жалпы командалық есепте 12-ші орынға көтерілді. Қазақстандықтардың сенімді жеңісі патриотизмнің және азаматтарымыздың өз Отаны үшін мақтанышының өсе түсуіне жаңа серпін қосты. 2012 жылғы 17 тамызда мемлекет басшысының қатысуымен Олимпия ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттаудың салтанатты рәсімінің елді бір дүр сілкіндіріп тастағаны тіпті де кездейсоқтық емес еді. Қазақстанның олимпиялық салтанатының үш бастау көзі жайында айта келіп, Елбасы олардың бірі ретінде барлық этностардың

достығын атады. «Қазақстан олимпиялық құрамасы нағыз «халықтың спорттық Ассамблеясы» болды. Біздің олимпиада чемпиондары мен жүлдегерлері арасында Қазақстанның 6 этносының өкілдері бар. Елдің олимпиялық құрамасының жаттықтырушылар құрамы да көп ұлтты. Лондонда біздің команда біртұтас отбасы ретінде өнер көрсетті, біздің халқымыздың өзі де осындай», – деді Н. Ә. Назарбаев.

Қазақстандық отаншылдықты нығайта түсу үшін маңызды мәні болған оқиғалардың қатарында, сондай-ақ, көрнекті мемлекет қайраткері Д. А. Қонаевтың 100 жылдығына арналған салтанатты, 1932–1933 жылдардағы жаппай аштықтың құрбандарына арналып Астанада тұрғызылған монументтің ашылуын, Қазақстан Қарулы Күштерінің 20 жылдығын, жаңа мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің күнін және ел астанасының ауыстырылуының 15 жылдығын мерекелеуді бөле атауға болады.

Бұл кезеңдегі неғұрлым елеулі қоғамдық-саяси іс-шаралардың баршасының өзегіне айналған негізгі идея – «Қазақстан – 2050» стратегиясының жүзеге асырылуы.

2013 жылдың сәуірінде Н. Ә. Назарбаев XI Еуразиялық медиа-форумның жұмысына қатысты. Форумға құттықтау сөзінде Елбасы отандық медиасаласының даму жолдары «Қазақстан – 2050»

стратегиясы тұрғысынан қарағанда қалай болғанын қалайтынын жеткізді. Президент белгілеген көзқарастар «Ақпараттық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасында көрініс тапқаны белгілі.

Президенттің бесінші шақырылымдағы Парламенттің III сессиясын ашарда депутаттық корпуспен кездесуі саяси, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық реформалардың заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етілуінің «Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыру ыңғайынан қарағандағы мәселелеріне арналды.

Мемлекеттің ұзақ мерзімдік дамуы мен жас буынның жауапкершілігі мәселелерін Н. Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық «Болашақ» стипендиясының стипендиаттары мен бітірушілерінің форумында да қозғады, бұл жиын стипендияның тағайындалуына 20 жыл толуына арналып ұйымдастырылған еді. 1,5 мыңнан астам адам қатысқан кездесу кезінде Президент Лондон, Вашингтон және Шанхай қалаларындағы телекөпірлер арқылы «Болашақ» бағдарламасы стипендиаттарымен сөйлесті. Өз сөзінде Елбасы стипендияның 20 жылдығы ішінде ойға алғандарды орындаудың қорытындыларын шығарып, «Қазақстан – 2050» стратегиясының арнасында жаңа міндеттерді белгіледі.

2050 жылға дейінгі Стратегиясына орайластыра отырып, Н. Ә. Назарбаев Қазақстан жұртшылығының алдына батыл да кеудешіл мақсат – әлемдік қоғамдастықтың озық отыздығының қатарына қосылу мақсатын қойды.

Елбасының түпкі ойы бойынша, бұл міндеттің үдесінен шығуда өзекті орын Қазақстанды технологиялық серпіліске жеткізетін индустриялық-инновациялық бағдарламаға тиесілі.

Елбасы сөзінің негізділігін дәлелдеген алғашқы көзге көрінерліктей нәтижелер кейінгі кезде іске қосылған жоғары технологиялы өнеркәсіп нысандары – Шығыс Қазақстан, Қостанай және Алматы облыстарындағы автокөлік құрастыру, Астанадағы электровоздар, тепловоздар және жолаушылар вагондарын, «Еврокоптер» тікұшақ құрастыру және фотоэлектр модульдері, Атырау облысындағы мұнай мен газды кешенді дайындау, Батыс Қазақстан облысындағы ерекше берік шыны жасау зауыттары және басқа нысандар.

Н. Ә. Назарбаевтың осы кезеңдегі сөздерінің негізгі бөлігі «Қазақстан – 2050» стратегиясын насихаттауға және дәйектеп түсіндіруге арналды.

Елбасының 2013 жылдың қаңтарында Үкімет мүшелерімен және Президент Әкімшілігінің басшылығымен өткізген кеңесте «Ең таяу болашақта әлемдік экономиканың құлдырауының жаңа орамы басталмайды деп ешкім болжай алмайды.

Сондықтан да «Қазақстан – 2050» стратегиясының басты қағидаты – бәрін қамтитын экономикалық прагматизм. Алдағы шешімдердің бәрі инвестициялардың кірістілігі мен қайтарымдылығы, бәсекеге қабілеттілік және Қазақстанның ұзақ мерзімді мүдделерін сақтау тұрғысынан қабылдануға тиіс. Бізге керегі экономикалық статистиканың абстрактілі цифрларының өсуі емес, әрбір қала мен ауылдағы өмірдің нақты жақсаруы» деген пікірі бұл сөздердің бәрінің өзекті арқауы бола алады.

Мемлекет басшысы бастамашылық көрсеткен «Халықтық IPO» бағдарламасын дайындау мен іске қосу дәл осы жағдаятқа байланысты пайда болған еді, ол бағдарлама елдің қор нарығын дамытуды және тұрғындарды ұлттық экономиканы басқаруға кеңінен тартуды мақсат ететін. «Халықтық IPO» жүздеген мың қарапайым қазақстандықтарға ірі кәсіпорындардың акцияларын иеленуге мүмкіндік береді, сондай-ақ, инвестициялау мен халықтың жинақ ақшалары мен байлығын ұлғайтудың жаңа тетігі болып табылады» – бағдарламаның маңызын атап көрсете отырып, Н. Ә. Назарбаев бірнеше рет осындай ой айтты. Бағдарламаның аясында 2012 жылдың қарашасында қор нарығында «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының акциялары орналастырылды. «KEGOC», «Air Astana», «ҚазТрансГаз», «Самұрық-Энерго», «Казтеңізкөлікфлоты», «Қазақстан темір жолы»,

«Қазтеміртранс», «Казатомпром», «Қазмұнайгаз» сияқты белді қазақстандық компаниялардың активтері де кезең-кезеңімен осылай орналастыруға шығарылатын болады.

Қарапайым адамдардың түйткілді мәселелері мен мұқтаждарына осындайлық шынайы қамқорлықпен қарау Президенттің тарапынан Үкімет әйелдердің зейнет жасын ұзарту жөнінде заңнамалық бастама көтерілген кезде де танытылды.

2013 жылдың орта шенінде осы мәселеге байланысты өрістеп кеткен қызба-қызу қоғамдық пікірталас барысында мемлекет басшысының тікелей араласуы ғана бұл мәселені күн тәртібінен алып тастауға мүмкіндік берді. «Конституцияда берілген өкілеттіктеріме сәйкес, әйелдердің зейнет жасын өсіру туралы норманы енгізу мерзімі бөлігінде қайта талқылау және дауысқа салу үшін Парламентке қайтарамын... Мен зейнет жасын кезең-кезеңмен ұзартуды 2014 жылғы 1 қаңтардан емес, 2018 жылғы 1 қаңтардан бастауды ұсынамын», – деп мәлімдеді Н. Ә. Назарбаев ұлттық теледидар арқылы сөйлеген сөзінде.

Сондықтан да Президенттің жаңадан құрылған «А» корпусының өкілдерімен кездесу кезінде мемлекеттік қызметшілерге өзінің басты талаптарының бірін: «Сіздердің бәріңіз – халықтың қызметшісі екендеріңізді ешқашан ұмытпаңыздар. Адамдарға енжар қарауға болмайды. Олардың проблемаларын біліп, күндіз демей, түн демей

шешу керек! Адамдарды иландырып, олармен адал да ашық сөйлесу маңызды», – деп белгілегені жайдан жай емес.

* * *

Сыртқы саясат өрісінде Қазақстан жаһандық сын-қатерлер мен адамзат проблемаларына жауап қайтара алатындай жаңа идеяларды іздестіретін халықаралық алаңдардың бірі ретінде сенімді түрде таныла түсті.

2012 жылдың мамырында Қазақстан астана-сында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының кезекті IV съезі шақырылды, оған дүние жүзінің 40 елінен 85 делегация келді.

Сол жылғы қыркүйекте Астанада Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің мерейтойлық сессиясы өтті, ол осы халықаралық ұйымның дамуында жаңа белеске айналды. Өзінің 20 жылдық тарихында АӨСШК қамту аумағын анағұрлым кеңейтті, оған жаңа мүшелер болып Вьетнам, Ирак, Бахрейн мен Камбоджа, байқаушы елдер болып Бангладеш пен Филиппины қосылғаны ұйымның беделі мен маңызының арта түскендігін нақпа-нақ дәлелдейді.

«Әлемнің экономикалық трансформациялану жолдары туралы» деген күн тәртібімен өткізілген V Астана экономикалық форумы да әлемдік дамудың жолдарын зияткерлікпен іздеуге жаңаша серпін қосты. Н. Ә. Назарбаевтың жаһандық

экономикалық дағдарыспен күрес және оның қайталануының алдын алу мақсатымен әлемдік экономиканы және қаржы жүйесін реформалау жөніндегі бастамалары әлемнің көптеген елдерінде кең ғылыми және саяси жаңғырық туғызды. Олардың арасындағы ең маңыздылары ақпараттық-коммуникациялық G-Global алаңын құру мен әлемдік экономиканы реформалау ісінде көпжақты үнқатысу, талқылау мен шешімдер әзірлеуді мақсат ететін жыл сайынғы Бүкіләлемдік дағдарысқа қарсы конференцияны шақыру болды.

Осындай аяда 2017 жылғы Халықаралық мамандандырылған «ЭКСПО-2017» көрмесін Астана қаласында өткізу жөніндегі қазақстандық өтінімнің жеңіске жетуі әбден-ақ заңды еді. Таңдаудың Қазақстанға түсуі біздің мемлекетіміздің табыстарын жоғары бағалаудың көрінісі болып табылады және елдің даму келешегі мол екенін қадап көрсетеді.

Болашақ көрменің тақырыбы Н. Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша «Болашақтың энергиясы» деп таңдалды, сөйтіп, өнеркәсіп пен энергетикада «жасыл технологияларды» ілгерілетуге арналды. Өз тарапынан Қазақстан 2012 жылы республиканың «жасыл экономикаға» өту тұжырымдамасын қабылдады, оған сәйкес электр қуатын үнемдеуді қамтамасыз ету 2020 жылға дейін жыл сайын 2,5 %, ал 2020 жылдан кейін 3,5 % болуы керек.

Алайда халықаралық істердегі Қазақстан үшін басты мәселе еуразиялық ықпалдастықты тереңдету болып табылды.

Еуразиялық ықпалдастықты мемлекеттің орнықты дамуының пәрменді тетіктерінің бірі ретінде қарастыра отырып, Қазақстан Президенті сонау 1994 жылдың өзінде, КСРО-ның қирандыларында бұрынғы кеңестік республикалар өздерінің тәуелсіз мемлекеттілігін құруға әрекеттеніп жатқан кезде, Еуразиялық Одақ құру идеясын ұсынған болатын.

Жанталаса жаһанданып жатқан мына әлемде, Н. Ә. Назарбаевтың кәміл сенімі бойынша, болашақ ірі ықпалдастық бірлестіктеріне ғана тиесілі. Оған балама жоқ.

Мұндай сенімділіктің арқауында саламатты прагматизм сынды сипат жатыр. 1980-ші жылдардың аяғында жаңа Одақтық шартқа қол қою жөніндегі ұстанымның да негізі дәл осы прагматизм болатын. Кеңестен кейінгі кеңістіктегі ықпалдастық мәселелерінде дәйекті саясат жүргізудің себебі де дәл осы прагматизм еді.

Арада 20 жыл өткенде, 2014 жылдың мамырында Астана қаласында Қазақстан, Ресей мен Беларусь Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы мәні жағынан тарихи шартқа қол қойған кезде, бүкіл әлем Қазақстан басшысы идеяларының қандайлық тамаша жүзеге асқанына куә болды.

Шартқа қол қоюдың салтанатты рәсiмiнде сөйлеген сөзiнде Н. Ә. Назарбаев Қазақстанның бұл мәселедегi ұстанымын тағы да берiк әрi басы ашық түрде анықтап берiп, құрылған одақ тек қана экономикалық одақ болып табылатынын, қатысушы мемлекеттердiң тәуелсiздiгi мен саяси егемендiгi мәселелерiн атымен қозғамайтынын мәлiмдедi. «Бiздiң бiрлестiгiмiзде мемлекеттердiң саяси егемендiгi мығым әрi мызғымас. Бұл – басы ашық ақиқат. Оған қоса, экономикалық ықпалдас-тық нақ ұлттық мемлекеттiлiктi нығайту үшiн, оны орнықты экономика арқылы орнықтырақ ете түсу үшiн дамытылады», – деп мәлiмдедi Елбасы.

Тұтастай алғанда, 2012–2013 жылдардың қорытындыларын түйiндей келгенде, Қазақстан өз дамуының жаңа белесiне қалыптасқан демократиялық дәстүрлерi және ондаған жылдарға ойластырылған стратегиялық дәлме-дәл бағдары бар қалыптасқан мемлекет ретiнде аяқ басқанын атап айту маңызды.

**Д. А. Қонаевтың 100 жылдығына арналған
салтанатты жиналыста**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2012 жылғы 12 қаңтар

**Ардақты әлеумет!
Құрметті отандастар!**

Қазақ елінің тағылымды тарихында заман жүгін арқалаған талай толағай тұлғалар болды. Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – сондай біртуар болмыс иесі.

Қонаевтың атын мәңгі есте қалдыру үшін менің 1994 жылы арнайы жарлық шығарғанымды

білесіздер. Содан бері Димекеңе қатысты көптеген шаралар атқарылды. Оқу орындары мен мекемелерге, көшелерге аты берілді, музей-үйі ашылды.

Бұл – Қазақстанның дамуына зор үлесін қосқан тұғырлы тұлғаға деген біздің шынайы құрметіміз болып саналады.

Қадірлі қауым!

Кеңестік кезең – біздің тұтас тарихымыздың ажырамас бір бөлшегі. Сол кезеңде өмір сүріп, дәуірді көзі көрген, бүгінгі күнге де куә болып отырғандар арамызда аз емес. Сол тарихтың ауқымды бөлігі Қонаев есімімен тікелей байланысты.

Дінмұхамет Ахметұлы – өз заманының перзенті болған ірі тұлға, көрнекті қайраткер.

Қонаев жоғары қызметке келген уақыттың аса күрделі, қайшылығы көп кезең болғанын білесіздер. Кеңес Одағы соғыстан кейін батыстағы күйреген республикаларды дамытуға басымырақ көңіл бөлетін. Қиырдағы Мәскеудің шешімінсіз республикада бірде-бір өндіріс орны немесе мекеме іске қосылмайтын еді. Сол тұста Семей өңірі ядролық сынақ полигонына айналды. Ойланбай жасалған қадам арқылы Арал теңізі жойылуға таяды. Ұлттардың ерекшелігіне, мәдениеті мен дәстүріне қайшы келетін солақай шешімдер қабылданды. Қазақ тілінде білім беретін мектептер жабылып, халық мұрасы көмескі тартты. Дінімізге тыйым

салынды. Жоспарлы экономика салдарынан Қазақстан шикізат көзіне айналды. Тың игеруде де ірі қателіктер мен негізсіз қадамдар жасалды. Көп жерлер эрозияға ұшырап, жайылым тарылды.

Алайда, осындай қиындықтарға қарамастан, Қонаев елдің дамуы үшін қолынан келгенін жасады.

Республикада құрылыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы салаларының дамуы ілгерілей түсті. Елсіз жерлерде жаңа қалалар мен елді мекендер пайда болды. Сонымен қатар, Қонаев өнер мен мәдениеттің қарыштап қанат жаюына өлшеусіз еңбек сіңірді.

Алды кең, жаны жомарт парасатты жанның өнер адамдарына қолдау көрсеткеніне талай рет куә болдым. Димекең туған қаласы Алматы үшін де көп жақсылықтар жасады.

Бұл тұрғыдан алғанда, Дінмұхамет Ахметұлы – айрықша ардақтауға лайықты қарымды қайраткер. Сондықтан біз оны тәуелсіздікке дейінгі тарихымыздың тегеурінді тұлғасы деп бағалауымыз керек.

**Құрметті жиналысқа қатысушылар!
Қымбатты достар!**

Бүгін біз сіздермен бірге Қазақстанның көрнекті мемлекет және саяси қайраткері – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 100 жыл толуын

атап өтіп отырмыз. Оның Қазақстан мен қазақ халқының тарихындағы рөлі айрықша.

Қонаевтың бай ішкі мәдениеті, терең білімдарлығы мен мол өмірлік тәжірибесі ерекшеленіп тұратын. Ол өзінің бойына біздің халқымыздың, сол уақыттағы қазақ зиялыларының ең жақсы асыл қасиеттерін сіңіре білді.

Тарих бәрін де өз орнына қояды деген сөз бар. Бүгін, туғанына 100 жыл толуына орай, оны қазірдің өзінде тарихымыздың бір бөлігіне айналды дей аламыз.

Осыдан 20 жыл бұрын басқа республикаларда бұрын пір тұтқандарды тақтан тайдырып, олардың ескерткіштерін қиратып, алып тастап жатқан шақта біз олай істеген жоқпыз. Біз өзіміздің өткенімізге, еліміздің тарихында елеулі із қалдырған аға ұрпаққа әрқашан құрметпен қарап келдік және солай бола береді. Бұл – бәріміздің ұғуымыз қажет басты тағылым. Ол тағылымды біз еліміздің тұрақты дамуының негізі ретінде ұрпақтарға өсиет етеміз.

Ол өмір сүріп, еңбек еткен дәуірдің күрделілігін түсінбей тұрып, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың тұлғалық ауқымы мен сіңірген еңбегін бағалау мүмкін емес. Ол барлық артықшылықтары мен кемшіліктерін қоса алғандағы өз заманының перзенті еді.

Ол өзі айтқандай, «коммунист болды және коммунист болып қалды». Ол кісінің бұл ұстанымы құрметке лайық.

Бұл Одақтың орталық тарапынан жаппай қатаң бақылаудың заманы болатын. Бұндай жағдай бәріміздің есімізде.

Л. И. Брежневпен достығының арқасында Димекең билікте соншама ұзақ болды дейтіндер де бар. Бірақ уақыт сондай еді. Орталықтың шешімдеріне мүлтіксіз бағынбайынша және оның қолдаусыз өз қызметінде тұрақтап қалып, қандай да бір мәселелерді шешу мүмкін емес-ті. Оның үстіне, ол кезде басшыларды іс жүзінде халық сайламайтын, орталық тағайындаушы еді. Жүйе сондай болатын.

Ол кездің басшылары, көбіне адамдардың мүдделеріне кереғар партиялық нұсқауларды бұлжытпай өмірге ендіруге мәжбүр болатын. Бастамашылық қолдау таппайтын.

Ол кез ұлттық дәстүрлер халық жадынан жасандылықпен жойылған онжылдықтар болатын. 100 мыңдаған қазақстандықтар Семей полигонындағы атом қаруын сынаудан аясыз азап шегіп жатты. Арал теңізіндегі экологиялық апат асқына түсті.

Демек, Дінмұхамед Қонаев республика басшысы ретінде, әсіресе орталықтандырылған жүйенің қыспағында қалып, дербес саясат жүргізе

алмады. Олай болуы заңды да еді. Оның жеке тағдырының драмалық қайшылығы да сонда.

Тіпті, сол бір қатқыл шеңбердің шегінде де Дінмұхамед Ахметұлы республика үшін қолынан келгеннің бәрін істей білді. Алматының елдегі ең әдемі қалалардың біріне айналуына аз күш жұмсаған жоқ. Қазақстан ғылымын, мәдениеті мен өнерін дамытудағы оның рөлі айдан анық.

Бүгін біз, Д. А. Қонаевтың 100 жылдық мерейтойын салтанатты түрде атап өте отырып, өткен ғасырдың 50-ші, 60-шы, 70-ші жылдарындағы қазақстандықтардың ұрпақтарына, яғни оның замандастарына да лайықты бағасын береміз. Олардың еңбектегі табыстары, экономиканың негіздеріне қосқан үлестері қазіргі тәуелсіз Қазақстанның келешек дамуының іргетасына айналды.

Жаңа тәуелсіз елді құрушы қазақстандықтар аға ұрпақ пен сол тұстағы басшылардың еңбегін бағалайды. Біз олардың істеріне әрқашан да разы болуға тиіспіз.

Д.А.Қонаев өмір сүріп, еңбек еткен кезең мен тәуелсіз Қазақстан дәуірі уақыттық тұрғыдан жақын-ақ. Бірақ олардың арасындағы тарихи қашықтық орасан зор.

Бұрынғы Кеңес Одағы құрамындағы Қазақстан мен жақында ғана өзінің 20 жылдығын атап өткен жаңа тәуелсіз ел ретіндегі Қазақстан – екеуі екі

бөлек экономика, мүлдем бөлек саяси және қоғамдық жүйелер.

Біз тоталитарлық идеологиядан батыл түрде бас тартып, нарықтық экономика мен саясатқа көштік.

КСРО-дағы Қазақстан экономикалық даму деңгейі жөнінен бар болғаны 13-ші республика еді.

Бүгінгі Қазақстан – экономикалық қуаты жағынан ТМД-дағы екінші ел. Ал, жекелеген тұғырлар бойынша, соның ішінде реформалар жүргізу жөнінен біз бірінші орын аламыз. ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығында экономикалық өсім қарқыны бойынша Қазақстан әлемнің ең серпінді экономикалары арасында үшінші сатыға көтерілді. Біз жаңа индустрияландыруға кірістік. Қазақстанды шикізаттық тәуелділіктен шығару үшін инновациялық инфрақұрылымдар құрып, 100 мыңдаған жаңа жұмыс орындарын ашудамыз. Біз ел мен жұртты баламалы экономикаға әзірлеудеміз. Біз бұны қазір жасап жатырмыз.

Біз бұл жұмысты 2003 жылы бастадық. Соңғы жылдарда 500 жаңа кәсіпорын қатарға қосылды. Кезекте тағы 600 кәсіпорын түр. 200 мың жұмыс орны ашылады.

Тәуелсіздік жылдары қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болып, қарыштай қалықтау кезеңіне айналды. Тілмен қатар, ұлттық мәдениет самғай өрледі.

Семей полигоны мәңгілікке жабылып, Атамекеніміз ядролық тажалдан біржолата құтқарылды.

Енді біз Ресеймен және Беларусьпен бірге Бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастырудың шешуші кезеңіне қадам бастық. Бұл біздің бұдан әрі дамуымыз үшін қажетті экономикалық интеграцияның ең жоғарғы нысаны. 3 елдің экономикалық кеңістігі мен 170 млн адам – біздің тауарларымыз үшін ауқымды рынок. Бізге аса маңызды әрі пайдалы ДСҰ-ға кірер қарсаңында мұнда экономикамыз шыңдала түспек.

Тәуелсіз Қазақстан тек қана алға қарай ұмтылуда. Ол әлемдегі беделді де танымал мемлекетке айналды. ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету мен 56 мемлекет басшыларының тарихи саммитін өткізу – төрткүл дүниенің Қазақстанға деген сенімі мен құрметінің шарықтау шыңына айналды.

Барша қазақстандықтардың мақтанышына айналған, небәрі 10 жылда салынған елордамыз Астана туралы айрықша айту керек. Біз тарихымызда тұңғыш рет өз астанамызды айқындап, өмірге келтірдік. Сөйтіп, бүкіл әлемді таң қалдырдық.

Бүкіл көп ұлтты Қазақстан халқы тату-тәтті достықта өмір сүруде. Еліміздің өсіп-өркендеп, жаңа белестерге жетуі де нақ сондықтан.

Осының бәрі – қазіргі көзі тірі және өмірден өткен қазақстандықтардың бірнеше буын ұрпағының сіңірген еңбегі.

Сол себептен де Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 100 жылдық мерейтойы күні біз осынау толағай тұлғаны жадымызда жаңғыртып, есімізде сақтай отырып, оған деген құрметімізді білдіреміз. Оның есімін мәңгі есте қалдыру туралы менің жарлығым бұдан 17 жыл бұрын қабылданғанын айттым. Жарлықтың мазмұнын естеріңізге сала кетейін.

Д. А. Қонаевтың Қазақстанға сіңірген айрықша еңбегі үшін оның есімін мәңгі есте сақтау мақсатында қаулы етемін:

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Таукен ісі институтына;

Шығыс Қазақстан облысындағы «Лениногорск металлургия комбинаты» акционерлік қоғамына Д. А. Қонаев есімі берілсін;

Алматы қаласындағы Маркс көшесі Қонаев көшесі болып өзгертілсін;

Жас ғалымдар үшін жер туралы ғылым саласында академик Д. А. Қонаев атындағы жыл сайынғы сыйлық тағайындалсын;

Алматы қаласында Д. А. Қонаевтың Музей-үйі ашылсын;

Алматы қаласындағы Төлебаев көшесіндегі ол тұрған № 10 үйге мемориалдық тақта орнатылсын.

Бүгінде оның бәрі толығымен жүзеге асты. Сонымен қатар, кезінде өзі қызмет атқарған университеттер мен кәсіпорындар, басқа да бірқатар

ұйымдар, біздің жаңа елордамыз Астанадағы орталық көшелердің біріне оның есімі берілген.

100 жылдық мерейтойды атап өту аясында біздің аса көрнекті отандасымыздың өмірі мен қызметі туралы фильмдер түсіріліп, теңге ақшалар мен кітаптар шығарылады.

Қазақстандықтардың өткен ұрпақтары аманаттаған игілікті істерін сақтау және еселей түсу – біздің борышымыз.

Құрметті қауым! Қымбатты отандастар!

Тағылымды тарихты еске алып отыру – өсер елдің белгісі. «Өткеннің өнегесі – ұрпаққа ұлағат» дегендей, жақсының игілікті істерін үлгі етуіміз керек.

Біздің тарихымыздың жасампаз парағы тәуелсіздікпен бірге ашылды. Таяуда 20 жылдығын атап өткен Қазақстан тәуелсіздік арқылы әлем таныған елге айналды. Димекең еліміздің абыройы асқақтаған осы күнді көзі көргенде сөзсіз қуанар еді.

Біздің бұл белесті береке-бірлікпен бағындырғанымызды білесіздер. Тәуелсіздік тойы арқылы біз жаңа кезеңге қадам бастық. Алда биік белестер бар. Қиыншылықтар аз емес. Қилы кезеңде алмағайып дүниенің сан құбылып тұрғанын білесіздер.

Болашақтың не берерін болжап білу мүмкін емес. Сондықтан біздің баршамыз қазір тәуелсіздіктің тұғырлы болуын ойлауымыз керек. Елдің бірлігін ойлауымыз қажет.

Алдымызда Парламент Мәжілісінің сайлауы келе жатыр. Бұл да ел үшін, халық үшін елеулі сын. Бұдан ешкім қалыс қалмауы тиіс. Біз қандай Парламентке дауыс берсек, болашағымыз да сондай болады. Жоралы жұртымыз бұл сындарлы өткелде елдің ынтымағын, Қазақстан халқының бірлігін және атқарылып жатқан ауқымды бағдарламалар мен іргелі істерді жақтап дауыс береді деп сенемін.

Қандай ауыртпалық болмасын, біз қиындықты бірге жеңіп, қатарымыздан озып келе жатқан елміз. Мен қабырғалы халқымыздың бұл асқар асулардан абыройлы өтеріне сенемін.

Ер елімен бірге жасайды. Елі барда ер елеусіз қалмайды. Ендеше, мерейтой құтты болсын!

**Қазақстан Республикасы Парламентінің
Мәжілісі мен мәслихаттарының алдағы
сайлауына байланысты**

ҮНДЕУІ

Астана қаласы,
2012 жылғы 13 қаңтар

Құрметті қазақстандықтар!

2012 жылдың 15 қаңтарында Парламент Мәжілісі мен жергілікті жерлердегі мәслихаттар депутаттарының сайлауы өтеді. Алдағы сайлау ел, демократиялық құндылықтарды нығайту үшін үлкен маңызға ие.

Мемлекет сайлаудың ашық, адал, айқын және бәсекелестікпен өтуіне барлық жағдайды жасап отыр.

Электораттық науқанның барлық кезеңіндегі заңдылықтарды сақтау қамтамасыз етілді. Саяси партиялар бұқаралық ақпарат құралдарын тең дәрежеде пайдалана алды. Сайлау үдерісіне қатысушылардың бәріне сайлаушыларын өздерінің сайлауалды тұғырнамасымен таныстыруға кеңінен мүмкіндік берілді.

Біздің азаматтарымыз сонымен бір мезгілде саясаткерлердің сөз саптауларын бақылай отырып, кімнің кім екенін көрді. Қандай партиялардың нақты бағдарламалары барын, олар бағдарламаларын халқымыздың игілігіне жүзеге асыру үшін қандай шаралар жоспарлап отырғанын бағамдады. Сондай-ақ олар қандай партиялардың бос сөзділікпен, қаралаумен айналысып, сонысымен өздерінің іс барысын мүлдем түсінбейтінін, өздерінің өмір шындығынан қол үзіп қалғандарын байқатып алғанын көрді.

Біздің халқымыз, барлық қазақстандықтар бәрін түсініп, еліміздің өркендеуіне, халық өмірін жақсартуға бағытталған тұрақтылықты, дамуды, нақты істерді қолдайтынына сенімдімін.

Сайлауға халықаралық қоғамдастық аса зор қызығушылық танытып отыр. Орталық сайлау комиссиясы 8 халықаралық ұйым мен 29 шет мемлекеттен 819 байқаушыны тіркеді. Сайлауды 118 шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері көрсететін болады.

Тұтастай алғанда электораттық науқан белсенді өтуде. Мұны өздеріңіз де күнде көріп жүрсіздер. Барлық әлеуметтік өлшемдер ел тұрғындарының көпшілігі сайлауға белсенді қызығушылық танытып, дауыс беруге қатысуға дайын екенін көрсетіп отыр.

Және бұл да кездейсоқтық емес. Бұл – дұрыс белсенділік. Өйткені бұл – елдің 20 жылдағы тұрақты дамуының тікелей нәтижесі.

Біз көп нәрсеге қол жеткіздік. Бүгінде жан басына шаққандағы ІЖӨ 11 мыңнан астам долларды құрайды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша экономика 7,5 %-ға өскен. Жиынтық халықаралық резервтер 75 млрд доллардан асып түсіп отыр.

Бұл қаражатты біз не үшін жинақтап жатырмыз?

Бұл қаражат бізге қазіргі дүниеде ешкім де оқшаулана алмайтын жаңа дағдарыстар, зілзалалар жағдайында қажет болады. Ондай зілзалалар орын алған жағдайда бұл қаражат зейнетақыны, бюджеттік қызметкерлерге еңбекақыны уақтылы төлеп тұру үшін қажет болады.

Тек қана 3 жылда қазақстандықтардың жалақылары мен зейнетақылары 2 есе өскенін сіздер білесіздер. Денсаулық сақтау және білім беру салалары ырғақты жаңғыртылуда. Қазақстан халықаралық үдерістердің белсенді қатысушысы болып табылады.

Сайлау кез келген қоғам үшін қашанда сынақ. Біз үшін де солай. Бұл – қоғамдық құндылықтарды, ұлттық ұйысу мен таңдалған шешімдердің дұрыстығын тексеру кезеңі.

Сонымен қатар, бұл – қашанда талас, тартыс, қатаң бәсекелестік. Әрі бұл – қалыпты жағдай, кәдімгі демократиялық үдеріс.

Бірақ біз сайлаудың тек өмірдің белгілі бір кезеңі ғана екенін ұмытпауымыз керек. Одан әрі қарай Қазақстанның алдында жаңа міндеттер тұр.

Өкінішке қарай, қымбатты отандастарым, бізді күрделі уақыттың күтіп тұрғанын мен сіздерге әр кездегідей ашық және тіке айтуға тиіспін.

Әлемдік экономиканың тұрақсыздығы, дағдарыстың жаңа толқынының ықтималдығы мен экспорт бағасының төмендеуі Қазақстан экономикасына ықпал етуі мүмкін. Біз бұған дайындалудамыз және алғашқы жыл дайындалып отырған жоқпыз.

Біз 2008–2009 жылдардағы әлемдік қаржы дағдарысын лайықты еңсердік. Және барлық теріс болжамдарға қарамастан, біз адамдарымыздың жақсы өмірі үшін елді жаңғыртудағы таңдаған бағытымызды жалғастыра береміз.

Біріншіден, біз азаматтардың әл-ауқатын одан әрі жақсартуға бағытталған ауқымды әлеуметтік жаңғыртуларды жүзеге асыруды белгіледік.

Біздің барлық іс-әрекетіміз бірнеше жалпыұлттық бағдарламаларда нақтыланатын болады.

Бұл – «Өмір сапасы – 2030», «Саламатты ұлт – 2030», «Ақпаратты Қазақстан – 2030». Бұлар – қаржымен қамтамасыз етілген аса нақты бағдарламалар және біз солар бойынша жұмыс істейтін боламыз. Бұл бағдарламаларды орындау біздің адамдарымыздың лайықты өмір сүруін қамтамасыз етеді.

Екіншіден, индустриялық-инновациялық даму одан әрі жалғасатын болады.

Бұл – Қазақстанға өңірлік және әлемдік деңгейлерде бәсекелесуге мүмкіндік беретін өндірісті кеңейтіп, жаңа ғылыми ауқымды технологиялар енгізу.

Электрониканың, машина жасаудың, авиация жасаудың, локомотивтер мен вагондар өндірісінің, құрылыс индустриясының тың салалары толық көлемінде іске қосылады.

Біз еліміздің аграрлық секторына қуатты көмек көрсету жөніндегі жұмыстарды жалғастырамыз.

Біз өндіруші салаларды дамытуды жалғастырамыз.

Біз мал шаруашылығын дамытуға мықтап назар аударатын боламыз. Ауыл тұрғындарына жұмыс тауып беретін 2 300 фермерлік шаруашылықтар құрамыз.

Үшіншіден, қазақстандық қоғамды саяси жаңғыртуды жалғастырамыз.

Сайлау қорытындысы бойынша Парламент кем дегенде екі партиялы болады.

Біз құқық қорғау органдарын, әсіресе сот жү-
йесін реформалауды жалғастырамыз.

Сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес
жалғасатын болады.

Бұл – елді дамытудың жаңа саяси кезеңі. Біз
барлық саяси партиялармен сындарлы жұмыс
істейтін боламыз.

Біз әрі қарай да ұлтаралық және конфессия-
аралық келісімді нығайтатын боламыз.

Біздің болашағымыз өзімізге, әрқайсымыздың
таңдауымызға байланысты. Біз мұны әрқашанда
есте ұстауға тиіспіз.

Қазақстандықтар 15 қаңтарда өздерінің аза-
маттық парыздарына адалдық танытып, сайлау
учаскелеріне келеді және елдің дамуы мен өркен-
деуінің игілігіне лайықты таңдау жасайды деп
сенемін. Бұл Қазақстанға қазіргіден де қуатты,
тұрақты, мықты мемлекет болуға және өзінің
реформалар мен инновациялар бағытын жалғас-
тыруға мүмкіндік беретін таңдау болады.

**Қазақстан Республикасы Парламенті
бесінші шақырылымы І сессиясының
ашылуында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2012 жылғы 20 қаңтар

**Құрметті Парламент депутаттары!
Ханымдар мен мырзалар!**

Конституцияның 59-шы бабына сәйкес,
Қазақстан Республикасы Парламентінің бесінші
шақырылымының І сессиясын ашық деп жария-
лаймын.

**Құрметті депутаттар!
Қымбатты қазақстандықтар!**

2012 жылдың 15 қаңтарында Қазақстан Респуб-
ликасы Парламентінің Мәжілісі мен барлық дең-

гейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауы болып өтті.

Мемлекет тарапынан әділ, мөлдір және бәсекелі сайлау өткізу үшін барлық жағдайлар жасалды. Сайлауға қатысқан барлық партиялар үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін теңдей мүмкіндікке ие болды. Нәтижесінде әлемнің көптеген елдерінің байқаушылары еліміздегі электораттық үдерісті бірауыздан жоғары бағалады.

Өткен сайлау еліміздің саяси жүйесін жаңғыртуда тағы бір маңызды қадам болды. Сайлаушылардың өз еріктерін білдіруінің арқасында біз 2007 жылы қабылдаған конституциялық реформалардың маңызды міндеттерін мерзімінен бұрын жүзеге асырудамыз.

Сайлаудың басты қорытындысы – барлық қазақстандықтардың елді дамыту, экономика мен қоғамдық-саяси саланы жаңғырту, халқымыздың әл-ауқатын жақсарту бағытын бірауыздан қолдағандығында. Біздің азаматтарымыз қоғамдағы тұрақтылық, бірлік пен өзара түсіністік үшін дауыс берді. Яғни, нақты істер мен дұрыс бағдарламалар ұсынған партияларды қолдады.

Бұл жеңісті мен бүкіл Қазақстан халқының жеңісі деп есептеймін! Барлық жаңа сайланған Мәжіліс депутаттарын осы ортақ жеңіспен құттықтаймын!

Қазақстанның жаңа Парламентінде енді бәсекелі күресте жеңіс биігінен көрінген үш партия

жұмыс істейтін болады. Осылайша еліміз бүкіл әлемге біздегі демократиялық үдерістер дәйектілікпен және толассыз дамып келе жатқанын жария етті. Мұның бәрі еліміздегі барлық саяси партиялар үшін жауапкершілік деңгейін айтарлықтай жоғарылатады.

Сондай-ақ Конституцияға сәйкес Парламент Мәжілісінің 9 мүшесі Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланды. Бұл да Қазақстанның демократиялық инновациясы болып табылады. Өйткені түрлі этностар өкілдері еліміздің жоғары заң шығарушы органына өз депутаттарын сайлай алады.

Енді Мәжілісте тұрғындардың түрлі әлеуметтік, гендерлік және кәсіби жіктері кең көлемде өкілеттік ететін болады.

Партиялар Қазақстанның барлық өңірлерінің, барлық әлеуметтік жіктерінің өкілдерін есепке алды. Сонымен қатар, әйелдердің, жастардың, түрлі этностар өкілдерінің қатысуы жоғарылады. Еліміздің көпұлттылығы да назардан тыс қалмады.

Депутаттар құрамы 65 %-дан астамға жаңарды.

Құрметті депутаттар!

Бүгінде біздің барлық отандастарымыз Қазақстандағы тыныштық пен тұрақтылықты, достық пен өзара түсіністікті қорғап, сақтау керек екенін айрықша өткір әрі нақты сезінуде.

Еліміздегі заң үстемдігі мен тәртіптілік, халқымыздың бірлігі – бұл сіздердің сайлаушыларыңыздың ең басты, аса маңызды аманаты. Тек осы жолмен жүріп қана сіздер көп ұлтты Қазақстан халқының ұжымдық ерік-жігерін жүзеге асыра аласыздар. Сондықтан Қазақстанның жаңа, көппартиялы Парламенті тек жемісті пікірталастар ғана емес, сондай-ақ бірлескен сындарлы іс-қимылдар орны болуы тиіс.

Сайлауалды пікірталастар артта қалды деп есептейік. Алдымызда бізді халыққа берген уәделерімізді орындау жолындағы күрделі жұмыстар күтіп тұр. Бұл үшін бәріміз бірлесіп жұмыс істеуіміз керек. Парламенттің, Үкіметтің, Президенттің нақ осылайша бірлескен жұмыстарының арқасында біз бүгінде айтып жүрген 20 жылдық еңбектің зор табыстарына қол жеткіздік.

Партиялардың бәсекелестігі мен тартыстығы біздің Парламентіміздің өмірін қай тұрғыдан алып қарағанда да белсенді ете түсетіні сөзсіз. Бірақ әрқайсыңыз бір елдің азаматтары екендеріңізді, өзіміздің халқымыздың мүддесін көздейтіндеріңізді бір сәт те естен шығармауларыңыз керек.

Қымбатты достар!

Мен әр қазақстандықтың, ол өткен сайлауда қандай партияға дауыс берсе де, таңдауына үлкен

құрметпен қараймын. Бұл – қалыпты демократиялық үдеріс, біздегі азаматтық қоғамның қалыптасуының айғағы. Сонымен бір мезгілде мен «Нұр Отан» партиясының талассыз және күмәнсіз жеңісін зор қанағат сезіммен қабылдаймын.

Бұл «Нұр Отан» партиясының барлық қазақстандықтардың арман-мүддесімен және ұмтылысымен өмір сүретінін шын мәнінде халықтық партия екенін айғақтайды.

Нұротандықтар қалай мақтанса да жарасады. Біз көп нәрсеге қол жеткіздік.

Бүгінде жан басына шаққандағы ІЖӨ 11 мыңнан астам долларды құрайды.

Жиынтық халықаралық резервтер 75 млрд доллардан асып түсіп отыр.

Тек 3 жылда ғана қазақстандықтардың жалақысы мен зейнетақысының 2 есе өскенін сіздер білесіздер.

Білім беру мен денсаулық сақтау салалары айтарлықтай жылдам жаңғыртылуда.

Қазіргі таңда нақ «Нұр Отан» партиясы еліміз үшін аса маңызды бағдарламаларды – біздің даму, еңбекпен қамту, барлық елді мекендер үшін таза ауыз су, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын қайта құру бағдарламаларын, аграрлық секторды дамыту, «Бизнес – 2020» және көптеген басқа да аса маңызды даму бағдарламаларын – үдемелі инновациялық индустрияландыру бағдарламаларын

жүзеге асыруда көш бастап келеді. Бұлар бізге не істеу қажеттігін, қалай істеу және оны қалай қаржыландыру керек екендігін айқындайтын арқаулық бағдарламалар болып табылады.

Біздің міндетіміз – белгіленген жұмыстардың барлығының орындалуын қатаң қадағалау. Нақ осы жәйт біздің халқымыздың әл-ауқатын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

Осы бағдарламалардың ауқымын сезінудің өзі елдің іс жүзінде, қазірдің өзінде жаңа дәуірде өмір сүріп отырғанын білдіреді.

Мен алдағы Жолдауымда таяудағы 5 жыл ішінде жүзеге асырылуы тиіс аса ірі жобалар туралы айтатын боламын.

Қазақстан осы дәуірге алдағы көп жылдарды қамтитын өзінің стратегиялық міндеттері мен даму мақсаттарын, азаматтардың өмір сапасын жоғарылату жоспарларын белгілеп алып барып, аяқ басып отыр.

Экономикалық көрсеткіштердің өсуіне орай қоғамымыздың мәдени және білім беру деңгейлерін жоғарылатуға, жаңа қазақстандық интеллектуалды ұлт қалыптастыруға барынша көбірек көңіл бөлу қажет болады.

Біз әрі қарай да еліміздегі этностық және конфессиялық келісімді жан-жақты нығайта беретін боламыз.

Жаңа Парламенттің қызметіндегі тағы бір бағыт парламентаралық байланыстарды, бірінші кезекте

Достастық және Бірыңғай экономикалық кеңістік мемлекеттерімен, бізге достас өзге де мемлекеттермен парламентаралық байланыстарды нығайту болуы тиіс.

Құрметті депутаттар!

Қазақстанның алдында жаһандық әлем мен жаһандық экономика күштеп таңып отырған жаңа ұлан-асыр күрделі міндеттер тұр. Оларды еңсеру де оңай болмайды. Өйткені қазіргі әлем айтарлықтай жүйелік түрленуді басынан кешіруде. Әлемдік экономиканың тұрақсыздығы, жаңа дағдарыстардың ықтималдығы мен біздің экспортымызға бағаның төмендеуі Қазақстан экономикасына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Алдағы жылдардағы әлеуметтік істерде біз асықпауға тиіспіз және абай болуымыз қажет. Біз зейнетақы мен табыстарды инфляция деңгейіне қарап индекстейтін боламыз, ал жоғарылатуға қатысты айтсам, бұған дейін де жасағанымыздай 20–30 %-ға ұлғайту үшін әлемде не болып, не қоятынына мұқият қарауымыз керек. Біз жинақтаған ақша қазіргі бар деңгейдегі зейнетақы мен жалақыны төлеу үшін қажет болуы да мүмкін. Егер экономика өсіп, жалпы конъюнктура оған оң ықпал ететін болса, тапқан ақша халқымыздың әлеуметтік әлеуетін жақсартуға жұмсалатын болады. Біз мұны түсінікті болуы үшін қазақстандықтарға әркез ашық та шынайы айтып келеміз.

Бірақ барлық кедергілерге қарамастан, адамдардың жақсы өмірі үшін елді жаңғыртудың өзіміз таңдаған бағытын жалғастыра береміз.

XXI ғасырда тек күшті мемлекеттер ғана табысты дами алады.

Таяудағы 5 жылда Қазақстанның жаңарған Парламенті елдің болашағы үшін, қоғамның тұрақтылығы мен оның жан-жақты жаңғыруы үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға қабілетті саяси күш бола алады деп сенемін.

Қазақстанды қазіргіден де күштірек, тұрақтырақ және мықтырақ мемлекет жасау – сіздердің қолдарыңызда. Және біздің бәріміз осы жолда жұмыс істейтін боламыз.

Қадірлі қауым!

Сіздер осы мінберге елдің сенімі мен аманатын арқалап келдіңіздер.

Араларыңызда бұрыннан жұмыс істеп келе жақтан тәжірибелі депутаттар да, жаңадан келген депутаттар да бар.

Жаңа сайланған депутаттарды құттықтаймын. Тәжірибелі қалаулылар жаңадан келген әріптестерін үйретсін, олар тезірек іске аралассын.

Бұл жерге жай отыру үшін емес, жұмыс істеуге, заң шығаруға, заңның жобасын талқылауға келдіңіздер. Ел үшін жұмыс істеу оңай емес. Ол білімді, іскерлікті қажет етеді. Сондықтан

енжарлыққа орын жоқ. Барлығымыз бірігіп жұмыс істейміз деп мен зор сенім білдіремін.

Сондықтан сіздерге артылатын жауапкершіліктің жүгі жеңіл емес.

Дана халқымыз «Кеңескен істе кемдік болмайды» деген. Мемлекет мүддесі бізден айрықша ерік-жігер мен асқан ұйымшылдықты талап етіп отыр. Біздің алдымызда жаңа мақсаттар, межелі міндеттер, іргелі істер бар.

Ендеше, берекелі бірлігіміз берік болсын! Мемлекетіміз мерейлі, еліміз еңселі болсын, ағайын!

Парламенттің алғашқы сессиясының ашылуымен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Еліміз үшін атқаратын жұмыстарыңызға зор табыстар мен мықты денсаулық тілеймін!

**«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту –
Қазақстан дамуының басты бағыты» атты
Қазақстан халқына**

ЖОЛДАУЫ

Астана қаласы,
2012 жылғы 27 қаңтар

**Қымбатты қазақстандықтар!
Құрметті депутаттар мен Үкімет мүшелері!
Ханымдар мен мырзалар!**

Қазақстан тәуелсіздіктің үшінші онжылдығына
батыл қадам басты.

Жаңа құрамдағы Парламент пен жаңарған
Үкімет өз жұмысына кірісті.

Өткен 2011 жылы ел экономикасы 7,5 %-ға өсті.

Ішкі жалпы өнім жан басына шаққанда 11 мың доллардан асты.

Бұрын сатылып кеткен активтердің бірқатар маңызды бөлігі мемлекет меншігіне қайтарылды. Енді «Богатырь», Қарашығанақ, Қашаған кен орындары мен «ENRC», «Қазақмыс» компанияларының басым активтері мемлекет иелігінде болады.

Кезінде мен мынадай жағдайларға байланысты сатып жатырмыз, қазір жекешелендіру керек, уақыты келгенде қайтарамыз деп айтып едім. Міне, енді бәрі қайтарылуда. Барлық акциялар пакеті Қазақстанда. Енді өзіміз барлығына ықпал жасайтын боламыз.

Қазақстан халқы біртұтас, бірлігі мызғымас кемел елге айналды.

Дегенмен біз күрмеуі қиын, қайшылығы мол алмағайып заманда өмір сүрудеміз. Болжанған жаһандық дағдарыс қаупі шындыққа айналып келе жатқанын көріп отырсыздар. Сарапшылардың пікірінше, жаңа әлемдік дағдарыс 5–6 жылға созылуы мүмкін.

Біздің міндетіміз – экономиканы осы сынаққа дайындау, оны әртараптандыруды жалғастыру болып табылады.

Біз 2015 жылға қарай табысы жоғары елдердің қатарына қосылуды көздеп отырған елміз. Бірлігімізді сақтап, осылай еңбек ететін болсақ, ол мақсатқа да жететін боламыз.

Құрметті отандастар!

Қазақстан жолының жаңа кезеңі – экономиканы нығайтудың, халықтың әл-ауқатын арттырудың жаңа міндеттері. Қазақстан үшін экономикалық табыстар мен қоғамдық игіліктерді қамтамасыз етудің оңтайлы теңгерімін табу – өмірлік маңызды нәрсе. Бүгінгі әлемде бұл – әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың түбегейлі мәселесі. Бұл таяу онжылдықтардағы Қазақстан дамуының басты бағыты. Мен ел халқына өзімнің жаңа Жолдауымды осы көкейкесті тақырыпқа арнаймын.

Біз 10 бағыт бойынша міндеттер кешенін жүзеге асыруға тиістіміз.

Бірінші. Қазақстандықтардың жұмысқа тартылуы.

Менің тапсырмам бойынша Үкімет қағидатты түрде жаңа Жұмысқа тартуды қамтамасыз етудің бағдарламасын бекітті. Онда 3 маңызды міндет қойылған.

Біріншіден, оқыту мен жұмысқа орналасуға септесудің тиімді жүйесін жасау.

Екіншіден, ауылдық жердегі кәсіпкерлікті дамытуға септесу.

Үшіншіден, еңбек ресурстарының жинақылығы, Қазақстанның экономикалық тұрғыдан белсенді орталықтарында жұмысқа орналастыруға басымдық беру.

2011 жылы бұл Бағдарлама қанатқақты режімде 60 мыңға жуық адамның қатысуымен сынақтан

өтті. Бүкіл дайындық жұмыстары, заңнамалық база бойынша жұмыстар аяқталды. Енді бағдарламаны жүзеге асыруға көшу керек. Үкіметке және әкімдерге биылғы жылдан бастап бағдарламаны кең ауқымда жүзеге асыруды бастауды тапсырамын.

Әңгіме сондай-ақ ауылда жұмыс істейтіндерді шағын кредиттермен қамтамасыз ету жөнінде болып отыр. Қалада жұмыс істегісі келетіндерді мемлекет есебінен оқытып, жұмысқа орналастыру қажет. Бағдарламаның соңына қарай, 2020 жылға қарай, біз осылайша 1,5 млн адамды сапалы жұмыстарға еңбекке орналастыруымыз қажет.

Екінші. Қолжетімді баспана.

Біз жаңа тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыруға кірісіп кеттік. Елімізде жыл сайын 6 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілуде. Алайда біз 0,5 млн-нан астам жас отбасыны жеке баспанамен қамтамасыз етуге тиіспіз. Бұл үшін жалға берілетін тұрғын үй алаңын 1 млн шаршы метрге жеткізу қажет. Оның ішінде, ұзақ мерзімге жалға беру, одан кейін сатып алу тәрізді екі түрлі жолын қарастыру керек.

Қаражаты мен мүмкіншілігі барлар жалдау ақысын төлеп, кейіннен үйді өздеріне сатып алады. Ал мүмкіндігі жоқтар жағдайы келгенше ұзақ мерзімді жалға ұстай беретін болады. Осы екі түрлі жолды қарастыруымыз қажет.

Оған қоса жалға алғаны үшін жасалатын төлем әл-ауқаты орташа отбасы мүмкіндігіне сай болуы тиіс. Мұнымен бірге отандық құрылыс саласы үшін жаңа мүмкіндіктер туады.

Естеріңізде болса, өткен дағдарыс жылдарында біз бүкіл Қазақстанда тұрғын үй салуды көбейтіп, қаншама жұмыс орнын ашып, бизнеске мол мүмкіншілік бердік. Сол кездегі сияқты облыстарға тиісті қаражат бөлінеді. Тұрғын үйлер салынып, жалға берілетін болады.

Соның бәрін жаңа «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасында анық көрсету қажет. Осыған біз кірісуіміз керек. Мемлекет бұл бағдарламаны тиісті қаражатпен қамтамасыз етеді.

Аталған құжатты Үкіметке осы жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей жасап, қабылдауды тапсырамын.

Үшінші. Өңірлерді дамыту мәселесі.

Қуатты Қазақстан – ең әуелі өңірлердің қуаттылығы. Елдің болашағы экономикадағы келешегі зор салалардың дамуымен байланысты. Бұл үшін алдымен жаңа зауыттар көп салынып, жаңа жұмыс орындары ашылып, әлеуметтік инфрақұрылым қарқынды дамуы қажет.

Бүгінде әлемнің көп елдерінде осылай жасалуда. Мемлекет өз азаматтарының сондай қуатты өңірлерге қоныс аударуына көмек қолын созуы тиіс.

Қазақстанда келешегі зор қалалар шоғырына Астана, Алматы, Ақтөбе, Ақтау, Шымкент шаһарлары жатады. Үкімет елді мекендер шоғырын (агломерация) дамыту жөнінде бағдарлама қабылдауы тиіс.

Ірі кәсіпорынды немесе бір саланы тірек еткен шағын қалалардың дамуы – өз алдына бөлек мәселе.

Жаңаөзендегі жағдай бір салалы шағын қалалардың әлеуметтік қатерге жақын екенін көрсетті. Мемлекет Жаңаөзенде төтенше жағдай жариялап, қаладағы ахуалды қалпына келтіру бойынша кешенді шаралар жасауға мәжбүр болды.

Қазіргі уақытта ондағы ахуал қалыпты арнасына түсті.

Мәжіліс сайлауында Жаңаөзен тұрғындарының басым көпшілігі «Нұр Отан» партиясына дауыс берді. Бұл олардың мемлекет саясатын толық қолдайтынын көрсетеді. Сондықтан мен Жаңаөзендегі төтенше жағдай режимін бұдан әрі созбау жөнінде шешім қабылдадым.

Алайда бұл оқиғадан тиісті түйін жасалып, одан сабақ алып, ұдайы ескерілуі керек.

Үкіметке бір салалы шағын қалаларды дамыту жөнінде арнайы бағдарлама жасауды тапсырамын. Онда қаланың экономикасындағы әрбір нақты бағытты әртараптандыру, әлеуметтік саланы дамыту ескерілуі қажет.

Сонымен қатар, жергілікті шағын және орта бизнеске қолдау көрсету шараларын қаперде ұстаған жөн.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіріп, барша жергілікті даму мәселелерін шешуге азаматтардың қатысуын кеңейту аса маңызды.

Биылғы 1 шілдеге дейін Үкімет Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы жобасын жасап бітіруі тиіс.

Төртінші. Тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру.

Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мен азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне сенімін арттырудың маңызды қыры.

Біріншіден, Электронды үкіметті дамыту керек.

2012 жылдың аяғына дейін әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызметтердің 60 %, соның ішінде лицензиялардың барлық түрлері, тек қана электронды түрде болуға тиіс.

2013 жылдан бастап мемлекеттен барлық рұқсат етушілік құжаттарды да қазақстандықтар электронды түрде немесе Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы алуға тиіс.

Халыққа қызмет көрсету орталықтарының қарауына автокөлікті тіркеу және жүргізуші куәліктерін тапсыру мәселелерін де беру керек.

Екіншіден, жаңғыртудың маңызды мәселесі – әкімшілік рәсімдерін оңайлату.

Менің тапсырмам бойынша рұқсат ету құжаттарының тізімі қазірдің өзінде 30 %-ға қысқартылды.

Үкімет лицензиялар мен рұқсат ету қағаздарының барлық түрлерінің 1/3 қысқартатын заң жобасын дайындады.

Келесі қадам – рұқсат ету заңнамасының жаңа қағидаттарын енгізу.

Үшіншіден, тұрғындардың компьютерлік сауаттылығын, соның ішінде әртүрлі ынталандырушы бағдарламалардың есебінен де көтеру қажет.

Мен қазақстандықтарды ақпараттық технологияларды белсендірек игеруге шақырамын.

Бесінші. XXI ғасыр барған сайын күрделеніп бара жатқан бүгінгі заманғы мемлекетті басқаруға жоғары талаптар қояды.

Біздің маңызды міндетіміз – басқарушылардың білікті саяси табын дайындау.

Үкіметке, Президент Әкімшілігіне 2012 жылдың алғашқы жартыжылдығының соңына дейін Президенттік кадр корпусына кандидатуралар жөнінде ұсыныстар дайындауды тапсырамын.

Арнаулы комиссия кандидатураларды білімі мен кәсібилігі, жоғары моральдық сипаты, бастамашылдығы мен тапсырылған учаскедегі жұмысының табыстылығы өлшемдері бойынша іріктейді.

Олар елдің экономикалық даму серпінділігіне байланыстырылған, бизнес құрылымдармен қарайлас жалақы алатын болады. Олар біздің

Қазақстанымызды ХХІ ғасырда лайықты түрде алға апаруға тиісті жаңа басқарушы элитаның негізін құрайды.

Алтыншы. Сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғырту.

Судьялар сот төрелігін тек заң мен ар-ожданدى басшылыққа ала отырып шығаруға тиіс.

Судьялар корпусын қалыптастырудың тәртібін түбегейлі түрде қайта қарау қажет.

Апелляциялық инстанциялардың істерді қайта қарауға төменгі соттарға қайтару жөніндегі негізсіз шешімдерінің мүмкіндігін заң жүзінде шектеу керек.

Жоғарғы соттан бастап, бүкіл сот жүйесіне өздерінің жауапкершілігі мен біліктілігін арттыру, сөйтіп өз жұмысын жетілдіруді өздері бастау талабы қойылады.

Судьялардың заңды бұзуы жұрттың бәріне жария етілетіндей төтенше оқиға болуға тиіс.

Арбитраждық және аралық соттар жүйесін нығайту керек.

Биыл жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексінің, жеке детективтік қызмет туралы заң жобасын дайындауды аяқтау қажет.

Маңызды мәселе – құқық қорғау және арнаулы органдарды сапалы кадрлық жаңарту.

2012 жылдың 1 шілдесіне дейін олардың бүкіл жеке құрамын қайта аттестаттаудан өткізу міндетін қоямын. Одан кейін құқық қорғау жүйесі

қызметкерлерінің ақшалай ризығын арттыру мен қолдаудың әлеуметтік дестесін кеңейту, сондай-ақ олардың техникалық жарақтандырылуы мәселелері қаралуға тиіс.

Бірыңғай экономикалық кеңістікте трансұлттық ұйымдасқан қылмыспен күресті күшейту үшін Интерпол үлгісімен Еуразпол – Еуразия полициясын құру жөніндегі мәселе пісіп-жетілді деп санаймын. Үкіметке тиісті ұсыныстарды әзірлеп, БЭК бойынша біздің әріптестерімізге жіберуді тапсырамын.

Жаңғыртудың ең маңызды мәселелерінің бірі – сыбайлас жемқорлықпен кесімді күрес.

Біздің бұл бағыттағы іс-әрекеттеріміз мемлекеттік аппараттағы сыбайлас жемқорлық деңгейін едәуір төмендетті. Мұны халықаралық сарапшылар атап айтуда.

Алайда бізге сыбайлас жемқорлықпен күрестің жаңа стратегиясын жасау қажет. Парақорларды анықтау және сотқа тарту жеткіліксіз. Жаңа құқықтық тетіктерді, ақпараттық мүмкіндіктерді пайдалану, жұртшылықты жемқорлық тәртіп бұзушылықты ескерту мен алдын алуға кеңінен тарту керек.

Басқа елдердің тәжірибесін зерттеп, пайдалану қажет. Мемлекеттік қызметшілердің кірістерін ғана емес, шығыстарын да мағлұмдауға көшу қажет. Осы мәселе бойынша заң қабылдау керек.

Үкіметке 3 айдың ішінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді бағдарлама дайындап, ұсынды тапсырамын.

Жетінші. Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі.

Бұл, ең алдымен, білім беру мен денсаулық сақтау. Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор.

Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу.

Бүгінде халықаралық стандарттар негізінде Назарбаев университеті мен Зияткерлік мектептер табысты жұмыс істеуде. Кәсіптік-техникалық білім берудің озық мекемелерінің желісі дамып келеді. Олардың тәжірибесін бүкіл қазақстандық білім беру жүйесіне таратып, барлық білім беру мекемелерін солардың деңгейіне тарту қажет.

Екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор.

Арқаулық педагогтік білім берудің үлгіқалыптарын, мектептер мен жобалар оқытушыларының біліктілігін арттыруға талаптарды күшейту қажет. Әр өңірде педагогтардың біліктілігін арттыратын интеграцияланған орталықтар жұмыс істеуі тиіс.

Үшіншіден, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру қажет.

Мемлекет бір мезгілде білім беру қызметтерін көрсетуге әрі олардың сапасына баға беруге тиіс

емес. Медицина институтын бітірген түлек бірден дәрігер болып шыға алмайды. Политехникалық ЖОО-ны тәмамдаған түлек әлі де болса инженер емес. Оған өзінің маман екенін дәлелдеуге тура келеді. Бүкіл әлемдегі тәртіп осындай.

Үкіметке үстіміздегі жылы қанатқақты режімде салалық қауымдастықтар арқауында 1–2 салаларда тәуелсіз Біліктілікті бекіту орталықтарын құруды тапсырамын.

Төртіншіден, мемлекет-жекеменшік әріптестігі, ауылдық жерлерден және аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан жастардың жол жүруі мен өмір сүруін демеуқаржылау, жатақханалар желісін дамыту тетіктері арқылы білім берудің қолжетімділігін кеңейту қажет.

Жұмыс істейтін жастар үшін жұмыстан қол үзбей арнаулы білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету – маңызды мәселе.

Бүгінде көптеген адамдар ауылдан қалаға қоныс аударуда. Олардың жұмысқа орналасуы қиын. Әрбір жастың жұмыстан қол үзбестен мамандық пен білім алу мүмкіндігі болуы керек. Білім және ғылым министрлігі бұл мәселені ойластыруы тиіс.

Бесіншіден, оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйретуі тиіс.

Үкіметке мектеп оқушыларының қызметтік сауаттылығын дамыту жөнінен 5 жылдық Ұлттық іс-қимылдар жоспарын қабылдауды тапсырамын.

Алтыншыдан, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет.

Олар – патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынсұнушылық. Бұл құндылықтар, меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан, барлық оқу орындарында да сіңірілуге тиіс.

Көпұлттылық пен көптілділік осы құндылықтардың бірі және біздің еліміздің басты артықшылығы болып табылады. Қазақ тілі, біздің Конституциямызға сәйкес, мемлекеттік тіл болып табылады. Онымен бірдей мемлекеттік органдарда ресми түрде орыс тілі пайдаланылады.

Бұл біздің Конституцияның нормасы, оны бұзуға ешкімге жол берілмейді.

Қазақ тілінің жоспарлы түрде дамуы орыс тіліне нұқсан келмейтіндей жағдайда жүзеге асады.

Бізге мемлекеттің келешегі, болашақ дамуы не үшін керек? Ол үшін мемлекеттің ең негізгі сыртқы саясатын сақтауымыз – көршілермен тату болуымыз керек. Онсыз мемлекеттің болашағы бұлыңғыр болады.

Қазақ тілі, біздің мемлекеттік тіліміз өсіп-өркендеп келеді. 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары 95 %-ға дейін жететін болады.

Еліміздегі барлық мектептер мен оқу орындарында қазақ тілінде оқыту үрдісі жүріп жатыр.

Осының бәріне депутаттар мен мемлекеттік қызметтегілер өз үлестерін қосулары керек. Мәселені осылай шешу қажет.

Үкіметке барлық білім беру мекемелерінде жастардың осы құндылықтарды білуін қамтамасыз ету жөнінен типтік кешенді жоспар әзірлеуді тапсырамын. Бізде тіпті ондай оқулықтар, жастармен дәл осы мәселелер бойынша жұмыс жүргізетін оқытушылар жоқ. Біздің жастарымыз үшін бұл өмірлік қажеттілік.

Медициналық қызмет көрсетудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, саламатты өмір салтын алға бастыру адами әлеуеттің деңгейін арттырудың келесі бір маңызды бағыты болып табылады.

Бүгінде «Саламатты Қазақстан – 2015» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Денсаулық сақтау жүйесі сапалы дамып келеді. Халық денсаулығы көрсеткіштерінің жақсы серпінділігіне қол жеткізілді.

Бала туу өсіп, өмір сүру ұзақтығы ұлғайды.

Қан айналу жүйесі ауруларынан болатын өлім көрсеткіші 1,7 есеге төмендеді. Біз онымен жүйелі түрде айналысып келеміз. Бүгінде жүрек-қан тамырлары жүйесіне операциялар тек Астанада ғана емес, сонымен бірге іс жүзінде Қазақстанның барлық облыстарында да жасалады.

Елде озық емдеу-диагностикалық кешендер, медицинаның негізгі бағыттары, оның ішінде ең жаңа бағыттар бойынша ондаған орталықтар

құрылды, көліктік медицина дамытылуда. Бізде медициналық пойыздар, автокөлік, медициналық авиация пайдаланылады.

Астанадағы Болашақ госпиталі қазақстандық денсаулық сақтауды жаңғыртудың локомотивіне айналмақ.

Ендігі жерде онкологиядан болатын ауру мен өлімді төмендету мәселесі бірінші кезекке шықпақ.

Үкіметке 2 ай мерзім ішінде Қазақстанда, біз жүрек-қан тамырлары аурулары мәселесі бойынша жасағандай, Онкологиялық жәрдемді дамыту бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын.

Сол сияқты Ұлттық медициналық холдинг арқауында Астанада қуатты ұлттық ғылыми онкологиялық орталық құру мәселесін де қарастыру қажет.

Үкімет үстіміздегі жылдың 1 шілдесіне дейін азаматтардың өз денсаулығы үшін ынтымақтастығы тетігін енгізуді ескере отырып, денсаулық сақтау жүйесін дамыту жөнінде ұсыныстар енгізуі тиіс.

Адам науқастану оның өзіне тиімсіз екенін түсінуі керек. Бізде денсаулық сақтау ісі тегін, бірақ, бүгінде зейнетақы қорларында жасалып жатқандай, болашақ – медицинадағы сақтандыруда. Адамның өзі, оған жұмыс беруші және мемлекет жауапкершілікте болады. Адамның денсаулығы неғұрлым нашар болса, ол соғұрлым аз

сақтандырылады, неғұрлым жақсы болса, сақтандыру сомасы да соғұрлым көп болмақ. Қазір адамдар жақсы медициналық қызмет көрсетілетін емдеу мекемелерін таңдайды. Олар бұл мәселені анықтап алды, енді одан әрі қозғалу қажет.

Әкімдерге халықтың дене шынықтырумен және спортпен жаппай айналысуы үшін спорттық инфрақұрылымдардың қолжетімділігін кеңейту туралы мәселені шешуді тапсырамын.

Соңғы жылдары Астанада да, облыстарда да көптеген спорттық нысандар салынды. Оларға балалар да, үлкендер де бара алмайды деген шағым көп. Осы спорттық ғимараттардың бәрінде қолжетімді ету керек. Адамдар спортпен айналысатын болсын.

Сегізінші. Зейнетақы жүйесін жетілдіру.

Қазақстан посткеңестік кеңістікте бірінші болып жинақтау жүйесін табысты енгізді. Салымшылар саны 8 млн адамды құрайды. Жинақталымдар көлемі 17 млрд доллардан асады.

Сонымен бірге, бүгінде салымшылардың зейнетақы қорларының инвестициялық саясатына ықпал ету мүмкіндіктері жоқ. Сондықтан да зейнетақы аударымдарына алымға қарағандай қарау қалыптасқан. Ал жекелеген зейнетақы қорларының басшылығы оларды өзінікіндей көріп, көбіне-көп шығындарын жабу арқылы акционерлердің мүдделеріне қызмет істейді.

Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп бірінші жартыжылдықтың соңына дейін зейнетақы жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуі керек.

Тоғызыншы. Индустриялық-инновациялық жобалар.

Индустриялық-инновациялық даму шеңберіндегі жобалардың әлеуметтік маңызы шексіз. Бұл бағдарлама экономиканы жаңғыртудың басты бағдары болып қала береді. Барлық мемлекеттік органдар бұл жұмысты өздерінің негізгі қызметі деп есептеуі тиіс.

Тек өткен жылы ғана сомасы 970 млрд теңгеден асатын 288 жоба пайдалануға берілді. Соның нәтижесінде 30 мыңнан астам тұрақты сапалы жұмыс орындары ашылды.

Біз экономикамыздың озық кластерлерін құруды және дамытуды одан әрі жалғастырамыз. Бұл жұмыстың қарқыны төмендемеуге тиіс.

Үкіметке инновациялық кластерлердің инфрақұрылымын дамыту үшін қажетті қаржы қарастыруды тапсырамын.

Құрметті қазақстандықтар!

Мен бүгін біздің шикізат ресурстарымыз бен инфрақұрылымдарымыздың жоғарғы бөліністері саласында осы бөліністерге қызмет көрсететін жаңа ғаламат жобалардың бастау алатындығы туралы хабарламақпын.

Бірінші. Оңтүстік өңірлердегі энергия тапшылығы проблемасын шешу үшін Үкіметке үстіміздегі жылы қуаты 1 320 мегаватт, құны 2,3 млрд доллар тұратын Балқаш ЖЭС-інің бірінші модулінің құрылысын бастауды қамтамасыз етуді тапсырамын. Бұл өте маңызды. Қарқынды дамып келе жатқан оңтүстік өңірде электр энергиясы бойынша тапшылық бар. Біз ешкімге тәуелді болмауға тиіспіз. Бұл мәселе өте көптеген жәйттерді шешеді. Балқаш ЖЭС-і бойынша барлық мәселелер шешілді. Істі жеделдетіп, осы жұмысты бастау қажет.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автомобиль дәлізінің қазақстандық учаскесінің құрылысын аяқтаудың маңызы зор. Бұл шынымен де ғасырдың халықтық құрылысы. Бұрын қай жерде 3 жыл ішінде 2 700 шақырым сапалы автомобиль жолы салынып еді? Біз алдағы жылы бұл жұмысты аяқтауға тиіспіз. 1 200 шақырымға созылатын «Жезқазған – Бейнеу» және «Арқалық – Шұбаркөл» екі теміржол желілері құрылысына кірісудің де маңызы үлкен. Бұл жобалар Жезқазған – Арқалық өңірінің дамуына қуатты серпін беретін болады.

Екінші. Үкіметке Жамбыл облысында құны шамамен 2 млрд доллар тұратын кешенді минералды тыңайтқыштар өндірісін құру жөніндегі жобаны жалғастыруды тапсырамын. Бұл тыңайтқыштар ауыл шаруашылығы үшін қажет. Жоба

Жамбыл облысының және бүтіндей оңтүстіктің экономикасын көтеруге мүмкіндік береді.

Үшінші. Атырау мұнай өңдеу зауытында құны 1,7 млрд доллар тұратын мұнайды терең өңдеу кешенін құруды қамтамасыз ету қажет. Ол бензин өндіруді 3 есе дерлік – 1,7 млн тоннаға дейін, ал дизель отынын 1,4 млн тоннаға дейін ұлғайтып, Қазақстанды отынның осы түрлерімен қамтамасыз етеді.

Төртінші. Құны 6,3 млрд доллар тұратын Атырау газ-химия кешенінің жобалық қуатына жетуін қамтамасыз ету қажет, ол жыл сайын 500 мың тонна пропилен мен 800 мың тонна полиэтилен шығаруды қамтамасыз етеді. Мұндай өнімді біз Қазақстанда әлі шығарған емеспіз.

Бесінші. Жобалауды аяқтап, Қарашығанақ кен орнында қуаты жылына 5 млрд текше метр газ өңдеуге жететін зауыт құрылысына кірісу қажет.

Алтыншы. Үкіметке елдің, астананы қоса алғанда, орталық өңірін газдандыруды қамтамасыз ететін құбырлы өткізгіш жүйесін жоспарлап, жүзеге асыруға кірісуді тапсырамын.

Бұл көп қаржыны қажет ететін, маңызды жұмыс. Газға тәуелділіктен арылу үшін біз оны жасауымыз керек. Қазақстан – мұнай мен газ өндіретін ел. Біз елімізді газдандыруға міндеттіміз.

Бұл жобалардың көпшілігі бойынша инвестициялау мәселелері шешілген, ал қалғандары бойынша шешу қажет.

Үкімет пен Парламентке жоғарыда аталған жобаларды жүзеге асыруға қажетті қаржы бөлу үшін бюджетті қайта қарау жөнінде ұсыныс енгіземін.

Бізге жобаны жүзеге асыру үшін Ұлттық қордан несие алуға тура келеді. Мен оны дұрыс деп есептеймін. Ол ақшаларды өз экономикамызға салайық. Бұл жобалардың бәрі біздің экономикамыздың, біздің еліміздің бейнесін бүтіндей өзгертетін болады.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі әлемдегі ықтимал деген дағдарыстарға қайтаратын біздің жауабымыз болмақ.

Біз бүкіл Қазақстанды алып құрылыс алаңына айналдырып, мыңдаған жұмыс орнын құрамыз.

Тұрғын үй, ірі кәсіпорындар құрылысы төңірегінде құрылыс индустриясы, металлургия, өңдеу өнеркәсібі дамיתын болады. Жаңа, жас кәсіпкерлердің пайда болуына көптеген мүмкіндіктер туады. Олар мұндай мүмкіндікті жіберіп алмауға тиіс.

Қаржы шығындарын бақылау үшін 2008–2009 дағдарыс жылдары кезеңінде нақты және тиімді жұмыс істеген және өзінің тиімділігін дәлелдеген комиссия секілді арнайы комиссия құруды тапсырамын.

Бұл жобалардың барлығын біз осы жылдың өзінде бастайтынымызды атап көрсетемін.

Үкіметке қазақстандық инновациялық жүйені нығайту қажет.

Келешегі бар ғылыми-зерттеулерді қаржыландырудың бюджеттік шығындарын инновациялық гранттарды бөлу арқылы ұлғайту маңызды.

«Ғылым туралы» жаңа заң ғылымды жүйелі мемлекеттік қолдау үшін негіз қалайды. Отандық ғалымдарды қолдау қажет.

Назарбаев университеті төңірегінде трансферт пен жаңа технологиялар құруға ықпал ететін инновациялық-интеллектуалдық кластер қалыптасуы тиіс.

Астанада жоғары технологиялы кәсіпорындар құра отырып, біз бұл тәжірибені Қазақстанның басқа да ғылыми-білім беру орталықтарына тарататын боламыз. Бізде заңнамалық негіз бар.

Бұл менің тапсырмам бойынша қабылданған «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» жаңа заң. Соның негізінде мемлекеттің, бизнес пен ғылымның өзара іс-қимылының инновациялық әлеуетін өрістетуге қажет.

Үкіметке мемлекет-жекеменшік әріптестігінің жаңа пішіндерін енгізуді қарастыратын заң жобасын дайындауды тапсырамын.

Ағымдағы дамудың маңызды мәселелерінің бірі Қазақстан экономикасына тікелей шетел инвестицияларының ағынын әртараптандыру болып табылады.

Оларды келешектілі салаларға, мысалы, туризм саласына бағыттау қажет. Дамыған елдерде туристік кластердің үлесіне ІЖӨ-нің 10 %-на дейіні тиесілі. Бізде 1 %-ға да жетпейді.

Тұтастай ел бойынша туризм өсімінің нүктелерін зерттеу қажет, олар аз емес.

Осымен байланысты Алматы жанындағы әлемдік деңгейдегі тау шаңғысы курорттарын дамыту маңызды жоба болуы тиіс. Сарапшылар тау шаңғысы курортына келген бір турист теңізге барған сапарына қарағанда 6 есе көп шығынданады деп есептейді. Бұл мемлекет үшін өте тиімді. Үкіметке осы ғажайып аймақты, сондай-ақ Ақмола облысындағы Шортанды-Бурабай курорттық аймағын дамытудың Жүйелі жоспарын жасауды тапсырамын.

Өздеріңіз білетіндей, мен қамқорлық жасайтын ерекше шаруа – іскерлік және инвестициялық ахуалды нығайту.

Қазақстанда «Бизнестің жол картасы – 2020» табысты жүзеге асырылуда. Қазірдің өзінде көптеген қазақстандықтар оның тиімділігіне көз жеткізіп үлгерді.

Үкіметке бағдарламаға инновациялар енгізу үстіндегі бастаушы және жас бизнесмендерді қолдаудың қосымша шараларына қатысты өзгерістер енгізуді тапсырамын.

Бүгінде қаржы-экономикалық, оның ішінде салықтық құқық бұзушылықтарды қылмыссыз-

дандыру бойынша жұмыстарды жалғастыру керек.

Кеден және салық комитеттеріне, қаржы полициясына құқықтық нормаларды, оның ішінде қосарланған салық салу бойынша құқықтық нормаларды қолдануда бірізді болу қажет.

Отандық және шетелдік инвесторлардың құқықтарын қорғау мен қолдау, заңнамалардың болжамдылығы мен транспаренттілігі Қазақстандағы іскерлік инвестициялық ахуалдың негізі болуы тиіс.

Біздің шенеуніктер инвесторларға тосқауыл қоюға емес, қай жағынан да оңды жәрдемдесуге тиіс деп табанды талап етемін.

Біз отандық және шетелдік инвесторлармен нормативтік-құқықтық актілер жобаларын жасау үдерісінде тұрақты ақылдасып отырудың тетігін нығайтуға тиіспіз.

Кәсіпорындардың бизнесті жауапкершілікпен жүргізудің қағидаттарын сақтауын ынталандырудың стратегиясын жасап, жүзеге асыру бойынша ұлттық байланыс орталықтарын құру қажет. 2012 жылы Қазақстанның ДСҰ-ға өтуі туралы келіссөздер аяқталуы тиіс.

Бұл біздің экономикамыздың инвестициялық тартымдылығын айтарлықтай жоғарылатады.

Оныншы. Ауыл шаруашылығын дамыту.

Қазақстанның аграрлық секторы үлкен экспорттық мүмкіндіктерге және инновациялар енгізу үшін жоғары әлеуетке ие.

Азық-түлікке деген қажеттілік әлемде жыл сайын өсе беретін болады. Бізге бұл мүмкіндікті жіберіп алуға болмайды.

Мемлекет ауыл шаруашылығына орасан көмек көрсетіп отыр.

Бізге жеке инвестициялардың аграрлық өндіріске тәуекелін төмендету үшін қарыздарды кепілдендіру мен сақтандырудың мемлекеттік жүйесін жасап енгізу керек.

Фермерлердің қаржыландыруға қолжетімділігін кеңейту үшін балама жолдар табу қажет.

Үкіметке бөлшек сауданы делдалдарсыз жүргізуді мемлекеттік қолдаудың тетігін жасап, енгізуді тапсырамын.

Мемлекетке астық саласын ұйымдастыру және құрылымдау, біртұтас астық холдингін құру қажет. Ет өндірудің экспорттық әлеуетін дамыту жөніндегі жобаны жүзеге асыруды белсендірек ету қажет.

Үкіметке мал шаруашылығының басқа салаларын, оның ішінде қой шаруашылығын, сондай-ақ жемазық өндірісі мен шалғайдағы жайылымдық мал шаруашылығын дамыту жөніндегі бағдарламаларды жасауды қамтамасыз етуді тапсырамын.

Құрметті қазақстандықтар!

Бүгінде бүкіл әлемге және әр мемлекетке қуатты жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап табу маңызды.

Әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың 10 бағыты бойынша міндеттерді орындап, біз экономиканы нығайтамыз, қоғамымызды тұрақты етеміз, халықтың әл-ауқатын арттырамыз.

Сонымен бірге, Қазақстан әлемдік саясаттың лайықты қатысушысы ретінде бейбітшілікті нығайту мен қауіпсіздік жолдарын айқындауға белсенді қатысуын жалғастырады.

Біз ядролық қауіпсіздік, Ядросыз әлемнің жалпыға бірдей декларациясын қабылдау жөніндегі бастамаларды ілгерілеттік.

Үстіміздегі жылдың наурыз айында Сеулде өтетін Ядролық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі жаһандық саммитте олар нақтыланатын және толықтырылатын болады.

Осы жылы біздің әлемдік дағдарыстан шығу жөніндегі G-Global идеясы талқыланады деп үміттенетін Астана экономикалық форумы үлкен маңызға ие болады.

Сондай-ақ осы жылы Астанада халықаралық конфессияаралық үнқатысудың маңызды алаңына айналған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV съезі өтеді.

Біз Қазақстан жариялаған Жаһандық энергиялық-экологиялық стратегияны жүзеге асыру үшін

барлық күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз. Біз «жасыл» технологиялардың трансфертіне бағытталған Астананың «Жасыл көпір» бастамасын жүзеге асыру жөніндегі жұмысты жалғастырамыз.

Қазақстанның сыртқы саяси ұсыныстары әлемдік қоғамдастықтан қолдау тапты. Оларда біздің алдағы ондаған жылдардағы сыртқы саяси стратегиямыздың мәні кестеленген.

Біз теңдестірілген сыртқы саясатымызды тек Батыспен ғана емес, сондай-ақ Азия мемлекеттерімен де өзара іс-қимыл таныта отырып жалғастыратын боламыз.

Осы жылы менің Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыру жөніндегі бастамама 20 жыл толады.

Үстіміздегі жылы біз Ислам ынтымақтастығы ұйымындағы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымындағы төрағалығымызды лайықты аяқтауға тиіспіз.

2012 жылы Астана ТМД мен түркі әлемінің мәдени астанасы болып табылады.

Осы шараларды лайықты өткізу керек.

Біз ХХІ ғасырдағы жаһандық сын-қатерлерге еуразиялық интеграцияны тереңдетумен жауап берудеміз.

Біз Ресеймен және Беларусьпен бірге Бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастырдық, Еуразиялық экономикалық одақ құруға келе жатырмыз. Бұл – жалпы өңірлік тұрақтылықтың, біздің

экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатудың маңызды факторы. Біз ТМД-ның басқа мемлекеттерінің еуразиялық интеграцияға қосылуға ұмтылысын қолдауға дайынбыз.

Құрметті отандастар!

Әлеуметтік жаңғырту – бұл жаңа Парламент пен Үкіметтің, Қазақстанның барлық жауапты күштерінің – партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, шығармашылық және кәсіби одақтардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, Қазақстанның барлық патриоттары қызметінің темірқазық мәселесі.

Оның үстіне мен соңғы Мәжіліс сайлауына қатысқан барлық партиялардың сындарлы ұсыныстарын ескеруге ұмтылдым.

Біз барлық күштерді Отанымыздың игілігі үшін біріктіруге тиіспіз. Біздің алдымызда үлкен жұмыс күтіп тұр. Барша қазақстандықтарды белгіленген барлық міндеттерге қол жеткізу жөніндегі жұмыстарға аса белсенді қатысуға шақырамын!

Қымбатты достар!

Бізді орасан зор, күрделі және қиын, бірақ баршамыз үшін, қарапайым адамдар үшін де, Үкімет пен Парламент үшін де, бүтіндей алғанда мемлекет үшін де қызықты жұмыс күтіп тұр. Осындай үлкен мақсаттар қоймайынша, біз дами алмаймыз. Біз әрқашанда айтқанымызды жасап

келдік. Біз өзіміздің барлық жоспарларымызды, бағдарламаларымызды орындадық.

Алда қызу жұмыс күтіп тұр. Әлем сондай, жағдай сондай, бүгінгі күннің сынағы сондай.

Ендеше, бүкіл біздің отандастарымызға үн тастап, өзімізді бүкіл қазақстандықтардың өмірін жақсартатын осынау ғаламат міндеттерді орындауға жұмылдырайық!

Қадірлі отандастар!

Қазір еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Біз бүгінде бәсекеге қабілетті, әлеуеті зор, экономикасы қуатты ел құрудамыз.

Біз бұдан бұрын да биік белестерді бағындырдық. Оны біз 20 жылдықта айттық. Сондықтан, мақсатқа жету біздің қолымыздан келеді. Біз оған жетудің жолдарын жақсы білеміз. Ол үшін қажетті ресурстар бүгін мемлекетте жеткілікті.

Біздің міндетіміз – айқын, алған бағытымыз – дұрыс. Бұл жолда біз үшін ең бастысы – тәуелсіз Қазақстанның тұтастығы мен тұрақтылығы.

Дана халқымызда «Игілік басы – ынтымақ» деген қанатты сөз бар. Ендеше, тәуелсіздігіміз баянды, тұтастығымыз берік, елдігіміз мәңгі болсын, ағайын! Осы мерейлі белесте баршаңызға мол табыс тілеймін!

Қазақстанда тіркелген шетелдік дипломатиялық миссиялардың басшыларымен кездесуде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2012 жылғы 2 наурыз

**Құрметті Елші мырзалар және миссиялар
басшылары!
Ханымдар мен мырзалар!**

Біз дәстүрлі кездесуімізді Қазақстанның сыртқы саясаты үшін мерейтойлық жылы өткізіп отырмыз.

Бүгін еліміздің Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке өткеніне 20 жыл толды.

Қаңтарда Қытай Халық Республикасымен, Ұлыбританиямен, Франциямен дипломатиялық

қатынас орнағанына 20 жыл болды. Ақпанда – Германиямен, наурызда Түркиямен дипломатиялық байланыс орнатқанымызға да 20 жыл толды. Осылайша еліміздің осы жылдың әр айы сайын қазір біздің елімізбен қарым-қатынасы бар әлемнің барлық елдерімен байланыс орнатқанына 20 жыл толады.

Мамырда менің мемлекет басшысы ретінде АҚШ-қа алғашқы ресми сапар жасағанымға 20 жыл толады.

Сол айда біз Ресей Федерациясымен Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы «үлкен» шарттың мерейтойын атап өтеміз.

Сіздер біз қазірдің өзінде өзара қарым-қатынасымыздың мерейтойына орай бірқатар мемлекет басшыларымен құттықтау жолдауларын алмасқанымызды білесіздер. Көптеген елдермен бұл үдерісті жалғастыратын боламыз.

Бүгін мен жиналып отырған барлықтарыңызды, сіздердің елдеріңіздің әрқайсысын екі жақты қарым-қатынастың мерейтойлық жылымен шын жүректен құттықтаймын.

Сондай-ақ шілде айында Қазақстанның кәсіби дипломатия қызметінің құрылғанына 20 жыл толатыны аталып өтеді. Дипломатиялық қызметтің қалыптасуы мен дамуы үшін осы 20 жылда Қазақстанда өз елдерінің дипломатиялық миссияларының құрамында жұмыс істеген көптеген шетелдік дипломаттардың қолдауы мен тәжіри-

бесі үлкен маңызға ие болғанын атап көрсеткім келеді.

2 онжылдықта Қазақстан барлық елдермен – біздің жақын көршілерімізбен, елімізбен ынтымақтастықты дамытуға мүдделі барлық тараппен сындарлы қарым-қатынас қалыптастырды.

Мен қатысып отырған барлық елшілер мен шетел дипломатиясының басшыларына, біздің барлық дипломаттарымызға біздің елдеріміздің арасындағы екіжақты қатынастарды нығайтуға қосып отырған үлестеріңіз үшін зор ризашылығымызды білдіремін.

Құрметті достар!

Сіздер еліміздің тәуелсіздіктің 20 жылында қандай табыстарға қол жеткізгенін білесіздер. Біз олардың бәрін ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай ұйымдастырылған салтанатта егжей-тегжейлі айттық.

Мерейтойлық 2011 жыл, әлемдік экономикалық дағдарыстың жалғасып жатқанына қарамастан, Қазақстанның әрі қарай экономикалық өсімге қол жеткізіп отырғанын қуаттап берді.

Елдің ІЖӨ-сі 7,5 %-ға өсті. Жан басына шаққандағы ІЖӨ көлемі 11 мың доллардан асып түсті. Біз осы көрсеткіштерімізді мақтан тұтамыз, өйткені бұл көрсеткіштер тәуелсіздік жылдары 16 есе өсті. Біз адам басына жылына 700 доллардан бастаған болатынбыз.

Елді индустриялық-инновациялық дамыту бағытын ұстанған 2 жылда шамамен 400 жаңа өндіріс орны салынды. Индустриялық секторда жаңа 90 мың жұмыс орны құрылды. 60 жаңа кәсіпорын қазірдің өзінде жобалық қуатына шығып, 2 млрд доллардың өнімін өндірді.

Біз қазір бүкіл әлемде не болып жатқанын білеміз, ал Қазақстанда жұмыссыздық азайып келеді.

Инновациялық дамуға жақсы серпін берілді. Өнеркәсіпке технологиялық инновациялар енгізу үшін жұмсалған қаржы 8 есе өсіп, 220 млрд теңгені құрады. Өңдеуші саладағы еңбек өнімділігі тұтас-тай алғанда 20 %-ға ұлғайды. Дәл осы саламен біз бәрінен де көп айналысудамыз.

Аграрлық секторда кең ауқымды жаңғыртулар жүріп жатыр. Мемлекет ауыл шаруашылығына көмектесіп отыр. Бүгінде Қазақстан өзін сапалы азық-түліктің және шикізаттың 2/3 бөлігімен қамтамасыз етеді. Біз барлық азық-түлік түрлері бойынша 100 %-дық қамтамасыз етуге жақын жылдары жететін боламыз. Аграрлық сектордың экспорттық мүмкіндіктерін кеңейтудеміз. Бұл әлемдік рынокқа, әсіресе, бидай ғана емес, сондай-ақ ет өнімдерін шығарудан да көрінеді.

Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 2011 жылы 126 млрд долларды құрады. Бұл 2010 жылмен салыстырғанда 40 %-ға көп. Қазақстан өнімдерінің әлемдік рынокқа экспорты 88 млрд доллар

құрады. Оның 21 млрд доллардан астамы – шикізаттық емес тауарлар. Бұл біздің экономикамызда алғаш рет жүзеге асып отыр.

Өткен жылы Қазақстан экономикасына 18 млрд доллар тікелей шетел инвестициялары тартылды. Бұл – біздің еліміз үшін жақсы көрсеткіш.

Елдің жинақталған алтын-валюта қоры 82 млрд долларды құраса, оның ішінде Ұлттық қорда 47 млрд доллар жинақталған, демек, алтын-валюта қоры ел ІЖӨ-сінің 40 %-нан асады.

Елімізде 15 жыл бойы тиімді дамып келе жатқан «Қазақстан – 2030» стратегиясын жүзеге асыру жалғастырылуда.

Мұны өткен парламенттік сайлау қорытындылары нақты айғақтап берді. Сайлау біздің жас демократия үшін жаңа қадам болды. Парламент Мәжілісіне 3 саяси партия өтті.

Тұтастай алғанда, Қазақстан салықалы, толысқан елге айнала бастады.

Өздеріңіз білетіндей, өзімнің Қазақстан халқына Жолдауымда мен осы күндері өте маңызды болып табылатын әлеуметтік-экономикалық жаңғырту бағдарламасын ұсындым.

Біз бір мезгілде өзара байланысты екі міндетті қатар шешетін боламыз.

Біріншісі – экономиканы, индустрияны, ауыл шаруашылығын дамыту.

Мен жаңа индустриялық жобалар туралы жарияладым.

Біз өнеркәсіпті дамыту үшін қажетті болатын электр энергетикасы саласын белсенді дамытуды жоспарлап отырмыз.

Балқаш ЖЭС салына бастаса, Мойнақ ЖЭС-інің құрылысы аяқталатын болады. Бұл елдің салынып жатқан кәсіпорындарын электр қуатымен қамтамасыз етеді.

Жоспарымызда ел ішін газдандыру, ішкі газ өткізгіштер желісін салу міндеті тұр. Газ-химия саласы мен мұнай өңдеу кәсіпорындарын дамыту жоспарланып отыр.

Жақын жылдары «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомагистралінің қазақстандық бөлігі (2 700 км) аяқталатын болады.

Орталық Қазақстанда «Бейнеу – Жезқазған» темір жол құрылысы басталады. Оның ұзындығы – 1 200 км.

Сондай-ақ ұзындығы 200 км асатын «Арқалық – Шұбаркөл» тармағы салынатын болады. Бұл елдің дамушы өңірлерінің инфрақұрылымын қамтамасыз етіп, Қазақстанды транзитті мемлекетке айналдырады.

Осы және басқа да көптеген жобалар біз тұрақты түрде жұмыс істеуге шақырып келе жатқан мүдделі шетелдік инвесторлар үшін жақсы мүмкіндік болып табылады.

Жоспарларымыздың ерекше маңызды қыры – елімізде оңтайлы инвестициялық ахуал орнату.

Бұл тұрғыда «электронды үкіметті» дамыту, жемқорлықпен күресті күшейту, бизнеске әкімшілік кедергілерді төмендету бойынша қадамдар белгіленген.

Біздің ауқымды экономикалық жобаларымыз, оның ішінде инфрақұрылымдық жобалар да бар, елімізде өзара пайдалы негізде жұмыс істеу үшін шетел бизнесін қызықтырады ғой деп ойлаймыз. Барлық елдерді Қазақстанмен ынтымақтастыққа шақырамын. Біз аясында шетел бизнесі, Үкімет және зейнетақы қорлары ынтымақтасатын мемлекеттік-жекеменшік кәсіпкерлігі саласында жұмыс істеуге дайынбыз.

Екінші стратегиялық міндет – әлеуметтік саланы жаңғырту, халқымыздың әл-ауқат деңгейін жоғарылату.

Қазақстандықтардың өмірі үшін жақсы жағдай жасау – экономикалық өсімнің кепілі мен жоғары қарқыны және ел дамуының тұрақтылығын сақтау. Біздің таяудағы онжылдыққа арналған ішкі саясатымыздың басты мәні, міне, осында.

Біздің тұрғындарды еңбекпен қамту, тұрғын үй құрылысы, өңірлерді, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын дамытудың кең ауқымды бағдарламаларын жүзеге асыру бағытындағы жоспарларымыз да көптеген шетелдік әріптестерімізді қызықтырады ғой деп есептеймін.

Осы күндері Парламентте аталған барлық нысандарды қаржыландыру туралы мәселе

қаралады. Кеше мен оларды көріп шықтым. Олардың бәрі толықтай қаржымен қамтамасыз етіледі және біз осы жылдың көктемінде жұмысты бастаймыз. Мен осындағы барлық елшілер мен дипломатиялық миссиялар басшыларынан осы белгіні өз елдеріңіздегі әрбір іскер топтарға жеткізулеріңізді өтінемін.

Қымбатты достар!

Қазақстан – жас мемлекет. Біздің ең үлкен артықшылығымыз сол, Қазақстанның басқа елдермен қарым-қатынасы «таза парақтан» дамып келеді. Оларда іс жүзінде бізге тарихи өткеннің қойнауынан мұраға қалған айтарлықтай проблемалар жоқ.

Сындарлы үнқатысу, өзара тиімділік, кең ауқымды ынтымақтастық негізінде шешуге болмайтын проблемалар да жоқ.

20 жылда біз барлық көрші елдермен мемлекеттік шекара мәселелерін реттедік. Біздің сыртқы шекараларымыз – тату көршілік пен ынтымақтастықтың шебі.

Біздің өңірдегі барлық мемлекеттермен бірлескен күш-жігеріміздің арқасында Орталық Азия, Қазақстан және посткеңестік кеңістіктегі басқа да мемлекеттер барлық стратегиялық бағыттар бойынша мемлекетаралық қатынастардың нақты қазіргі заманғы жүйесін қалыптастырды.

Біріншіден, біздің өңір – ядролық қарудан ада аймақ. Бұл мәртебе Семей шартында бекітілген. Біз ядросыз өңірлік режимді нығайтып, оның тәжірибесін қазіргі дүниенің басқа да өңірлік қоғамдастықтарына тарату ниетіндеміз.

Екіншіден, Орталық Азия жаһандық энергетикалық орталықтардың бірі болуы үшін орасан әлеуетке ие. Біз өңірдің болашағын көмірсутегі ресурстарын Еуропа мен Азияға экспорттайтын мұнай және газ құбырлары жүйесін дамытудан көреміз.

Орталық Азияның су-энергетикалық әлеуетін нығайту келешегі бар бағыт болып табылады. Біз көршілерімізді барлық талас туғызып отырған су шаруашылығы проблемаларын өзара пайдалы және тең құқықты негізде шешу үшін күш біріктіруге шақырамын.

Қазақстан аса ірі уран қорының иесі ретінде бейбіт ядролық энергетиканы дамытуды жоспарлап отыр. Мұның біздің еліміздің, осы саладағы ынтымақтастықты дамытуға мүдделі өңіріміздегі барлық елдердің, біздің барлық сыртқы әріптестеріміздің мүддесімен сәйкес.

Үшіншіден, Қазақстан Орталық Азиядағы интеграциялық үдерістердің дәйекті жақтасы болып қалып отыр. Біздің ұсыныстарымыз барлық көршілерімізде бар. Біз интеграцияларға бірлескен ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін кең мүмкіндіктерді көреміз.

Менің көзқарасымша, бүгінде өңірлік еркін сауда аймағын құру туралы сөз айту маңызды болар еді.

Траншекаралық еңбек көші-қон саласы бойынша оған қатысты шараларды келісіп, оны қабылдау ерекше маңызды.

Орталықазиялық біртұтас темір жол және автомобиль жолдары жүйесін құру және дамыту қажет.

Біздің өңірдегі мемлекеттер біртұтас өңірлік азық-түлік пулын құру барысында нақты жұмыстарды жүзеге асыра алады.

Біздің өңірде энергетикалық және азық-түлік ресурстары жеткілікті.

Төртіншіден, өңір елдерінің халықаралық терроризммен және экстремизммен, заңсыз көші-қонмен, есірткі транзитімен, басқа да қауіпті сын-қатерлермен күресте әлемдік қоғамдастықтың ұжымдық алғы шебінің мүмкіндігі ауқымды екенін көріп отырмыз. Осы мәселеде Қазақстан БҰҰ, ЕҚЫҰ және басқа халықаралық ұйымдардың мамандандырылған өкілдіктерінің қызметтерін құптайды.

Қазақстан өңірдегі өз миссиясын өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылық жүйесін дәйекті нығайтумен байланыстырады.

Біз өзіміздің өңірлік қауіпсіздік проблемалары және басқа мәселелер бойынша ҰҚШҰ, ШЫҰ, АӨСШК, сондай-ақ НАТО-мен, басқа да халық-

аралық құрылымдармен әріптестік іс-қимылды тереңдетуге дайынбыз.

Құрметті елшілер және дипломатия басшылары!

Қазақстанның макроөңірлік және жаһандық халықаралық құрылымдарға қатысуына байланысты маңызды жәйттерге айрықша тоқталып өткім келеді.

Бірінші. Биыл Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің үдерісі үшін мерекелік жыл.

Менің осыдан 20 жыл бұрын БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясының мінберінен АӨСШК шақыру туралы ұсынысым Қазақстан тәуелсіздігінің сыртқы саясаттағы алғашқы бастамаларының бірі болды және ол табысты жүзеге асырылуда.

Біз бұл үдеріс екі онжылдық бойында нақты дамып келе жатқанына терең қанағаттанушылық білдіреміз. АӨСШК бүгінде Еуразиядағы халықаралық қатынастарды жаһандық деңгейге көтеруде ерекше іс-қимыл танытып келеді. Бұл жерде әңгіме АӨСШК – Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі – толыққанды жаңа халықаралық ұйым құрудың кең келешегі туралы болып отыр. Сондықтан бұл тұрғыда жақын жылдары АӨСШК-ге қатысушылардың барлығы бірлесе жұмыс істеуі қажет.

Екінші. Мені, 2010 жылғы желтоқсанда ЕҚЫҰ-ның тарихи саммитін қабылдаушы елдің Президенті ретінде, Астана декларациясын жүзеге асырудағы серпінді қозғалыстың жоқтығы алаңдатпай қоймайды.

«ЕҚЫҰ» аталатын кеме әлі де гуманитарлық өлшемдер бойынша бір жағына қисаюмен жүріп келеді. Елдердің бір тобының келесісіне қысым көрсетуі үшін ұлттық сайлауларда байқаушылар миссиясын құрал ретінде пайдалану әрекеттері байқалуда. Егерде іс осылай жалғаса берсе, онда болашақтағы барлық сайлауларда мұндай миссиялардан бас тартатын боламыз. Бұл тек менің пікірім ғана емес, ТМД-ның барлығында да айтылуда.

Бұл жерде түсінікті қисынсыз таңқаларлық нәрселерді естуге болады. Мысалы, миссияға қатысушылардың көпшілігі сайлауға дейін сайлау үдерісінің ұйымдастырылуы туралы оң пікір айтады. Соңынан қандай да бір стандарттарға сәйкессіздігі жөнінде аңызға бергісіз сол бір сөйлемдерді қайталауға бой алдырады.

Біз олардың сайлауға дейін әзірленген мәтінмен келетіндерін өте жақсы білеміз. Сайлаудан кейін де дәл сол мәтін жария етіледі.

Бұлар бізді өткен күнге қайтадан батырады, өзара сенім институты ретінде ЕҚЫҰ-ның ерекшелігіне зиянын тигізеді.

Нақ осы кездерде ЕҚЫҰ осы ұйымға кіретін барлық мемлекеттер басынан кешіп отырған экономикалық «тұңғыықтан» шығудың дауасын іздестіру алаңына айнала алған жоқ. Ал дағдарысқа көптеген жаңа елдер жегіліп жатыр.

Әлемдік валюта жүйесінің қандай қиындықта екендігі бәрімізге белгілі. Алдағы болуы ықтимал дағдарыс бұдан 2 жыл бұрынғы жаһандық дағдарыстан да қауіпті. Бірақ экономикалық қауіпсіздік мәселелері бұрынғысынша ЕҚЫҰ басымдықтарынан тыс қалып отыр.

ЕҚЫҰ-ның әскери өлшемдері де суынып барады. «Корфу үдерісі» де тұйыққа тірелді.

Қазақстан және басқа қатысушы елдердің Ұйым аясында қауіпсіздік себетін кеңейту туралы ұсынысы да әзірге жүзеге аспай тұр.

Менің осы ұстанымымды және алаңдаушылығымды өз үкіметтеріңізге және халықаралық ұйымдарға дейін жеткізеді деп үміттенемін.

Үшінші. Жаһандық қатысу – біздің сыртқы саясат стратегиямыздың алдағы онжылдықтардағы мәні.

Қазақстан әрқашан да әлемдік және өңірлік саясатта лайықты бастамашы ойыншы болып келеді, алдағы кезеңдерде де солай бола бермек.

Біз Семей полигонын жаптық, ядролық қаруға ие болудан бас тарттық. Біз барлық мемлекеттерді Жалпыға ортақ қарусыз әлем декларациясын қабылдауға шақырамыз. Біздің ядролық қаруға

тыйым салу жөніндегі жаһандық қозғалысқа қатысуымыз танылған және қағидағталған. Біз алдағы уақытта өтетін Сеулдегі Жаһандық антиядролық саммитке белсенді қатысамыз және жаңа ұсыныстар енгіземіз.

Қазақстан дінаралық және мәдениетаралық үнқатысуды дамыту идеясын жақтап келді, жақтай беретін болады. Оның ерекшелігі өркеңнетті әлемде тек артумен келеді.

Биылғы жылы Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV съезі өтеді. Біз осы форумға барлық діндердің өкілдерін, әр елден саясаткерлерді, қоғам қайраткерлерін шақырдық. Алдағы форум табысты өтетініне сенімдіміз. Форумға мемлекеттер басшылары мен үкіметтер басшыларының, әлемдік дін қайраткерлерінің үлкен қызығушылық танытып отырғанын білеміз.

Төртінші. Қазақстан үшін әрқашан да әлемдік басты трендтер арнасымен жүру маңызды болып табылады.

Біздің сыртқы саясатымыз ешқашан да геосаяси көре алмаушылықтан зардап шеккен жоқ. Сондықтан ХХІ ғасырдағы әлемдік саяси және экономикалық өңірлендіру үдерісін есепке ала отырып, біз еуразиялық интеграцияны тереңдетеміз.

Қазақстан, Беларусь және Ресей Бірыңғай экономикалық кеңістік құрды. Бұл экономикалық бірлестік екенін тағы да атап өткім келеді.

Біз Еуразия экономикалық одағын құруға қарай дәйектілікпен жүріп келеміз. Ол өңірлік

тұрақтылықта, біздің экономикамыздың бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруда маңызды фактор болып табылады және технологиялық серпілісті қамтамасыз етеді. 1,5 жылдық жұмыс бірлестікке мүше барлық елдер үшін тәжірибе жүзінде тиімді екенін көрсетті.

Бесінші. Бүгінде әлемнің саяси сипаты қозғалыс үстінде. Кейде, меніңше, жаһандық жағдайды құбыжықтандыра көрсететін сәуегейліктер айтылады. Егер тарихты тыңғылықты талдайтын болсақ, әлем ешқашан да қарапайым болмағанын көрер едік.

Менің көзқарасымша, қазіргі жағдайдың ерекшелігі адамгершілік тұрғыдан жаңа сапалық жағдайға ауысқанын білдіреді. Бұл ауысудың мәні – жалпы планетарлық аралда ақпараттық қоғамды кеңейту.

Ақпараттық технология және оның мүмкіндігі барлық елдерді тәжірибе жүзінде прогреске «қуалайды». «Қуалаушы жаңғырту» әдісі, егер бұл «сыртқы қымтану» мәселелеріне қатысты болса, жекелеген дайындықсыз саяси қоғам өлшемдері жеміссіз болатынын көрмеске болмайды. Оны соңғы жылдар оқиғалары көрсетті.

Бұл жағдайда танымал дипломаттардың бірінің дана сөзін ұмыта алмаймыз. «Істікке сүйенуге болады, бірақ оған отыруға болмайды». Ш. Талейран осылай деп айтқан. Сондықтан XXI ғасыр үшін мұндай саяси тәжірибенің келешегі жоқ деп есептеймін.

Алтыншы. Біздің әлем қалыптастырған жаһандық ақпараттық қоғам халықаралық қатынастар жүйесіне жаңа қырынан келуді талап етеді.

Ең бастысы, жаһандық шешімдер қабылдау тәртібі әділ болғаны жөн. Шындық мынадай – бүгінде G-8 де, G-20 да жеткіліксіз. Сондықтан да мен әлемдік қаржы дағдарысы жүйесіндегі ағымдық проблемалардың шешімін іздеу және БҰҰ-ның дағдарысқа қарсы кешенді шараларын әзірлеудің анағұрлым ауқымды алаңын – G-Global жаңа пішінін ұсындым. G-Global – барлық мемлекеттерді, әлемдік саясаттың халықаралық, үкіметтік емес субъектілерін, сондай-ақ жекелеген саясаткерлерді, қоғам қайраткерлерін, сарапшылар мен ғалымдарды өзара іс-қимыл мен ынтымақтастыққа шақыратын алаң.

G-Global – бұл үнқатысудың бір сәттік, виртуалды (Интернет желісі арқылы) және нақты үлгісі. Біздің сайт – бұл мәселелерде ең көп қатысушылары бар сайттардың бірі.

Осы пішінде біз биылғы жылдың мамырында өтетін Астана экономикалық форумына дайындықты жүргіземіз. Оған қатысуға мүдделі тараптардың барлығын шақырамыз.

Жетінші. Әлемдік саясат жаңа жаһандық қағидаттарға шоғырландырылуы қажет.

XXI ғасыр – үйлесімді көпполярлылық және транспаренттілік, сенім мен саяси толеранттылық,

әлемдік эволюциялық үлгіде дамудың басымдығы. Олар БҰҰ-ның арқаулық құжаттарында және барлық халықаралық құқық жүйелерінде бекітілуі қажет.

Дипломаттар айтатындай, халықаралық қатынастарда ең берік элемент барлық уақытта қағаз болып қалып келеді.

Сонымен бірге барлық мемлекеттерге өз өңірінің және, тұтастай алғанда, жалпы планетаның тағдыры үшін ортақ жауапкершілікті түйсіну маңызды.

Тұрақты дамудың барлық мәселелер блогы бойынша барынша тығыз іс-қимыл жасау қажет.

Біз осы жылдың маусымында болатын «Рио+20» Бүкіләлемдік конференциясына үлкен үміт арттымыз. Қазақстан «жасыл» трансфертті технологияға бағытталған «Жасыл көпір» бастамасын ұсынғаны белгілі.

Бұған қоса, өткен жылы мен БҰҰ мінберінен Жаһандық энерго-экологиялық стратегияны қабылдауды ұсындым.

Сарапшылардың есептеулері бойынша, жақын 20 жылда адамзаттың электр энергиясына мұқтаждығы 40 %-ға артады. Ол ол ма, 1,5 млрд-тан астам адам электрсіз өмір сүруде.

Біз осы мәселелердің барлығын Рио-де-Жанейро форумында талқылауды жоспарлап отырмыз.

Біздің елдерімізді, Орталық Азия мен бүкіл әлемді дамытуға қатысты ағымдағы перспективалы мәселелерге келу жолы осындай.

Қымбатты достар!

Биылғы жыл осыдан 15 жыл бұрын сол кездегі Ақмоланың Қазақстанның жаңа астанасы ретінде ресми жарияланғанымен тағы ерекшеленеді.

Шетелдік елшіліктердің біртіндеп осында қоныс аударулары басталды. Біздің жас елордамыз үшін елшіліктер мен халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің жұмысы үлкен мәнге ие. Дипломатиялық корпустың қызметі, дипломаттар отбасыларының мәдениеттілігі және дипломатиялық сырбаздық Астана өміріне жаңалық әкелуде.

Біз өз тарапымыздан шетелдік дипломаттардың толыққанды жұмыс істеулеріне, бос уақыттарын ойдағыдай өткізулеріне қажетті барлық жағдайларды жасауға ұмтылып келеміз.

Араларыңызда Астанаға жақында келіп жұмыс істей бастағандар болса, осы қыста біздің климат қаншалықты қатал екеніне көз жеткізген шығар. Алайда болжап болмайтын табиғаттан айырмашылық, Қазақстанның барлық елдермен қарым-қатынасы әрқашан «жылы». Біз оны құрметтейміз және біздің қарым-қатынасымыздың әлеуеті тек нығая түсуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз.

Ядролық қауіпсіздік жөніндегі
II жаһандық саммитте

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Корея Республикасы,
Сеул қаласы,
2012 жылғы 27 наурыз

**Жоғары мәртебелілер!
Құрметті саммит қатысушылары!**

Вашингтондағы басқосудан кейінгі 2 жыл уақыт жаһандық ядролық қауіпсіздік саласында елеулі оқиғаларға толы болды.

Біріншіден, 2011 жылы Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың шолу конференциясы болып өтті.

Екіншіден, 2 жылдың ішінде әлемде ядролық жоғары байытылған уранның елеулі бөлігі жойылды.

Әлемнің 30-дан астам елі ядролық қауіпсіздік саласында ұлттық міндеттеме қабылдады.

Үшіншіден, 2010 жылы Астанада Ядролық терроризм актілерімен күрес жөніндегі жаһандық бастамашылық конференция табыспен өтті.

Әлемдегі ең ірі Семей сынақ полигонын ерікті түрде жабу жөніндегі менің жарлығымнан кейін 20 жыл өтті.

Оның физикалық қауіпсіздігін арттыру бойынша көп жылдық ынтымақтастық аясында Қазақстан, Ресей және АҚШ өзара сенім негізіндегі әріптестіктің моделін өмірге әкелді.

Біз ұлттық деңгейде 210 тонна жұмыс істелген ядролық отынды қауіпсіз сақтау орнына тасымалдаудың бұрын-соңды болмаған жобасын жүзеге асырдық.

Қазір елімізде реакторды төмен байытылған отынға ауыстыру, ядролық қауіпсіздік жөніндегі өңірлік оқу орталығын құру жұмыстары жалғастырылып жатыр.

МАГАТЭ-мен бірлесіп табиғи уранды есептеу, бақылау және физикалық қорғаудың автоматтандырылған ерекше жүйесін жасақтау дамыз.

Қазақстан жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау жөнінде G-8 елдерімен жаһандық әріптестікке қосылды.

Біз Ядролық материалды физикалық қорғау туралы конвенцияға енгізілген түзетулерді ратификацияладық және осы құжат 2014 жылы күшіне енуі үшін Сеул саммитінің барлық қатысушыларын Конвенцияға түзетуді жеделдетіп ратификациялау жөнінде шаралар қабылдауға шақырамыз.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Осыдан 70 жыл бұрын Чикаго университетінде әлемдегі бірінші ядролық реактор жасалды.

Атом электр стансаларының тарихында әртүрлі деңгейдегі 60 апатты жағдай тіркелген. Солардың соңғысы «Фукусима» атом электр стансасындағы жойқын апат адамзат қауымына бұдан былайғы уақытта қауіпсіздіктің абсолюттік кепілдігі мен ядролық энергетика жұмысының төмендегідей үш басты қағидаты қамтамасыз етілген жағдайда ғана дамытуға болатындығын көрсетіп берді.

Бірінші – әмбебаптық.

Бейбіт атомды игеру саласындағы жинақталған халықаралық-құқықтық тәжірибені тарту және кодтау қажет.

Мұндағы мақсат – ядролық қауіпсіздіктің заңдық міндетті стандарттарын қабылдау.

Екінші – транспаренттілік және жеделділік.

Ядролық нысандағы кез келген оғаш оқиға туралы толық және жедел ақпарат таратумен қатар, төтенше жағдайда жылдам әрекет етудің нақты тетіктерін әзірлеп, жасау керек.

Үшінші – теңдік және сенім.

Барлық мемлекеттерге бейбіт ядролық технологияға қолжетімділіктің тең құқығы, сондай-ақ Ядролық отын халықаралық банкінің кепілді қорларын пайдаланудың мүмкіндігі берілуі керек. Қазіргі уақытта осындай банкті Қазақстанда орналастыру жөніндегі МАГАТЭ-мен жұмыс өзінің практикалық сатысына көтеріліп отыр.

Бұл біздің таратпау режимін нығайту мен ядролық қарусыздануға қосар нақты үлесіміз.

Құрметті әріптестер!

Қазақстан ядролық қауіпсіздік жөніндегі саммиттерді әр 2 жыл сайын өткізіп отыруды ұсынады. Мұндай саммиттердің бірін біз болашақта Астанада өткізуге дайынбыз.

Қазақстан АҚШ пен Ресей арасындағы Стратегиялық шабуыл қаруларын (СШҚ) қысқарту жөніндегі шарттың күшіне енуін жақтайды және Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың (ЯҚТШ) ережелерін сақтайтын мемлекеттерге қатысты ядролық қару қолдаудан бас тарту жөніндегі Президент Барак Обаманың жаңа ядролық стратегиясын қолдайды.

Ядролық қаруы бар барлық мемлекеттерді осындай игі әрекетке шақырамын.

Өкінішке орай, ЯҚТШ режимінің эрозиясы шындыққа айналды, ал ядролық қаруға ие елдер

тобының бақылаудан тыс көбеюі ХХІ ғасырда туындаған ең бір ауыр қатердің қатарында қалып отыр.

Кейбір мемлекеттер ядролық қаруға ие болуды қауіпсіздіктің қауіпсіз факторы ретінде қарастырады. Әлемдегі 4-ші зымырандық-ядролық арсеналдан ерікті түрде бас тартқан өз елімнің тәжірибесіне сүйене отырып, мынаны айта аламын: қауіпсіздікке нағыз сенімді кепілдікті орнықты әлеуметтік-экономикалық даму ғана бере алады.

Осыған байланысты мен ядролық қаруды бірінші болып қолданатын елді оқшаулау және оған бойкот жариялауға дейінгі ең қатал халықаралық шараны қолдану туралы келісуді ұсынамын.

Сонымен бірге ядролық державалар ядролық қаруды иеленуден бас тартқан мемлекеттерге Біріккен Ұлттар Ұйымы бекіткен қауіпсіздік кепілдігін беруге тиіс.

Алдағы уақытта Ядросыз әлемнің жалпыға бірдей декларациясын қабылдау Ядролық қару жөніндегі конвенцияға қарай жасалған маңызды қадам болар еді деп есептеймін.

**Қазақстан халқы Ассамблеясының
«Қазақстан жолы: тұрақтылық, бірлік,
жаңғырту» атты ХІХ сессиясында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2012 жылғы 27 сәуір

**Құрметті Ассамблея мүшелері!
Қадірменді отандастар! Сессияның
қонақтары!**

Баршаңызды Қазақстан халқы Ассамблеясы
ХІХ сессиясының ашылуымен шын жүректен
құттықтаймын!

Ассамблеяның әр сессиясы еліміз үшін тағдыр-
лы және түбегейлі шешімге жол ашады.

Біз бүгін тұрақтылық, бірлік, жаңғырту ұғымдарын басқосудың күн тәртібіне шығарып отырмыз.

Тұрақтылық – біздің татулығымыз берік болуы үшін табан тірейтін тұғырымыз.

Бірлік – баға жетпес басты байлығымыз.

Жаңғырту – келер күнге, кемел келешекке жетелейтін жарқын жолымыз.

Осы үш ұғым біздің мызғымас мемлекетіміздің тұтастығына тірек болып тұр. Үндестігі мол үйлесімді ұштаған – мерейлі мемлекетіміздің қасиетті құндылығы.

Бүгін осы ұғымдардың төңірегінде пікір алысып, болашақта бұл ұғымдарды нығайтып, іс жүзіне қалай асыратынымызды әңгімелейтін боламыз.

Құрметті Ассамблея мүшелері! Қымбатты қонақтар!

Қазақстандық тұрақтылық – бұл 700-ден астам жаңа емхана, аурухана мен медицина орталықтары. Бұл – жаңа пәтерлер мен үйлерде қоныс тойларын тойлаған 1,5 млн қазақстандық.

Міне, еліміз екінші онжылдық бойы тұрақты экономикалық өсім жағдайында дамып келеді.

2020 жылға дейін біз тағы 1,5 млн қазақстандықты еңбекке орналастыруды жоспарлап отырмыз.

Индустрияландыру картасы бойынша 2014 жылға дейін 100-ден астам жаңа өндіріс орындары

құрылатын болады. Осы жылы индустриялық-инновациялық бағдарламаларды жүзеге асыру үшін Ұлттық қордан бөлінетін қаржы көлемі 1,3 млрд долларға ұлғаяды.

«Бизнестің жол картасы – 2020»-ны орындау толық көлемінде жүріп жатыр. Кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсететін мұндай бағдарлама әлемнің бірде-бір елінде жоқ. Ал бізде бұл бағдарламаға тек 2012 жылы ғана шамамен 37 млрд теңге бөлінеді. Бағдарламаның барлық бағыттары бойынша жұмыс істейтіндердің жалпы саны 130 мың дерлік адамды құрайтын 1 мыңнан астам кәсіпорынға қолдау көрсетілуде.

«Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы аясында өткен жылы 1 500-ге жуық жұмысын енді бастаған бизнесмендер шағын кредиттер алды. Бір шағын кредиттің көлемі 1,8 млн теңгеден асады. Үстіміздегі жылы шағын кредиттеу шығындары 3,5 есеге ұлғайып, ал алушылар саны 8 мыңнан астам адамға өсетін болады.

Біз «Халықтық IPO» жобасын жүзеге асыруға кірісіп кеттік. IPO халықтық нарығына 2015 жылға дейін кезең-кезеңімен «ҚазТрансОйл», «KEGOC», «Air Astana», «Самұрық-Энерго», «Қазақстан темір жолы», «ҚазМұнайГаз», «Қазатомөнеркәсіп» және басқа компаниялар кіретін болады.

«Халықтық IPO» бағдарламасы – тек жаңа жаппай жекешелендіру емес. Бұл – лайықты өмір

сүретін қуатты жаңа меншік иелерінің табын құру үдерісі.

«Тұрғын үй-коммуналды шаруашылықты жаңғырту» бағдарламасын жүзеге асыруға 2012 жылы 16 млрд теңге бөлінді. Бұл бағдарлама әр өңірді, әр қаланы, әр кент пен ауылды қамтиды.

Біздің денсаулық сақтау саласы жыл өткен сайын дами түсуде.

Ең соңғы үлгідегі жабдықтармен жарақталған денсаулық пойыздары шалғайдағы 200-ден астам пункттегі 100 мыңнан астам тұрғынға медициналық көмек көрсетті. Қазіргі кезде 183 телемедицина орталығы жұмыс істейді, олардың арқасында шамамен 200 мың пациентке қашықтықтан консультациялар жүргізілген.

Бүгінде Қазақстанда Ұлттық медициналық холдинг арқауында жүректің жасанды сол жақ қан қуысын ауыстыру бойынша ғаламат оталар жасалды. Осының арқасында Қазақстан кардиоимплантациялар технологиялары қолданылатын 22 дамыған елдер қатарына қосылды. Біз, тұтастай алғанда, кардиологияға қатысты мәселелерді шештік.

Жалпы алғанда, бүгінде қазақстандықтардың 87 %-ы өздерін әлеуметтік тұрғыдан орнықты сезінетінін және болашаққа сенімділігін атап көрсетуде.

Қазір бүкіл әлем жаһандық дағдарыстың жаңа толқынын алаңдаушылықпен күтіп отыр. Тіпті,

дамыған елдердің өзінде экономикалық қиындықтар үдеп, әлеуметтік шығындар қысқаруда, мемлекеттік қарыздар өсуде. Ал біз Қазақстанда жаңа зауыттар, фабрикалар құрып, шағын несиелер берудеміз, зейнетақыны, жәрдемақыны және жалақыны ұлғайтудамыз. Кез келген дағдарысқа дайындық деген, міне, осы.

Қазақстандықтардың бірлігі – Қазақстанның алға басуының кері бұрылмайтынының баға жеткісіз кепілі.

Әлемде мемлекеттің этномәдени бірлестіктерді, Достық үйлерін, театрларды, мектептер мен БАҚ-тарды мұндай кең ауқымда қолдайтын ел аз.

Бүгінде қазақстандықтардың 92 %-ы елдегі этносаралық ахуалды оң бағалайды.

Барлық қазақстандықтардың болашағы ортақ.

Мұны сайлаушылардың абсолютті көпшілігі «Нұр Отан» партиясын қолдаған президенттік және парламенттік сайлаулардың нәтижелері тағы бір мәрте көрсетіп берді.

Қазақстандық бірліктің негізі – азаматтық құқықтар мен бостандықтардың теңдігі.

Мәселен, бүгінде Қазақстандағы сөз бостандығы, қолданыстағы заңнамаларға сәйкес, толық көлемінде қамтамасыз етілген. Осы саладағы іс барысы бізде ТМД, ЕурАзЭҚ, ШЫҰ және тағы басқа құрылымдардағы кез келген әріптестеріміздегіден айтарлықтай жақсы және сәтті. Партия

құрылысы мәселелерінде біз ешкімнен қалып келе жатқан жоқпыз.

Іс жүзінде біз баспасөз қызметін қамтамасыз етуде еуропалық үлгіқалыптарға барынша жақынбыз. Ал бірқатар айқындамалар бойынша, мәселен, зорлық-зомбылық пен қатыгездік, терроризм мен экстремизм идеяларын таратпауды бақылау жөнінен біздің заңнамаларымыз әлемнің көптеген елдеріне қарағанда айтарлықтай жұмсақ.

Жаңғырту – жаһандық дамудың императиві.

Бүгінде әлемде экономиканы дамыту, адамдар өмірін жақсарту үшін теңдессіз мүмкіндіктер ашатын жаңа технологиялық революция пісіп-жетілуде.

Қазақстан осы үдерістерде Бірыңғай экономикалық кеңістіктегі әріптестерімен қатар жүруі тиіс.

Сондықтан барлық қазақстандықтарға индустриялық-инновациялық дамудың, әлеуметтік жаңғыртудың, өңірлік және жаһандық интеграцияның тағдыршешті тарихи міндеттерін сезіну маңызды. Жаһандық әлем мен жаһандану тежелу үстінде. Өңірлік интеграциялар барынша үлкен рөл атқаруда. Сондықтан Еуразиялық экономикалық одақ – экономиканы нығайту, тәуелсіздік пен еліміздің болашағы үшін қажеттілік және игілік.

Қымбатты отандастар!

Мен еліміздің түкпір-түкпірінен тұрақты түрде жылы сөздер жазылған хаттар алып тұрамын. Тек соңғы 1,5 жылда менің атыма Ассамблея желісі бойынша шамамен 10 мыңдай хат келіп түсті. Олардың әрбір жолынан барлық Қазақстан халқының ризашыл және ақжарқын көңілі көрінеді. Қазақстандықтар біздің бейбітшілік пен жасампаздық саясатымызға шынайы қолдауын білдіреді.

Қостанай облысының Люблинка ауылынан Виктория Георгиевна Костенко былай деп жазады: «Біз Германияға кетеміз деп шештік, бірақ жан-жүрегімізді осында қалдырғандай болдық. Мен ол жақта Қазақстанның байтақ даласынсыз, туған әуенсіз тұра алмадым.

Отаным туралы, ең бастысы – бірге тұрған адамдар туралы естеліктермен, күнделікті күйбең тіршілікпен және үмітпен күн кештім. Енді мен қайтадан үйімдемін – өсіп-өркендеген және биіктіктерді бағындыра түскен елімдемін.

Біздің жерімізде қашанда бейбітшілік пен келісім салтанат құрсын!»

Рахмет, Виктория Георгиевна! Мен сіздің тілегіңізді барлық қазақстандықтарға жеткіземін!

Бүгінде жаһандық әлем бірліктің формуласын іздейді және оны осы жерден, біздің Қазақстаннан, табады.

Менің жақындағы кездесуім барысында БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун Ассамблея қағидатта-

рын – өзара құрмет пен толеранттылықты – «БҰҰ қағидаттары деген, міне, осы» деп атап көрсетті.

Осының барлығы біздің еліміздің дұрыс жолмен келе жатқанын айғақтайды.

Бүгінде кез келген этностық немесе діни ұстанымдағы қазақстандық – өз елінің тең құқықты азаматы.

Қазақ халқы мен мемлекеттік тіл дамып келе жатқан қазақстандық азаматтық қоғамның біріктіруші өзегі ретінде көрінуде. Бұл үдеріс жөнімен жүріп жатыр.

Мемлекеттік БАҚ-тардың 70 %-ы қазақ тілінде шығады. Қазақ тілінде білім беретін мектептерде оқитындардың саны 63 %-ды құрайды. Біз 2020 жылға қарай барлық қазақстандықтардың 95 %-ы мемлекеттік тілді меңгеруі тиіс деген міндет қойып отырмыз.

Мен тіл туралы мәселе – саясат мәселесі емес екенін талай айтқанмын. Саяси шешім баяғыда, Конституция мен тиісті заңдар қабылдануымен алынған болатын. Тіл туралы мәселе саяси саудалаудың тақырыбы бола алмайды. Енді бұл практикалық мәселе.

Экономикалық және әлеуметтік жаңғыртудың маңызды қыры – тілдердің үштұғырлығын дамыту.

Іс жүзінде барлық қазақстандықтар орыс тілін біледі. Бұл – біздің жоғалтуға болмайтын ортақ байлығымыз.

Қазақстандықтар үшін инновациялар, технологиялар мен бизнес әлеміне терезе ашатын ағылшын тілінің маңызы мен рөлі артып келеді.

Бүгінде кез келген дамыған елде тұрғындардың абсолютті көпшілігі 2–3 тілде еркін сөйлейді. Сондықтан технологиялық тұрғыдан ілгері кеткен елдерде химия, математика, физика, биология сияқты жаратылыстану пәндері мектептер мен университеттерде көбіне-көп ағылшын тілінде оқытылады. Ал тарих, әдебиет және басқа гуманитарлық пәндер ана тілінде оқытылады.

Мұның ең жаңа мысалы – Малайзия тәжірибесі. Онда халықтың басым көпшілігі елдің мемлекеттік тілін тамаша біледі, бірақ оқыту ағылшын тілінде жүргізіледі. Бұлай болмаған жағдайда, деп есептейді олар, ел технологиялық тұрғыда әлемдік қоғамдастықтан кейіндеп қалады. Бұл – әмбебап педагогикалық қадам. Сондықтан бізге де ағылшын тілін оқу қажет.

Білім және ғылым министрлігіне осындай халықаралық тәжірибені ендіру мәселесін тапсырамын.

Құрметті сессияға қатысушылар!

Биылғы жылдың үлесіне біз ұмытпауға тиісті бірден 2 дата дөп келіп отыр.

Бұл – 1930-шы жылдардың басындағы жаппай аштықтың 80 жылдығы мен сталинизмнің

жаппай саяси қуғын-сүргінінің шегіне жетуінің 75 жылдығы.

Бұл қасіреттердің орны толмайды. Ең жалпылама есеп бойынша, аштық пен аурудан Қазақстанда, Беларусьте, Ресейде және Украинада 7 млн-нан астам адам көз жұмған. Сол кезде аштықтан қаза тапқандардың 1,5 млн-нан астамы Қазақстанға тиесілі. 600 мың қазақ аштық пен аурудан аман қаламын деп туған жерін тастап кетуге мәжбүр болды. Тек 1937–1938 жылдары, ресми дерек бойынша, Кеңес Одағы аумағында НКВД органдары 1,5 млн-нан астам адамды тұтқындаған. Біз мұны ұмытпауға тиіспіз!

31 мамырда біз жыл сайынғы Саяси қуғын-сүргін және аштық құрбандарын еске алу күнін атап өтеміз. Осы күні Астанада «Ашаршылық құрбандарына ескерткіш» монументі ашылатын болады.

Сол бір қатыгез дәуірде қазақ халқының қонақжайлығы мен Қазақстанға күштеп қоныс аударылған барлық этностардың өзара қолдауы арқасында республика ауыртпалықты кезеңнің қатыгез жылдарына шыдас бере білді.

Кейінгі кезеңде біз бірлік пен келісім құндылықтарын қоғамның іргетасына, біздің айрықша қазақстандық толеранттылықтың негізіне айналдыра алдық.

Біз бұл құндылықтарды қазақстандықтардың әрбір келер ұрпағына ұқыптылықпен жеткізе білуіміз керек.

Қымбатты достар!

Этносаралық келісімді нығайту ұдайы күш-жігер жұмсауды қажет етеді.

Бірінші. Қазақстандық толеранттылықты нығайту – бәрінен бұрын Қазақстан халқы Ассамблеясын нығайту мен дамыту.

Менің тапсырмам бойынша ҚХА-ның 2020 жылға дейін Даму стратегиясының жобасы әзірленді. Бізге Ассамблеяның өңірлердегі жұмысын сапалық тұрғыда күшейту қажет.

Өздеріңіз білесіздер, Мәжілісте Ассамблея бейбітшілік, қоғамдық және этносаралық келісім мәселелері бойынша партияаралық ынтымақтастықтың депутаттық тобы құрылды.

Іс жүзінде бұл түрлі партиялар депутаттарының өзара іс-қимылының жаңа тетігі. Өте сауатты қадам. Бұл тәжірибені облыстық мәслихаттар деңгейінде де тарату қажет.

Облыс әкімдері хатшылық менгерушілерінің сапалық құрамына назар аударуы тиіс. Оларда тәжірибелі және беделді кадрлар жұмыс істеуі керек.

Сіздердің назарларыңызды ҚХА құрылымының облыстардың, Алматы және Астана қалаларының ресми деңгейінде шектеліп қалмауы тиіс екендігіне аударғым келеді. Жоғары оқу орындарының, ұлттық компаниялар мен кәсіпорындардың ірі ұжымдарындағы Ассамблея жұмысының жаңа нысандары туралы мәселені зерттеу қажет.

Ассамблея – біздің ұлттық игілігіміз. Сондықтан оның өңірлік филиалдары жұмысының тиімділігі үшін облыс әкімдері дербес жауап береді.

Белгіленген барлық көзқарастарды ескере отырып, ҚХА-ның 2020 жылға дейін Даму стратегиясын жетілдіріп, қабылдау қажет.

Екінші. Мемлекеттің зайырлылық қағидаттарын берік ұстану біздің қоғамымыздың тұрақты дамуының берік кепілі болып табылады.

Дін – адам жаны мен моралінің саласы. Әрбір дін уағыздайтын жоғары құндылықтар – исламның, православиенің, католицизмнің, протестанттықтың діни ілімдері әркезде де мемлекеттен қолдау табатын болады.

1 айдан соң біз Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV съезін қабылдайтын боламыз. Оны өткізу – ХХІ ғасырдағы әлемді қалыптастырудың маңызды қағидаты ретіндегі жаһандық толеранттылықты орнықтыру ісіне қосқан Қазақстанның ең ұлы сыйы.

Бүкіл діни бірлестіктермен өзара байланыстарды нығайту үшін Қазақстанда Дін істері агенттігі құрылды.

Жастарды жалған діни топтар ықпалынан қорғау жөнінен тиімді шаралар кешенін қалыптастыру қажет.

Үшінші. Менің тапсырмама сәйкес Үкімет Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын әзірлеуде.

Тұжырымдамада жергілікті жерлердегі этнос-аралық және дінаралық өзара байланыстардың барлық қырлары ескерілуі тиіс.

ҚХА осы құжатты әзірлеуге белсенді атсалысуы керек.

Құрметті сессияға қатысушылар!

Халық Ассамблеясы мәжілістерінде біз ел дамуының ең маңызды мәселелерін талқылаймыз.

Бүгін әлеуметтік жаңғыртудың бірқатар жаңа қырларын көтергім келеді.

Қазір қарапайым адамның мүддесі бірінші кезекке шығып отыр. Қоғамда әділ де лайықты еңбекке деген кең көлемді сұраныс бар.

Менің қаңтардағы Жолдауымда осынау халықтық сұранысқа жауап басты орын алды. Мен әлеуметтік әділеттілік туралы егжей-тегжейлі баяндадым.

Индустрияландыру – әншейін мақсат емес. Біздің басты мақсатымыз – адам, оның мүдделері, тағдыры, білім алуы, еңбекке орналасуы, сапалы тұрғын үй.

Жаңа кәсіпорындар, өнеркәсіптің жоғары өндірісті нысандары жоғары кәсіби мамандарды талап етеді. Демек, Қазақстанда өмір өзгеріп, өзіміз айтып жүрген орта тап өсіп шығады.

XXI ғасырдағы табысты экономика – әлеуметтік жауапкершілік пен әділеттілік экономикасы.

Біздің халық экономиканы жаңғыртуға белсенді атсалысуда және бүкіл жұмыс берушілер тарапынан әділетті қарым-қатынастар күтеді.

Өнімді еңбек үшін әділ табыстарды қамтамасыз ету қажет. Еңбектің және кәсібиліктің беделін толық көлемде қайта қалпына келтіру қажет.

Біздің Жаңаша индустрияландыру дәл осыған бағытталған.

2020 жылы барлығы 1,5 млн адам жұмысқа орналастырылатын болады.

Біз инновациялық экономиканы құрудамыз, әрбір адам: «Мен – қазақстандықпын, менің елімде мен үшін барлық есіктер ашық!» – деп айта алатындай, әділ қоғам орнатудамыз.

Қазақстан – жас ел, әрбір екінші қазақстандықтың жасы 30-ға әлі жеткен жоқ. Қазақстанның болашаққа серпінді ұмтылысында мен сіздерден зор үміттер күтемін, менің жас отандастарым!

Қазақстан жастарының білім алуы, лайықты еңбек етуі, тұрғын үйге ие болуы, спортпен айналысуы үшін барлық қажетті жағдайлар жасалуда.

Тұрғындарды орта біліммен қамту көрсеткіші бойынша біз Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіне қатысушы 182 елдің ішінде 18-ші орын аламыз.

600 мыңнан астам адам техникалық және кәсіптік білім берумен қамтылған.

Тәуелсіздік жылдары ішінде біздің ЖОО-лар 2,4 млн-нан астам маман даярлады.

«Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы аясында 16 мыңнан астам жас мамандарды тарту үшін 2012–2014 жылдарға республикалық бюджетте 21,6 млрд теңге қарастырылған.

Бүгіндей алғанда, «Ауыл жастары», «Дипломмен – ауылға!» және «Жасыл ел» жалпыұлттық жобаларын қаржыландырудың жиынтық көлемі бүгінде 37,7 млрд теңгені құрады.

«Жасыл ел» бағдарламасының белсенділерінің өзі бүкіл ел бойынша 43 млн-нан астам көшет отырғызды. Бұл дегеніңіз 80 мың гектар жаңа орман алқабы. 2020 жылға дейін жас отбасылар үшін 1,2 млн шаршы метр тұрғын үй құрылысы қарастырылуда.

Қазақстанда әрбір 4-ші мемлекеттік қызметші – жас маман.

Жастардың спортпен айналысуы үшін жағдай жасалуда. Тек өткен жылы ғана 1,5 мыңнан астам жаңа спорт нысандары ашылды.

Жұмыстың маңызды бағыты – жұмыспен қамту және жастарды еңбекке орналастыру.

«Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы аясында «Жастар тәжірибесі» сияқты бағыт табысты жүзеге асырылуда. Осы мақсаттар үшін үстіміздегі жылы 2,7 млрд теңге бөлінді, ол 15 мың жас түлекті қамтуға жағдай жасайды.

Озық индустриялы елдерде – Германияда, Англияда, АҚШ-та, Оңтүстік Кореяда – жұмысшы кадрларды даярлаудың дуалдық жүйесі өзін

жақсы жағынан көрсетті. Осы жүйе бойынша кәсіптік мектептер оқушылары бір мезгілде өндірісте тағылымгер болып табылады. Даярлаудың осындай жүйесін Қазақстанда да кеңінен енгізу қажет.

«Самұрық-Қазына» қорына арқаулық кәсіпорындар тізімін белгілеп, дуалдық модельді бірте-бірте енгізудің жоспарын әзірлеуді тапсырамын.

Бұл біздің жаңа индустрияландыру үшін кадрларды даярлауды жаңғыртуымызға жағдай жасайды. Оның үстіне Индустрияландыру картасы аясында құны 9,6 трлн теңге болатын 600-ден астам жоба жүзеге асырылуда. Жастар үшін барлығы 370 мыңдай дерлік жұмыс орындары құрылуда.

Өздеріңіз көріп отырғандай, қазақстандықтардың жаңа буынын қолдау үшін мемлекет барлық қажетті жағдайларды жасап отыр. Біз бұл жұмысты жалғастыруымыз керек.

Біріншіден, Үкіметке үстіміздегі жылдың 1 қарашасына дейін менің қарауыма Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінге арналған тұжырымдамасының жобасын ұсынуды тапсырамын.

Екіншіден, үстіміздегі жылдың соңына дейін біздің заңнамаларымызды мемлекеттік жастар саясатты мәселелері бойынша жаңарту қажет.

Үшіншіден, Білім және ғылым министрлігі құрылымында Жастар ісі жөніндегі комитет, ал өңірлерде – тиісті басқармалар құруды тапсырамын.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері өңірлік Жастар істері жөніндегі кеңестерді тікелей өздері басқаруы тиіс.

Төртіншіден, қазір жастар үшін жаңа әлеуметтік лифтілер қалыптастырудың маңызы өте зор.

Мемлекеттік қызмет тиімді әлеуметтік лифтілердің біріне айналуы үшін біз бұл бағытта қазірдің өзінде көптеген істер атқардық.

Тек өткен жылы ғана Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік кадрлық резерв аясында 2 мыңнан астам адамды, негізінен жас мамандарды, жұмысқа орналастырды.

Бірақ тәуелсіз әлеуметтік зерттеулер жұмысқа орналасу және еңбек жолын бастауда жағдайлардың бірдей еместігі жастар үшін ең маңызды мәселе болып табылатынын көрсетіп отыр.

Жақсы, кейде тіпті сапалы шетелдік білім ала отырып, жас маман жұмысқа орналаса алмайтын және өз әлеуетін жүзеге асыра алмайтын жағдайлар да аз емес.

Үкіметке жастар үшін әлеуметтік лифтілер қалыптастыру жөнінен заңнамалық және әлеуметтік-экономикалық шаралардың жүйелі дестесін әзірлеуді тапсырамын.

Бесіншіден, жастар арасындағы үдерістерге терең зерттеулер жүргізу қажет.

Білім және ғылым министрлігіне Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанынан «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығын құру туралы мәселені ойластыруды тапсырамын.

Алтыншыдан, «Жас Отан» жастар қанатының жұмысын күшейте түсу қажет.

«Нұр Отан» партиясының Орталық аппаратына «Жас Отанның» 2020 жылға дейінгі іс-қимыл стратегиясын әзірлеп, бекітуді тапсырамын.

Азаматтық альянстың және жастар ұйымдарының бастамасымен менің Жолдауыма қолдау ретінде бүкіл ел бойынша «Болашақ бүгіннен басталады!» акциясының басталғанын білемін. Оның аясында мен жастармен кездесулер өткізуге дайынмын. ҚХА істен бейтарап қалмай, жастар проблемаларына көбірек көңіл бөліп, жоғарыда аталған шараларға белсенді қолдау көрсетуге тиіс. «Нұр Отан» партиясымен бірге осы жұмыстарға қатаң бақылауды жолға қою қажет.

Құрметті отандастар!

Бүгінде біздің азаматтарымыз үшін барлық есіктер, барлық мүмкіндіктер, барлық жолдар ашық.

Біз көппіз және біз бәріміз – бір елміз, бір халықпыз. Сондықтан бүкіл саяси күштер, бүкіл

қазақстандықтар басты мақсаттарға жету жолында топтасуы тиіс.

Ол – бірлік пен тұрақтылық, азаматтардың әл-ауқатының артуы, дені сау және білімді ұлт.

Өз еліңе пайдалы болу, өз Отаныңның тағдыры үшін жауапты болу – әрбір отандық саясаткердің, әрбір қазақстандықтың борышы мен ар-ожданы.

Алдымызда Қазақстан халқының бірлігі күні жақындап келеді. Мен баршаңызды осынау біздің ортақ мерекемізбен құттықтаймын!

Құрметті қауым!

Қазір біздің бірлігі жарасқан еңселі ел, зайырлы мемлекет екендігіміз баршаға аян.

Татулық пен тұрақтылықты қалыптастыруға Ассамблея айрықша үлес қосты. Бірліктің берекелі бесігіне айналған бұл құрылымның алдағы уақытта да көп жұмыс атқаратынына сенемін.

Ұлтты ұйыстырып, ұлысты ұғыстыра білген еліміз өркендей түссін!

Түрлі халықтың тағдырын тоғыстырып, тұтастығын сақтаған Қазақстан жасай берсін!

Тұғырымыз – тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық, тілегіміз – татулық болсын!

Баршаңызға табыс тілеймін!

Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің
XXV пленарлық отырысында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2012 жылғы 22 мамыр

**Құрметті отырысқа қатысушылар!
Қымбатты қонақтар!**

Кеңестің XXV мүшелтойлық отырысына қатысушылардың барлығын тағы да құттықтай отырып, бірлескен жұмысымызға белсене қатысқандарыңыз үшін алғысымды білдірейін деп едім.

Шетел инвесторлары кеңесі құрылғалы бергі 14 жыл ішінде Қазақстан айтарлықтай даму

жолынан жүріп өтті. Осы жылдар ішінде экономика нақты көрсеткіштер бойынша 2,5 еседен астамға өсіп, 186 млрд долларға жетті.

2011 жылы ішкі жалпы өнім 7,5%-ды құрады.

Қайта өңдеу саласында еңбек өнімділігі жалпы алғанда 20 %-ға артты.

2011 жылы Қазақстанның сыртқы сауда айналымы бұрынғы жылмен салыстырғанда 40 %-ға артып, 126 млрд долларды құрады.

Өткен жылы біз тәуелсіздіктің 20 жылдығын экономиканы әртараптандырудың зор табыстары және инновациялық экономикаға көшумен айшықтадық.

Осы жылдар ішінде Орталық Азияға келген тікелей шетел инвестициясының жалпы көлемінің 70 %-ы Қазақстанға құйылған. Бұл жалпы алғанда, 150 млрд долларды құрайды. Тек өткен жылы елімізге тартылған инвестициялар көлемі 18 млрд долларға жетті.

Экономиканы индустрияландыру бағдарламасы табысты іске асырылуда. 2 жыл ішінде 400-ге таяу жаңа өндіріс орталығы іске қосылды. Олар қазірдің өзінде 3 млрд доллардан артық қаржыға өнім шығарды. Тағы да 220 жобаны іске қосу жұмысы жалғасуда. Оның ішінде 30-дан астамы – 300 млн-нан бастап 1 млрд-тан астам долларға дейінгі көлемде инвестиция тартылған ірі индустриялық жобалар. Тек қана қайта өңдеу

өнеркәсібіне тартылған инвестиция көлемі соңғы 3 жыл ішінде 8,5 млрд долларды құрады.

Осы орайда, бұл жетістіктер көп ретте біздің шетелдік әріптестеріміздің белсенді рөлінің арқасында жүзеге асырылып жатқандығын атап көрсеткім келеді.

Осынша ауқымды жобаны біз қалай іске асыра аламыз?

Менің пайымдауымша, бұл – Қазақстанның түйінді көлік дәліздерінде халықаралық деңгейдегі сауда-логистикалық, қаржылық-іскерлік, инновациялық-технологиялық және туристік хабтардың бірыңғай кешенін жасау.

Бүгін мен сіздерге «Жаңа Жібек жолы» ауқымды жобасын бірге бастауды ұсынғым келеді.

Қазақстан өзінің тарихи рөлін қайта жаңғыртып, Орталық Азия аймағында ірі іскерлік және транзиттік хабқа айналып, Еуропа мен Азия арасындағы ерекше сипаттағы көпір болуы тиіс.

Осы мегажобаны жүзеге асыру нәтижесінде 2020 жылға таман Қазақстан арқылы өтетін транзиттік жүк көлемі 2 есеге дейін өсуге, одан арғы жылдар ішінде бұл көрсеткіш кемінде 50 млн тоннаға дейін жетуге тиіс.

Неліктен ол Қазақстанға тиесілі?

Біріншіден, бұл тиімді географиялық жағдай. Бүгінде әлемде жаһандану үрдісі жүріп жатыр. Сондықтан бұл фактордың маңызы зор. Қазақстан

Еуразия құрлығының қақ жүрегінде орналасуы арқылы Қытай, Еуропа, Ресей, ТМД елдері сияқты әлемнің ірі рыноктарын жалғастырады және Орталық Азия мен Парсы шығанағы елдерін көлік маршруттарымен қамтамасыз етеді. Бұл олардың өндіріс пен тұтынушылар ортасындағы байланысты кепілдендіретіндіктен тиімді.

Қазақстан арқылы «Солтүстік – Оңтүстік», «Шығыс – Батыс», «Оңтүстік-Шығыс Азия – Орталықазиялық аймақ» сияқты ірі трансқұрлықтық жолдар тоғысады.

Екіншіден, бұл – жүк тасқынының тұрақты өсуі.

Бұл жүк тасқыны әлемдегі екінші экономика – Қытай Халық Республикасын Еуропалық Одақ және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен байланыстырады.

2020 жылға таман Қазақстанмен көршілес орналасқан елдер арасындағы сауда операцияларының көлемі 1,5 есе өсіп, 1 трлн долларға жетеді деп күтілуде.

Қазірдің өзінде Қытай Халық Республикасы мен Еуропа арасындағы сыртқы сауда айналымы 500 млрд доллардан асып, жыл сайын орта есеппен 8 % өсіп отыр. 2020 жылы ол 800 млрд долларды құрайды.

Қытайды Қазақстан арқылы Еуропамен жалғастыратын транзиттік бағыт талассыз басымдыққа ие: ол Суэц каналы арқылы жүретін теңіз жолымен салыстырғанда едәуір қысқа.

Үшіншіден, Кеден одағы елдерінің рыногына тікелей шығу.

Биылғы жылғы шілдеден бастап Бірыңғай экономикалық кеңістік толыққанды жұмыс істей бастайды. Бұл капиталдың, тауарлар мен еңбек ресурстарының еркін қозғалысын қамтамасыз етеді.

Төртіншіден, бұл тиімді инвестициялық ахуал. «Doing Business» рейтингі бойынша Қазақстан 47-ші орынды алса, «инвесторларды қорғау» индикаторы бойынша бірден 34 сатыға көтерілген. Сонымен қатар, Үкіметтің алдына осы салада ЭЫДҰ елдерінің анағұрлым озық стандарттарына жету жөнінде міндет қойылды.

Бесіншіден, саяси және экономикалық тұрақтылық.

Тәуелсіздігіміздің 20 жылы ішінде біз көп ұлтты Қазақстандағы татулық пен келісімді айтарлықтай нығайтуға қол жеткіздік. Бұл әлемдік капиталды тарту үшін маңызды фактор болып табылады.

Осыған орай, Кеңестің барлық мүшелеріне Қазақстанның инвестициялық ахуалын жақсартуға және экономикалық дамуына баға жеткісіз үлес қосқандары үшін алғысымды білдіргім келеді.

Ол жетістіктерді бекіте түсу үшін біз 2020 жылға дейінгі дамудың жаңа стратегиялық және бірқатар маңызды мемлекеттік бағдарламаларын қабылдадық.

Алайда біздің жетістіктеріміз бен бағамдауларымыз Қазақстан алдына анағұрлым кеудемсоқ міндеттерді қоюға және шешуге қабілетті екенін көрсетеді.

Құрметті әріптестер!

«Жаңа Жібек жолы» жобасының бәсекелестік басымдылығы «5С қағидатын» іс жүзіне асыруға негізделеді (яғни скорость – жылдамдық, сервис, стоимость – баға, сохранность – қорғау және стабильность – тұрақтылық).

Осылардың аумақтық және функционалдық өзара ықпалдастықтарының нәтижесінде синергетикалық әсер пайда болуы тиіс.

Нақ сол Дубай немесе Сингапур тәжірибесімен орайлас «Жаңа Жібек жолының» бәсекелестік артықшылығының басты көзіне айналуға тиіс.

«Жаңа Жібек жолы» басты элементі – көлік-логистикалық хабы мынадай жобалардың айналасында дамитын болады.

Біріншіден, қазірдің өзінде «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының арқауында әлемдік дәрежедегі мультимодельдік көліктік-логистикалық компания құрылуда.

Екіншіден, ҚХР шекарасында біз «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығының халықаралық орталығын белсенді түрде дамытудамыз. Қазақстанның батысында Ақтау теңіз кемежайын ұлғайту және Ақтөбе қаласында логистикалық

орталық құрылысын салу жөніндегі жобалар жүзеге асырылатын болады.

Олар Каспий маңы өңіріне, Ресейге және одан әрі Еуропаға шығатын республиканың «Батыс» қақпасы болады.

Үшіншіден, біз «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транскұрлықтық дәлізі» құрылысын жедел салып жатырмыз.

Бұл жоба 2015 жылы іске қосылады. Соның нәтижесінде Қытайдан Еуропаға тасымалданатын жүкті теңіз жолымен салыстырғанда автокөлік арқылы тасымалдау мерзімін 3,5 есе қысқартады.

Төртіншіден, ұзындығы 1200 шақырымнан асатын «Жезқазған – Бейнеу» және «Арқалық – Шұбаркөл» темір жол құрылыстарын салу арқылы елдің теміржол желісінің өткізу жылдамдығын арттыру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Бұл бұдан бұрын іске қосылған «Өзен – Түрікменстан – Иран – Парсы шығанағы» және «Қорғас – Жетіген – Каспийге дейінгі екінші теміржол желісі» теміржол желілеріне қосымша болып табылады.

Бесіншіден, Қытайдан Ресейге дейінгі созылатын бүкіл жол бойында, яғни «Қорғас – Шығыс қақпасы» еркін экономикалық аймағында, Алматы, Ақтау және Ақтөбе қалаларында «А» дәрежесіндегі көп қызметті логистикалық орталықтар салынатын болады.

Алматы қаласында іскерлік белсенділікті арттыру, шетел азаматтары үшін қызмет көрсету салаларын кеңейту қала айналасында туристік хаб құру үшін қосымша мүмкіндіктер туғызады. Бұл ретте инвестициялардың негізгі көлемі қыс айларында демалу үшін тау шаңғысы курорттары аймағын және Қапшағайдағы жазғы маусымда демалатын курорттық аймағын дамытуға бағытталатын болады.

Сонымен бірге, бұл өңірге әлеуеті зор Балқаш және Алакөл көлдері жақын орналасқан.

Ақтау айлағының инфрақұрылымын және оған жақын орналасқан мұнай сервис кластерін дамыту теңіз жағалауындағы «Кендірлі» курортының құрылысын салуға серпін береді.

Туризмді кешенді түрде қолдау мақсатында визалық режимді жеңілдету жөніндегі мәселелер шешіліп жатыр.

Сыртқы істер министрлігінде 34 мемлекетке қатысты визалық режимді алып тастау туралы мәселе қаралуда.

Ірі компанияларға сервистік қызмет көрсетуге бағытталған инновациялық кәсіпорындар құрылатын болады.

Міне, осылардың барлығы 2020 жылға дейін қазірдің өзінде жұмыс істеп тұрған «Инновациялық технологиялар паркі» еркін экономикалық аймағы арқауында әлеуетті халықаралық инно-

вациялық-технологиялық хаб құруға мүмкіндік береді.

Парк аумағында қазірдің өзінде 121 компания тіркелген. Ұлттық компаниялардың ғылыми-зерттеу бөлімшелерін орналастыру жоспарлануда.

Біз әлемдік деңгейдегі инфрақұрылымды дамытуға инвестиция тартуды және қосымша жеңілдіктер мен кепілдеме, соның ішінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді жүргізуге мемлекеттік тапсырыстар орналастыру жолымен беруді жалғастырамыз.

Алматыда бүгінгі заманның көлік инфрақұрылымын, әлемдік стандарттарға сай келетін сервистік кластер құру жөніндегі жұмыс одан әрі жалғасатын болады.

Шетел азаматтары үшін сенімді қауіпсіздік, экологиялық жайлылық және басқа да қолайлылықтарды жасайтын «болашақ қаласы технологиясын» енгізу жөнінде Алматы республикамызда көшбасшы болуға тиіс. Сонымен бірге, Алматыда шетелдік бизнесмендер мен инвесторлар үшін «бір терезе» қағидаты іс жүзіне асырылатын болады. Біз оларға оңайлатылған сызба бойынша – виза алудан бастап, әртүрлі рұқсат беру, мемлекеттік органдармен қатынас және компанияны тіркеуге дейін көрсетілетін қызметтердің толық дестесін ұсынатын боламыз.

Алматы моделін бүкіл еліміз бойынша қолдану арқылы барлық қалаларда осындай ауқымды қайта құрулар жүзеге асырылуы тиіс.

Азия және Еуропа биржаларымен серіктестік жасай отырып, Алматыда халықаралық тауар биржасын құру керек. Ол Қазақстан арқылы өтетін барлық жүк айналымына қызмет көрсетуге тиіс.

Сауда операциялары санының және сауда айналымының артуы «өңірлік Алматы қаржы орталығын» дамытуға серпін беруі керек.

Жоғарыда айтылғандарды ескере келіп, Үкіметке Шетел инвесторлары кеңесінің мүшелерімен бірлесе отырып, осы бағыттарды талқылауды және үстіміздегі жылдың аяғына дейін «Қазақстан – Жаңа Жібек жолы» жобасын жүзеге асырудың кешенді жоспарын жасауды тапсырамын.

Қымбатты достар!

Шетел инвесторлары кеңесінің отырыстарын өткізудің жаңа тәжірибесін енгізуге рұқсат етіңіздер.

Әрбір отырыста міндетті түрде қаралуға тиісті екі тақырыпты айқындауды ұсынамын.

Оның біріншісі – инвесторлардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін Қазақстандағы инвестициялық саясатты жүзеге асыру. Бұл өз кезегінде тиісті мемлекеттік органдарға баға беруге мүмкіндік жасайды.

Екінші мәселе – қазақстандық өнімдерді пайдалануды арттыру.

Біз бұдан бұрын бұл мәселеге Кеңестің XX пленарлық отырысын арнаған болатынбыз. Алайда, бұл мәселенің маңыздылығын ескере келіп, оны әрбір отырыста қарауды ұсынамын. Бұл ретте технологияны дамытуға басымдық берілетін болады.

Біздің инновацияны дамытуға көп назар аударып келе жатқанымызды сіздер білесіздер. Қазақстандық өнімдерді пайдалану саясатында жоғары технологиялық, ғылымға негізделген тауарлар мен қызмет түрлерінің үлесі үлкен болғанын қалаймыз.

Осыған байланысты мен Шетел инвесторлары кеңесінің келесі отырысын инновациялық даму мәселесіне арнауды ұсынамын.

Қазіргі кезде менің тапсырмам бойынша Үкіметте Қазақстан Республикасын 2020 жылға дейін инновациялық дамытудың нақ осындай тұжырымдамасы жасалынып жатыр.

Сіздерден, құрметті инвесторлар, ірі жобаларды жүзеге асырудағы бай тәжірибелеріңізбен бөлісе отырып, Қазақстанның технологиялық даму саясатында дұрыс бағыттарды таңдауға көмектесуге шақырамын. Сондықтан Кеңестің келесі отырысында Тұжырымдаманы жүзеге асырудың нақты тәжірибелік мәселелері туралы пікірлеріңізді білдірулеріңізді сұраймын. Сонымен қатар, Кеңес

мәселелерін сапалы пысықтау туралы бірлесе ойласуды сұраймын.

Біз кездесулерімізді 1 жылда бір ретке дейін қысқарттық. Алайда мәселелер ауқымы азайған жоқ. Сондықтан Кеңес жұмысы өз қарқынын бәсеңсітпеуі керек.

Жұмыс топтарының қызметін жыл бойына жандандыру қажет. Сондықтан Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне «Қазақстанның шетел инвесторларының кеңесі» қауымдастығымен бірлесіп жұмыс топтары мен Кеңестің құрамдарын сапалық тұрғыдан қайта қарауды тапсыруды ұсынамын. Сонда жақсы үрдіс орнайды.

V Астана экономикалық форумында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2012 жылғы 23 мамыр

**Құрметті форумға қатысушылар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Елордада бесінші рет өтіп отырған Астана экономикалық форумына қош келдіңіздер!

Бүгінгі жиынға әлемдік деңгейде танымал тұлғалар мен мәртебелі қонақтар қатысып отыр. Шақыруымызды қабыл алып, арнайы келгендеріңіз үшін баршаңызға алғыс айтамын!

Қазір дүние жүзінің экономикасы аласапыран өзгерістерге толы алмағайып кезеңді бастан

өткеруде. Жаһанды жайлап келе жатқан дағдарыс тұрақты дамуға елеулі қатер төндірмей қоймайды.

Осындай сәтте біздің әлемдік экономиканың даму мәселелерін бірлесіп талқылауымыз өте маңызды.

Құрметті форумға қатысушылар!
Қымбатты қонақтар!
Ханымдар мен мырзалар!

Астана экономикалық форумы саясаткерлер, ғалымдар мен сарапшылардың жаһандық деңгейдегі үнқатысуының маңызды бір алаңына айналған. Мұны оған қатысушылардың сапалық құрамы да дәлелдей түседі. Бұл форумға қатысам деген тілекпен әлемнің 90-нан астам елінен 8 мыңнан астам адам өтініш жолдады. Форумға қатысушылар арасында 12 Нобель сыйлығының лауреаты, «Қазіргі заманның 100 ойшылы» атты жаһандық рейтингке кірген 4 белгілі тұлға бар.

Осы ретте мен форумға қатысу үшін Астанаға келген бірқатар қазіргі және бұрынғы мемлекеттер мен үкіметтер басшыларына, әлемге танымал саясаткерлерге, халықаралық ұйымдар мен өңірлік бірлестіктердің басшыларына келген қадамдарыңыз құтты болсын демекпін.

4 жылдың ішінде біздің форумның пікірталастар диапазоны елеулі түрде артты. Астана форумы өзінің мағынасына сәйкес жаһандық даму проблемаларына кең ауқымды «еуразиялық

көзқарасты» білдіретін пікір тарату мекеніне айналды.

Бұл ХХІ ғасырдағы жаңа геоэкономикалық ақиқатқа айналып отырған табысты қызметіміздің бастауы – Қазақстан, Ресей және Беларусь Бірыңғай экономикалық кеңістігі құрылып отырған сәтте біз үшін ерекше маңызды.

V Астана экономикалық форумы қазіргі замандық әлемтанудың, жаһандық экономиканы реформалау идеяларын алға жылжытудың жаңа парағын ашатындығына сенімдімін.

Құрметті форумға қатысушылар!

Форумның күн тәртібіне әлемнің экономикалық түрлену жолы туралы маңызды мәселе қойылып отыр. Бұл мәселе бірқатар жылдардан бері талқылану үстінде. Алайда көптеген идеялар мен ұсыныстар топтамалары әзірге жаһандық деңгейдегі нақты шешімдер тапшылығын еңсере алмай келеді. Осының ықпалымен әлемдік валюталық-экономикалық дағдарыс әлемдік әлеуметтік дағдарысқа дейін өсіп, көптеген дамыған мемлекеттерді шырмауымен құрсап алды.

Халықаралық еңбек ұйымы жаһандық жұмыссыздық қатері туралы тұжырым түюде. Еуропаның алдыңғы қатарлы елдерінде жұмыссыздық деңгейі өткен ғасырдың соңындағы көрсеткіштерден асып түсті. Италияда – 8,3 %, Ұлыбританияда – 8,3 %, Германияда – 6 %, Францияда – 9,7 %

болды. Еуроодақтың осы 4 «локомотивінде» 11 млн адам жұмыссыз қалып отыр. Оның үстіне олардың жартысынан астамы – жас адамдар. Ал Еуропалық Одақтың басқа елдеріндегі жағдай бұдан да күрделі. Егер әлем бойынша айтсақ, жұмыс жасындағы адамдардың әрбір үшіншісі немесе 1 млрд 100 млн адам, олардың тең жартысы – жастар, ешқандай бір жұмыспен қамтылмаған немесе өз отбасымен күніне 2 доллардың кірісіне ғана қарап отыр.

Жекелеген ұлттық экономикаларды құтқаруға, олардағы теңгерілімдікті сақтауға Дүниежүзілік банк пен Халықаралық валюта қоры тарапынан көлемді қаржы бөлінуде. Өкінішке қарай, әзірге G-8 және G-20 қабылдап отырған оң шаралар осымен ғана шектеліп отыр. Бірақ әрбір жаңа миллиард доллар миллиард жаңа әлеуметтік проблеманы туындататын да есте ұстау қажет. Былайша айтқанда, қазіргі шаралар өртті бензинмен сөндіргендей әсер қалдырып отыр.

Жаһандық дағдарыспен күрес шараларының жартыкештігі – бұл жүйелік дағдарыстың басқа түрінің – халықаралық қатынастар мәселесінің тот басуының жарқын дәлелі.

G-20 тобының құрылуы әлемдік экономиканы реформалау туралы үнқатысу диапазонын елеулі деңгейде кеңейте түсті. Алайда дағдарыспен күрес G-20 I саммитінен 4 жыл өткеннен кейінгі бүгінгі

жағдай мұндай пішіннің өзі жеткіліксіз екендігін танытатындай.

Давостағы соңғы әлемдік экономикалық форумда көптеген әлемдік жетекшілер ақыр аяғында капитализмге, егер нақтырақ айтсақ, оның жаңа либералды қазіргі сипатына қатысты бірдеңе істеу қажеттігі жөнінде келісімге келді.

Өткен жылдың соңында мен Астана форумы аясында біз G-Global деп атап отырған үнқатысулардың жаңа пішімін байқап көру жөнінде ұсыныс жасадым.

Бұл идея саяси, сарапшы және іскер топтар ортасында, әлемдік қоғамдастықта кең қолдауға ие болды. Бар болғаны бірнеше айдың ішінде Астана форумының ресми сайтында құрылған G-Global коммуникативтік интернет-алаңшасына кіру көрсеткіші 40 есе көтерілді.

Әлемнің 140 елінен 30 мыңнан астам пайдаланушы оның тұрақты қатысушысына айналды. Сөйтіп, жаңа әлемдік экономикалық тәртіпті қалыптастыру жолдарын жүйелі желілік іздеу басталып та кетті.

G-Global алаңшасындағы интерактивті пікірсайыстар тақырыбы әлемдік экономиканы және валюта-қаржы жүйесін реформалау мәселелеріне дейін шапшаң өсіп келеді.

Инновациялық дамудың, ядролық және экологиялық қауіпсіздіктің, этносаралық және дінаралық толеранттылықтың, геосаясаттың және басқа

да толғақты мәселелердің кең ауқымды проблемалары талқылау өзегіне айналып отыр.

Бір сөзбен айтқанда, G-Global көп қырлы әлемнің әлеуетті біріктіруші идеясы ретінде әрекет етуде.

Әрбір интерактивті жолдаудан ХХІ ғасырда тұрақты және әділетті әлем құрылысы қалыптасады деген үміт ұшқыны сезіледі. Түсіп жатқан ұсыныстардан қандай қорытынды түюге болады?

Біріншіден, әлемдік қауымдастық жаһандық тарихтың ең бір күрделі де дағдыдан тыс кезеңін бастан кешіруде.

Бұған дейін еш уақытта адамзат сәтті даму үшін де, сондай-ақ өзін-өзі құрту үшін де дәл қазіргідей орасан зор әлеуетке ие болып көрген емес. Осыны түсінудің өзі жалпы әлемдік проблемаларды шешуді кешенді негізде қарастырудың ерекше маңыздылығын көрсетеді.

Бүгінгі күні тек экономика проблемаларын немесе «климаттың жылынуын» шешу жеткіліксіз. Сонымен қатар, ядролық қатерлерге, туындап келе жатқан жанжалдарға, толеранттылықтың жеткіліксіздігіне немесе әлеуметтік топтар деңгейінде де, сондай-ақ жекелеген мемлекеттер деңгейінде де кең көлемді масылдыққа алып келе жатқан әлеуметтік саясаттағы қиғаштықтарға көз жұма қарау мүмкін емес.

Екіншіден, жаһандық коммуникациялық даму ешуақытта қазіргідей деңгейде болып көрген емес.

Қазір де, ал болашақта тіптен де олар қашықтықты қысқарта түсу, уақытты қысымға алу, тарихи, саяси және басқа да кедергілерді еңсеру мүмкіндігіне ие болмақ.

Бұл әлеует ақпараттық арандатудың, «қолайсыз» қоғамдағы моральдық негіздер мен қоғамдық тәртіпті мақсатты түрде бұзудың құралына ғана айналмауы тиіс. Ол ізгілікті мақсаттарға, соның ішінде, әлемнің тұрақты дамуына қол жеткізу үшін жаһандық үнқатысуды қалыптастыруға қызмет етуі керек.

Үшіншіден, әлем қазір жаңа жағдайларда өмір сүруге үйрену үстінде.

Бұл сабақ оңайлықпен қонбайды, тіпті кейбір жағдайда аса зор ерекше еңбекпен келеді. Қоғамның прогресс жолымен жүруге, жаңа технологиялық қалыптар мен жаңа қоғамдық қатынастар деңгейіне эволюциялық жолмен жетуге қабілеті бар. Бүгінде көптеген мемлекеттер дамуының сәтті тәжірибесін білу арқылы оларды белсенді қолданудың маңызы да арта түсуде.

Осы ретте Қазақстан мұндай өзара ықпалдстыққа дайын. Қазақстан өзі үйренуге де және өзінің қол жеткізген тәжірибелерін басқа достарымен бөлісуге де әзір.

Төртіншіден, ХХІ ғасырдағы жаһандық әлемнің құрылымы көптеген факторларға байланысты.

Солардың қатарына бүкіл әлем бойынша миллиардтаған адамдардың әділеттілікке деген ұмтылысын көрудің маңызы зор.

XXI ғасырдағы әділеттілік – тек мораль санаты емес. Бұл ұлттық және жаһандық табысты дамудың шешуші шарттарының бірі.

XXI ғасырда «үшінші әлемнің шикізат ресурстарын «соруға» құрылған әлеуметтік-экономикалық модельдер адамгершілікпен еш сыйыса бермейді. Сонымен бірге, өндірістік мақсаттарға сырттан шектеусіз қарыз ала беру тәжірибесінің, индустриялық дамудан және өз елінің адами әлеуетін дамытуға қаржы салудан бас тартудың ешбір болашағы жоқ.

«Араб көктемі», тіпті «еуроаймақ дағдарысы» бізге осындай ащы сабағын ұсынып отыр.

Бесіншіден, халықаралық қатынастардың бүкіл жүйесін тоқырау жағдайынан шығару маңызды.

Мұндағы басты міндет – транспарентті әлемдік саясат қалыптастыру. Оның іргетасы мемлекеттер арасындағы сенім деңгейінің жоғарылығынан және әрбір өңірінен бүкіл әлемнің бүгінгі мен болашағына деген өзара жауапкершіліктен құрылуы керек.

Бүтіндей алғанда, G-Global идеясы бар болғаны жарты жылдың ішінде өзінің барынша қажеттілігін көрсетіп берді. Одан адамдар жаһандық экономикаға үлкен соққы болып отырған жүйелік

дағдарысқа жауап табудың, әлемнің моральдық-өнегелілік қалпын орнықтырудың және халықаралық қатынастарды қайта қалыптастырудың мүмкіндіктерін іздестіруде.

G-Global геосаясат пен геоэкономикаға мемлекеттік емес субъектілердің – халықаралық ҰЕҰ, жеке меншік құрылымдар, трансұлттық компаниялар, саясаткерлер және әлемнің әртүрлі азаматтарының артып келе жатқан ықпалын есепке алады.

Ақпараттық дәуірдің өркениетті идеясы ретінде G-Global барлық елдерде, интернет-кеңістіктің барлық өңірлеріне, Бүкіләлемдік желінің әлемді реформалау және әділетті де қауіпсіз тәртіп орнатуға мүдделі миллиондаған пайдаланушыларына бағытталып отыр.

Мен V Астана экономикалық форумының барлық қатысушыларына, оның коммуникациялық интернет-сегментінің барлық пайдаланушыларына біздің G-Global бастамамызды жоғары бағалағандары және қолдау білдіргендері үшін алғысымды айтамын.

Бәріміз біріге отырып G-Global-дың басты мақсаты – әлемдік қоғамдастыққа XXI ғасырдың әлемдік қарым-қатынастарының тартымды да тиімді моделін ұсынуға қол жеткізе алатындығымызға сенімдімін.

Ханымдар мен мырзалар!

Осыдан 20 жыл бұрын Қазақстан құлаған ірі державаның бір бөлшегіне айналған болатын. Біз жаңа мемлекет пен жаңа экономиканы құруды таза парақтан бастадық.

Біз инфляция деңгейі 2 100 %-ға дейін жетіп, толық тұңғыққа түскен экономикадан бастау алдық.

Реформалар мен бүкіл қоғамның күш-жігері нәтижесінде Қазақстан тамаша табыстарға қол жеткізді.

Қысқа тарихи мерзім ішінде елде жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім көлемі 700 доллардан 12 мың долларға дейін көтеріліп, 16 есе өсті. «Оңтүстік-Шығыс жолбарыстары» елдерінің ешқайсысы 20 жылдың ішінде мұндай табысқа жеткен емес. Олардағы өсім 3–4 есені ғана құрады.

Елге 150 млрд долларға жуық шетелдік инвестициялар тартылды.

Дағдарыспен сауатты күрес шараларының нәтижесінде әлемдік дағдарыстың ең бір қиын тұсының өзінде біз елдің оң даму бағытын сақтап қала қалдық. Өткен жылы біздің экономикамыз 7,5 %-ға өсті. Осындай өсімді биылғы жылдан да күтеміз. Тек өткен жылдың өзінде ғана елімізге 20 млрд доллар инвестиция тартылды.

Қазір Қазақстан Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын кең көлемде

жүзеге асырып жатыр. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – шикізатқа байланып қалмайтын экономика құру. Ол 2020 жылға таман экономиканың кемінде 50 % өсуін қамтамасыз етеді.

Әрбір жарты жыл сайын елде ондаған жаңа кәсіпорындар ашылуда.

Біз 2015 жылға дейін Индустрияландыру картасы бойынша өңдеу өнеркәсібі, аграрлық өндіріс, инфрақұрылым салаларында 350-ден астам инновациялық нысанды іске қосуды жоспарлап отырмыз.

Соңғы 2 жылдың өзінде 100 мыңға жуық жұмыс орындары құрылды. Қазақстан өз тарихында бірінші рет автокөліктер, тепловоздар, ұшақтар шығара бастады. Біз кең көлемді инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру үстіндеміз. Мәселен, таяудағы жылдардың ішінде бізде 1,5 мың шақырымды құрайтын жаңа темір жол, мыңдаған шақырымдық автомагистральдер салынбақ.

Біз Қазақстанда қазіргі күні әлеуметтік жаңғырту шараларын жүргізудеміз.

«Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы аясында 1,5 млн қазақстандықты қолайлы жұмыспен қамтамасыз етудің аса өршіл мақсаты алға қойылған.

Таяудағы 5 жылда әр жыл сайын 6 млн шаршы метр тұрғын үй салу, соның ішінде, жастар үшін қолжетімді тұрғын үйлер салу жоспарланған.

Біз білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерін жаңғырту жұмыстарын белсенді түрде жүргізудеміз.

Қазақстан шетелдік инвестициялардың арта түсуіне мүдделі. Сондықтан шетелдік бизнестің жемісті жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасау ісі одан әрі жалғастырыла беретін болады.

Біз кеше Шетел инвесторлары кеңесінің дәстүрлі отырысын өткіздік. Оған қатысушылар Қазақстан экономикасының қуатты даму серпінін, біздің үдемелі индустриялық даму және әлеуметтік жаңғырту бағдарламамыздың зор әлеуетін атап көрсетті.

Мен ірі инвесторға «Қазақстан – Жаңа Жібек жолы» мегажобасын бірге іс жүзіне асыруды ұсындым. Осы мәселеге қызығушылық танытатын барлық бизнесмендерді біздің стратегиялық жоспарларымызды іс жүзіне асыруға белсенді атсалысуға шақырамын.

Қымбатты достар!

Тәуелсіз Қазақстан осыдан 20 жылдан астам уақыт бұрын Семей ядролық полигонын жауып, ядролық қарудан мәңгілік бас тартып, әлемнің бір бөлшегі екендігін паш етті.

Бүгінде Қазақстан – ядролық қарусыз әлем қозғалысының көшбасшыларының бірі. Оған Сеул қаласында өткен Жаһандық ядролық қауіпсіздік

жөніндегі саммитте жария етілген қазақстандық жаңа ядролық қарулануға қарсы бастамасы толық дәлел болады. Біз Орталық Азия, еуразиялық кеңістік және жалпы әлем тағдырының болашағы үшін өзімізге зор жауапкершілік жүгін алдық. Аймақтық және жаһандық ауқымда игілікті бастамалар көтеру арқылы оны лайықты жалғастырудамыз.

Қазақстан іс жүзінде өзінің таңдап алған жолының өміршеңдігін көрсетіп отырған ел ретінде біздің өркендеуіміз және басқа да мемлекеттердің өсіп-өркендеуі тұрақтылық пен бейбітшілік болмайынша мүмкін емес екендігін жақсы түсінеді.

Осыған байланысты әлем үздіксіз ілгерілей дамуы үшін барлық мемлекеттер үшін міндетті болатын ХХІ ғасырдағы әлемдік құрылыстың қағидатты іргетасын қалауы керек.

Адамзат өркениеттің даму құрылымы, менің ойымша, мынандай 5 қағидатқа негізделуі керек, оны мен G-Global қағидаты деп атауды ұсынамын.

Бірінші қағидат: революция емес, эволюция.

Адамзат төңкеріске және әлемдік соғысқа деген лимитін өткен ғасырда-ақ тауысты деп есептеймін. Сондықтан бүгінде адамзаттың барлық ақыл-ойы бейбітшілікті сақтаумен айқындалады. Бұлай болмайтын болса, қалар жол – өзін-өзі жою. ХХІ жүзжылдықта жаһандық саяси сипатты ойдағыдай жаңғырту тек эволюциялық жолмен ғана жүруі керек.

«Араб көктемi» көрсеткенiндеi, төңкерiс тек қоғам дамуын тежейдi, оны артқа құлдыратады, мемлекетаралық қатынастарды шиеленiстiредi, бұрынғыдан да көп проблемалар туындатады. ХХI ғасырда төңкерiс тек ғылыми бiлiм мен технологиялар саласында ғана мүмкiн және орын алуға тиiс. Өйткенi олар саяси тәжiрибеде және әлеуметтiк өмiрде құрдымға апарады. Әсiресе, ол дайындалмаған экономикалық ортада белең алатын болса. Реформалар жолы – ХХI ғасырдағы прогрестiң бiрден-бiр жолы.

Екiншi қағидат: әдiлеттiлiк, теңдiк, бәтуа.

ХХI ғасырда елдердi ұлы және қосалқы, бастаушы және ерушi елдер деп бөлу өркениеттiлiк тұрғысында мүлде ескiрген.

Үстемдiкке ұмтылудың екпiнi алға қарай ентелеуге апармайды. Ол планетамыздың жекелеген елдерi мен аймақтарын жаһандық дамудан шетқақпай қалдыру қаупiн туғызады. Бұл – барша үшін де тығырық.

Геосаяси тәжiрибеде оның баламасы жаһандық экономиканы, валюталық жүйенi және саясатты барлық мемлекеттердiң теңдiгiне негiзделген әдiлеттi негiзде дамыту болып табылады.

Осы орайда әлеуметтiк әрiптестiкке және жауапкершiлiкке негiзделген жаһандық әлеуметтiк дамудың жаңа парадигмасына көшу маңызды болып табылмақ. Бұл қарапайым адамдардың

экономикалық өсім мен пайданы белсенді түрде пайдалану мүмкіндігін кеңейту жолы.

Болашақта жаһандық шешімдерді барлық деңгейде – БҰҰ-да, халықаралық ұйымдарда, діни бірлестіктерде, форумдар мен саммиттерде бәтуалық негізде ғана шығарудың өмірлік маңызы жоғары.

Әлемдік экономикалық жүйені түбегейлі өзгерту «Вашингтондықтан» Жаһандық консенсусқа ауыспайынша мүмкін емес екендігін атап көрсеткен маңызды. Бұл жерде әңгіме, ең алдымен, дамыған елдердің де, сондай-ақ, дамушы елдердің де мүдделерін жаһандық тұрғыда басқарудың жаңа жүйесін ескеру тұрғысында болып отыр.

Үшінші қағидат: жаһандық толеранттылық және сенім.

XXI ғасырда толеранттылық экономикалық дамудың маңызды факторы болатындығы туралы бүгінгі заманның «креативті тап» тұжырымдамасы авторларының түйіндемелері маған ұнайды.

Біз Қазақстанда оны ерте-ақ түсініп, дінаралық ұнқатысу бастамасын көтердік.

Енді 1 аптадан кейін Астанада осымен төртінші рет Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өтеді. Міне, осындай ғылыми көзқарасты дамыта отырып, әлемдік экономиканы рецессия жағдайынан шығарудың бір тетігі жаһандық толеранттылық екендігін атап айтамын.

Бұл этносаралық, дінаралық және мәдениетаралық өзара құрметтеу ғана емес.

Экономиканың және қоғам дамуының дәрежесіне, тарихи тәжірибесіне, жаһандық салмағы мен беделіне қарамастан, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас та толеранттылыққа негізделуі керек.

XXI ғасырдағы әлемнің әртектілігі экономикалық, мәдени, ақпараттық байланыстарға зор мүмкіндіктер береді. Толеранттылық болмайынша жаһандық сенім де болмайды.

Осыдан 20 жыл бұрын БҰҰ мінберінде тұрып, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің үдерісі туралы бастама көтерген болатынмын. Ол бүгінде халықаралық беделді құрылымға айналды. АӨСШК-нің осындай арқаулық тетіктерін Сенім шараларының каталогы ретінде бүкіл БҰҰ-ның бүкіл жүйесіне таратуға да болар еді. Сондықтан жаһандық сенімсіз дағдарысқа қарсы тиімді де үйлесімді келісімдер жасау мүмкін емес.

Төртінші қағидат: жаһандық транспаренттілік.

G-Global пішіміндегі әлем – транспарентті ұлттар қоғамдастығы. Онда ұлттардың – кіші ұлттардың да, орташа ұлттардың да, үлкен ұлттардың да жетістіктерін кемсітудің ешқандай да «қосарлы стандарттары» болмауға тиіс. Халықаралық шараларға барынша ашықтық және мөлдірлік қажет. Қазақстан өзінің ЕҚЫҰ-ға төрағалығы кезінде және әзірге XXI ғасырда жалғыз ғана

болып отырған ЕҚЫҰ-ның Астана саммитінде өзінің барлық әріптестерін осыған шақырды. Тек осындай жағдайда ғана жаһандық экономика-ның дамуы ойдағыдай болады. Әрбір халықтың байлығы да артады. Сонда ғана әлем адамдардың күрделі жағдайына, аштыққа, ауруларға байланысты туындайтын көптеген проблемаларынан құтылады.

Бесінші қағидат: сындарлы көпполярлылық.

Көп полярлы әлем құру – бұл ХХІ ғасырдың жаһандық дамуының тренді. Алайда полюстер арасындағы қарым-қатынас қалай болады, міне, мәселе осында. Ол адал да әділ бәсекелестік, бейбіт сайыс бола ма? Әлде әлем қатал идеологиялық және саяси тітесудің алаңына, «жанталаса қаруланудың» жаңа сахнасына айнала ма? Олай болған жағдайда бықсып жатқан өңірлік қақтығыстардың ошақтары қайтадан өршиді. Адамзат ядролық қаруды таратуды бақылауға қоюды қадағалай алмаса, халықаралық терроризм мен экстремизмнің қаупі күшейеді. Мұндай қауіптер мен шиеленістерге қарсы тұрудың бірден-бір баламасы – сындарлы көпполярлылықты қалыптастыру.

Бұл әрқырлы әлемнен мұраға қалған келеңсіз блоктық психология, жаһандық текетірестерден ада жүйе болуы керек. Онда жаһандық көрсеқы-зарлыққа орын болмауға тиіс. Онда қуатты интеграциялық бірлестіктер тығыз теңгерімде және бейбіт қатар өмір сүруі керек. Жақын болашақта

Еуразиялық экономикалық одақ соның айқын үлгісі болмақ.

Көп полярлы әлем өзара түсінісу жағдайында ғана жаһандық экономиканың бүгінгі проблемаларын шешетіндігіне және тұрақты даму сатысына көтерілетіндігіне мен сенімдімін. Форумға қатысушыларды G-Global-дың осы қағидаттарын талқылауға шақырамын. G-Global идеясының әлеуетті әлемдік қоғамдастықтың қолдауы арқылы кеңінен дамитындығына мен сенімдімін. Сондықтан арнайы қуатты интернет-портал құруды маңызды деп санаймын.

Оны G-Global-дың басты идеялары арқылы байыту керек. Бұл мен өзімнің «Дағдарыстан шығудың кілті» және «Бесінші жол» атты мақалаларымда жазған әлемдік экономика және валюта жүйесі болып табылады. Бұл бірінші кезекте еуро-атлантикалық және еуразиялық кеңістікте ядролық қарусыз әлем; жаһандық қауіпсіздікті нығайту болмақ. Сонымен бірге, бұл – өркениеттер мен мәдениеттер үнқатысуын кеңейту. Жаһандық энерго-экологиялық даму тұжырымдамасын, оның ішінде «Жасыл көпір» атты қазақстандық бастаманы дамыту болып табылады.

Бұл бағыттар жаһандық болашақ стратегиясының, ХХІ ғасырға және болашақ ғасырлардың қойнауына ұмтылудың құрамдас бөлігі болар еді.

Осындай жобаны ғылыми тұрғыда белгілеу және ауқымды сараптамалық тұрғыда негіздеу

үшін Ғалымдардың еуразиялық экономикалық клубының негізінде Халықаралық болжамдау институтын құруды ұсынамын.

Құрметті форумға қатысушылар!

Мен ХХІ ғасырдың адамзаттың ұлы ақыл-ойының дәуірі болатынына сенімдімін.

Біз G-Global жобасын бір ғана мақсатпен – сол дәуірді қарсы алуға алғашқы қадам жасау мақсатында ұсынып отырмыз.

Бұл – экономикалық дағдарыстар болмайтын, тиімді, жаңа әлемдік валюта үшін жасалатын қадам.

Осы ретте мен Астана форумына қатысушыларды Жаһандық дағдарысқа қарсы жоспарды белгілеу үшін Дүниежүзілік дағдарысқа қарсы конференция өткізу үшін БҰҰ-ға Үндеу қабылдауға шақырамын.

Форумның барлық қатысушыларына сәтті әрі нәтижелі пікір алысу, жемісті жұмыс тілеймін.

Әлемдік және дәстүрлі діндер
көшбасшыларының IV съезінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2012 жылғы 30 мамыр

**Ардақты дінбасылар!
Құрметті делегация басшылары!
Қадірлі қонақтар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Бүгін Қазақстан жері жоғары рух пен алғыс-ба-
таның сәулесімен нұрлана түсуде.

Біз асқан мақтанышпен Астанада төртінші
рет әлемнің діни және рухани көшбасшыларын
қабылдап отырмыз! Әлемдік және дәстүрлі дін-
дер көшбасшыларының IV съезіне дүние жүзінің

40 елінен келген барлық 85 делегация басшылары мен қатысушыларын шын жүректен құттықтаймын.

9 жыл бұрын I съезд жұмысына әлемнің 17 елінен 17 делегация қатысқан еді. Біздің форумның жаһандық маңызының сандық және сапалық өскені бірден көрінеді. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі халықаралық үнқатысудың теңдессіз құрамдасына айналды.

Біз БҰҰ, ЮНЕСКО және ИСЕСКО, сондай-ақ басқа бірқатар халықаралық бірлестіктер жетекшілеріне, белгілі саясаткерлер мен сарапшыларға съезге назар аударып отырғаны үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайы пирамидасының төрінде әркез діндер мен мәдениеттер арасындағы өзара түсіністікті нығайтудың көкейкесті мәселелері талқыланып келеді. Үшінші мыңжылдықтың басындағы күрделі кезеңде бұрынғы съездердің игілікті бастамалары әлемдік қауымдастық тарапынан қолдау тапты. Олар көп жағдайда әлемнің «өркениеттер қақтығысының» шыңырауына құламауына ықпал етті.

Жаһандық дамудың барлық күрделіліктеріне қарамастан, үнқатысуға деген жан-жақты ұмтылыс қазіргі заманғы жалпыәлемдік үдерістер талап етіп отырған үрдістер болып қалып отыр. Мен IV съезд де тарихқа XXI ғасырда адамзат әділетті әлемдік тәртіп негіздеріне бастайтын жаһандық

үнқатысудың маңызды бөлшегі ретінде кіретініне сенімдімін.

Құрметті съезге қатысушылар!

Жаңа ғана Дін көшбасшылары кеңесінің алғашқы мәжілісі болып өтті. Осындай орган құру туралы менің ұсынысым осыдан 3 жыл бұрын өткен съезде қолдау тапқанын еске сала кетейін.

Кеңес құрамына әлемнің жетекші конфессиялары – исламның, христиандықтың, иудаизмнің, буддизмнің, индуизмнің, синтоизмнің, зороастризмнің өкілдері енді. Іс жүзінде бұл діндер арасындағы өзара іс-қимылдың көпжақты пішініндегі алғашқы жұмыс тетігі болып табылады. Кеңес құру бүкіл конфессияаралық үнқатысуды жаңа деңгейге алып шығуға қабілетті.

Біріншіден, оның аясында басқа халықаралық үнқатысу құрылымдарымен өзара іс-қимыл қалыптастырылатын болады.

Екіншіден, үлкен әлеуетке ие, уақыт өте келе жаһандық бітімгершіліктің маңызды құралына айналатын жаңа тұрақты орган құрылады. Оның беделі мен әлеуеті тіпті ықтимал жанжалдар жағдайында да үндеулер мен үндеухаттар қабылдауға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, Кеңес шеңберінде дінге сенетіндердің құқықтары мен бостандықтары сақталуына жаһандық мониторинг орнықтыру маңызды.

Төртіншіден, жаңа кеңес аясына топтастырылған діннің рухани күші әлемдік даму үдерістерінде тепе-теңдік қалыптастырудың маңызды элементі рөлін атқаруға қабілетті екеніне сенімдімін.

Бесіншіден, бұдан кейінгі барлық съездерді ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жұмыстар қазіргіден сапалы деңгейге көшірілетін болады.

Мен біздің бастамамызды оң қабылдап, құрылған Кеңестің алғашқы қатысушылары болуға келісімдерін берген барлық әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларына ризашылығымды білдіремін.

Құрметті делегация басшылары мен съезд қонақтары!

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері өз тарихының 9 жылында да күрделі жаһандық үдерістер ушығып тұрған тұста өткізіліп келеді.

Алғашқы съездер діндер «қақтығысы» қатеріне жауап ретінде және дінді халықаралық терроризм мен экстремизмнің қатерлі мақсатына қарсы қолдану үшін ұйымдастырылды.

ІІІ съезд ең күшті әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс қызып тұрған шақта өтті.

Біз биылғы форумды да бүкіл әлем үшін бетбұрысты кезеңде өткізіп отырмыз.

Әлемдік тәртіптің жаһандық түрленімі басталды. Адамзат іс жүзінде жүйелі дағдарыстың кезеңінен өтуде. Әлем табалдырығына тап болған жаһандық рецессия көптеген қоғамдастықтарға ауқымды әлеуметтік жарылыстар қатерін төндіріп тұр.

Қазіргі дүниеде миллиардтан астам жұмыссыздар бар деп есептелсе, олардың жартысы – жастар. Олардың ішінде жақсы білім алған жастар да бар. Лайықты еңбекету мүмкіндігінің жоқтығына, әлеуметтік кепілдіктердің төмендеуіне байланысты жастар арасында радикалдану мен қылмысқа бейімдік өсіп келеді.

Осы аралықта моральдық-адамгершілік құндылықтардың жаһандық дағдарысы да үдей түсіп отыр. Көптеген қоғамдарда «жалған бостандық» насихатталып және орнықтырылып отырғанын көрмеу мүмкін емес. Адами қарым-қатынастар табиғатына жат көзқарастарды қазіргі қоғамның қалыбы ретінде көрсетуге тырысушылық байқалады.

Таза еңбекке талпыныс қандай тәсілдермен болса да тез баюға ұмтылыспен алмастырылуда. Және мұндай «антимораль» көп жағдайда барып тұрған бостандық ретінде мадақталады.

Әлемде моральдық-адамгершілік дағдарыстың өрістеуіне тән белгі дінге сенетіндерді баса-көктеп қаралау оқиғалары, дінді әлеуметтік үдерістердің жағалауына ығыстырып шығару әрекеттері болып

табылып отыр. Бұлардың қатарына қасиетті кітаптарды көпшілік алдында өртеу, мешіттерді, храмдарды, синагогаларды және басқа да ғибадат орындарын қорлау мен өртеу, дін қызметкерлерінің беделін түсіру, діншілдерді соққыға жығу мен өлтірулер бар.

Неге мұндай жағдайлар орын алып отыр?

Дін – рухсыздық пен ашкөздіктің алдындағы аса берік қорғаушы бөгеттердің бірі.

Көптеген кезеңдерде дәл осы дін халықтық даналықтың, мәдениеттер мен дәстүрлердің кей жағдайда тіпті бірден-бір сақтаушысы болып келді.

Қазақстан қоғамы мұны құдайсыз кеңестік режимдегі өзінің өмір тәжірибесінен, әсіресе, сталиндік қуғын-сүргін кезеңінен біледі.

Съезге қатысушылар ертең бұрынғы зұлымдық шашқан «ГУЛАГ» архипелагы «аралдары» бірінің орнына салынған саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған тарихи-архитектуралық мемориалға барады. Ол «АЛЖИР» – «Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері» деп аталады.

Сол жылдары бұрынғы КСРО аумағында миллиондаған жазықсыз адамдар өлтірілді. Олардың ішінде ондаған мың исламға, христиандыққа және басқа да конфессияларға діни қызмет етушілер болды. Бұл Жаратушыға сенім ізбасарлары мен уағызшыларының төзімділігі мен мұқалмастығы үшін діндер төлеген қасіретті құн болатын.

Бүгін дінге қарсы жасалып жатқан өнегесіз іс-әрекеттер, бұл храмдарды «аластауға» әрекеттенген 1920–1930-шы жылдар барысындағы оқиғалар сияқты құбылыс болып табылады.

Біз мұндай қылықтарды кесімді түрде жазғырамыз және барлық дін көшбасшыларына, барлық діндерге жауыққан құдайсыздарға қарсы тұруда қолдау білдіреміз.

Қымбатты достар!

Қазіргі дүние жол айырығында тұр. Сондықтан съезде талқылауын күткен түйінді мәселе 100 есе көкейкесті бола түседі.

Адамзаттың жаһандық тарихында бейбітшілік пен келісімнен өткен құндылықтар болған емес.

Қазіргі әлемдік дүниеқұрылыстың оң тұжырымдамасының тапшы екенін мойындауға тура келеді.

Адамзат, бұрындары талай мәрте болғанындай, оған жоғары сана берген жаңалықтардың барлығын әркез әлем игілігі жолына жұмсамауда.

Мәселен, халықтарды біріктіруге тиісті аса жоғары ақпараттық технологиялар мен аса жаңа коммуникациялар көп жағдайда адамдарды бөлу үшін, қоғам іші мен елдер арасына жаңа тосқауылдар қою үшін қолданылуда.

Желілік ресурстар білім таратудың орнына көп жағдайда кесірлі істерді насихаттауға қызмет етіп, жалғандықтың, адамдардың арсыз түйсіктерінің,

ағайынаралық өшпенділікке үндеулер мен жек-көрушіліктің ұрығын шашады.

Кез келген қоғамның моральдық және өнегелілік беріктігі – отбасы, балаларды тәрбиелеу дәстүрі, ұрпақтар сабақтастығы және басқалар бұзылады.

Осының бәрі – қазіргі заманның ащы шындықтары.

Өз кезегінде мен өзімнің саяси тәжірибемнің нәтижесі болып табылатын өзімнің көзқарасымды білдіргім келеді.

Жаһандану жағдайында әлемдік экономиканы рецессиялық тығырықтан бүкіл ұлттар қоғамдастығының бірлескен күш-жігерімен ғана алып шығуға болады. Мұны барша жұрт мойындайды.

Сондықтан осыдан 1 апта бұрын V Астана экономикалық форумында мен ХХІ ғасырда әлемдік қарым-қатынастардың тиімді моделін қалыптастырып, жүзеге асыруды ұсындым. Мен оны G-Global – Ұлы әлем деп атадым.

Бұл – дағдарыстардан сенімді қорғалған, тиімді әлемдік валютасы, сауда мен ықпалдастықтың әділетті жүйесі бар өркендеген жаһандық экономика.

Бұл – жоғары технологиялар адамдардың бақыты мен әл-ауқаты үшін қызмет ететін әлем.

Бұл – халықтар мен мемлекеттер арасындағы өңірлік және жаһандық қауіпсіздіктің берік негіздері бар әділеттілік пен сенім әлемі.

Бұл – барлық проблемалар келісім мен құрмет негізінде шешілетін ұлттардың толерантты қауымдастығы.

Бұл – ядролық қырып-жоюдан біржола азат етілген, жаппай қырып-жою құралынан тыс біздің планетамыз.

Мен адамзат 5 іргелі қағидаттарға негізделген осындай модельді құруға қажетті білімдер мен тәрбиелерге ие деп сенемін.

Біріншіден, бұл әлеуметтік-саяси жүйе дамуының эволюциялылығы, саяси дамудың түрі ретіндегі революциядан бас тарту. XXI ғасырда дін емес, дәл осы революция халық үшін апиынға айналды.

Екіншіден, бұл бүкіл мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардағы әділеттілік, теңдік және консенсус.

Үшіншіден, халықаралық қарым-қатынастарда кез келген «қосарлы стандарттарды» және «күбір-сыбыр әңгімені» жоққа шығаратын жаһандық транспаренттілік.

Төртіншіден, өткен жүзжылдықтың блоктық психологиясынан арылған, геосаяси тепе-теңдік жүйесі ретіндегі сындарлы көпполярлылық.

Және ең соңында, бесіншіден, XXI ғасырдағы мәдениетаралық, ретіндегі жаһандық толеранттылық пен сенім.

Мен көпмәдениеттілік, этностық және діни саналуандық қоғам үшін қатер емес, орасан артықшылық деп есептеймін.

XXI ғасырда толеранттылық инновациялық экономиканы дамыту мен өркендетудің шешуші факторына айналып отыр.

Соңғы 30 жылда этномәдени сан алуандылығымен ерекшеленген елдердің неғұрлым зор табыстарға жетіп отырғанын көрмеуге болмайды.

Бүгінгі әлем осындай тәжірибені кеңінен таратуға және дамытуға мұқтаж.

Бұл тұрғыда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі XXI ғасырда әділетті әлем құрудың негізін идеялық-рухани құрылымдауға нақты бағытталған жетекші үнқатысу тұғырнамасы бола алар еді.

Бүгінде жаһандық үнқатысу – тек халықаралық форумдар мен кездесулер ғана емес.

Интерактивті қарым-қатынастар жасау арқылы оған барған сайын бүкіл әлем бойынша көптеген адамдар атсалысуда.

Қазақстан ұсынған G-Global идеясы мен пішімі бұл тұрғыда жаһандық өзара түсіністік пен тағаттылық үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Сондықтан мен IV съезге қатысушылардың ақ тілеуімен жаһандық толеранттылық пен сенімді қалыптастыру мен нығайту проблемаларына арналған интернет-ресурс құруды ұсынамын. Бәлкім, ол G-Global жалпы электронды порталының бір бөлігі де бола алар еді.

Оның шеңберінде Дін көшбасшылары кеңесі мен біздің съезіміз Хатшылығының

интерактивті отырыстарын өткізуді, интернет-пайдаланушылардың кең ауқымы үшін тұрақты түрде онлайн-форум жүргізуді қарастырудың маңызы зор.

Мен бұл ұсынысқа сіздер қолдау көрсетеді деп сенемін.

Құрметті съезге қатысушылар мен қонақтар!

Бейбітшілік пен келісімнің тиімді моделі – біздің еліміздің табысты дамуының арқаулық факторы.

Тәуелсіз Қазақстан – 140 этнос бейбітшілікте және келісіммен өмір сүріп жатқан ел.

Біз ХХІ ғасырдың бірінші онжылдығында экономикасы неғұрлым серпінді дамыған елдердің үштігіне ендік.

Біз этносаралық келісімнің өзіндік моделін құрдық. Кез келген этносқа және дінге жататын қазақстандық – тең құқылы азамат, біртұтас азаматтық қоғамның ажырамас бөлігі.

Біз әрбір адамның өз дінін еркін ұстануы, туған тілін оқып және пайдалануы, өз этносының мәдениеті мен дәстүрлерін дамытуы үшін барлық жағдайларды жасау дамыз.

Әрбір дін – ислам, православие, католицизм, протестанттық діни ілім, иудаизм, буддизм және басқалар уағыздайтын жоғары құндылықтар –

әркезде де Қазақстан мемлекетінен қолдау тауып келеді.

Сондықтан біздің қоғамымызда 20 жылдан астам уақыттан бері рухани қайта өрлеу үдерісі жүруде.

Жаңа мешіттер мен храмдар бой көтеруде.

Біз Конфессияаралық келісімді нығайтудың 2016 жылға дейінгі бағдарламасының жобасын жасаудамыз.

Қазақстанның бастамасымен 2010 жыл Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық жылы ретінде өтті, ал 2013–2022 жылдарды ЮНЕСКО Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық онжылдығы деп жариялады.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы барысында 2010 жылы біз оған толеранттылықты нығайту мәселесін қоса отырып, әріптестерімізге еуро-атлантикалық және еуразиялық қауіпсіздік өлшемдерінің санын кеңейте түсуді ұсындық.

ЕҚЫҰ Астана саммитінің декларациясында конфессияаралық үнқатысуды дамыту, мемлекеттер арасындағы сенімді нығайту туралы біздің бірқатар идеяларымыз көрініс тапты.

Қазақстан 1 жыл бойы Ислам ынтымақтастығы ұйымын басқарды, оның өзі Умма үшін күрделі уақытпен тұспа-тұс келді.

Біз әлеуметтік-экономикалық, гуманитарлық саладағы өткір проблемаларды шешуде

мұсылман мемлекеттерінің ынтымақтастығын дамытуға бағытталған бірқатар бастамалар ұсындық.

Бүгінде мұсылман әлемінде күрделі үдерістер жүруде. Мұнда экономикасы ырғақты және елеулі әлеуметтік-саяси проблемалары жетерлік елдер бар.

Ислам – адамзаттың мәдени және материалдық мұраларының орасан зор және өсіп келе жатқан қатпары. Қазіргі заманғы және болашақтағы жаһандық қоғамдастықты ислам әлемінсіз көзге елестету мүмкін емес. Оған тосқауыл қоюдың кез келген түрі көрегенділік емес, тіпті қатерлі де. Үлкен де көп бейнелі әлемнің осынау бөлігінде болып жатқан оқиғаларға түсіністікпен қарау қажет.

Қазақстан – мұсылман тұрғындары басымдыққа ие ел. Ислам діні – біздің халқымыздың рухани тіректерінің бірі.

Біз, олардың қандай дінге және этномәдениетке жататынына қарамастан, барлық қазақстандықтардың жалпыұлттық бірлігі мен келісімінің ерекше формуласын қалыптастырдық.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі – Қазақстанның бүкіл әлемге парасатты сыйы.

Алдағы жылы I съездің шақырылғанына 10 жыл толады. Осыған орай алдағы жылы онда үнқатысудың маңыздылығы мен көкейкестілігін, діни

рухани көшбасшылардың рөлін арттыруды атап көрсете отырып, Дін көшбасшылары кеңесінің арнайы үндеуін дайындап, қабылдау жөнінде ұсыныс білдіргім келеді.

Қымбатты достар!

Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу діндер арасындағы бітіспес әртүрлілік пен алауыздық туралы тезистің бар болғаны елес қана екенін білдіреді.

Бір-бірімен жауласатын діндер емес, адамдар мен мемлекеттер.

Әлемнің ұлы ойшылдары дінді өнегелілік формуласы деп атайды.

Ұлы Абайда «Дінге сенушінің борышы – жақсылық жасау. Бірақ сенімсіз жасалған жақсылық не тұрады?» деген сөз бар.

Кез келген діннің жоғары мағынасы адам мен адамзатты жоғалтып алған жетілу жолына қайтару болып табылады.

Біздің жоғары мәртебелі форумның басты мақсаты да осыған келіп тіреледі.

Барлық съезге қатысушыларға жемісті және сындарлы пікірталастар тілеймін.

Біздің ізгілікті ниеттерімізде бізге Жаратушының жәрдемі тие берсін!

**Астана қаласында 1932–1933 жылдардағы
ашаршылық құрбандарына арналған
ескерткіштің салтанатты ашылуы рәсімінде**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2012 жылғы 31 мамыр

**Ардақты ағайын!
Қадірлі қазақстандықтар!**

Кешеден бері Астана әлем жұртшылығының назарында. Дәл осы күндері қазақ елі тағы да өзіне тән тарихи миссиясын атқару үстінде.

Осымен төртінші мәрте дүние жүзі дәстүрлі діндерінің көшбасшылары 2 күн бойы қазақ топырағында бас қосуда. Олар адамзат болашағының

аса көкейкесті проблемаларына арналған құрылтайға жиналды.

Осылайша Астана әлемде бірлік пен татулықтың артуына, тұрақтылықтың орнығуына ұйытқы болып келеді.

Құрметті қазақстандықтар, қымбатты достар!

Бұдан 9 жыл бұрын, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезін өткізу кезінде, Қазақстан бейбітшілік пен келісімнің мекені деп аталды. Осынау келісімнің негіздерінің бірі жақсылық, бейбітшілік және әділеттілік сияқты мәңгілік құндылықтарды қабылдаудағы біздің бірауыздылығымыз болып табылады. Біз сондай-ақ өткеніміздегі жамандықты, зорлық-зомбылықты және қатыгездікті бірауыздан айыптап, теріске шығарамыз.

Бүгін, Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні, біз екі бірдей қайғылы датаны есімізге түсіреміз.

Биыл біздің жерімізде жаппай ашаршылықтың орын алғанына 80 жыл және саяси қуғын-сүргіннің басталғанына 75 жыл толды.

Қазақстанды ғана емес, Ресей, Украина, Беларусь жерлерін қамтыған алапат ашаршылық 7 млн адамның өмірін жалмады. Соның ішінде Қазақстаннан ең кемі 1,5 млн адам аштықтан ажал

күшты. Біз бүгін алапат ашаршылық құрбандарының рухына тағзым етіп, ашаршылық құрбандарына ескерткішін ашу үшін жиналып отырмыз.

Большевиктік ұжымдастыру зұлмат эксперимент болып шықты. Ол ғасырлар келе жатқан ауыл өмірінің қалпын тас-талқан етті. Жеріміздегі көшпелі өркениеттің мыңжылдық тұғыры құлатылды. Осының бәрі миллиондаған адамның зардап шегуіне алып келді. Ашаршылық пен оның сорақы салдарлары кеңестік кезеңнің қолдан жасаған аса ірі зұлматы болды. Біздің халқымыз ең қатты зардап шекті. Ашаршылықтан 1,5 млн-нан астам адам қайтыс болды. 600 мыңнан астам қазақ ашаршылық пен қуғын-сүргіннен бой тасалап, тарихи Отанынан тысқары жерлерге көшті.

Бұл халқымыздың жазылмас жарасы, ұмытылмас қасіреті. Қазақстандықтардың жүрегінде, халықтың жадында ол мәңгі қалады.

Қымбатты қазақстандықтар!

Біз тарихты ұғынуда дана болуға және бұл тақырыпты саясаттандыруға жол бермеуге тиіспіз. Ашаршылықтың, күштеп жер аудару мен адамдардың жаппай қырылуының себебі кеңестік режимнің қатал саясатының нәубеті еді. Қуғын-сүргіннің басты күнәһары – адамгершілікке жат тоталитарлық жүйе.

Сонымен бір мезгілде біз ортақ тарихымыздың басқа да жағын есімізден шығармауымыз керек.

Осынау барша қиындықтарға қарамастан, қазақ халқының қонақжайлығы арқасында күштеп жер аударылғандардың бәрі Қазақстанда жаңа өмір бастады. Олардың ұрпақтары – бүгінгі біздің отандастарымыз. Біз бірігіп күшті, тәуелсіз Қазақстанды бейбітшілік пен жасампаздық жолымен құрып жатырмыз. Жемісті тәуелсіз дамудың 20 жылы – осының нақты дәлелі.

Алайда бүгінде әлемде экономикалық дағдарыс жалғасуда. Ол әлеуметтік құндылықтар дағдарысына ұласуда. Көптеген елдерде жұмысшыларды жаппай қысқарту етек алып отыр. Жалақы мен зейнетақы кесіліп, кәсіпорындар жабылуда. Азық-түлік тапшылығы өсіп, басқа тауарлардың бағасы көтерілуде.

Осының бәріне қарамастан, Қазақстан тұрақты әрі дәйекті түрде дамып келеді. Біз бұл дағдарыстарды еңсере алдық.

Біз индустриялық даму бағдарламасын іске асырудамыз. Іс жүзінде елімізде әрбір жарты жылда ондаған жаңа кәсіпорындар ашылуда. 2 жылда 100 мыңға жуық жаңа жұмыс орындары құрылды. 2015 жылға дейінгі Индустрияландыру картасы бойынша өңдеу өнеркәсібінде, агроөндірісте, инфрақұрылымда 350-ден астам инновациялық нысандар іске қосылатын болады.

Таяу жылдарда бізде мыңдаған шақырым жаңа темір жолдар мен қазіргі заманғы автомагистральдер салынбақ.

«Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасының шеңберінде біз 1,5 млн қазақстандықты лайықты жұмыспен қамтамасыз етеміз. Біз әлеуметтік жаңғырту жүргізіп, халықтың әл-ауқатын арттырудамыз.

Біздің басты мақсатымыз – барша қазақстандықтардың аман-саулығы. Барлық жетістіктеріміздің арқауы – бейбітшілік пен тұрақтылық. Әрі бұл – болашақ табыстарымыздың да басты шарты!

Тұрақтылық, бейбіт өмір, бірлік – елдің өсіп-өркендеуі мен байлығы, қазақстандық әрбір отбасы бақуаттылығының сенімді кепілі. Біз оларды сақтап қалуымыз керек. Осыны естен шығармай, ұрпақтарға аманаттау керек.

Қадірлі қазақстандықтар!

Біз болашаққа бет бұрған халықпыз, тәуелсіздігіміздің 20 жылдығын өткен жылы ғана атап өттік.

Кеңес өкіметі билікке келген алғашқы кезде Қазақстаннан көшіп кеткен халық көп болды. Сол кезде халқымыздың саны 4 млн-ға дейін азайып кетті.

Осы жылдар ішінде нәубет салдарынан және басқа жағдаймен кеткен 1 млн қандасымызды елімізге қайтардық. Бүгінде халқымыздың әл-ауқаты жақсарып, бала туу деңгейі өсіп, халық саны жылдан-жылға артып келе жатыр.

Денсаулық сақтау мәселесіне көңіл бөлінгелі бері бала туу жасындағы аналар өлімі күрт азайды. Жас сәбилердің шетінеуі азайып келеді. Адамның өмір сүру жасы ұзарды. Тек соңғы 4 жылдың ішінде қазақ халқының жалпы өмір сүру жасы 65-тен 70 жасқа жақындады. Бұл үлкен табыс болып саналады. Біртіндеп 1,5–2 %-ға өсіп келе жатыр. Қазірдің өзінде 17 млн-ға жақын халқымыз бар.

Менің алға қойған мақсатым – жуық арада халық санын 20 млн-ға жеткізу – ол қол жеткізуге болатын жағдай.

Алдымызда әлі де істейтін шаруамыз көп. Өткенге тағзым етіп, бабаларымызды еске алып отыруымыз керек.

Елдің бірлігі, татулығы сақталып, көп ұлтты халқымыз бір-бірімен түсінісуі керек.

Қазақ жерінде өтіп жатқан ауқымды іс-шаралар дүние жүзіне белгілі. Өздеріңіз білесіздер, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының ең үлкен жиыны да осы жерде өтті. Міне, енді Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV съезін өткізіп жатырмыз.

Мұның барлығы елімізді бүкіл дүние жүзі білсін деген ниетпен жасалуда. Сонымен қатар, бұл – бейбітшілік, татулық, ядролық қаруға қарсы бастама, маңызды іс-шаралардың барлығы қазақтың жерінен шығып жатыр деп істеп жатқан үлкен-үлкен істеріміз.

Сондықтан өткенге тағзым етіп, бабаларымызды еске алып, екі білегімізді сыбанып, алға қадам басып, жастарымызды тәрбиелеп, еңбекқор, елді сүйетін, жерді сүйетін патриот халық болып өсе берейік. Аман-сау болыңыздар, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**XXX жазғы Олимпиада ойындарының
жеңімпаздарына құрмет көрсетудің
салтанатты рәсiмiнде**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2012 жылғы 17 тамыз

**Құрметті отандастар!
Қадірлі Олимпиада жеңімпаздары!**

Баршаларыңызды XXX жазғы Олимпиада ойындарындағы Қазақстанның тамаша жеңісімен шын жүректен құттықтаймын!

Екі апта бойы барша Қазақстан халқы ұлы аламанға үкілеп шығарып салған үміттерінің тілеуін тілеп, жанкүйер болды.

Алыс сапарға, жауапты жарысқа елдің батасын алып аттанған ұл-қыздарымыз үмітті ақтады!

Қазақстан спортшылары ел тарихында бұрын-соңды болмаған табысқа қол жеткізді. Лондон төрінде қазақ елінің көк байрағы 7 мәрте әлемнің барлық елдерінің туларынан биікке көтерілді. Отанымыздың әнұраны 7 рет Лондон көгінде әуеледі. Спортшыларымыз Олимпиаданың алғашқы күнінен бастап, соңғы сәттеріне дейін қоржынға медаль салумен болды.

Кірпік қақпай теледидарға тесіліп, тілекші болған миллиондаған қазақстандықтың ықыласы әрбір спортшыға қанат бітірді.

Осылай барша қазақстандықтардың мерейі үстем болды. Біз болашақта бұдан да биік асуларды бағындыра береміз.

Қымбатты достар!

Біздің олимпиадашыларымыздың Лондондағы салтанатының мәнін 7, 13 және 12 сандары ашып отыр. Қазақстан спортшылары 7 олимпиадалық алтын медальді жеңіп алды. Өткен Бейжің Олимпиадасымен салыстырғанда, біздің Олимпиададағы алтын қорымыз 3,5 есе өсті.

Мен, барша қазақстандықтар тәрізді, біздің олимпиадашыларымыздың жеңісінің құрметіне Лондонда еліміздің мемлекеттік әнұраны 7 рет ойналып, Қазақстан туы 7 рет көтерілгенін мақтан етемін.

13 – біздің спортшыларға тапсырылған барлық олимпиялық медальдің жалпы саны! Қоржымымызда 7 алтыннан басқа, 1 күміс және 5 қола медаль бар.

12 – Қазақстанның осы Олимпиададағы спорттық рейтингісі.

Бейжіңдегі Олимпиадада 29-шы орыннан Лондонда алтын медальдердің көптігі есебінен бірден 12-ші орынға көтерілу – бұрын-соңды болмаған серпінді секіріс.

Қазақстан әлемдегі 205 ұлттық құрама арасында жетекші спорттық державаның біріне айналды.

Бұл – барша Қазақстан халқының зор жеңісі!

Құрметті олимпиадашылар!

Біз бәріміз сіздердің жарқын жеңістеріңізді тағатсыздана тостық! 16 күн бойына бүкіл ел сіздердің өнер көрсетулеріңізді жіті қадағалап, сіздер үшін «ауырды».

Лондондағы сайыста өнер көрсете жүріп, бүкілхалықтық қолдаудың қуатын сіздердің сенгендеріңізге мен сенімдімін.

Сіздер барша халықтың үмітін, менің үмітімді ақтадыңыздар!

Бар қазақстандықтардың атынан сіздерге, сіздердің бапкерлеріңізге, сіздердің ұлы олимпиялық жеңістеріңізді сомдағандардың бәріне алғыс айтамын!

Мен бүгінгі рәсімге чемпиондарымыздың ата-аналарын шақырдым. Оларға көп ұлтты халқымызды спорттық даңққа бөлеген осынау батырларды тәрбиелегені үшін алғысымды білдіремін!

Қымбатты қазақстандықтар!

Қазақстанның олимпиялық салтанатының үш қайнар көзі бар.

Біріншісі – мемлекеттің дене шынықтыру ісі мен спортты қолдауы.

Спорт және саламатты өмір салты – «Қазақстан – 2030» стратегиясы басымдықтарының бірі. Біз бұқаралық дене шынықтыру мен спорттың даму міндеттерін іске асыру үшін көп нәрсені істеудеміз.

Қазақстандық ең үздік 20 олимпиадасы елдің 16 өңірінің 14-інен. Осының өзі – барлық еліміз бойынша жергілікті спорттық базаның айтарлық дамығандығының айғағы.

2006 жылдан бастап менің тапсырмаммен үздік жетістіктер спортын дамыту бағдарламасын қаржыландыру 3 еседен астам есе ұлғайтылды. 2012 жылдың бюджетінде осы мақсаттарға 10 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген.

Бүкіл ел бойынша 33 мың спорттық нысандар салынған және жұмыс істеуде. Елімізде 70 мыңнан астам спорттық секциялар істеп жатыр. Ал спортпен шұғылданатын қазақстандықтардың жалпы саны 3 млн адамды құрайды.

Біз әлі де спортты қолдау саясатын жалғастыра береміз.

Екінші қайнар көз – әрбір қазақстандық олимпиаданың таланты, табандылығы, жеңіске деген ерік-жігері, сондай-ақ асқан жаттықтырушылық шеберлік.

Біз бәріміз спортшылармыз қатысқан жарыстардағы өткір драматизмнің куәгері болдық. Әрбір қазақстандық жеңістің қаншалықты ауыр, әрі сондықтан да сөзсіз еңбек сіңген жеңіс болғанын біз көрдік!

Олимпиаданың бірінші күнінде, алтын медальді еншілеткен Александр Винокуровтың жеңісті жарысы қазақстандық олимпиялық жетістіктің беташарына айналды.

Зүлфия Чиншанло, Майя Манеза және Светлана Подобедованың ауыр атлетикадағы алтын медальдері біздің олимпиадашылардың жеңісті жолын жалғастырды.

Өзінің теңдессіз көшбасшы екенін Илья Ильин әлемдік рекордпен дәлелдеді. Сөйтіп, ол тәуелсіз Қазақстан тарихындағы тұңғыш екі дүркін Олимпиада чемпионы атанды.

Илья мен Зүлфия әлемдік рекордтарды жаңғыртса, Светлана жұлқып көтеруден Олимпиада рекордын орнатты.

Біздің жеңіл атлетшіміз Ольга Рыпакованың Олимпиада медаліне қарай жасаған жеңісті 3 секірісі де естен кетпестей.

Даңққа бөленген боксшы, Ұлттық олимпиада құрамасының капитаны Серік Сәпиевтің «алтын» жетістігі Қазақстан үшін Лондон олимпиадасындағы жеңісті финал болды. Сөйтіп, Серік жеңісті нүкте қойды және шеберлігі ең үздік боксшы атанып, Баркер кубогына ие болды. Бейжіңдегі сәтсіздігінен кейін мен өзім оны тікелей қолдадым.

Қазақстанның олимпиадалық жетістіктерінің ортақ қоржынына Олимпиаданың күміс жүлдегері боксшы Әділбек Ниязымбетов, қола награда иегерлері – боксшылар Марина Волкова мен Иван Дычко, балуандар Гюзель Манжурова, Даниял Гаджиев және Ақжүрек Таңатаров өз үлестерін қосты.

Олимпиадалық турнирлерде біздің 7 спортшымыз бокстан, ауыр атлетикадан, грек-рим және еркін күрестен құрметті бесінші орындарды жеңіп алды. Бұл – болашақтың үлкен резерві.

Қазақстандықтар басқа да бірқатар олимпиада бағдарламалары бойынша табысты өнер көрсетті. Бұл – біздің спорттың үлкен әлеуетінің айғағы.

Қазақстандық олимпиадашылар жетістігінің үшінші қайнар көзі – еліміздің барлық этностарының достығы, халқымыздың бірлігі.

Қазақстан олимпиялық құрамасы нағыз «халықтың спорттық Ассамблеясы» болды.

Біздің олимпиада чемпиондары мен жүлдегерлері арасында Қазақстанның 6 этносының өкілдері бар.

Олар – 9 облыста, Алматы мен Астана қалаларында өмір сүретін Отанымыздың басым өңірлерінің өкілдері.

Лондонда біздің команда біртұтас отбасы ретінде өнер көрсетті.

Елдің олимпиада құрамасының жаттықтырушылар құрамы да көп ұлтты.

Қазақстандық олимпиадашылардың жеңісі, халқымыздың жеңісі халқымызды одан бетер топтастыра түсті, біздің ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасында тұратын баршамыздың патриоттық, бірлік, теңдік, бауырластығымыздың ұлы күшін паш етті.

Қымбатты достар!

Олимпиадашыларымыздың жеңісі – жастар үшін және еліміздің барша халқы үшін еңбексүйгіштіктің, патриотизм мен өз күшіне сенудің үлгісі.

Биылғы Олимпиададағы жеңіс мыңдаған жастың жігерін жанитынына мен сенімдімін.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан жазғы және қысқы олимпиадалардың 63 жүлдегерін, соның ішінде 18 олимпиада чемпионын тәрбиеледі.

116 қазақстандық түрлі әлемдік чемпионаттарда жүлделі орындарға ие болды.

Қазақстанда 250 мыңнан астам жас жеткіншек 418 балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде шұғылданады.

Біздің спортшыларымыздың өнегесі стадиондарға жүздеген болашақ чемпиондарды алып келетініне мен сенімдімін!

Әлемдік спорттағы жетістіктер – мемлекет мүмкіндіктерін танытудың ең тамаша тәсілі.

XXI ғасырда тек күшті және денсаулығы мықты ұлт қана бәсекеге қабілетті бола алады. Сондықтан мен Үкімет алдына 2020 жылға қарай еліміз халқының 30 %-ын дене шынықтыру ісіне және спортқа тарту міндетін қойдым.

Біздің спортшыларымыздың табыстары – саламатты өмір салтының көрнекті насихаты.

Егер әрбір қазақстандық біздің олимпиадашыларымыз қол жеткізген мақсатқа ұмтылатын болса, онда Қазақстан міндетті түрде алдыңғы қатарлы елге айналады.

**Құрметті олимпиадашылар!
Біздің чемпиондарымыз!**

Сіздердің жеңістеріңіз – Қазақстанның әлемдік чемпионаттар мен спорттық ойындарды өткізу құқына кездейсоқ ие болып жүрмегендігінің айқын айғағы.

Табысты Азиадан кейін біздің бай тәжірибеміз бар.

Бүкіл еліміз бізде – Қазақстанда өтетін «Универсиада-2017»-ге дайындалатын болады.

Алдағы уақытта біздің спортшыларымыз 2014 жылы Сочи қаласында өтетін қысқы Олимпиадаға қатысады.

Және, әрине, Рио-де-Жанейро қаласында өтетін XXXI Олимпиада ойындарының жеңістеріне дайындалу керек.

Енді біз осынау биік белестен түспеуге тиіспіз.

Қазақстан спортының әлі де көптеген ұлы жеңістері мен жетістіктерінің болатынына мен сенемін.

Олимпиададағы кеңістік – Отанға сіңірген ерен еңбек. Сондықтан да мен біздің көрнекті спортшыларымыз бен бапкерлерімізді мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы жарлыққа қол қойдым.

Менің тапсырмам бойынша мемлекеттің есебінен әр Олимпиада чемпионы – 250 мың, күміс жүлдегерге – 150 мың, қола медаль иелеріне 75 мың доллардан төленеді.

Мен барлық облыстардың әкімдеріне өздерінің үздік жерлестерінің олимпиадалық жетістіктерін лайықты атап өтуді тапсырдым.

Ел сіздерді әрқашан да қамқорлыққа бөлейтін болады.

Мысалы, Өскеменде жаңа жеңіл атлетика кешеніне Ольга Рыпакова есімін беруді жоспарлап отырғандарын білемін. Ол шешімді қолдаймын. Спорт мектептері мен стадиондарға олимпиадашыларымыздың есімдерінің берілуі заңды.

Қымбатты отандастар!

Лондон олимпиадасы Қазақстан спорты тарихына алтын әріптермен жазылады.

2016 жылы Рио-де-Жанейро қаласында өтетін XXXI жазғы Олимпиадаға Қазақстан ең мықтылардың қатарында барады. Ендігі міндет – ел абыройын осы биіктен төмендетпеу.

Біз сендерден болашақта да ерен ерліктер, жарқын жеңістер күтеміз!

Жеңістеріміз жеңістерге ұласа берсін!

Еліміздің мәртебесі биіктей берсін!

Қазақстан жасасын!

**«Ядролық сынақтарға тыйым салудан –
ядролық қарусыз әлемге» атты халықаралық
конференцияда**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2012 жылғы 29 тамыз

**Құрметті қонақтар!
Қымбатты форумға қатысушылар!**

Бүгінгі алқалы жиынға 70-тен астам мемлекеттен парламент басшылары мен депутаттары, үкімет мүшелері, белді халықаралық ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, танымал саясаткерлер мен ғалымдар келіп отыр.

Осыншама танымал тұлғалардың Астана төрінде бас қосуы – бүгінгі форумда көтерілетін мәселе: «Адамзатты ядролық қарудың алапат қаупінен құтқарудың» мейлінше өзектілігін көрсетеді.

Биыл наурыз айында Сеул қаласында Ядролық қауіпсіздік жөніндегі II жаһандық саммит өткені белгілі.

Бүгінгі халықаралық конференция – көктемгі саммитте талқыланған маңызды міндеттерді жүзеге асыру жөніндегі Қазақстанның жаңа қадамы.

Адамзат баласын ядролық қауіптен құтқаруға шешуші үлес қосатын жаһандық деңгейдегі анти-ядролық қозғалыс құру – біздің парызымыз.

Қымбатты достар!

Бүгін әлем Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күнін үшінші рет атап өтуде. Оны өз аумағындағы ядролық сынақ полигонын тарихта бірінші болып жапқан Қазақстанның бастамасы бойынша БҰҰ тағайындаған болатын.

Осыдан тура 21 жыл бұрын біздің еліміздің халқының ерік-жігерімен жүзеге асырылған осы тарихи актінің орасан зор өркениеттік маңызы бар.

Мен басты үш жайтты бөле көрсеткім келеді.

Бірінші. Қазақстан үшін бұл шынайы егемендік пен тәуелсіздікке қарай жасалған шешуші қадам болды.

Қазақстан халқы үшін ядролық қару мен радиация тым беймәлім нәрсе емес еді. Олар 40 жылдан астам уақыт бойы біздің жерімізді азапқа салған қатыгез де мізбақпас зұлымдық болатын.

Біздің еліміздің аумағында атмосфералық, жерүстілік және жерастылық әскери және «бейбітшілік мақсатында» делінген барлығы 500-дей сынақтар өткізілді. Бұл – ядролық қару пайда болғаннан бері әлемде жүзеге асырылған барлық сынақтардың тең жартысы.

Радиация айналадағы тіршілік атаулыны бірте-бірте жоя отырып, күн сайын кең байтақ даламызды, өзендеріміз бен көлдерімізді улаумен болды.

Ядролық алапат полигон маңында тұратын 1,5 млн-нан астам қазақстандықтардың тағдырын тәлкекке салып, денсаулықтарынан айырды.

Ядролық сынақтардың зардабы күні бүгінге дейін сезілуде.

Ядролық сынақтарға қарсы бастамаларымды халықтық қозғалыстың кеңінен қолдауы халық мүддесін қорғауда маған сенім мен күш берді. Кеңес басшылығы мен әскери-өнеркәсіп кешенінің қасарысқан қарсылығына қарамастан, мен полигонды жабу туралы жарлыққа қол қойдым.

Екінші. 29 тамыз күні күллі Орталық Азияға ядролық қарудан ада аймақ мәртебесін берудің де басталған күні болып табылады.

Қазақстан кеңестік әскери арсеналдан мұра болып қалған әлемдегі 4-ші ядролық әлеуеттен өз еркімен бас тартты.

Бұл жер шарының кез келген нүктесіне жететін 1 200 ядролық оқтұмсығы бар 110-нан астам баллистикалық ракетаны құрайтын.

Сол кезде де айтылған, қазір де Қазақстанның бұл ерлікке пара-пар қадамының маңызын төмендетпек болған пікірлер естіліп қалады.

Мысалы, кейбіреулер Қазақстан атом арсеналын ұстауға мүмкіндігі болмағандықтан бас тартты дегенді айтады.

Айта кетейін, Қазақстан уранның қоры жөнінен әлемде екінші орында, ал өндіру бойынша бірінші орында тұр.

Біздің еліміздің экономикалық әлеуеті кейбір «табалдырықта» тұрған елдердің ІЖӨ-не тең немесе артық.

КСРО тарағаннан кейін бізде әскери ядролық бағдарламаларды жүргізетін мамандар да, қажетті инфрақұрылым да болды.

Сондықтан да екі онжылдық бұрын Қазақстан сияқты жаңа ядролық державаның пайда болуы тек саяси ерік-жігер мен уақыттың мәселесі еді.

Алайда біз саяси ерік-жігерімізді басқа мәселеде таныттық – «ядролық клубқа» мүше болудан қағидатты түрде және үзілді-кесілді бас тарттық.

АҚШ-пен және Ресеймен бірлесе отырып, оқтұмсықтар мен жарылғыштар залалсыздандырылды.

2006 жылдың қыркүйегінде біз аймақтағы басқа елдермен бірге Орталық Азияны ядрсыз аймақ деп жариялаған Семей келісіміне қол қойдық.

Үшінші. Семей полигонының жабылуына байланысты ядролық қаруды таратпаудың және қарусызданудың жаһандық үдерісінің жаңа кезеңі басталды.

1991 жылдың 29 тамызына дейін ядролық қауіпсіздік саласында негізінен шектеу шаралары қолданылып келді.

Қазақстан бірінші болып ядролық сынақтарға толық және сөзсіз тыйым салу актісін, осыған орай «ақырет күнінің» қаруын жетілдіруді тоқтатуды жүзеге асырды.

БҰҰ-ның шешімі бойынша осыдан 16 жыл бұрын ядролық сынақтарды тыю туралы келісімге қол қоюға жол ашылды. Оған Қазақстан ең алғашқылардың бірі болып қол қойды. Келісімге қазірдің өзінде 183 мемлекет қосылып, 157-сі оны ратификациялады.

«Ядролық клубтың» барлық елдері сынақтарға жарияланған мораторийді сақтап отыр. Семей полигоны жабылғаннан кейін Невададағы, Жаңа Жердегі, Лобнордағы және Муруроадағы аса ірі полигондар үнсіз қалды.

Сондықтан да 29 тамыз бүкіл әлем үшін ядролық ақырзаманның қаупін кейінге ысырған белдеу болып табылады.

Жылдар және онжылдықтар өткен сайын осы күннің ерекше маңыздылығын барлық әлемдік қоғамдастықтың сезінуі арта беретініне сенімдімін.

Ханымдар мен мырзалар!

65 жылдан бері британдық «Атомшы-ғалымдар бюллетені» журналы жаһандық ядролық қауіпсіздік деңгейін «ақырет күнінің» символдық сағатымен өлшеп келеді.

Үстіміздегі жылдың басында оның тілі ықтимал ядролық апат мерзіміне қарай бір минутке жылжытылды.

Бұлай бағалау неге байланысты болып отыр?

Сөз жоқ, мамандар Сеул қаласында өткен саммитке қатысушылардың назарын осы саладағы қордаланған проблемаларға аударғылары келді.

Шынында да, бүгінгі таңда біз жаһандық ядролық қауіпсіздікті нығайту үдерісі қарқынының бәсеңдегенін байқап отырмыз. Осы тақырыпқа байланысты саммиттердің жиі өткізіліп отырғанына қарамастан, жағдай осылай болып отыр.

Біріншіден, әзірше ядролық қаруды таратпау режимінің жан-жақтылығына қол жеткізілген жоқ. «Жаңа» ядролық және кейбір «табалдырықтағы» елдер тиісті келісімнен шет қалып отыр.

Екіншіден, 2 жыл бұрын АҚШ пен Ресей арасында стратегиялық шабуыл қаруларын қысқарту үдерісін жандандырған Париж келісіміне қол қойылды. Алайда бұл қадам ресми «ядролық клубтың» қалған елдеріне үлгі болған жоқ.

Үшіншіден, ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы келісім күшіне ене алмауда. Бұған «табалдырық» тобына жататын бірнеше елдің ғана қолы жетпей тұр.

Төртіншіден, ядролық энергетиканың ұлттық бағдарламаларының дамуын жаһандық бақылау мәселесі реттелмеген.

Нақты қалыптың болмауы іс жүзінде атомды бейбіт мақсатқа пайдалануға ұмтылушы кез келген мемлекетті «ядролық кеудемсоқтыққа» ұрынып отыр, немесе тіпті «ядролық терроризмге қолдау» көрсетіп отыр деген күдікке душар етеді.

Осы көпе-көрнеу әділетсіздік ядролық қаруды таратпау режимін нығайтуға кедергі келтіреді, ядролық қауіпсіздік саласында сенімсіздік туғызады.

Енді 2014 жылға жоспарланған Ядролық материалдарды физикалық қорғау туралы конвенцияға түзетулер күшіне енбей қала ма деген қауіп бар. Оған бірқатар елдердің оларды ратификациялауға табандап тұрып алуы себеп болып отыр.

Бесіншіден, өткен жылы Фукусима АЭС-інде болған апат бүкіл әлемге бейбіт атом нысанында қауіпсіздікті қамтамасыз ету технологиясының артта қалу проблемасын айғақтап берді.

Ядролық қауіпсіздіктің жаһандық жүйесін қалыптастыру үдерісінің бәсеңсуіне себеп болып отырған мәселелердің бірқатары осындай.

Бірақ бұлардың бәрі ең әуелі себептер емес, салдарлар. Бұл проблемалардың көздері тереңде жатыр.

Жаһандық ядролық қауіпсіздіктің ағымдағы ахуалына көп ретте өткен ғасырлардан мұра болып қалған әлемдік саясаттағы кедергілер қатты әсер етуде.

Бұл – топтық ойлау үдерісінің, елдер арасындағы қатынастарда сенім мен ашықтықтың жетіспеушілігі, жекелеген мемлекеттердің жауапкершілігінің төмендігінің салқыны.

Көп тарапты бейбітшілікті қалыптастырудың шынайы бағытындағы берекесіздік жағдайды қиындатып отыр.

Әскери атомның есірігі кейбір саясаткерлер мен әскерилерді желіктіруін әлі де қояр емес. Әлемде көп тарапты бейбітшілікті ең алдымен бірқатар ядролық күштер орталықтарының жиынтығы деп тар шеңберде қарайтын күштер бар.

Болашақ өмірде «ядролық қолшатыр» экзотикасына орын болмауы тиіс деген сенімдемін.

Мемлекетаралық қарым-қатынастың басқа проблемаларын ядролық қауіпсіздік мәселелері арқылы шешуді адамгершілікке жатпайды деп есептеймін.

Сонымен бірге, ХХІ ғасырды ядролық энергетикасыз елестету де мүмкін емес. Мамандардың пікірі бойынша, 2035 жылға қарай әлем экономикасының энергияны қажет етуі 2 есеге ұлғаяды.

Қазіргі таңда планетада 2 млрд-қа жуық адам электр қуатын мүлде пайдалана алмайды.

Көптеген елдер үшін кедейшілік, жұмыссыздық проблемаларын, азық-түлік жетіспеушілігін шешу мәселесі атом энергетикасын бейбіт жолмен, соның ішінде БҰҰ мен МАГАТЭ-нің қатаң бақылауы арқасында жүргізумен байланысты болып отыр.

Сондықтан біздің қарусыз әлем туралы мәселе қоюымыздың радиофобиямен немесе бөлшектенген ядроның қуатын алу құпиясын мәңгілік «ұмыту» секілді утопиялық тілекпен ешқандай байланысы жоқ.

Ядросыз әлем ядролық энергияны әскери мақсатта пайдалануға толық тыйым салу деген сөз.

Менің Ядросыз әлемнің жалпыға бірдей декларациясын талдап, қабылдау жөніндегі ұсынысымның мәні де осында. Мен осы идеяның тұрақты жақтаушысы болдым және солай болып қала беремін.

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Саяси реализм тұрғысынан алғанда жаһандық ядролық қауіпсіздіктің түйінді проблемаларын шешу қазіргі заманғы әлемдік тәртіпті өзгертудің ортақ үдерісінен ажырағысыз екенін мойындау қажет.

Таяуда, V Астана экономикалық форумында сөйлеген сөзімде, мен G-Global пішімі мен қағида-даттарында жаңа әлем құрылымын қалыптастыруға шақырдым. Адамзаттың ядролық өзін-өзі құрту үрейінен арылуы оның ең маңызды сипаты болуы тиіс.

Ұсынылған G-Global-дың 5 қағидаты негізінде жаһандық ядролық қауіпсіздік саласында серпінді алға басу мүмкін екеніне сенімім мол.

Бірінші. Барлық ядролық мемлекеттердің қатысуымен, БҰҰ қолдауымен әзірленген және қабылданған Стратегиялық шабуыл қаруларын жаппай қысқартудың қадамды жоспары қажет.

Бірінші кезекте ядролық сынақтарға тыйым салатын келісім-шарттың күшіне енуіне қол жеткізу маңызды.

Әлемдік қоғамдастық «ядролық клубтың» барлық мүшелерінің өздерінің атомдық әскери арсеналдарын қысқарту жөнінде міндеттемелер қабылдауына қол жеткізуге құқылы деп есептеймін. Бәрі және бірден емес, біртіндеп.

Мысалы, ескірген ядролық зарядтар мен оларды жеткізетін құралдарды жаңғыртудан бас

тарту және қолданудан алу тәжірибесіне көшуге болады.

Әрине, ол екі жетекші ядролық держава – АҚШ пен Ресейдің қарусыздану үдерісімен қоса қабат жүруі тиіс.

Одан әрі, болашақта «ядролық қолшатырларды» тоқтату жөніндегі шараларды біз нақты қадам ретінде түсінеміз. Әңгіме ядролық қаруды орналастыру мен сақтауды оларға ие мемлекеттердің ұлттық аумақтары шеңберінде ғана шектеу жөнінде болып отыр.

Екінші. Барлық өңірлік ядросыз аймақтарға қатысушылар үшін берік халықаралық қауіпсіздік кепілдіктері болуының маңызы зор.

Қағидатты түрде соғыстық ядролық бағдарламадан бас тартқан мемлекеттерді ынталандыру тетіктерін қалыптастыру қажет. Тек осы негізде ғана жекелеген елдерде ядролық энергетиканы дамыту перспективаларына байланысты проблеманы әділ шешу мүмкін болмақ.

Бүгінгі күннің өзінде 30 мемлекет ядролық қауіпсіздік саласында ұлттық міндеттемелер қабылдады.

Халықаралық антиядролық құқық пен практикалық саясатта ешқандай «қосарлы стандарттар» мен жеңілдіктер болмауы тиіс.

Үшінші. Осы үдеріске қатысушылардың барлығы үшін айқын сенімділік тетіктері

болмайынша, ядролық қарусыздану мен ядросыз әлем туралы айту көкейге қонымсыз болар еді.

Сенімділік қағидаты – ол бой тартудың, соның ішінде ядролық қарудан бой тартудың әскери тұжырымдамаларына ойластырылған балама болмақ.

1 айдан кейін біз Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі туралы қазақстандық бастаманың көтерілгенінің 20 жылдығын атап өтеміз.

Бүгінде АӨСШК – ол өңірлік және жаһандық қауіпсіздіктің дамып келе жатқан перспективалы құрылымы. Оған бүкіл әлем халқының тең жартысы тұратын бүкіл әлемдік өнімнің 1/3 астамы өндірілетін 27 мемлекет қатысады.

АӨСШК-нің табысты дамуы ХХІ ғасырда мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарда туындайтын кез келген мәселені тек сенімділік негізінде ғана сындарлы шешуге болатындығын көрсетеді.

Ядролық қауіпсіздіктің жаһандық жүйесі АӨСШК, ЕҚЫҰ, ИЫҰ және басқа да өңірлік бірлестіктердің әлеуетін толық іске қосуы тиіс. Тиісінше, олардың «қоржындарын» ядросыз әлем құру проблемасымен кеңейтудің маңызы зор.

G-Global идеясын ұсына отырып, мен жаһандық толеранттылықты жаңа әлем құрылысының іргелі қағидаттарының бірі ретінде ұсындым.

Өкінішке қарай, әлемдік тәжірибеде қандай да бір діннің күшін ядролық қару қуатымен

«нығайтуға» деген жалған тұжырымдар әлі де байқалуда.

Осыдан 20 жыл бұрын Қазақстанның кейбір «тілектестердің» кеңестерінен және бірінші мұсылмандық ядролық держава болудың күмәнді абыройынан батыл түрде бас тартқанын еске сала кетпекпін.

Ядролық қару – адамзат үшін өз-өзіне ажал шақыру. Ал суицидті тікелей Жаратушы алдындағы асылық ретінде әлемнің бүкіл діндері айыптайды. Осы тұрғыдан алғанда әскери ядролық қуатқа ие болуға ұмтылу – барып тұрған күшірлік.

Ядросыз әлем – адамзат ұмтылуға тиіс біздің ортақ мақсатымыз. Тек бірлесе қимылдағанда ғана біз өз әлемімізді қауіпсіз және жақсырақ ете аламыз.

Жаһандық қоғамдастықты оған түбегейлі және түпкілікті тыйым салу жөнінде неғұрлым батыл іс-қимылдарға итермелеу үшін біздің ядролық сынақтардың қайғылы зардаптарын тағы да әлемнің есіне салуға мүмкіндігіміз бар.

Дәл осы мақсат үшін Қазақстан бүгінде халықаралық «АТОМ» жобасын іске қосып отыр.

Жобаның атауы ағылшын тіліндегі – «Abolish Testing. Our Mission» – 4 сөздің бірінші әріптерінен тұрып, «Сынақтарды жою – біздің миссиямыз» дегенді білдіреді.

Жоба шеңберінде жер бетіндегі ядролық қаруға қарсы кез келген адам әлем үкіметтерін

ядролық сынақтардан біржола бас тартуға шақырған онлайн-петицияға қол қойып, Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы келісім-шарттың тезірек күшіне енуіне қол жеткізе алады.

Мен конференцияға қатысушыларды және барлық ізгі ниетті адамдарды «АТОМ» жобасын қолдауға және ядролық қарусыз әлем құруды біздің ең маңызды мақсатымызға айналдыруға шақырамын.

Төртінші. Мен жаһандық транспаренттілікті ұлттардың болашақ ядросыз қоғамдастығының негіздерінің бірі деп білемін.

Қазақстан өзінің антиядролық тәжірибесімен ядролық қарусыздану мен таратпау мәселелеріндегі ашықтық күшін бүкіл әлемге паш етті.

Таяуда транспарентті негізде біз пайдаланылған 210 тонна ядролық отынды қауіпсіз орынға тасымалдау жобасын жүзеге асырдық.

Қазақстандық реакторларды төмен байытылған отынға ауыстыру жөніндегі жұмыстар да мөлдірлікпен жалғасуда.

МАГАТЭ-мен бірлесіп табиғи уранды есепке алудың, бақылау мен физикалық қорғаудың автоматтандырылған айрықша жүйесі құрылуда.

Қазақстанның біздің елімізде Ядролық отын халықаралық банкін орналастыру жөніндегі МАГАТЭ-ге өтінішін жүзеге асыру жөніндегі жұмыс нақты сипатқа ие болды.

Осының бәрі – ядролық қарудан біржола бас тартқан біздің еліміз үшін сөзсіз тиімділіктер мысалы. Сонымен бір мезгілде ол өзге мемлекеттер үшін де үлгі.

Бесінші. Ядросыз әлемге қарай қадам басу – сындарлы көптараптылыққа жол.

Көптеген елдердің бұрынғы Семей полигонын «бейбітшілік аумағына» айналдыру жөніндегі жұмыстарға атсалысуы адамзаттың қауіпсіздік жолындағы ынтымақтастықтағы оң ұстанымын бейнелейді.

Осы мәселедегі Қазақстанның, АҚШ пен Ресейдің арасындағы өзара іс-қимылдарының жоғары деңгейі Сеулдегі саммит күндерінде қабылданған үш ел президенттерінің бірлескен мәлімдемесінде атап көрсетілді.

Жапония, Канада, Нидерланды, Швейцария, сол сияқты бірқатар халықаралық ұйымдар түрлі оңалтушылық жобаларға қомақты үлес қосты.

Біз ол көмек үшін бәріне терең ризашылығымызды білдіреміз.

Ядролық сынақтар зардаптарын жоюда БҰҰ-ның түрлі бағдарламалары маңызды рөл атқаруда.

Осыдан 2 жыл бұрын бас хатшы Пан Ги Мунның өзі бұрынғы полигон аумағына келді. Мен Қазақстанның антиядролық саясаты мен бастамаларына қолдау көрсеткені және жоғары баға бергені үшін оған алғыс айтамын.

Бүгінде адамзаттың ядролық коллапс қатерінде шексіз үрей кешуден құтыларлық ғаламат мүмкіндігі бар. Ол үшін бүкіл ұлттардың, бүкіл ізгі ниетті адамдардың күш-жігерлерін бұрын-соңды болмаған жағдайда біріктірудің маңызы зор!

Бүгін осы залда планетамыздың барлық құрылықтарының елдерінен парламентарийлер қатысып отыр.

Сондықтан қазіргі форумды жаһандық анти-ядролық парламенттік Ассамблеяның үлгісі деп атауға болады. Мен сіздерге осындай әлемдік қоғамдық құрылым тағайындау мүмкіндігін қарастыруды ұсынамын.

Сонымен бірге қатысушылардың назарын G-Global коммуникативті интернет-алаңқай жұмысына аударғым келеді. Оның шеңберінде миллиондаған пайдаланушылар қазірдің өзінде XXI ғасырда жаңа әлемдік әділетті дүние-құрылымды қалыптастырудың кең ауқымды мәселелері бойынша үнқатысулар жүргізуде.

Осынау әлемдік тәртіптің маңызды алғышарты ядросыз әлем болатынына менің еш күмәнім жоқ.

Мен сіздерді G-Global пішіміндегі интерактивті пікірсайысқа және ядросыз әлем, біздің болашағымыз бен немерелеріміздің болашағы жолындағы жұмысқа белсенді қатысуға шақырамын.

Қазақстан Республикасының Конституциясы
күніне арналған халықаралық
ғылыми-практикалық конференцияда

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2012 жылғы 30 тамыз

**Құрметті конференцияға қатысушылар!
Қадірлі қазақстандықтар!**

Баршаларыңызды Қазақстанның мерейлі
мерекесі – Конституция күнімен шын жүректен
құттықтаймын!

Еліміздің Ата заңы «Біз, ортақ тарихи тағдыр
біріктірген Қазақстан халқы» деп басталатынын
білесіздер.

Конституциямыз – қабылданған күннен бастап, тағдыр тоғыстырған көп ұлтты халқымыздың татулығы мен тұрақтылығына тұғыр болып келеді.

Біз Ата заңға сүйене отырып қазақ мемлекеттігінің іргесін бекіттік, дамудың даңғылына түстік.

Азат елдің ар-намысындай болған Ата заңымыз қазақтың ұлан-байтақ даласының кеңдігін де, елінің ерлігі мен өрлігін де бойына сыйғызған құдірет.

Тәуелсіз елдің мызғымас тұғырына айналған Ата заң – елдігіміздің киелі кітабы іспетті қастерлі құжат.

Халықтың жүрегінен шыққан, заман сынына қапысыз төтеп берген мемлекеттігіміздің темірқазығы.

Ата заңымыз – қазақ мемлекетінің дамылсыз дамуына, үздіксіз өсуіне кепіл болған барша заңдарымыздың қайнар көзі, бастау бұлағы.

Қазақтың «Заңын құрметтей білген, заңына бағына білген ел ғана озады» деген дана сөзі бар. Біз елдігіміздің тұғыры – Ата заңымызды құрмет тұтып, оның әрбір әрпі өмірлік заңымызға айналуын қадағалап келеміз. Соның нәтижесінде асқар асулар мен биік белестерді бағындырдық, еңселі елге айналдық.

Кешегі тарихтан тамыр алған, ертеңгі тарихқа тұғыр болған Ата заңымыз салтанат құрып тұрғанда еліміз толағай табыстарға бөлене бермек.

Құрметті конференцияға қатысушылар! Ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған халықаралық форумға барлық қатысушылар мен қонақтарды шын жүректен құттықтаймын!

Біздің ең басты мемлекеттік мерекеміздің қуанышын барлық қазақстандықтармен бірге бөліскендері үшін мен шетелдік қонақтарға ризашылығымды білдіремін.

Біз Қазақстанда әлемдік заң ғылымының біздің конституциялық даму тәжірибемізге назар аударғанын жоғары бағалаймыз.

Осы халықаралық форумның Бейбітшілік пен келісім сарайы – Пирамида шыңының астында өтіп отыруының өзі символдық нышанға ие.

Конституция – мемлекеттік құрылыстың бүкіл пирамидасының іргетасы.

Бейбітшілік пен келісім – бұлар оларды бекіту үшін XVIII ғасырда осы саяси-құқықтық инновация енгізілген құндылықтар.

Енді бірнеше күннен кейін – 17 қыркүйекте – әлемде тұңғыш Америка Құрама Штаттары Конституциясын Филадельфияда Конвенттің қабылдағанына 225 жыл толғаны атап өтіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясы америкалықтан 13 есе жас. Бірақ ол еркіндіктің, құқықтық үйлесімділік пен халықтың әл-ауқатына

ұмтылудың дәл сол ұлы қағидаттарына негізделген.

Осыдан 17 жыл бұрын қазақстандықтар референдумда Негізгі заңды қабылдау үшін дауыс бере отырып, даналығын, топтасқандығы мен бірлігін танытты.

Біз өзіміздің Негізгі заңымызды жасауға кіріспес бұрын әлемнің 20-дан астам конституцияларына талдау жасадық. Әлемдік даму тенденцияларын, әлем конституцияларының озық баптарын назарға алу керек болды. Сондай-ақ, өзіміздің дәстүрлеріміз бен тарихымызды да ескеру қажет еді. Осы синтезді өзіміздің және шетелдік мамандар жүзеге асырды.

Менімен бірге осы Конституцияны жазғандар бүгін осы залда отыр.

Сарапшылармен талқыға салу нәтижесінде бүкіл халықтың қолдауына ие болған Қазақстан Конституциясы туралы идея мен оның жобасы дүниеге келді.

Бүгін біз 1995 жылғы Конституцияның қазақстандық дамудың ең басты факторы болғандығын мақтанышпен айта аламыз.

Біріншіден, оның негізінде қазіргі заманғы жаңа мемлекет ғимараты бой көтерді.

Біз әлемнің дамыған демократияларының көпқырлы тәжірибесін шығармашылықпен пайдаландық.

Сайланбалылық, биліктің барлық институттарының халық алдындағы есептілігі, адам құқылары мен еркіндіктерін жүзеге асыру – бұлар біздің мемлекеттік құрылымымыздың базалық негіздері.

Қазақстандық тәуелсіз сот жүйесі жетілдірілуде, ұлттық құқық қорғау институттары дамуда.

Сонымен бірге, Конституцияда біздің халқымыздың болмысы мен құқықтық дәстүрлері де бүтіндей ескерілген.

Ұлтына, дініне, әлеуметтік тегіне қарамастан, қазақ жерінде өмір сүріп жатқан барлық азаматтардың теңдігі туралы қағида конституциялық тәртіптің діңгегі болып табылады.

Этносаралық келісімнің басты тетігі – Қазақстан халқы Ассамблеясының конституциялық мәртебесі де айрықша сипатқа ие.

Ассамблея біздің еліміздегі бүкіл 140 этностың мүдделерін қамтамасыз ете отырып, өз өкілдерін Парламент Мәжілісіне сайлайды. Мұндай жағдай әлемнің өзге бірде-бір елінде жоқ.

Екіншіден, біздің Конституциямызда экономиканы дамытудың арқау тұтарлық қағидаттары туралы мәселелер тиімді шешім тапқан.

Экономикалық өсімнің халық пен бүкіл қоғам игілігіне бағытталуы туралы қағида онда орталық орында тұр.

Біздің экономикамыз соңғы 1,5 онжылдықта орта есеппен жыл сайын 7 %-ға өсуде.

Тәуелсіздіктің бастапқы кезеңімен салыстырғанда ел ІЖӨ-і 16 еседен астамға ұлғайды. Бүгінде жан басына шаққандағы ІЖӨ 12 мың долларға жақындап келеді. 1993 жылы оның небәрі 700 доллар ғана болғанын естеріңізге сала кетейін.

Тәуелсіздік жылдары ішінде біздің экономикамызға 150 млрд доллар шетел инвестициялары тартылды.

Мемлекеттің қолдауы арқасында шағын және орта бизнес субъектілерінің саны Қазақстанда 35 есеге артты. 2020 жылы экономиканың осы секторындағы өнім үлесі ел ІЖӨ-інің 40 % құрайтын болады.

Бұл Конституция негізінде әлеуметтік жаңғыртудың қалай жүзеге асып жатқанына нақты мысал – орта тап жаппай өсуде.

Үшіншіден, біздің мемлекетіміздің әлеуметтік сипаты туралы конституциялық қағида біздің экономикамыздың ең қуатты жаһандық дағдарыс зардаптарын бастан өткеруіне табысты көмек көрсететін арқауға айналды.

2010 жылдан бастап елде 240-қа жуық жаңа индустриялық нысандар іске қосылды, оларда 50 мыңға тарта жоғары білікті жұмысшылар еңбек етуде. Таяудағы 5 жылда тағы да 250-ден астам кәсіпорын салынатын болады. Оларда шамамен 150 мыңдай қазақстандық еңбекке орналаспақ.

Соңғы онжылдықта білім беру мен ғылымды, әлеуметтік қамсыздандыру саласын қаржыландыру бірнеше есеге артты.

370 жаңа мектеп салынып, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің саны 7,5 есеге өсті.

Ең озық жабдықтары бар ондаған ірі медициналық орталықтар салынды.

Осы жақында ғана Қазақстан донорлық жүрек ауыстыру бойынша операцияны табысты жасаған әлемнің 22-і елінің бірі атанды.

Біз 2016 жылға дейін 400-ге жуық жаңа денсаулық сақтау нысандарын салуды жоспарлап отырмыз.

Зейнетақымен қамтамасыз ету деңгейі ТМД-да ең жоғары және сенімділердің бірі болып табылады.

Төртіншіден, біздің Конституциямызда Қазақстанның сыртқы саясаттағы ашық бағытқа деген ұстанымы айқын көрініс тапқан.

Біз өзіміздің Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік бойынша әріптестеріміз – Ресеймен және Беларусьпен экономикалық интеграцияны дамытып келеміз.

Кеше Астанада Қазақстанның бастамасы бойынша жыл сайын аталып өтетін Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күніне орай халықаралық конференция өтті. Оған қатысушылар Қазақстанның жаһандық антиядролық қозғалысқа қосқан үлесін айрықша атап көрсетті.

Әлем ядродан азат болуы және адамзаттың ядролық соғыстың отына күйіп жойылып кетпеуі үшін біздің бұл қозғалысқа жетекшілік етуге моральдық құқымыз бар.

Біз бірінші болып әлемдегі ең ірі полигонды жаптық. Біз ядролық арсеналдан өз еркімізбен бас тарттық. Сөйтіп, ядролық жарылғыштардың қауіпсіздіктің кепілі бола алмайтынына әлемнің көзін жеткіздік.

Менің бастамам бойынша шақырылған Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі аймақтың қауіпсіздігін нығайтуға ықпал етеді. Үстіміздегі жылы біз осы үдерістің 20 жылдығын атап өтеміз.

Қазақстан өзінің беделінің арқасында аса ірі өңірлік ұйымдар – ЕҚЫҰ мен ИЫҰ ойдағыдай басқарды.

Қазақстан ұлттардың әлемдік қоғамдастығының жауапты қатысушысы ретінде бүкіл әлемге G-Global пішімінде және оның 5 қағидаты негізінде жаңа әлемдік құрылысты қалыптастыру бағытында бірлесе жұмыс істеуді ұсынып отыр.

Осы жөнінде мен кеше Халықаралық антиядролық конференцияға қатысушылар алдында сөйлеген сөзімде тағы бір рет егжей-тегжейлі баяндадым.

Қымбатты достар!

Қазақстанда Жалпыға ортақ еңбек қоғамын қалыптастыру әлеуметтік жаңғыртудың басты мақсаты болып табылады. Соңғы жарты ғасыр бойы әлемге танылған «Тұтынушылық қоғам тұжырымдамасы» бос қиял болып шықты.

Ол бірқатар елдер үшін оларды терең әлеуметтік дағдарыс тұңғығына батырған зардабы мол факторға айналды.

Мұндай ортада еңбектің бағасы құнсызданды. Ал кейбіреулер ерікті еңбек құқын мемлекет көмегі есебінен өмір сүру «мүмкіндігі» ретінде тар шеңберде түсініп және өзінің жеке басының мүддесіне пайдалана бастады.

Сондықтан да Жалпыға ортақ еңбек қоғамы идеясын мен әлеуметтік масылдықтың және еңбек үлесімен бекітілмеген «жылдам ақша жасау» қиялының ұлғаюына балама ретінде көріп отырмын.

Біздің мемлекетіміз азаматтардың барлық тілектерін дерлік қолдап отыр.

Біз «Еңбекпен қамту – 2020» бағдарламасын жүзеге асырудамыз.

Мемлекет селолық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіргендерді шағын кредиттермен, ал қалаға көшіп жатқандарды мамандықпен және жұмыс орындарымен қамтамасыз етуде.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 4 млн-нан астам адам әлеуметтік төлемақылар, жәрдемақылар мен

зейнетақылар алады. Бұл әрбір жұмыс істейтін қазақстандыққа қосымша салмақ.

Әлеуметтік төлемақылар мен жеңілдіктер дегеніміз не?

Бұл – азаматтардың бір тобы табатын және мемлекет оны басқаларға беретін ақша. Сондықтан азаматтардың шын мәніндегі әлеуметтік тең құқылығын қамтамасыз ету, адал жұмыс істеп әлеуметтік жағынан нашар қорғалған азаматтарды қолдауды қаржымен қамтамасыз етіп отырғандардың құқықтары бұзылмас үшін мәселенің аражігін ажырата білуіміз керек.

Заманауи мемлекеттің әлеуметтік саясаты әлеуметтік жағынан тұрмысы төмен азаматтарды қорғап қана қоймай, тұрғындардың жұмысқа қабілетті тобын қолдау қажеттігін де ескеруге тиіс. Бізде әдетте әлеуметтік қорғау дегенді тек әлеуметтік жәрдемақы деп түсінеді. Әлеуметтік қорғау дегеніміз тек жалақы, зейнетақы және басқа төлемдер емес. Әлеуметтік қорғау бұл – мемлекет қазақстандықтардың игілігі мен денсаулығы үшін жасап отырған базалық жағдайлардың жиынтығы.

Бұл – денсаулық сақтау, білім беру, спорт, тұрғын үй құрылысы және тағы басқалар.

Мен еңбексүйгіш адамның тек Жалпыға ортақ еңбек қоғамында ғана өзінің тағдыры мен өмірінің толық қожасы ретінде сезінетініне сенімдімін. Әлеуметтік жаңғыртудың негізі де, міне, осында.

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Жаңғыртудың басты мазмұны біздің Конституциямыздың әлеуметтік әлеуетін жоспарлы түрде жүзеге асыруға байланысты. Бұл орайда біздің алдымызда бірқатар міндеттер тұр.

Бірінші. XXI ғасырда Конституциямызды жаңа бір сүзгіден өткізу қажет.

Негізгі заң қатып қалған құқықтық қағидат емес. Бұл – жаңа жағдайларға және қазақстандық өмір сапасына сәйкес, құрылмасынан қоғам құқықтық және әлеуметтік инновацияларды алуға тиіс жанды тетік.

Барлық дамыған елдер осы жолмен жүрген. Бұл біздің де табысты даму жолымыз. Сондықтан құқықтанушылардың әсіресе, конституциялық құқық саласы мамандарының міндеті – Конституцияның жаңашылдық рухын ашу.

Негізгі заңның қуатын біздің еліміздің өрлеуін қамтамасыз ететін жаңа заңдар мен құқықтық нормалардың іс жүзіне асырылу күшіне айналдыру маңызды.

Екінші. Мен қазақстандық әлеуметтік заңнаманы кешенді түгендеу, сондай-ақ, жаңа заңдар жасау міндетін қойдым.

Бұл – әлеуметтік жұмыс орындары, кәсіби біліктілік жүйесі және басқа заң жобалары.

Үшінші. Біз бүгінгі таңда ақпараттық қоғам мүмкіндіктерін пайдалану арқылы мемлекеттік органдардың азаматтармен кері байланысын

қамтамасыз ету тетіктерін дамытуға айрықша мән беріп отырмыз.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 8 млн-дай әлемдік ғаламторды пайдаланушылар бар. Бұл барлық қазақстандықтардың жартысы деген сөз. Сондықтан да «электронды үкіметті», «электронды әкімдіктің» үш деңгейлі жүйесін дамыту маңызды міндет болып табылады.

Қазір Үкіметте «Ақпараттық Қазақстан» бағдарламасы жасалуда. 2013 жылдың өзінде барлық рұқсат беру рәсімдерін электронды пішімге көшіру жоспарланып отыр.

Төртінші. ХХІ ғасырда заңға жетік адамдар қоғамы ғана табысқа жетеді.

Құқықтық сауаттылықтың негізі – ең алдымен Конституцияны білу. Сондықтан да тұрғындарды құқықтық мәдениетке тәрбиелеу әлеуметтік жаңғыртудың маңызды мәселесі болып табылады.

Бұл жұмысты балабақшадан және мектептен бастап, колледждерде және жоғары оқу орындарында, әрбір жұмыс орнында жалғастыру керек. Бұл барлық мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың, меншіктің барлық түріндегі жұмыс берушілердің міндеті.

Қымбатты форумға қатысушылар!

Ұлы бабамыз Төле би «Халқы заңын сыйлаған елдің бағы бір мысқал артық» деген.

Біз ықылым замандардан Ата заңына бағына білген, Ата заңын құрметтей білген елдің ұрпағымыз. Ата-бабаларымыз дала заңдарының білгірлері – билеріміздің билігіне сөзсіз бағынған.

Тарихтан тағылым алған бүгінгі буын да игі дәстүрді жалғап, ұрпақ сабақтастығын үзген емес.

Тәуелсіздігіміздің тірегі, мемлекеттігіміздің жүрегі болған Ата заңымыз мәңгілік болсын!

Еліміз шырқау шыңдарға, асқар асуларға алқынбай жете берсін!

Конституция күні құтты болсын!

Қазақстан Республикасы Парламенті бесінші
шақырылымы ІІ сессиясының ашылуында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2012 жылғы 3 қыркүйек

Қымбатты депутаттар!

Баршаңызды Парламенттің кезекті сессиясының ашылуымен құттықтаймын.

Сіздер ала жаздай ел аралап, халықтың тыныс-тіршілігімен таныстыңыздар. Сондықтан жаңа сессияның жұмысына тың қарқынмен, белсене кірісетіндеріңізге сенімдімін.

Парламенттің осы сессиясы өзінің жұмысын жаңа әлеуметтік-саяси жағдайда бастағалы отыр.

Біріншіден, Қазақстан барынша қарқынды дамып келеді.

Ішкі жалпы өнімнің өсімі 5,6 % болды.

Мемлекеттік бюджеттің түсімі 25 %-ға жуық өсті.

Еліміздің халықаралық қоры 15 %-ға артып, 83 млрд доллардан асты.

«Өнімділік-2020» мемлекеттік бағдарламасы белсенді жүзеге асырылып жатыр.

Елімізде өңдеу өнеркәсібінің еңбек өнімділігі 1,5 мың долларға артып, 25 мың долларға жетті.

Ауыл шаруашылығына, оның ішінде орман және балық шаруашылығына құйылған инвестиция 56 %-ға артты.

Қолдағы өндіріс орындарының бірқатарын жаңғырту жұмыстары қарқынмен жүргізілуде. Бүгінге дейін 440-тан астам жаңа индустриялы кәсіпорын іске қосылды. Олар жалпы құны 800 млрд теңге болатын өнімдер шығарып үлгерді. Бұл кәсіпорындарда 50 мыңнан астам жұмысшы табысты еңбек етіп жатыр.

Жалпы алғанда, еліміз жаһанды жайлаған дағдарыстың ең қиын зардаптарын жойып, тұрақты дамудың даңғылына түсті.

Екіншіден, менің әлеуметтік жаңғыру жөніндегі бастамаларым барша қазақстандықтар тарапынан қызу қолдауға ие болуда.

Қоғамымыз әлеуметтік дамудың нақты бағдарын айқындап алды. Ол бағдар – Жалпыға ортақ еңбек қоғамы.

Мен елімізді көздеген мақсатқа жеткізетін 20 міндетті анықтап, құзырлы органдарға тиісті тапсырмалар бердім. Үкімет оны тиімді жүзеге асырып жатыр. Осынау келелі іске халық қалаулылары да белсене атсалысуға кірісті. Осылайша, еліміз бұрынғысынан да жағымды әлеуметтік үрдістерге ие болды.

«Еңбекпен қамту – 2020» және «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламалары табысты жүзеге асырылуда.

Жұмыссыздықтың деңгейі 5,2 %-ға дейін төмендеді. Өзін-өзі қамтыған тұрғындардың үлес салмағы азайып келеді. Бірнеше жылдан бері ол алғаш рет еңбекке жарамды барша қазақстандықтардың 1/3 азайды.

Тек биылғы жылдың өзінде 150 мыңға жуық адам жаңа жұмыс орынына ие болды, олардың 1/3 бұрын өзін-өзі қамтыған азаматтар.

Еңбекпен қамту бағдарламасы бойынша 110 мыңнан астам адам әлеуметтік шарттар жасасты. Осы шарттардың аясында жаңа кәсіпке ие болған 96 мың азаматтың тең жартысы жасы 29-ға жетпеген жастар.

Бұл – тұрғындар экономиканың нақты секторына бет бұрғанын көрсетеді.

Биыл Қазақстанда бірінші рет науқасқа донордың жүрегін ауыстырып салу операциясы табысты жүзеге асты.

Бұл ретте жас отандасымыз Игорь Воротников бүгінде барша қазақстандықтардың аузынан түспей жүрген ізгі қадам жасады. Анасы мезгілсіз қаза болып, қасірет жұтқан ол ең қиын сәтте өзге адамдардың өміріне араша түсе алды. Игорь анасының жүрегі мен бүйрегін донор мүшесіне мұқтаж адамдарға беру туралы шешім қабылдады. Сөйтіп, тағдырлары қыл үстінде тұрған екі адамға – Жәнібек Оспанов пен Евгений Кунцқа жаңа өмір сыйлады.

Анасынан айырылған ол қаны бөлек болғанмен, жаны бір бауырлар тапты. Ойлап қарасақ, орыстың баласы анасының жүрегін қазаққа, бүйрегін неміске тапсырды. Операцияны ұлты корей Юрий Пя чех әріптесі Жан Пиркпен бірге жасады. Міне, қазақстандық бірлік деген осы. Бұл нағыз азаматтың ісі.

Менің халық бірлігі туралы идеям қарапайым өмірде осылай көрініс тапқаны қуандырады.

Әрбір отандасымыздың денсаулығы – мемлекет үшін ең басты байлық, ең негізгі құндылық.

Менің тапсырмам бойынша елімізде ұлттық скринингтік бағдарлама қолға алынуда. Онда аса күрделі ауруларды науқастың алғашқы сатысында-ақ анықтауға мүмкіндік жасалады.

Күллі еліміз бойынша жаңа емдеу орындары мен мектептердің құрылысы жалғасын табуда.

Осының барлығы менің тапсырмам бойынша Үкіметтің атқарып жатқан жұмыстарының нақты нәтижелері. Осы қарқыннан танбау керек.

Үшіншіден, Қазақстан, Беларусь және Ресей елдерінің Бірыңғай экономикалық кеңістік аясында бірігу үрдісі үшжақты келісім-шарттардың күшіне ену кезеңіне сеніммен аяқ басты.

Еуразиялық экономикалық комиссия табысты жұмыс істеуде. Оның мәліметтеріне жүгінсек, биыл Қазақстанның Бірыңғай экономикалық кеңістіктен тысқары, сыртқа шығарылған экспорттық өнімдерінің көлемі 13,5 %-ға, ал импорты 38 %-ға артқан. Бірыңғай экономикалық кеңістіктің ішіндегі өзара сауда-саттық 13 %-ға артты.

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу жолындағы келіссөздері де сөреге жақындап келеді.

Бұл біздің экономикамызға көптеген өзекті міндеттер жүктейді. Ондай міндеттердің қатарында заңнамалық арқауды жетілдіру мәселесі де бар.

Төртіншіден, біз жаһандық даму үрдісіндегі қиындықтарды назардан тыс қалдыра алмаймыз.

Әлемдік экономика тоқырау мен тұралаудан әлі де арыла алмауда. Тіпті, ең оптимистік сараптамалардың өзі әлемдік жалпы өнім биыл 2,5 %, ал 2013 жылы 3,2 %-ға ғана өседі деп болжап отыр.

Еуропаның дербес қарызының дағдарысы шиеленісе түсу қаупі әлі де сейілген жоқ.

Таяу Шығыстағы саяси дағдарыс бұдан бұрын да болғандай күллі дүние жүзіне өзінің зардабын тигізуі мүмкін.

Барлығымызға осындай күрделі жағдайда жұмыс істеп, аса жауапты шешімдер қабылдауға тура келеді.

Құрметті депутаттар!

Парламенттің қазіргі үш партиялы моделі өзін жақсы жағынан көрсеткенін атап өткім келеді.

Бірінші сессия кезеңінде 36 заң қабылданды. Олардың барлығы бойынша Үкімет, сондай-ақ барлық партия фракциялары мен депутаттық топтар арасында саяси-құқықтық консенсус табылды.

Осы оң іскерлік көңіл күй Парламенттің II сессиясының барлық жұмысының ерекшелігі болуы тиіс.

Енді алдағы кезеңге арналған басты нақты заң шығарушылық туралы айтайық.

Біріншіден. Бюджеттік үдеріс.

Сессия барысында жаңа 3 жылдық бюджет жасау міндеті тұр.

Жаһандық экономикалық жағдай күрделене түскен тұста оны қалыптастыру жолы біреу ғана бола алады. Бұл – үнемшілдік пен бюджеттік шығындардың тиімділігі.

Үкімет үстіміздегі жылдың бюджетін нақтылау барысында менің тапсырмам бойынша қазірдің өзінде бюджет шығындарын 57 млрд теңгеге жуық

қысқартты. Бюджеттік қаржыны қысқарту үшін де әлі резервтер бар деп санаймын.

Экономикалық өсім мен тұрғындардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етпейтін шығындар қаралмауы тиіс.

Үкімет мемлекеттік бағдарламаларды сараптауын жалғастыруы қажет. Егер қайтарым болмаса, қаржыны басқа салалар мен бағыттарға қайта бөлу керек.

Қаржылық тәртіпті нығайту қажет. 2011 жылы тәртіп бұзушылықтармен жұмсалған қаржының жалпы көлемі 300 млрд теңгеге жуықтады. 6 саяси және 130-дан астам әкімшілік мемлекеттік қызметші жауапкершілікке тартылды.

Көлеңкелі экономика мен бюджеттік қаржыны «көлеңкеге» шығаруға ұмтылыс үшін заңнамалық кедергілер құру – маңызды міндет.

Сондай-ақ, сыртқы және ішкі қарыздарға бақылауды күшейту қажет.

Екінші. Экономикалық өсімнің құқықтық арқауын жақсарту.

Бұл орайда орталық мәселе – БЭЖ шеңберіндегі және алдағы ДСҰ-ға өту аясындағы интеграциялық үдерістер жағдайында Қазақстанды тиімді экономикалық қатынастармен қамтамасыз ету.

Үкіметке ДСҰ-ға өту кезінде қабылданатын міндеттемелерді ратификациялау жөніндегі заң жобаларының арнайы пакетін қалыптастыруды тапсырамын.

Біздің саясатымыз – өңірлік рыноктар сағат сайынғы сараптаулар мен ұзақ мерзімді болжамдарға арқаулануы тиіс.

Қазір қазақстандық мазмұнды қолдаудың барлық жүйесін, әсіресе өңдеуші өнеркәсіпте, аграрлық кешенде, бәсекелестік аз салаларда қайта қарау маңызды.

Әлемнің барлық елдері өзінің өндірісшілерін қолдайды. Бұл тәжірибе біз үшін де маңызды.

Үкіметке «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, әлемдік тәжірибені сараптаудан өткізуді және қазақстандық тауар өндірушілерді қолдаудың өз моделін жасауды тапсырамын.

Аграрлық, индустриялық-инновациялық және қаржылық секторлар үшін жаңа заңнамалық нормалар енгізу маңызды.

Заң шығарушылық жұмыстың маңызды қыры – қайталама энергетика мен экологиялық таза технологияларға негізделген «жасыл экономикаға» өту үшін құқықтық жағдай жасау.

Біздің «Жасыл көпір» жаһандық бастамамыздың мәні, міне, осында. Сондықтан энергия және су үнемдеумен, «жасыл технологияларды» пайдаланумен, экологиялық туризмді дамытумен байланысты заңнамалық ынталандыруды кеңейту қажет.

Үшінші. Таяудағы жылдарға арналған заң шығарушылықтың шешуші бағыты – әлеуметтік жаңғырту.

Өзімнің «Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» мақаламда мен, кем дегенде, толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі қажет қолданыстағы 10 заңнамалық актіні атадым.

Сондай-ақ, алдымызда әлеуметтік жұмыс орындары, кәсіби біліктілік жүйесі мен тағы басқалар туралы жаңа заңдар қабылдау міндеті тұр.

Парламентарийлер өмірге қарапайым адамның көзімен қарауы тиіс. Қарапайым қазақстандықтар нақты өмірмен күн сайын бетпе-бет келеді, оны үйлердің кіреберісінде, көшеде, ауруханада, мектепте, дүкенде, автобуста көреді. Адамдарды өздеріне қалай қызмет көрсетілетіні, пәтерлердің жылылығы, шатырдан судың ақпауы толғандырады. Әркім өздерін қоғамдық орындарда қауіпсіз сезіне ала ма? Қарапайым қазақстандықтарды толғандыратын басты мәселелер, міне, осылар.

Заң мәселелерді кешенді шешуі, қоғамдық қатынастарды толыққанды реттеуі тиіс. Қазақстан заңдары азаматтардың өмірін жайлырақ етуі, әрбір заң сыйлайтын азамат үшін түсінікті болуы шарт.

Күн сайын біз түрлі келеңсіздіктерді: қоғамдық көлікте балағат сөздерді естіп, көргенсіздіктерді, жол қозғалысы ережелерін бұзуды, көшелер мен саябақтарда мастарды көреміз. Адамдар бұл жөнсіздіктерге көп жағдайда жүрдім-бардым қарайды. Бірақ кез келген өркениетті елде бұл құқықтық мемлекет азаматы мәртебесімен еш қабыспайтын құқықтық тәртіпті өрескел бұзу

болып табылады. Сондықтан құқықтық шектеу тетіктері бірінші кезекте азаматтарды тәрбиелеуі керек.

Менің тапсырмам бойынша, өткен жылы, тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай әр қала мен ауыл жайлылық пен қолайлылықтың үлгісі болуы тиіс еді. Бұл – біздің жалғастыруды қажет ететін, оны өмірдің бөлекше ережесі жасайтын ортақ жұмысымыз.

Жақында ғана біз Алматы қаласында метро аштық. Бүкіл еліміздегі жалғыз метро! Кейбір вагондарда қазірдің өзінде орындықтар бүлдірілген, бояумен жазылған жазулар бар. Бұл – балалық пен ұсақ бұзақылық емес, мемлекеттік меншікке қарсы қылмыс.

Кінәнің еңбекпен өтелуін құқық бұзылған жерде өткізуді ойластырған жөн.

Кіреберісте қоқыс қалдырдың ба – сот орындаушының бақылауымен 1 ай бойы баспалдақтарды жинап, жу. Саябақта шамдарды сындырдың ба – залалдың орнын толтырып қана қоймай, сонымен қатар, айталық, 2 апта бойы аллеяларды жинап, сыпыр.

Мәселен, Америкада киножұлдыздар мен белгілі саясаткерлердің ұсақ бұзақылықтары үшін заңды жаза ретінде көшелерді сыпыратынын жақсы білесіздер. Бізге қоғамдық тәртіпті, қоғамдық орындарда адамдардың тәртібін реттейтін қарапайым да түсінікті заңдар қажет.

Парламент депутаттарына, парламенттік партияларға нақ осындай заңдар қабылдау бойынша бастама көтеру қажет.

Төртінші. Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызмет жүйелерін жаңғырту қадамдарын тәжірибелік ыңғайға көшіретін уақыт жетті.

Құрметті қазақстандықтар, депутаттар!

Біздің бүгінгі табыстарымыз өздігінен келе салған жоқ. Бұл барша халқымыздың 20 жылдық қажырлы еңбегінің нәтижесі.

Әрбір қазақстандықтың жоғары деңгейдегі құқықтық мәдениетін тірек еткенде ғана, біз ХХІ ғасырда елімізді өркендету мақсатына қол жеткізе аламыз.

Жоғары деңгейдегі құқықтық мәдениетсіз тиімді экономика да, ел игілігіне жұмыс істейтін заңдар да, алға қарышты қадам басу да болмайды.

Өркениетті экономика мен құқықтық мемлекетті тек заңға сөзсіз бағынатын, елінің заңын сыйлайтын азаматтар ғана дамыта алады.

Қоғам мен мемлекет бірлесе, қол қоса қимылдай отырып, біз көздеген құқықтық мемлекет камалының әрбір кірпішін қалауы, ақырында оны түгелдей салып шығуы керек.

Күллі ел болып жұмыла кіріссек қана көздеген мақсатқа жете аламыз.

Баршаңызға жемісті еңбек тілеймін.

Іске сәт!

Назарбаев университетінде «Қазақстан білім
қоғамы жолында» тақырыбында оқыған

ДӘРІСІ

Астана қаласы,
2012 жылғы 5 қыркүйек

**Қадірлі жастар!
Білім жолындағы жас қырандар!
Оқытушылар мен студенттер!**

Сіздермен кездесіп, ой бөлісетін дәстүрлі дәріс
мен үшін әр уақытта үлкен қуаныш!

Жаңа оқу жылы құтты болсын, берекелі, табысы
мен жеңісі мол жыл болсын!

Ықылым замандардан қалған «Білекті бірді
жығады, білімді мыңды жығады» деген сөз бар.

Қазақтың бұл мақалының өзектілігі бүгінгі күні айрықша болып отыр. Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді әжетке жаратып, тұрмыс игілігіне жарата білуімен бағаланады.

Инемен құдық қазғандай, қиын да күрделі, орасан қажыр-қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір – тұл. Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны.

Құрметті оқытушылар мен студенттер!

Біздің университет қазір үлкен жолдың ең басында ғана тұр. Бірақ қазірдің өзінде халықаралық өлшем бойынша өзінің жоғары оқыту үлгіқалыптары мен ғылыми-зерттеулерін құруда. Мұнда білім беру және ізденіс құндылықтары мен дәстүрлердің жүйесі қалыптастырылуда. Бұған қазір тек қазақстандық ЖОО қоғамдастығы ғана емес, сондай-ақ біздің барлық білім беру жүйесі бағдар ұстап отыр.

Осыдан бірнеше жыл бұрын, университетімізді жоспарлап, салуды енді ғана бастаған кезде, біз оның Қазақстандағы ең озық ЖОО болғанын қаладық. Жаңа ЖОО қажет болатын. ХХІ ғасырдағы қазақстандық жоғары мектептің болашақ үлгісі бола алатын жаңа ментальді көшбасшы ЖОО. Осылайша мен өзімнің есімімді беруге келіскен бірегей университет пайда болды.

Университеттің әлеуеті тұрақты түрде нығайып келеді. Бүгінде мұнда 1,5 мыңнан астам студент білім атуда. Осы жылы конкурс бір орынға оннан астам адамды құрады. Мұнда лекцияны әлемнің жетекші университеттерінен келген профессорлар оқиды.

Өмір туралы ғылымдар орталығында, Энергетикалық зерттеулер орталығы мен Пәнаралық аспаптық орталықта ғылыми қызметтер қарқын ала түскен. Мұнда 70 шақты ғылыми-техникалық жоба жүзеге асырылып жатса, жыл соңына дейін олардың саны 100-ге дейін өседі. Әлемнің беделді ғылыми басылымдарында ғылыми еңбектер жарық көріп жатыр. Қазірдің өзінде өнертапқыштық үшін 4 патент алынған.

Біз университетті әрі қарай да дамыта беретін боламыз. Бүгінде біз Білім беру мектебін ашамыз. Жыл соңына дейін Бизнес мектебі мен Мемлекеттік саясат мектебін ашуды жоспарлап отырмыз.

Біз Медициналық және Таукен мектептерін ашатын күн де алыс емес.

Мұнда, университеттік білім беру көшбасшысында, еліміздің жаңа болашағы, мемлекетіміздің жаңа элитасы дүниеге келуде.

Қазақстандықтарға бейбітшілік пен сенімді өркендеуді қамтамасыз ете отырып, Қазақстанды XXI ғасырда дамыту міндеті алдында тұрғандар дүниеге келуде.

Бүгін менің лекциямды біздің кең байтақ еліміздің барлық түкпірлерінде миллиондаған жоғары сынып оқушылары мен студенттер тыңдауда.

Бүгін мен сіздермен қол жеткен табыстар мен қиын тәжірибелерге арқа сүйей отырып, еліміздің алға қарай табысты ілгерілеуін жалғастыру үшін біздің бәрімізге білім беруде, ғылымда, экономика мен саясатта жаңадан не істеу керектігі туралы ой-толғамыммен бөліспекпін.

20 жылдық табысты және тұрақты дамуында Қазақстан өзінің басты тарихи мақсатына жетті. Ғасырларға созылған тарихында тұңғыш рет байырғы қазақ жерінде нағыз халықаралық заңға сәйкестілікке ие мемлекет орнады.

Танылған мемлекеттік егемендік – аса зор және аса қымбат ресурс екенін айтуға тиіспін.

Осы жылдар бедерінде еліміз егемендік пен саяси салмақты жеңіп алу және мойындату үшін жұмыс істеді. 20 жыл өткенде мақсат орындалды.

Тәуелсіздік жылдарында, яғни тек бір ұрпақ шеңберінде, Қазақстан дамушы елден табыс деңгейі орташа және экономикасы өсу үстіндегі елге айналды.

Өмір сапасы еселеп жақсарды, өйткені, біз әу бастан қазақстандықтар өмірінің жоғары үлгіқалыптарына бағыт алдық. Мәселен, кедейлік деңгейі соңғы 10 жылда 4 есе қысқарды, экономика 16 есе өсті.

Теңгермелі сыртқы саясат Қазақстанға әлемдік аренада үлкен табысқа қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Адам ресурсына ұзақ мерзімді және ойластырылған салымдар бізге талантты және, мен сенімдімін, табысты жас ұрпақты сыйға тартты.

Біз сіздер кәсіпқойлар болып, Жер шарының кез келген бұрышында сұранысқа ие, Қазақстанға ХХІ ғасырда табыс пен игілікті қамтамасыз ете алу үшін сіздердің оқуларыңыз бен өз-өздеріңізді жетілдіруге барынша қолайлы жағдайлар туғыздық.

Бұл, қажет деп тапсаңыздар, сіздердің болашақ миссияларыңыз және сіздердің аға буын алдындағы жауапкершіліктеріңіз.

Құрметті аудитория!

Осы ғасырдың алғашқы онжылдығы халықаралық терроризмнің тұтануымен басталды, ал содан кейін ұзақ онжылдықтар бойы қалыптасқан әлемдік экономикалық тәртіпті бұзған, ауқымы жөнінен адам айтқысыз жаһандық дағдарыс төбеден төнді.

2007 жылы АҚШ-та басталған дағдарыс 2008 жылы Еуропаға аяқ басса, оны осы уақытқа дейін экономикалық қыспағынан шығармай келеді.

Бүгін әр ел жаңа жаһандық ортадан қайта-қайта өзінің орнын іздеп, бәсекеге қабілетті болып қалу үшін өзін өзгертуге мәжбүр.

Қазір әлемдік экономикалық құрылыстың моделі қайта пайымдалып, тұтыну экономикасы мен әлемдік қаржының негіздері түрленімге түсуде.

Планетаның бүкіл тарихындағы аса ірі жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс әлі еңсерілген жоқ. Ол барлық елдерге, соның ішінде Қазақстанға да күшті ықпал етуін жалғастыруда.

Және күн тәртібіне жаһандық саяси қозғалыстар, қуат көздері бағасының күлдіреуі мен ресурстық жанжалдар сияқты сыртқы тәуекелдер шықты.

Жаңа тәртіп өз ішінде әр елдің ішкі қауіпсіздігі үшін де сын-қатерлер туындатуда.

Осының барлығы көптеген елдерде әлеуметтік қысымға, тәртіпсіздіктерге арандатуға, дінаралық жанжалдарға және сондай-ақ терроризм ұйымдар тарапынан қатерлерге алып келуі ықтимал.

Біздің міндетіміз – осы тәуекелдерді барынша төмендету, сондықтан қазір еліміз үшін барлық маңызды бағыттар бойынша жүйелі жұмыс жүргіздеміз.

Біріншіден, прагматикалық сыртқы саясатта негізгі екпін:

- жаңа өзара қарым-қатынас пен әріптестікті дамытуға;
- экономикалық дипломатияға;
- Қазақстанның өңірлік қауіпсіздіктегі рөлін одан әрі нығайтуға түсірілетін болады.

Түбегейлі дағдарысты басынан кешіп жатқан халықаралық қоғамдастықта Қазақстанның нені қалайтынын білетініне; нені ұсына алатынын білетініне; мәселенің бағасын жақсы есептейтініне және өзінің міндеттемелерін әрқашан орындайтынына күмән болмауы тиіс.

Екіншіден, дамудың жаңа кезеңінің экономикалық саясаты инвестициялық саясатқа айтарлықтай түзетулерді болжамдайды.

Инвестициялар барынша қайтарымы болатын бағыттарға жұмсалады. Қазақстанның қазіргі заманғы экономикалық моделінде пайда табу мен инвестицияларды қайтару уәже озық әлемдік корпорациялардағы сияқты болады.

Біз қазір халықаралық экономикалық ынтымақтастыққа жаңа қадамдарды айқындаудамыз.

Өсудің жаңа нүктелері шағын және орта кәсіпорындар болады.

Осының барлығы жаңа қазақстандық индустрия үшін өте маңызды.

Қазақстанның негізгі стратегиялық басымдықтары – шикізат ресурстары.

Қазір біз еліміздің жаңа экономикалық өсімін қалыптастыру үшін энергетикалық және өндіруші салаларды тиімді пайдалану, аталған салалардың өнімділігі, өнім көлемі мен табысты барынша арттыру мәселелерін қарастырудамыз.

Тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін біз әлеуметтік қамсыздандыру, еңбек және еңбекпен қамту саясатын оңтайландырамыз.

Денсаулық сақтауда басталған реформаларды жалғастырамыз.

Тұрғын үй құрылысы, су қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарларын қайта бағдарлаймыз.

Жаңа кезеңде әкімшілік реформа өте маңызды. Осы блокта орталықсыздандыру, жеке меншікті қорғау, келісімшарттық қарым-қатынас институттарын нығайту, заң алдындағы теңдікті қамтамасыз ету мәселелері қарастырылуда.

Осы негізгі бағыттар Қазақстанның жаңа әлемдік тәртіп жағдайындағы Жаңа даму бағытын айқындайды.

Қазір оны Үкімет пен сарапшылар жасау үстінде.

Қымбатты достар!

Бүгін қазақстандықтар – жас және серпінді ұлт. Біздің азаматтарымыздың орта жасы 35-тен аспайды.

2005 жылы басталған туу қарқыны, болжам бойынша, 2016 жылға дейін жалғасады. Балалар бұған дейінгі жылдардан 1,2 млн көп болады. Олар Қазақстанның жаңа болашақ құрушыларының эстафетасын іліп әкетеді. Біз қазірдің өзінде олардың толыққанды дамуы үшін барлық жағдайды жасауға тиіспіз.

Өздеріңіз білетіндей, Қазақстан халқы Ассамблеясының ХІХ сессиясында мен мемлекеттік жастар саясатын күшейту бойынша бірқатар тапсырма бердім.

Қазірдің өзінде Жастар істері жөніндегі комитет құрылған. Барлық өңірлерде жастар істері жөніндегі басқармалар жасақталуда. 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Жастар саясатының жаңа тұжырымдамасы жасалып жатыр.

Жас қазақстандықтар азамат дегеніміз – бұл тек өздерінің құқы ғана емес, алдымен өзі, өзінің отбасы және біздің Отанымыз үшін ұлы жауапкершілік екенін есте ұстаулары тиіс.

ХХІ ғасырда қазақстандықтар ұзақ жасаушылар ұлты болуы тиіс.

Көп жағдайда денсаулық тек медицинамен байланыстырылады.

Денсаулықты бірінші кезекте адамның өзі қалыптастыруы керек. Мен сіздерді және барлық студенттерді біздің олимпиадашыларымыздың жеңісі құрметіне зиянды әдеттерден бас тартуға шақырамын, спортпен айналысыңыздар, саламатты өмір салтын ұстаныңыздар.

Құрметті тыңдаушылар!

Біз «білім – ғылым – инновациялар» үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз.

БҰҰ жанындағы халықаралық ұйымдар, жетекші еуропалық көшбасшылар, көптеген белгілі экономистер мен саясаткерлер қазірдің өзінде Үшінші индустриялық революция тұжырымдамасын ресми түрде қабылдап үлгерді.

Бұл тұжырымдамаға белгілі америкалық ғалым Джереми Рифкин өте айқын түсініктеме берді.

Алғашқы революция бу қозғалтқышын ойлап шығарумен байланысты болса, екіншісі – электр және тұңғыш байланыс құралдарын ойлап шығарумен, үшіншісі цифрлық байланыспен бірге басталды.

Жақын жылдары интернет-технологиялар мен қайталама көздер Үшінші индустриялық революция үшін жаңа инфрақұрылым құру мақсатында бірігіп кетеді.

«Энергетикалық Интернет» миллиондаған адамға өз үйлерінде, офистерде және зауыттарда таза энергия өндіруге және онымен еркін алмасуға мүмкіндік береді.

Қазір Африкада Сахарада «күн» және «жел» электр стансалары құрылысын салудың ауқымды жобасы дайындалуда.

Оның үстіне энергия Еуропаға Жерорта теңізі арқылы су асты кәбілімен жеткізілетін болады.

Қайталама энергетика кәсіпшіліктің біздің халқымыз үшін дәстүрлі түрлерін, сондай-ақ жайлау мал шаруашылығын қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Иелігінде кішігірім жел және күн стансасы бар кез келген шопан өзіне ыңғайлы тұрағы, байланысы және суы бар қолайлы жайлауды салып ала алар еді.

Қазақстанда жердің 90 %-ы химикаттармен және пестицидтермен ластанбаған. Сондықтан халықаралық рыноктарда үлкен сұранысқа ие таза органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге мүмкіндік бар. 2050 жылға қарай азықтүлікке сұраныс әлемде 40 %-ға артады.

«Жасыл экономиканың» барша осы басымдықтары Үшінші индустриялық революцияның негізі болады.

Тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз ететін этносаралық және дінаралық қатынастар институттарын дамыту өте маңызды.

Діни және этностық кемсітушілік, сондай-ақ осы негіздегі қылмыстар үшін жазалаудың заңнамалық шараларын қатаңдату қажет.

Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін одан әрі жоғарылатқан жөн.

Қазақстандықтар экстремизм мен радикализмді қабылдамайды.

Біздің азаматтарымыз қашанда саяси боссөзділік пен әлеуметтік алауыздыққа қарсы шығады.

Біз сіздермен бірге әлемнің түрлі түкпірлерінде саяси, ұлтаралық, діни жанжалдар болып жатқанын көріп отырмыз. ХХІ ғасырда олардан ешкім

де құтыла алмайды. Және бұл жерде жеңімпаздар болмайды.

Мұндай жанжалдарда тек қайыршылыққа, күйзеліске, аштыққа, созылмалы азамат соғысы мен орта ғасырларға кері кетуге алып келетін жамандық қана жеңеді.

Бүгін, ХХІ ғасырда, біз «шыныдан жасалған әлемде» өмір сүріп жатырмыз. Бұл әлем – мөддір және нәзік. Мұнда тас лақтыруға болмайды. Оны сақтай білу керек.

Мен біздің халықтық игілігіміз болып табылатын қазақстандық табыстың үш кілті туралы еске сала кеткім келеді.

Бірінші. 140 этностың басын құрайтын барлық қазақстандықтардың бірлігі – бұл бірегей құндылық.

Біздің міндетіміз – оны қорғау, сақтау және байыту. Біз әлемдік мұхитта өз бағытымен аман-есен жүзіп келе жатқан қайығымызды ешкімнің шайқауына жол бермейміз.

Екінші. Біздің барлығымызға және әрқайсымызға тән тағаттылық.

Этностық және діни айырмашылықты байыппен түсіну және құрметпен қабылдау. Осының арқасында біздің әралуандығымыз біздерді бөлмейді, қайта біріктіреді. Егер біздің тағаттылығымыз болмаса, онда біздің қайығымыз бағытынан ауытқып кетуі ықтимал және әрі қарай апаттан қорғалмайтын болады. Біз апатқа ұшырап, «SOS»

белгісін беретін теңіз саяхатшыларына айналамыз.

Үшінші. Бұл тарихи тағдырымыздың ортақтығы.

Біздің мақсатымыз – өзгермелі әлемдегі жаңа жағдайларда тек тірі қалу емес, сондай-ақ бұрынғы табыстарымызды нығайта, осы жаңа әлемге өзіміздің ықпал ету мүмкіндігімізді кеңейте отырып, дамуымызды жалғастыру.

Қымбатты достар!

Инновациялар негізіндегі индустрияландыру біздің қоғамымыздың жаңа құнды бағдарына айналды.

Біздің еңбексүйгіштігіміз біздің екінші құнды жеңісіміз болып табылады.

Мен «Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты өзімнің бағдарламалық мақалама көптеген жылы сөзді үнқатулар алудамын. Еңбексүйгіштік әркезде де қазақстандықтардың ерекше сипаты болғандықтан, бар және бола беретіндіктен, ол таңғаларлық емес.

Қазақстандықтар – елдің өркендеуі әр азаматтың еңбегіне, оның біліміне, жауапкершілігіне байланысты болып табылатын біртұтас және бөлінбейтін отбасы. Бүгінде бос орындар жұмыссыздардан аз емес. Бүгінде білікті жұмыс қолдары жетіспейді. Жұмыс істегісі келгендердің бәрі жұмыс табады және бір емес, екі жұмыс тауып, жалақы алу мүмкіндігі бар. Тек ниет болуы керек.

Ахуалды сауатты басқара білу қажет. Оны еңбек ресурстарын бөлу арқылы жүзеге асыру қажет – жұмыс қолдары мен ақылды бастар барлық жерге де керек.

Біз жылдам өсім есебімен жақсы өмірге тез үйреніп алдық. Біздің адамдарымыз өзге елдерде не болып жатқанын жиі ұмытып кетеді.

Онда қарапайым адамдар жалақының, зейнет-ақының, жәрдемақылардың деңгейі немесе тағы басқалар туралы айтпайды. Оларда әйтеуір бір жерге орналассақ деген жалғыз-ақ арман бар.

Ал біздің Қазақстанда әркімнің тұрақты өмір сүріп және отбасын асырап қана қоймай, балаларына білім беріп және болашақты жоспарлау мүмкіндігі бар.

Дамыған елдердегі ең басты қағидат мынандай – жұмыс адамды емес, адам жұмысты іздейді.

Әр адам жұмыс істеуге, орналасуға және өмір сүруге мүмкіндік бар жерлерге ұмтылады. Бұл әлемнің барлық дамыған елдері үшін айдай ақиқат.

Егер біз өмір сапасының әлемдік жоғары үлгікалыптарына жетеміз десек, онда соған сәйкес еңбек ету қажет. Сондықтан да тәртіп пен еңбек сапасы айрықша маңызға ие болуда. Осынау қарапайым ережелерсіз табысты әлеуметтік жаңғырту туралы сөз де болмақ емес.

Мемлекет халықтың әл-ауқатының деңгейін арттыру үшін қаншалықты күш-жігер жұмсаса

да, егер әрбір қазақстандық өз тағдырының еңбексүйгіш қожайынына айналмаса, елдегі бар жақсылардың бәрін қадірлеп, оларды одан әрі еселемесе, ол артпайды.

Қазір қол қусырып қарап отыруға болмайды. Бүгінде әр қазақстандық өзді-өзінен елімізге жақсы болып, біздің Отанымыздың дәулеті артуы үшін мен не істедім деп сұрауы керек. Егер әр азамат осылай пайымдайтын болса, бүкіл еліміз өзінің дамуына қарқын қосарына менің сенімім мол. Маңыздысы – тәртіп пен реттіліктің ең басты мәселе екенін есте сақтау қажет.

Сендер менің жұмысшы шекпенінен өсіп шыққанымды білесіңдер, сондықтан мен әрбір өндірісте, әрбір ұжымда еңбек тәртібі қажет деп есептеймін. Сондықтан мемлекет түпсіз донор емес, қоғам мен Қазақстан азаматтарының әлауқатының өсуіне жағдай жасайтын әріптес болатындай жаңа пішінге көшудің маңызы зор.

Тағы бір бұлжымас құндылық бар – ол білімге ұмтылу.

Әлемдік сарапшылар білікті кадрларға деген өткір тапшылық орнайды деп болжауда. Болжамдарға сәйкес әлемдік рынок 2020 жылға қарай жоғары білімді 40 млн қызметкерді, 45 млн кәсіптік-техникалық білімі бар мамандарды қосымша қажет ететін болады.

Қазірдің өзінде инженерлер, дәрігерлер, химиктер, биологтар мен «нақты» және «табиғи мамандықтардың» өзге де өкілдері айрықша тапшылық туындатып отыр.

Қараңыздар, Жапония, Қытай, Оңтүстік Корея, Сингапур, Малайзия сияқты елдер өздерінің идеялары мен технологияларын шебер орындауының, өздерінің тиянақтылығы мен еңбегінің арқасында табыстарға жетуде.

Біздің заманымыздың ең белгілі теорияшыл физиктерінің бірі Стивен Хокингтің айтуынша, адамзат үздіксіз жаңғыртуды қажет ететін өз эволюциясын өзі айқындайтын дәуірге аяқ басты.

Сендердің білімдерің – сендердің еңбектеріңнің нәтижесі. Сендер өздігінен білім алуға неғұрлым көбірек еңбектенсеңдер, соғұрлым көбірек білетін боласыңдар.

Білімді біз мемлекеттің экономикалық ресурсы, өндіріс факторы ретінде қарастырамыз.

Біз халықаралық үлгіқалыптарға жақындата отырып, ұлттық білім беру жүйесін бірізділікпен жаңғыртудамыз.

Соңғы 3 жыл бойына Қазақстан ЮНЕСКО-ның Білім беруді дамыту индексі бойынша әлемнің 129 елі ішінде көшбасшылардың төрттігінде тұр.

Жас таланттарды ашу біздің оқушыларымыздың халықаралық зияткерлік жарыстарда жеңіп алған наградалары санының қарқынды өсуін қамтамасыз етті.

Егер 1998 жылы небәрі 8 медаль жеңіп алынса, биылғы жылдың өзінде 957. Өсу 120 есе дерлік!

1993 жылы біз болашаққа ұмтылған шешім қабылдадық. «Болашақ» бағдарламасы инновациялық білім берудің қазақстандық моделін жүзеге асырудың алғашқы шешуші тетігіне айналды.

Бүгінде бұл бағдарлама бойынша білім алып, өздері білім беру жүйесінде, осы университетте еңбек етіп жүрген түлектер мына залда отыр.

Мектепке дейінгі білім беру саласында «Балапан» бағдарламасы серпінді жүзеге асырылуда. Біз жан басына қаржыландыруды өмірге енгіздік және мемлекет-жекеменшік әріптестігін дамытамыз. Мектеп жасына дейінгі мекемелер саны 3,5 мыңнан астамға артты. 2 жыл ішінде балаларды қамту 36-дан 65 %-ға ұлғайды. 2020 жылға қарай біз балаларды 100 % мектепке дейінгі білім берумен қамтуды қамтамасыз ететін боламыз.

Мектеп жасына дейінгі білім беруді жаңғырту одан әрі жалғасуы тиіс, болашақта көп қырлы тұлға қалыптастыру үшін негіз де дәл сонда қаланады. Сондықтан мен Үкіметке мыналарды тапсырамын:

Бірінші. Озық халықаралық тәжірибе негізінде мектеп жасына дейінгі тәрбие мен білім беруге оқытудың қазіргі заманғы әдістемелерін енгізу қажет. Олар инновациялық, ал білім беру технологиясы креативті болуы тиіс.

Екінші. Балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту мәселесіне қатысты жүйелі ұсыныстарды егжей-тегжейлі әзірлеу қажет.

Үшінші. Мектеп жасына дейінгі білім беру деңгейінде үш тілді оқытуды жаппай енгізуді қамтамасыз ету қажет.

Осылайша біз тілдерді меңгерудің қисынды жүйесін қалыптастыра аламыз: әліпбиі – балабақша деңгейінде, мектепте – базалық деңгей, университет пен колледжде – мамандық бойынша кәсіби тіл.

Орта білім беру жүйесінде біз 12 жылдық оқытуға көшуге дайындықты жалғастырамыз. Жаңа білім беру үлгіқалыптары әзірленуде.

Орта білім беру инфрақұрылымы жақсартылуда, үш ауысым жойылуда.

2014 жылдың аяғына дейін 522 жаңа мектеп салынатын болады.

Қазіргі уақытта Зияткерлік мектептер желісі белсенді дамытылуда. Олардың тәжірибесі біртіндеп бүкіл орта білім беру жүйесіне таратылатын болады. Үстіміздегі жылы елдегі 35 оқу орындары Зияткерлік мектептер үлгіқалыптары бойынша жұмыс істей бастайды.

Озық технологияларды алға бастыру үшін орта білім беруге электронды оқыту енгізілуде. 2012 жылы ол 581 мектепте енгізілетін болады. Бұдан былай ауылдық мектептер балалары, мүмкіндігі

шектеулі балалар оқу материалдарына қол жеткізе алатын болады.

Біз орта білім беруді жаңғыртуды жалғастыруға тиіспіз.

Біздің орта білім беруді жан басына қаржыландыруға сатылап көшіруді қамтамасыз етуіміз қажет. Оқушы басқа мектепке ауысқан жағдайда, ақша да онымен бірге барады. Осылайша, біз мектептер арасындағы бәсекелестікті арттырамыз.

Үкіметке қанатқақты мектептерде жан басына қаржыландыруды енгізуге кірісуді тапсырамын.

Мұғалімдер біліктілігін арттыруға және оларды материалдық ынталандыруға жеке назар аудару қажет.

Біз озық педагогикалық тәжірибелер негізінде әзірленген педагогтарды қайта даярлаудың жаңа үш деңгейлі бағдарламасын енгіздік.

Үкіметке таяудағы 5 жыл ішінде 120 мың мұғалімді біліктілік арттырудың жаңа бағдарламасы бойынша оқытуды қамтамасыз етуді тапсырамын.

Біз мектептер дербестігін дамытып, оларда қадағалау кеңестерін құруымыз қажет.

Іс жүзінде біз мектептер деңгейінде бастапқы жергілікті өзін-өзі басқарудың жаңа тетіктерін тәжірибеден өткізуді бастайтын боламыз.

Қазақстанда әлемдік деңгейдегі колледждер желісі – кәсіптік-техникалық білім беруді дамыту туұстаушылары құрылуда. Олардың арқауында

бизнестің қатысуымен оқу орындарын басқарудың корпоративтік түрі, жаңа білім беру үлгікалыптары мен оқу бағдарламаларын халықаралық аккредиттеу сынақтан өтетін болады.

Үкіметке жыл соңына дейін Атырау қаласында Кәсіптік-техникалық білім берудің өңіраралық орталығын ашуды тапсырамын.

2014 жылы Астана мен Алматыда жаңа колледждер өз жұмыстарын бастауы тиіс.

Біз сол сияқты жоғары білім берудің де сапасын арттыруға тиіспіз.

Табысты университеттер дегеніміз, бірінші кезекте автономдық мәртебесі, академиялық еркіндігі бар және ғылыми-зерттеу қызметіне бағдар ұстанған ЖОО-лар.

Назарбаев университеті өз қызметін осы қағидаттарға сәйкес жүзеге асыруда.

Бұл тәжірибені елдің басқа да ЖОО-ларына тарату қажет.

Құрметті оқытушылар мен студенттер!

Назарбаев университеті интеллектуалдық-инновациялық кластер болуға тиіс. Ол үшін не істеу қажет?

Үкіметке мыналарды тапсырамын:

Бірінші. Халықаралық тәжірибені ескере отырып, оның жанынан арнайы экономикалық аймақ құру мәселесін қарастыру қажет.

Екінші. Индустриялық жоғары технологиялы алаңқайлар құру жөніндегі жұмысты белсенді жүргізу керек.

«Қазатомөнеркәсіп» және «Қазғарыш» ұлттық компаниялары қазірдің өзінде университет жанынан күн энергиясы, ғарыштық технологиялар бойынша ғылыми-зерттеу орталықтарын құруда.

Үкімет пен «Самұрық-Қазынаға» университет төңірегінде ұлттық компаниялардың жоғары технологиялы өндірістері мен салалық ғылыми-зерттеу институттарын одан әрі орналастыру жөнінен нақты жоспар әзірлеуді тапсырамын.

Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік компаниялар да бұл жобадан тысқары қалмауы тиіс.

Үшінші. Кластердің тұрақты дамуы үшін ұзақ мерзімді болашақта университет үшін қосымша алаңдар бөлу қажет.

Төртінші. Мен талай жылдан бері айтып келе жатқандай, ғылым мен бизнестің ықпалдастығының белсенділігін арттыру қажет.

Әлемде мұндай ықпалдастықтың жақсы үлгілері бар. Мәселен, АҚШ-та өткен ғасырдың 80-ші жылдарының басында индустрия мен университеттер арасында бірлескен орталықтар құру жөнінен Ұлттық ғылыми қор бағдарламасы іске қосылды. Қазіргі уақытта 700-ден астам профессор, шамамен 800 аспирант пен 200 студент жұмыс

істейтін шамамен осындай 50 орталық табысты жұмыс жүргізуде.

Орталықтар жұмыс істеген уақыттар ішінде оларда шамамен 1 мың серпінді технологиялар әзірленді.

Мен «Самұрық-Қазына» қорына Университетпен бірлесіп, индустриялық кәсіпорындар тапсырыстары бойынша жұмыс істейтін Инжиниринг орталығын құру мәселесін қарастыруды тапсырамын.

Бесінші. Технопарк, бизнес-инкубатор, коммерцияландыру және технологиялар трансферті орталығы, венчурлік қорлар сияқты инновациялық инфрақұрылымдар элементтерін құруға кірісу қажет.

Қазақстанда зерттеу ЖОО-ларын дамыту жөніндегі жұмыстарды одан әрі жалғастыру керек.

Дамыған әлемде инновациялардың үлкен бөлігі және университеттер жанындағы коммерцияландыру офистері жұмыстарының нәтижелері университеттік ғылымға тиесілі.

Оның үстіне жастарды кәсіпкерлікке, инновациялық менеджментке дәл осы университеттерде оқытады, ал ол өз зерттеулерінің нәтижелерінен қаржылай пайда тапқысы келетін кез келген ғалым үшін қажет.

Мәселен, Кембридж университетінде бүкіл әлемде мойындалған инновациялық экожүйенің төмендегідей тиімді институттары бар: Ғылыми

офис, Кембридждің бизнес мектебі, инновациялық орталық, ғылыми технопарк, идеялар инкубаторы, Коммерцияландыру және технологиялар трансферті офисі.

Ендеше, әлеуетті ғалым үшін ол пайдалана алатындай институттар мен құралдардың мол түрі бар. Ол оның таңдауы. Ол үшін коммерцияландыру бойынша іс-қимылдардың жазылған бағыты жоқ.

Университет міндеті – ғылымның нәтижелерін коммерцияландыру үшін барлық қажетті тиімді инфрақұрылым құру.

Бұл ретте Кембридждің бұған ұзақ жылдар бойы эволюциялық жолмен келгенін атап өту қажет.

Қазақстандық тұрғыда, бәлкім, алдымен қолда бар қажеттіліктер мен келешектілі нақтылы жобаларға арқа сүйей отырып, институттардың инновациялық кластер сияқты біркелкі жүйесін құру қажет болар.

Дәл осындай көзқарас сапалы адами капиталдың қайнар көзіне, экономика мен білім қоғамын құрудың негізіне айналмақ.

Құрметті студенттер!

«Бүкіл өмір бойы оқу ендігі жерде балама емес, асқан қажеттілік» – дейді Гарвард университетінің нақылдарының бірі. Соған байланысты сендер

алатын сапалы білім бар болғаны жолашар зияткерлік капитал болып табылады. Сендерге өзді-өздеріңмен үздіксіз жұмыс істеп, өз білімдеріңді, кәсіби құзырлылықтарыңды арттыру қажет.

Неміс философы Зиммельдің айтуынша, «білімді адам – ол өзі білмейтінді қайдан табуға болатынын білетін адам».

Мен сендерді Интернет алмастыра алмайтын белсенді түрде жан-жақты дамуға, спортпен, өнермен айналысуға, шет тілдерді үйренуге, отандық және әлемдік әдебиеттің терең мұраларын танып-білуге шақырамын.

Сендердің бәрің лайықты өмірдің, әл-ауқаттың, жаңа өмір сапасына қол жеткізудің тек еңбек арқылы ғана келетінін есте сақтауларың керек.

Қымбатты жастар!

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім» деген.

Біз өрлеуді өмірінің өзегі еткен халықпыз. Мына заманда «өнердің кілтін тапқан ғана өрге шабады».

Сендер – тәуелсіз Қазақстанның келешегі үшін тарихи жауапкершілік арқалайтын азаматсыңдар. Осы жауапкершілікті сезіне біліңдер.

Мемлекеттің ең ұлы мұраты – әрбір азаматының тауқымет көрмей, бақуатты тіршілік кешуі.

Менің «Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаламның да түпкі мәні осында.

Қазақ «Бейнет түбі – зейнет» дейді. «Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» тіршілік жасау бізге жат қылық болуы тиіс. Біздің қоғамда адал еңбекті терең біліммен ұштастырған ғана табысқа жете алатынын қаперден шығармаған абзал. Бұл – заман талабы.

Сендер Қазақстанның өз ғылымы мен технологиясын, өзіндік ұстанымын жасайтын ғылым иесі болуларың керек.

Кез келген кәсіп иесі өз шаруасын тың тәсілмен, жаңа әдіспен істеуге ұмтылса ғана ешкім жетпеген табысқа жете алады.

Өзгелер салған сүрлеуге түсіп, бөтен іздің шаңын жұту – Қазақстан жастарының таңдауы емес. Сендер, тәуелсіз қазақ елінің білімді жастары, өз соқпақтарыңды салып, оны елді дамуға бастайтын даңғылға айналдыруға тиіссіңдер!

Ел болашағының баянды болмағы баста бұлықсыған білім мен қолда ойнаған еңбекке байланысты.

Ендеше, білімдерің толыссын! Еңбектерің жансын!

АӨСШК-нің 20 жылдығына арналған АӨСШК-ге мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері кеңесінің мерейтойлық отырысында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2012 жылғы 12 қыркүйек

**Жоғары мәртебелілер!
Құрметті министрлер мен делегация
басшылары!
Ханымдар мен мырзалар!**

1992 жылдың 5 қазанында БҰҰ Бас Ассамблеясы 47-ші сессиясының мінберінен мен ынтымақтастықтың түрлі салаларында сенім шараларын қалыптастыру үшін Азия құрлығында мемлекетаралық үнқатысу алаңын құру ұсынысын ілгерілеткен болатынмын.

Бүгінде, екі онжылдық өткеннен кейін, АӨСШК көпқырлы дипломатиялық тиімді форумына айнала отырып, барлық планета тұрғындарының жартысы тұратын, Азия құрлығының 90 %-дан астам аумағын алып жатқан 24 мемлекетті біріктіреді.

Мен бұл бастаманы қолдаған және осы 20 жыл бойы бізбен бірге болып, ұйымның дамуына ықпал еткен барлық елдерге зор ризашылығымды білдіремін.

Сондай-ақ менің сіздерді жақында атап өтілетін АӨСШК-нің 20 жылдығымен құттықтап, барлық қатысушыларға тұрақты қолдау мен біздің форумымыздың тиімділігін арттыруға баға жеткізгісіз үлес қосқандарыңыз үшін ризашылығымды білдіруіме рұқсат етіңіздер.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Өткен жылдар бедерінде үлкен жұмыстар атқарылып, айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді.

Біріншіден, АӨСШК түрлі мәдениеттер, өркениеттер мен даму моделіне ие Азия мемлекеттерінің басым бөлігінің басын қосты. 3 саммит өткізіліп, 3 министрлер кездесуі ұйымдастырылды.

Екіншіден, АӨСШК аясында ынтымақтасуға саяси және құқықтық іргетас қалаған негізгі құжаттар жасалып қабылданды.

Үшіншіден, форумды институттандыру кезеңі аяқталды. Хатшылық пен оның жұмыс органдары табысты жұмыс істеп тұр.

Төртіншіден, АӨСШК қызметінің іс жүзінде барлық бағыттары бойынша тұжырымдама мен іс-қимыл жоспары қабылданған.

Бесіншіден, біздің елдеріміз арасындағы экономикалық ынтымақтастықты кеңейту үшін негіз қалыптастыру үдерістері жүріп жатыр.

Іскерлік кеңесін құруға даңғыл жол ашылса, АӨСШК-нің бизнес-форумдары тұрақты өткізіліп келеді.

Алтыншыдан, халықаралық және өңірлік ұйымдармен және форумдармен байланыстар орнатылған.

Ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан 2010 жылы АӨСШК-ге төрағалық ету мандатын Түркия Республикасына берді, аталған ел бұл жауапты миссияны 2014 жылға дейін атқаратын болады.

Өткен 2 жыл ішінде АӨСШК өзінің географиясын айтарлықтай кеңейтті. Форумның жаңа мүшелігіне Вьетнам, Ирак, Бахрейн және Камбоджа қабылданды. Байқаушы елдер құрамына Бангладеш пен Филиппины қосылды. АӨСШК-ні дамыту мен нығайтуға, сондай-ақ оның халықаралық аренадағы беделін жоғарылатуға сүбелі

үлес қосқан түрік жағына біз ризашылығымызды білдіреміз.

Қазақстан Қытай Халық Республикасының 2014–2016 жылдар кезеңінде АӨСШК-ге төрағалық миссиясын қабылдау ниетін қуаттайды. Қытайдың Азия ынтымақтастығының сенім мен даму секілді күрделі үдерістерін ілгерілетуде бірегей тарихи, саяси және мәдени тәжірибеге ие екенін атап көрсеткім келеді.

КХР-дың төрағалығы АӨСШК-ні нығайтуға және одан әрі дамытуға айтарлықтай серпін беретініне, көпқырлы үнқатысу, өзара мүдделестікті есепке ала келгенде, консенсусқа қол жеткізуге ұмтылыс жолымен Азиядағы бөлінбейтін кооперативтік қауіпсіздік тұжырымдамасын ілгерілетуге мүмкіндік туғызатынына сенім білдіремін.

Құрметті қатысушылар!

Азия құрлығы ХХІ ғасырда өзінің экономикалық әлеуеті бойынша да және әлемдік саясатқа ықпал ету деңгейі бойынша да жаһандық халықаралық қатынастардың басты алаңына айналып келеді.

Қазірдің өзінде аталған өңір елдері жалпыхалық ІЖӨ-нің 57%-дан астамын өндіреді.

Сонымен бір мезгілде, өкінішке қарай, Азияда аумақтық таластар мен қарама-қайшылықтарға

байланысты шешілмеген мемлекетаралық проблемалар ушыға түсуде. Оның үстіне Азия өңірі ядролық қаруға ие және өзінің әскери әлеуетін белсенді өрістетіп отырған елдер көп шоғырланған аймақ болып табылады.

Азия елдерінің күрт дамуы қазіргі жанжалдардың ушыға түсуімен ерекшеленіп қана қоймай, сенім деңгейінің төмендеуі мен геосаяси бақталастыққа алып келуде. Заңсыз миграция мен есірткінің заңсыз айналымы, аумақтық талап пен сепаратизм, діни экстремизм мен терроризм проблемалары сақталып отыр.

Азия елдері арасындағы сенімді нығайтпай, қауіпсіздіктің жаһандық міндеттерін шешуде айтарлықтай ілгерілеушіліктерге қол жеткізу қиын болатыны анық.

Осыған байланысты бізге, Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық мәселелері бойынша бірлесіп шешім қабылдау үшін, форумның әлеуетін барынша пайдалану қажет.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан – ядросыз әлем құру жолындағы қозғалыс көшбасшыларының бірі. Біз Семей ядролық полигонын жауып және Қазақстан меншігінде болған ядролық қарудан мәңгілікке бас тартып, осы үдеріске тарихи үлес қостық.

Біз барлық елдерді Ядросыз әлемнің жалпыға бірдей декларациясын қабылдауға шақырамыз.

Ядролық қауіпсіздік жөніндегі Вашингтон мен Сеул қалаларында өткен жаһандық саммиттерде Қазақстанның МАГАТЭ жетекшілігімен Ядролық отын халықаралық банкіні құру туралы жаңа бастамасы жан-жақты қолдауға ие болды.

Сондай-ақ қазіргі кезде, біздің республикамыз бастамашылық жасаған «АТОМ» халықаралық жобасы шеңберінде, Жер шарының кез келген адамы планета мемлекеттерінің үкіметтеріне онлайн-петицияға қол қойып, ядролық қаруға қарсы шыға алады.

Ядролық қарусыз әлем құру – біздің болашаққа бағдарланған аса маңызды мақсатымыз.

Біз сондай-ақ Солтүстік Кореяның ядролық бағдарламаларын толықтай жою мәселесі алты жақты келіссөздер аясында шешілуі тиіс деп есептейміз.

Иранның ядролық бағдарламасына қатысты айтатын болсам, мұнда мен бұл проблеманы шешу тек дипломатиялық әдіс арқылы ғана мүмкін екендігін тағы да атап көрсетсем деймін.

Осы жолғы форум бүкіл планета өзгеріске түскен уақытта өткізіліп отыр. Әлемдік тәртіптің жаһандық тұрғыдан трансформациясы басталды.

Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы адам айтқысыз сілкіністер бұған айқын айғақ болып табылады.

Қазақстан Сириядағы дағдарысты жағдайды бейбіт реттеуге бағытталған күш-жігерді қолдайтынын талай мәрте мәлімдеді. Біз ел болашағы

тек Сирия халқының қолында екеніне сенімдіміз, осымен байланысты тараптар келіссөз үстеліне отырулары тиіс.

Біздің форумның ең көкейкесті міндеттерінің бірі Ауғанстан проблемасын шешуге бағытталған тұтас бір шаралар кешенін жүзеге асыру болып табылады.

ЕҚЫҰ-ға өзінің төрағалығы барысында Қазақстан осы елдегі жағдайды қалпына келтіру үшін айтарлықтай күш-жігер жұмсады. Бүгінде Ауғанстанға жан-жақты көмек көрсету жалғасуда. Біз Қазақстан ЖОО-ларында ауған жастарын оқытып, гуманитарлық жәрдем көрсетудеміз және әлеуметтік нысандар құрылысын қаржыландыруды жүзеге асырудамыз. Ауғанстанды өңірлік тасымал жүйесіне толыққанды тарту үшін көлік инфрақұрылымдарын кеңейту жолдары қарастырылып жатыр. Сонымен бірге, халықаралық құрылымдар аясында әріптестерімізбен есірткі өндірісімен және есірткі тасымалымен күресті күшейту бойынша жұмыстар жетілдірілуде.

Құрметті қатысушылар мен қонақтар!

Сарапшылар қоғамдастығы дағдарыстың жаңа толқыны тәуекелінің жоғарылығы сақталып отырған әлемдік экономикаға ауқымды реформалар жасайтын кез жеткенін қайта-қайта айта бастады.

Қазақстан жаһандық дағдарысқа қарсы шешімдерді іздестіруге қатысушылар санын түбегейлі кеңейтуге шақырады. Бұл мақсатқа қол жеткізу

үшін біз Астана экономикалық форумы арқасында G-Global коммуникативтік алаң құру бастамасын ілгерілеттік.

Көлік саласындағы әріптестікті тереңдетудің айтарлықтай келешегі бар. Қазақстан, орталық-азиялық ықпалдастықтың сенімді жақтаушысы ретінде, өңірдегі аса ірі транзиттік және логистикалық хаб, Еуропа мен Азия арасында «көпір» болу ниетінде.

Азия-Тынық мұхиты аймағында түрлі көпқырлы өңірлік және трансөңірлік бірлестіктер іс-қимыл танытуда. Сонымен бір мезгілде, қауіпсіздік саласында дамыған институттары бар Еуропамен салыстырғанда, Азияда ЕҚЫҰ секілді жалпықұрлықтың ауқымдағы жүйе жоқ.

Осы орайда АӨСШК өңірдегі қауіпсіздік пен ынтымақтастықты қолдаудың институционалдық құралы ретінде ерекше маңызға және қажеттілікке ие бола түсуде.

Қағидаттар декларациясында, Алматы актісінде және АӨСШК Сенім шаралары каталогінде Азия қауіпсіздігі жүйесінің саяси-құқықтық негізі қаланған.

АӨСШК-ге мүше мемлекеттердің дүние жүзі мен өңірдегі қауіпсіздіктің шешуші мәселелері бойынша ортақ көзқарасы ұштастырылған.

Сондықтан АӨСШК-ге қатысушылар жақын жылдары осы бағытта бірлесіп жұмыс істеулері тиіс.

АӨСШК-нің төртінші саммитіне қарай біз ұйымды құру бойынша белгілі бір нәтижелерге қол жеткіземіз деген үмітімді білдіремін.

Осы мерзімге дейін, сондай-ақ АӨСШК Хатшылығының басшысы мәртебесін Атқарушы директордан Бас хатшы деңгейіне дейін көтерген жөн. Қолданыстағы рәсімдер ережесіне тиісті өзгерістер енгізу арқылы АӨСШК-нің Тұрақты комитетін құру мәселесін қарауды ұсынамын. Сонымен қатар, Еуро-атлантикалық және Еуразиялық қауіпсіздіктің ортақ тұғырнамасын құруға қарай өзгере алатын АӨСШК мен ЕҚЫҰ арасындағы өзара іс-қимылды жалғастыру және дамыту қажет.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Бүгін, яғни Азия күрт дамып жатқан кезде, бізге қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың жалпыға ортақ және тиімді институты ерекше қажет. Осы тұрғыдан келгенде, АӨСШК қауіпсіздіктің жаңа жаһандық сәулетінен өзінің лайықты орнын алуы тиіс.

Егер біз проблемаларға тиімді өзара іс-қимыл мен жасампаз сенімді қарсы қоя алсақ, онда Азияда шешілмейтін түйін болмайтынына сенімдімін. Осыны түйсіну біздің субқұрлығымыз бен бүкіл планетаның жарқын болашағына деген үміт отын жағып, сенімді нығайта түседі.

«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы
«Жас Отан» жастар қанатының II съезінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2012 жылғы 16 қараша

Армысыңдар, отандастар!

Баршаларыңды «Жас Отанның» II съезінің ашылуымен құттықтаймын!

Жаңа ғана мінбеге шыққан жастар жалынды сөз бен жасампаз істің иесі екендіктерін танытты. Сендер күллі Қазақстан жастарының атынан көшелі ой мен өрелі пікір айттыңдар. Сендердің тың бастамаларыңды мен әрқашан қолдаймын!

Қазақстан қай жағынан алғанда да жас мемлекет. Ел азаматтарының 5 млн-ға жуығы 14 пен 29-дың аралығындағы жастар.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап жастар мәселесі менің де, мемлекеттің де ең басты назарында болды.

Бұл салада «Болашақ», «Жасыл ел», «Жастар – Отанға», «Дипломмен – ауылға», «Жастар тәжірибесі», «Жас мамандар қоры» сияқты көптеген мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып отыр.

Жастар саясаты саласындағы жобаларды қаржыландыру соңғы 7 жылда 10 есеге артты. Тек биылдың өзінде жас мамандардың баспаналы болуына және оларды қолдау көмегіне 12 млрд теңге жұмсалды.

2020 жылға дейін жас отбасыларға арнап 1,2 млн шаршы метр тұрғын үй салуды тапсырдым.

Бұл құрғақ цифрлар ғана емес, әрбір көрсеткіштің артында орасан еңбек пен сендерге шексіз қамқорлық жатыр.

Мен осынау еңбектің жемісі мен қамқорлықтың жылуын жастардың жақсы білетініне кәміл сенемін.

Құрметті съезд делегаттары, менің жас достарым!

Мен осы съезге келген барлық жасотандықтарды құттықтаймын!

Осыдан 4 жыл бұрын «Жас Отан» жас партияшылардың дербес бірлестігіне айналды. Сол кезде мен «Нұр Отанның» жас мүшелеріне өздерінің болашақтағы стратегиясын өздерінің айқындауына мүмкіндік беру туралы шешім қабылдадым. Бұл дұрыс шешім болды.

Біріншіден, бізде өзіміздің алғы шептегі саяси күшіміз пайда болды!

Екіншіден, «Жас Отан» жастардың неғұрлым белсенді және жауапкершілікті бөлігін біріктірді.

Үшіншіден, «Жас Отанның» төңірегінде студенттердің, жас фермерлер мен жұмысшылардың, ғалымдар мен шығармашылық қызметкерлердің кең ауқымды одақтасуы қалыптасты.

«Жас Отан» «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» сияқты жаңа балалар ұйымдарының тәлімгеріне айналды.

Төртіншіден, сіздердің біздің партияның Мәжілістің соңғы сайлауында, соның ішінде кезекті президенттік сайлаудағы жеңісіне қосқан үлестеріңіз зор.

Мен біздің ортақ жеңісімізді шыңдаған барлық жас партияшыларды құттықтаймын.

«Жас Отан» жастар қанаты өте қажет. Бұл ұйымда сіздер өмір сүруге, сөйлесе білуге, бір-біріңмен араласуға үйренесіздер. Іс жүзінде өздеріңізді түрлі жағдайлардағы өмірге дайындайсыздар. Сондықтан жастар ұйымдарындағы

белсенді жұмыс сіздердің өмірлеріңізде пайдаға асады.

Бесіншіден, бүгін съезде «Жас Отанның» 2020 жылға дейінгі стратегиясын қабылдайсыздар.

Бұл жобаны өздеріңіз өз тәжірибелеріңіздің негізінде әзірледіңіздер. Стратегияның барлық міндеттері жастарды индустриялық-инновациялық даму, біздің еліміздің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын нығайту міндеттеріне тартуға бағытталған.

Менің жас көмекшілерім мен қанаттастарым!

Осыдан 21 жыл бұрын біз Қазақстанның тәуелсіздігін жарияладық. Ал 15 жыл бұрын еліміздің даму көгіндегі темірқазығы болған «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасын қабылдадық.

Қазақ елінің жаңа дәуірдегі болашағын айқындап берген тағдырлы құжат бізді биік мұраттарға бастады. «Қазақстан – 2030» стратегиясын дайындасқан менің серіктерімнің көпшілігі 30-ға да толмаған жас азаматтар еді. Содан бері еліміз айтулы стратегиядан айнымай, қарыштап дамып келеді.

Бір сәт жүріп өткен жолымызға көз жүгіртіп көрейікші: біз кеше кім едік?

Тәуелсіздік алған тұста бұрынғы Кеңес Одағының соңында қалған республика болатынбыз. Экономикамыз әлсіз, қолда бар өндіріс – зауыт-

тар әбден ескірген. Мұғалімдер мен дәрігерлерге жалақы, зейнеткерлерге зейнетақы тауып берудің өзі қияметтің қиыны болатын. Қазақстанның өзі түгілі аты әлем елдерінің көпшілігіне бейтаныс еді.

Бірақ біз ешуақытта мойыған жоқпыз. Жеріміз бай, халқымыз сауатты, жастарымыз отансүйгіш болды. Арманым орындалды.

Қазіргі күндерге жету үшін біздің буын, сендердің әкелерің, аталарың көп тер төкті. Елдің сыртын жаудан, ішін даудан аман алу үшін деп күндіз-түні тынбай жұмыс істедік.

Қараңдаршы, сол тынымсыз еңбектің арқасында біз қазір кім болдық?

Адам басына шаққандағы ішкі жалпы өніміміз 16 есеге өсіп, 12 мың долларға жетті. Бұл біздің Түркиямен, Малайзиямен, Шығыс Еуропаның мемлекеттерімен тереземіз тең болды деген сөз.

Индустрияландыру картасының аясында жалпы құны 9,6 трлн теңге болатын 600-ден астам жоба жүзеге асырылуда. Бұл біздің жастарымыз үшін 370 мың жаңа жұмыс орнын береді.

Қазақстанның бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы тапсырма бердім.

Дүниежүзілік экономикалық форум мәліметтеріне жүгінсек, соңғы 1 жылда Қазақстан 21 сатыға көтеріліп, 51-ші орынға шықты.

Қазақстан халқы татулыққа ұйыған, жастары жасампаздыққа ұмтылған елге айналды. Бір буын ауыспай-ақ, мүлдем басқа сипаттағы жаңа ұлт, жаңа ел болдық. Күллі әлем таныған, құрметтеп төріне оздырған беделді мемлекетпіз. Мұның бәрі бір күнде, бір сәтте бола салған жоқ.

20 жылда 2 ғасырға татитын еңбек сіңіргендіктен ғана қос ғасырға бергісіз табысқа жеттік. Бұл табысқа күллі қазақстандықтардың, оның ішінде біздің жастарымыздың қосқан үлесі орасан зор.

4 жыл бұрын «Жас Отанның» алғашқы съезінде мен «Жастар – Отанға» атты шараның тұсауын кескен едім. Осы шараның аясында жастарымыз талай игілікті іс тындырды, талай тың бастама көтерді.

Ақтөбелік жастардың бастамасымен «Ауылдың өркендеуі – Қазақстанның өркендеуі» атты марафон-эстафета өтті. «Жасыл ел» жастар отрядтары құрылды. Ол 700 мыңнан астам жас қазақстандықты біріктірді. Сендердің қолдарыңмен тұтас еліміз бойынша 640 мың көшет отырғызылды. 700-ден астам өзен-көл мен бастау-бұлақ қоқыстан тазартылды. 450 мың тонна қоқыс жиналды. Туған жерге жанашырлық осындай болуы керек.

Мен ақтөбелік жастарға және «Жасыл елдің» отрядтарына қатысушылардың барлығына жалынды сәлем жолдаймын!

Мен бастамашылық еткен «Дипломмен – ауылға» шарасына да «Жас Отан» кеңінен қолдау білдірді.

Соңғы 3 жылда жоғары оқу орындарының 20 мыңнан астам түлегі ауылға оралды. Олар алтын бесік – ауылды көркейту жолында қажырлы еңбек етіп жатыр. Алдағы бірнеше жылда тағы 16 мыңнан астам жас ауылдарға бармақ.

Ауыл мектептері мен ауруханаларында, кітапханалар мен мәдениет үйлерінде, қала берді шаруашылықтар пен егіс алаңдарында еңбек етіп жатқан жас мамандарға жалынды сәлем!

Мен Солтүстік Қазақстанның, Ақмола және басқа да облыстардың жас фермерлерін, барлық жас аграршыларын құттықтаймын!

Мен «Жастар – жастарға» және «Өрле, ауылым!» жобалары шеңберінде Қарағанды және Жамбыл облыстарындағы жасотандықтардың қала жастарының ауыл жастарына қамқорлық жасау жөніндегі жұмыстарын білемін.

Бұл біздің барлық жастарымыз үшін үлгі.

Қарағандылық және жамбылдық жастарға менен жалынды сәлем!

«Жас Отан» табиғи апаттардан зардап шеккендерге жәрдем беруге ұмтылатын қазақстандықтардың ең алдында жүреді. «Жас Отанның» студенттік құрылыс отрядтары күллі ел жастары үшін шынайы отансүйгіштік пен жанқияр еңбектің үлгісіне айналды.

Тек Батыс Қазақстан облысының өзінде осындай 20 отряд жұмыс істеді. Ал Оңтүстік Қазақстанда

игілікті іске 8 мыңнан астам жас құрылысшы тартылды.

Мен Батыс және Оңтүстік Қазақстан өңірлерінің жастарына, сонымен қатар табиғат апаттарынан зардап шеккендерге жанашырлық танытқан барша студенттерге жалынды сәлем жолдаймын!

Мен Шығыс Қазақстан облысында «Жас Отан» белсенділерінің қауіпті учаскелерді қардан тазарту және су тасқынының алдын алу жөнінде отрядтар құрғанын білемін.

Павлодар облысында «Жас Отан» филиалы мүгедек балаларға арналған «Самал» оңалту орталығы төңірегіндегі аумақты көріктендіруге қаржы жинау жөнінен қайырымдылық марафонын өткізді.

Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының жастарына менен ыстық сәлем!

Мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту нысандарында студенттік практика ұйымдастыру жөніндегі қостанайлық жасотандықтардың бастамасын толықтай қуаттаймын. Облыс әкімі осынау тамаша бастамаға қолдау көрсетуі керек.

Атырау облысының жас ғалымдары 2 жылда 20 инновациялық жоба дайындады. Олар «Инновация арқылы дамуға» атты аймақтық байқауда мақұлданды. Енді олардың іс жүзінде қажетке жарауын қамтамасыз ету барынша маңызды.

Облыс басшылығы бұл мәселені айрықша бақылауға алуы керек.

Қостанай мен Атырау облысының жастарына және экономиканы инновациялық дамыту ісіне белсене қатысқан жаңашыл жастарға жалынды сәлем!

«Жас Отан» сыбайлас жемқорлықпен күреске нақты істермен қолдау көрсетті. Бүгінде жасотандықтар сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық кеңестердің және «Нұр Отан» партиясының қоғамдық қабылдау бөлмелерінің ең белсенді мүшелері.

Мен бүкіл ел бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуші жастарды шын жүректен құттықтаймын.

Бұл өте маңызды жұмыс және мен оны көптен жүргізіп келемін. Төменнен қолдаусыз, сіздердің көмектеріңізсіз біз осынау мемлекет пен қоғам үшін қауіпті құбылысты еңсере алмаймыз.

Мен Алматы облысы «Жас Отан» филиалының өнер мен мәдениеттегі жас дарындарды анықтау мен қолдау жөніндегі жұмысын қуаттаймын.

Алматы жасотандықтары жаңа кадрларды және президенттік резерв үшін де кадрлар дайындайтын «Жас көшбасшылар мектебі» жобасын жүзеге асыруда.

Біздің даңқты алматылық жастарымызға менен жалынды сәлем!

«Туған тіл – тұғырың», – дейді халқымыз. Мемлекеттік тілді дамыту және насихаттау жөніндегі «Таза тіл» атты шара айрықша назар аударуға және күллі ел болып қолдауға лайық бастама.

Мен бұл шараның бастамашылары – Қызылорда облысының жастарына жалынды сәлем жолдаймын.

Мен бүгін біздің әлемдік жарыстардағы чемпиондарымыз бен жүлдегерлеріміздің табыстарын тағы да атап өтпекпін.

VII қысқы Азия ойындары және Лондон қаласындағы XXX жазғы Олимпия ойындары қазақстандық спорттың асқақ салтанатына айналды.

Мен біздің олимпиадашыларымызды, сондай-ақ барлық қазақстандық спортшыларды құттықтаймын.

«Жас Отан» саламатты өмір салтын насихаттап, жаппай денешынықтыру ісін дамытуда үнемі алдыңғы қатардан табылып келеді.

Мысалы, Маңғыстау облысының «жасотандықтары» «Темекіні таста, жаңа өмірді баста» деген ұран тастады. Маңғыстаулық жастарға сәлемімді айтып, осы ұсынысты баршаларыңыз қолдаса екен деп тілеймін.

Биыл Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдарының құрылғанына 20 жыл толады. Оларда негізінен жастар қызмет етуде. Олар елдегі

тәртіпті қадағалайды, біздің тәуелсіздігімізді күзетеді. Олардың көбі бейбіт уақытта қаһармандық үлгісін көрсете отырып, қылмыс пен экстремизмге қарсы тұруда өз өмірлерін қиды. Сондықтан да мен біздің армиямыз бен құқық қорғау органдарындағы жас сарбаздарды, сержанттар мен офицерлерді айрықша құттықтаймын!

Бүгін астаналық «Жас Отанның» филиалының жұмысын айрықша атап өткім келеді.

Астана – Қазақстанның жастығы және болашағы. Астаналық жастар барлық халықаралық іс-шараларда ерікті жәрдемші болып жұмыс істеу арқылы Астананың жаһандық даңқын белсенді түрде паш етуде. Елордалық жасотаншылар «Найза» әскери-патриоттық ойынының бастамашылары болды.

Менен жалынды сәлем, сіздерге, Астана жастары!

Жасотандықтар бүкіл ел бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысына белсенді атсалысады. Этносаралық және конфессияаралық келісім әркезде де жалпыхалықтық жетістік болып қала бермек.

Құрметті делегаттар!

Өздеріңіз білесіздер, биыл мен Үкіметке жастар саясатын күшейту жөнінде нақты тапсырмалар бердім.

Жастармен жүйелі жұмыс жүргізу үшін Білім және ғылым министрлігінде Жастар ісі жөніндегі комитет, ал барлық облыстарда – жастар істері жөніндегі басқармалар құрылды. Мен әр өңірде Жастар ісі жөніндегі кеңестерді облыс әкімдері тікелей басқаратын болсын деп нұсқау бердім.

Еуразия ұлттық университетінің арқауында «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы құрылды.

Мен «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасы шеңберінде жыл сайын жас отбасыларына 3 мың пәтер бөлу жөнінде тапсырма бердім.

Тек биылғы жылы ғана мемлекет 95 мың жас қазақстандықтың еңбекке орналасуына ықпал етті.

Сіздердің бүгініңіз бен болашағыңызға қамқорлық әр кезде де менің саясатымның басты мәні болған.

Халық бірлігін нығайту – бұл сіздер, жастар үшін!

Жаңа университеттер, кәсіптік колледждер – сіздер үшін.

Жаңа зауыттар мен жұмыс орындары – олар да сіздер үшін.

Саламатты өмір салты мен спорт – сіздер үшін.

Қазақстан елінің халықаралық беделі – ол да сіздер үшін.

Осының бәрі күн сайынғы ауыр еңбекпен құрылды және құрылуда. Бұл Жалпыға ортақ еңбек қоғамының негізі. Сондықтан бүгінде

жастар саясатының жаңа міндеттерін белгілеудің маңызы зор.

Бірінші. Менің бастамам бойынша 2020 жылға дейінге арналған мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы әзірленуде. Онда «Жас Отанның» 2020 жылға дейінгі Стратегиясының негізгі қағидаларын ескеру қажет.

Бүгінде жастар саясаты жөніндегі заң жобасы әзірленуде. Оны алдағы жылдың бірінші жартыжылдығында қабылдау керек.

Үкіметке «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясымен бірлесіп жобаны сапалы толықтыруды және Парламентке жедел енгізуді қамтамасыз етуді тапсырамын.

Екінші. Жастар саясатының жоғарыдан төмен жүзеге асуын әрбір қала мен ауылға дейін жеткізу керек.

Ірі өндірістік ұжымдардағы жастар істері жөніндегі комитеттердің рөлін күшейту қажет. Дәл осындай жұмыстар барлық ұлттық компанияларда да жүргізілуі тиіс.

Үшінші. Ол – жастар кәсіпкерлігін және жұмыспен қамтуды қолдау.

Үкімет жаңа бастаған кәсіпкерлерге несиелік және консалтингтік көмек туралы мақсатты сегментті бейнелеу үшін «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасына өзгерістер енгізуі керек.

Егер жас адам өз бизнесінің болашағын шынайы көретін болса, онда оған елеулі көмек қажет.

«Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы да толықтырулар енгізуді қажет етеді. Мен «Жастардың еңбек биржасы» бірегей веб-порталын құруды ұсынамын.

Кез келген жас қазақстандық «Дипломмен – ауылға», «Жастар практикасы», «Жасыл ел» сияқты бағдарламаларға қатысу үшін электрондық тапсырыс бере алатын немесе елге қандай мамандықтар қажет екенін біле алатын болуы керек.

Мен жастарды еңбекпен қамту мәселесі толғандыратынын білемін. 2012 жылы 161 мың жас қазақстандық орта мектептің 11 сыныбын бітірді. Олардың 43 мыңы жоғары оқу орындарына қабылданды. 28 мың адам техникалық және кәсіби білімсіз еңбек нарығына кіргенді жөн көріп, не колледжге, не университетке түскен жоқ. Бұл категорияға мамандық алу барған сайын қиындай түсетін болады. Мамандықсыз жақсы жұмыс пен еңбекақыға иек арту мүмкін емес.

Мен орта мектеп бітірген әрбір қазақстандық мамандық алуға мүмкіндігі болуы үшін Үкімет алдына міндет қоямын. Баршаға бірдей жоғары білім алу шарт емес. Экономикаға орта буындағы техникалық қызметкерлер – слесарьлер, электриктер, механиктер және басқалар да қажет.

Мектепті аяқтаған соң бірден мемлекет мониторинг жүргізуі тиіс. Басқаша айтқанда, жоғары

оқу орнына түспегендер колледждерде білім алуға барлық мүмкіндіктерді иеленулері керек.

Енді жастарды жұмыспен қамту туралы.

Елімізде жастар арасында жұмыссыздық экономикалық белсенді тұрғындардың 3,8 % ғана құрағанымен, яғни бұл көрсеткіш жоғары болмаса да, үстіміздегі жылы ЖОО бітірген 161 мың жас маманның 38 мыңы әзірше жұмысқа орналаса алған жоқ. Ал колледж бітірген 131 мың адамның 19 мыңы жұмысқа орналаспаған.

Үкіметке осы мәселені қарап, арнайы нақты бағдарлама қабылдауды тапсырамын.

Жастар Қазақстанда қандай мамандыққа сұраныс бар екендігін түсінулері тиіс.

Үкіметтің бағдарламасында кез келген ірі кәсіпорында, мемлекеттік индустрияландыру бағдарламасына қатысушыда, бизнестің жол картасында жастарды оқыту және жұмысқа орналастыру бойынша квота болуы шарт.

Келесі бір маңызды бағыт – жұмысшы кадрларын дайындаудың дуалды жүйесін дамыту.

Осы жүйе бойынша кәсіби мектеп оқушысы бір мезгілде өндірісте тағылымдамадан өтуші болып табылады.

Менің тапсырмам бойынша бұл модель қазірдің өзінде «Қазақмыс» кәсіпорындарында, Дөңтау-кен байыту комбинатында, Қазақстан электролиз зауыты, Павлодар мұнай-химия зауыты, «KEGOC», «Қазатомөнеркәсіп», «Қазақтелеком»,

Ақсу ферроқорытпа зауыты, Сайрам машина жасау зауыты сияқты кәсіпорындар өздеріндегі оқу орталықтарын дуалды негізде оқытатын колледждерге айналдырды.

Бүгінде дуалды жүйе әлемнің 60 елінде табысты жұмыс істеп тұр. Мен қазақстандық компанияларды шұғыл түрде осымен айналысуға шақырып, ал Үкіметке бұл үдерісті бақылауды тапсырамын.

Тағы бір мәселе – жастарды уақытша баспанамен қамтамасыз ету.

Жастардың жинақы бөлігі алғашқы кездерде тұра алатын студенттік және жастар жатақханаларын көбірек салу қажет.

Осы бағыттардың барлығы Үкіметтің Жұмыспен қамту бағдарламасында қамтылуы керек.

Төртінші, Қазақстанда, «Жас Отанды» қоса алғанда, 11 ірі жастар ұйымдары жұмыс істейді. Олармен Үкімет, сондай-ақ әрбір министрлік пен ведомство жұмыс істеуі тиіс. Сіздердің өкілдеріңіз Үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс істейтін кеңестер құрамына кіруі керек.

Мен Үкіметке Жастар бастамаларының қорын құру мәселесімен айналысуды тапсырамын. Барлық министрліктер мен әкімдіктердің стратегиялық жоспарларына жастар мен жұмыс жөніндегі индикаторларды енгізу қажет.

Бүгін мен «Жас Отан» съезі делегаттарын менің көптен бергі тағы бір арманымды жүзеге асыруға қолдау көрсетуге шақырғым келеді.

Мен Астанада Жастар сарайын салуды ұсынамын! Егер сіздер қолдасаңыздар, жаңа сарай Астананың ең үздік архитектуралық шедеврлерінің бірі болуы тиіс.

Бесінші. «Жас Отан» жастар қанаты – елді жаңғырту үдерісіндегі қазақстандық жастардың басты саяси үйлестірушісі.

Жастар қанатын қалалар мен аудандар деңгейінде күшейтуді қамтамасыз ету қажет.

«Жас Отан» – болашақ саясаткерлер үшін мектеп. Сондықтан жасотандық депутаттар санын өкілетті органдарда, жергілікті мәслихаттарда, Парламентте көбейту мәселесін шешу маңызды.

«Нұр Отан» партиясының басшылығына осындай жұмысты жүргізуді тапсырамын.

Құрметті съезд делегаттары!

Қазақстан табыстары бүкіл әлемде, әсіресе ХХІ ғасырда барлық елдер басынан кешіріп отырған өткір проблемалар тұсында, мойындалып отыр.

Жаһандық экономикалық дағдарыс, планетаның тұтастай өңірлері үшін жаппай аштық қатері, жанжалдар мен соғыстар – осының барлығы бүгінгі күннің шындығы.

Сіздердің бүкіл әлемдегі көптеген құрбы-құрдастарыңыз үшін «тұтыну қоғамы» атты жалған тұжырымдама нағыз қақпанға айналды. Адал

еңбек тез баю мен ұстамсыз тұтынуға ұмтылумен ауысты.

Материалдық өндіріс қысқарған жағдайдағы қызмет көрсету саласының өсімі бүкіл әлем бойынша жастардың білім беру мен еңбекпен қамтылуындағы дағдарысты тереңдете түсті. Бүгінде G20 елдерінде 20 млн-ға жуық жұмыссыз жастар бар. Италияда, Испанияда, Оңтүстік Африка Республикасында – әрбір екінші жас жұмыссыз, ал АҚШ-та, Ұлыбританияда, Францияда, Канадада, Бразилияда, Түркияда – шамамен әрбір бесінші жаста жұмыс жоқ.

Жаһандық экономиканың даму болжамы көңіл көншітерліктей емес. Сарапшылардың көпшілігі жаһандық дағдарыстың жаңа толқынынан қашып құтылу мүмкін емес дегенді айтады.

Қазақстан – осы күрделі әлемнің бір бөлшегі. Әрине, біз сақтық шаралар қабылдап, дағдарысқа қарсы бағдарламалар түздік. Сондықтан болашаққа «жеңіл саяхат жасау» деген бізде де болмайды. Мен сіздердің, жас қазақстандықтар, осыны білгендеріңізді қалаймын! Осы себепті көп нәрсе сіздердің еңбексүйгіштіктеріңізге, төзімділіктеріңізге, белсенділіктеріңізге, табандылықтарыңызға және жауапкершіліктеріңізге тәуелді болады! Мен бұлар сіздердің ең жақсы қасиеттеріңізге айналады деп сенемін!

Менің жас серіктерім, ізбасарларым, достарым!

Мен сіздердің съездеріңнің «Арман! Еңбек! Сенім!» ұранын қолдаймын.

Мен сіздерге сенемін, жас қазақстандықтар! Мен сіздердің біздің еліміз – Қазақстанға деген сүйіспеншіліктеріңізге сенемін! Мен әрқашан бірлікті, тұрақтылықты қорғайтындықтарыңызға, демек, біздің Отанымыздың болашақта өсіп-өркендейтініне сенемін!

Бұл дүниеде бізде бір ғана Отан, бір ғана жер, бір ғана Аспан бар. Біздің Отанымыз ортақ, демек, жүрегіміз де біртұтас, ұмтылыстарымыз да бірдей. Мен сіздерге жұдырықтай жұмылу, белсенділік, жаңа бастамалар мен жеңістер тілеймін. Алға, «Жас Отан»! Алға, Қазақстан!

Қымбатты жас достарым!

Барша халқымыздың ең басты құндылығы – тәуелсіздік! Біз – көшпенділердің ұрпағымыз, ат үстінде жүрген елміз. Ержүрек халықтың жалғасымыз.

Естеріңде болсын, тарихта қазақты ешкім еш-уақытта жаулап алған жоқ. Жаулап алғысы келгендер ел ішіне іріткі салды.

Бүгінгі тәуелсіз елімізде қазақтың ішкі бірлігі сақталуға тиіс. Біз бір ұлтпыз, қанымыз бір, жанымыз бір. Сыртта жүрсек те, іште жүрсек те, барлық мәселені бірлесіп шешуге тиіспіз.

Ешуақытта басқа ұлттың, басқа діннің адамдарын ренжітуге болмайды. Қандай жаманшылықты өзіңе тілемейсің, басқаларға да сондай тілекші бол. Қазақстандықтардың барлығы бір-біріне тілеулес болғаны жөн. Басқа ұлт болса да, оларда Қазақстанның төлқұжаты бар, осы елде туып-өсті. Бөтеніміз емес. Қоғамның барлық жүгін бірге көтерісіп келеді. Зауыт, фабрикаларды бірге салып жатырмыз.

Бірлігіміз болса, біз бір-бірімізді сыйлаймыз. Бұған дейін осылай болған, бұдан кейін де солай болуға тиіс.

Енді тура 1 айдан соң ел тәуелсіздігінің 21 жылдығын атап өткелі отырмыз. Асылын ардақтай білетін халқымыз тәуелсіздіктің қадірін бір сәт те түсірген жоқ. Тұғырын нығайтып, түтінін түзу ұшыруға барын салып келеді.

Алға, Қазақстан! Алға, «Жас Отан»!

**Астана қаласында «ЭКСПО-2017» Халықаралық
мамандандырылған көрмесін өткізуге
байланысты**

ҮНДЕУІ

Астана қаласы,
2012 жылғы 6 желтоқсан

Құрметті қазақстандықтар!

Өздеріңіз білесіздер, Қазақстан Астанада Халықаралық мамандандырылған «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізу құқына қол жеткізді.

Біз елеулі үміткер, осындай халықаралық форум өткізуде тәжірибесі бар бельгиялық Льеж қаласын жеңіп шықтық. Бұл Қазақстанның зор табысы.

«ЭКСПО» көрмесі – бұл мәні жағынан бүкіләлемдік экономикалық форумдармен, ал туристік тартымдылығы жағынан әлемнің ең кең танымал спорт жарыстарымен теңдес жаһандық ауқымдағы оқиға.

Халықаралық көрмелер өткен 160 жылдан астам уақытта негізінен экономикалық алыптар саналатын – АҚШ, Франция, Германия, Жапония, Бразилия, Канада, Ұлыбритания, Испания, Қытай және басқа елдерде өтті.

Енді олардың қатарына Қазақстан да еніп отыр. Біздің осынау жаңа табысымыз біздің бүкіл әлемде құрметті елге айналғанымызды тағы да көрсетіп беріп отыр.

Біз үшін Халықаралық көрмелер бюросына мүше 160 мемлекеттің басым көпшілігі дауыс берді. Іс жүзінде Астананы бүкіл әлем таңдады! Сондықтан «ЭКСПО-2017» өткізу – бұл, сонымен бір мезгілде, Қазақстанның бүкіл әлем алдындағы орасан зор жауапкершілігі.

Біз небәрі 5 жылда Көрме орталығын тұрғызып, жаңа қонақүйлер, жолдар салып, көлікті дамытып, қонақтарды қарсы алуға даярлықты қамтамасыз етіп, үлкен дайындық жұмыстарын жүргізуіміз керек. Бұл міндеттің ауқымы аса зор.

3 ай ішінде «ЭКСПО-2017» көрмесін шамамен 5 млн шетелдіктер келіп көретін болады. Бүкіл елдер өз павильондарын көрме тақырыбы – «Болашақтың энергиясына» сәйкес дайындайды.

Өткеннің тәжірибесі көрсеткендей, мұндай көрмені өткізу олар өткен қалалар мен елдердің дамуына зор ықпалын тигізді. Бұл біздің еліміз үшін жаңа энергетикалық және «жасыл» технологиялар алуда аса зор мүмкіндік. Бұл «ЭКСПО-2017» дайындау мен өткізу уақытында, сондай-ақ оның нысандарын одан әрі пайдалануда Қазақстанға келіп түсетін миллиардтаған доллар инвестициялар.

Көрмені дайындау мен өткізудің барлық мәселелерін шешу үшін мен Мемлекеттік комиссия құрдым. Астана қаласында жаңа Көрме кешенінің құрылысы үшін жер белгіленді. Бұл Қазақстандағы тағы бір «халықтық құрылыс» болмақ.

5 жыл тез өте шығады.

«ЭКСПО-2017» өткізу құқы жолындағы күрестегі Астананың табысы – бүкіл Қазақстан халқының табысы.

Бүкіл қазақстандықтардың Халықаралық көрмені өткізуге белсенді атсалысатынына менің ешқандай күмәнім жоқ.

Мен «ЭКСПО-2017» біздің тарихымыздың тағы бір алтын парағы болатынына сенемін.

Мен бүкіл отандастарымды топтасуға және біздің елімізді осынау кең ауқымды халықаралық оқиғаға белсенді дайындауға шақырамын.

**«Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан
мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты
Қазақстан халқына**

ЖОЛДАУЫ

Астана қаласы,
2012 жылғы 14 желтоқсан

**Қадірлі қазақстандықтар!
Қымбатты отандастар!**

Біз бүгін Тәуелсіздік күні қарсаңында жиналып отырмыз.

Міне, біз 20 жыл бойы осы ұлы мерекені мақтанышпен атап өтіп келеміз.

1991 жылғы 16 желтоқсанда біз – Қазақстан халқы – егемендікті, бостандықты, әлемге ашық-

тықты таңдадық. Бүгінгі күні осы құндылықтар біздің күнделікті өміріміздің бөлшегіне айналды.

Сол кездері, сапарымыздың басында бәрі басқаша болды. Енді біздің ортақ күш-жігер жұмсауымыздың арқасында ел танымастай болып өзгерді.

Біз бүгін – өзіндік бет-бейнесі бар, өзіндік ерекшеліктері мен өзіндік ұстанымы бар табысты мемлекетпіз.

Біздің алғы шепті алуымыз қымбатқа түсті.

Ел 20 жыл бойы егемендігіміз бен саяси салмағымызды нығайтуға жұмыс істеді. 20 жыл өткен соң бұл мақсатқа қол жетті. Қалыптасу кезеңі табысты аяқталды.

Қазақстан ХХІ ғасырдың басында тәуелсіз әрі өзіне сенімді болып отыр.

Жаһандық дағдарыстың жалғасуының әсерінен әлемде болып жатқан өзгерістер бізді үрейлендірмейді. Біз оларға дайынбыз. Біздің ендігі міндетіміз – егемендік жылдары қол жеткізгеннің барлығын сақтай отырып, ХХІ ғасырда орнықты дамуды жалғастыру.

Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру.

Мықты мемлекет экономикалық жедел өсу жағдайын қамтамасыз ету үшін аса маңызды болмақ.

Мықты мемлекет күнкөріс саясатымен емес, жоспарлау саясатымен, ұзақ мерзімді дамумен және экономикалық өсумен айналысады.

Дәл осы себептен де Тәуелсіздік күні қарсаңында, қымбатты менің отандастарым, мен сіздерге жаңа Жолдау ұсынып отырмын.

Бұл – еліміздің даму келешектілігіне жасаған өзіндік пайымдауым. Бұл – жаңа саяси бағыт.

I. Қалыптасқан Қазақстан – мемлекеттілігіміздің, ұлттық экономикамыздың, азаматтық қоғамымыздың, қоғамдық келісіміміздің, өңірлік көшбасшылығымыз бен халықаралық беделіміздің дағдарыста сыналуы.

Дәл 15 жыл бұрын біз Қазақстан дамуының 2030 жылға дейінгі стратегиясын қабылдадық.

Бұл 1997 жыл – кеңестік кезеңнен кейінгі бей-берекеттік түбегейлі еңсерілмеген, дағдарыс Оңтүстік-Шығыс Азияны және басқа да кейбір нарықтарды сансыратқан кезең болатын. Бізге де аса қиын соқты.

Осы жылдар ішінде біздің стратегиямыз басты мақсатымыздан ауытқымай, шамшырақ сияқты біздің жолымызға сәуле шашып, алға басуға жігерлендірді.

1997 жыл естеріңізде ме?

Парламентте мен сөз сөйлегеннен кейін абдырау мен абыржу болды.

Көпшілік: «Бұл не – насихат па? Әлде аспаннан түскен нәрсе ме?» – деп сауал қойып жатты.

Сол кезде алға қойған міндеттер соншалықты асқақ болып көрінетін.

Дегенмен «көз қорқақ, қол батыр» дейді ғой.

Біздің алдымызда оқиғалар барысына өзгеріс енгізу сияқты ауқымды міндет тұрды. Жаңа елдің іргесін қалау керек болды.

Ол міндетті шешу үшін біз үш бірдей жаңғырту жүргізуге тиіс едік: мемлекеттің іргесін қалау мен нарықтық экономикада серпіліс жасау, әлеуметтік мемлекеттің негіздерін қалау, қоғамдық сананы қайта өзгерту. Біз өзіндік жолымызды айқындауға тиіс едік. Бұл жол «Қазақстан – 2030» стратегиясында белгіленген болатын. Бұл құжат стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді пайымдаған, көзқарасымыздағы маңызды серпіліс болды.

Халық нақылында айтылғандай: «Мақсат – жетістіктің желкені». Орынды мақсаттар ғана табысқа жеткізеді.

Бүгін дұрыс таңдау жасағанымыз туралы айту мен үшін үлкен абырой. 2008–2009 жылдардағы жаһандық дағдарыс осыны айғақтады.

Қазақстан оған төтеп берді. Дағдарыс жетістіктерімізді сетінете алған жоқ, бізді қуатты ете түсті.

Ел дамуының біз таңдаған саяси, әлеуметтік-экономикалық және сыртқы саяси үлгісі өз тиімділігін дәлелдеді.

1. Қуатты да табысты мемлекет

Біздің басты жетістігіміз – тәуелсіз Қазақстанды құрғанымыз.

Біз шекарамызды заңдық тұрғыдан ресімдедік. Елдің тұтастандырылған экономикалық кеңістігін құрдық. Елде өндірістік байланыстарды қайтадан орнықтырып, нығайттық. Бүгінде барлық өңірлер бір-бірімен ажырағысыз байланыста жұмыс істейді.

Билік тармақтарының бөлінуіне негізделген заманауи мемлекеттік басқару жүйесін жасаған тарихи маңызды конституциялық және саяси реформалар жүргіздік.

Елдің жаңа елордасы – Астананы салдық. Бұл заманауи қала біздің бойтұмарымыз бен мақтанышымызға айналды. Біз еліміздің мүмкіндігін әлемге көрсету үшін оның әлеуетін пайдалана алдық. Дәл сол себептен де халықаралық қауымдастық Қазақстанды «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесін өткізу орны ретінде таңдады. Егер Астана болмаса, бұл да болмас еді. Мұндай құрмет кез келгеннің еншісіне тие бермейді. Біздің еліміз кеңестен кейінгі кезеңдегі күллі кеңістікте ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен, осы ұйымның саммитін өткізген және жаһандық ауқымдағы іс-шара – «ЭКСПО-2017» өзінде өткізетін бірінші ел екенін айтсақ та жеткілікті.

2. Демократияландыру мен ырықтандырудың орнықты үдерісі

Біз «Алдымен экономика – содан соң саясат» деген айқын формуламен ілгерілеп келеміз. Саяси реформалардың әрбір кезеңі экономика

дамуының деңгейімен ұштасады. Сондықтан да біз саяси ырықтандыру жолын дәйекті ұстанудамыз. Осылайша ғана елді жаңғыртып, оны бәсекеге қабілетті етуге болады.

Қоғам әрбір қадам басқан сайын демократияландыру мен адам құқықтары саласындағы ең жоғары стандарттарға жақындап келеді.

Біз ел Конституциясында негізгі құқықтар мен бостандықтарды бекіттік. Бүгінгі күні Қазақстанның барлық азаматтары тең құқықтар мен мүмкіндіктерге ие.

3. Түрлі әлеуметтік, этностық және діни топтардың келісімі мен татулығы

Біз қазақ халқына, біздің мәдениетіміз бен тілімізге қатысты тарихи әділдікті қалпына келтірдік.

Этностық, мәдени және діни әралуандыққа қарамастан, елімізде бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтадық.

Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері үшін туған шаңырағына айналды.

Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Көп ұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған.

Қазақстан халқы Ассамблеясы мәдениеттер үндесуінің бірегей еуразиялық үлгісі болды.

Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығына айналды.

4. Ұлттық экономика. Халықаралық еңбек бөлінісіндегі біздің роліміз

Біз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бірінші болып жеке меншікке, еркін бәсекелестікке және ашықтық қағидаттарына негізделген нарықтық экономиканың заманауи үлгісін жасадық. Біздің моделіміз шетелдік инвестицияларды тартудағы мемлекеттің белсенді рөліне негізделген.

Біз елімізге 160 млрд доллардан астам шетел инвестициясын тарттық.

Кәсіпкерлік қызмет үшін негізгі талаптар мен заманауи салық жүйесі қалыптасты.

Біз ұлттық экономиканы жоспарлы түрде әртараптандырудамыз. Үдемелі индустрияландыру бағдарламасында екі бесжылдықта экономикамыздың бет-бейнесін өзгертіп, оны шикізаттың әлемдік бағаларының ауытқуына тәуелсіз ету міндетін қойдым.

«Қазақстан – 2030» стратегиясы қабылданғаннан бері 15 жыл ішінде мемлекетіміз әлемдегі ең серпінді дамушы елдер бестігіне енді.

Нәтижесінде, 2012 жылдың қорытындысы бойынша, ІЖӨ-нің көлемі жағынан біз әлемнің 50 ірі экономикасының қатарына кіреміз.

Әлемнің барлық елдері өз дамуын салыстыратын мойындалған рейтингтер бар. Осыдан 6 жыл бұрын мен алдымызға әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіру жөнінде жалпыұлттық

міндетін қойдым. Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингінде 51-ші орынды иеленді. Біз бүгін осы мақсатымызға таяқ тастама ғана қалдық.

5. Қоғамдық тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз еткен күшті әлеуметтік саясат

Мен үшін әрқашан халықтың тұрмыс деңгейі басты өлшем болды әрі солай бола бермек.

15 жыл ішінде қазақстандықтардың табысы 16 есе өсті.

Табысы күнкөріс деңгейінен төмен азаматтардың саны 7 есе азайды, жұмыссыздар саны 2 есе қысқарды.

Біз әлеуметтік бағдарланған қоғамның негіздерін қаладық.

Біз ұлт денсаулығын жақсарту ісінде едәуір ілгерілеуге қол жеткіздік.

Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру үшін оны ұйымдастыру, басқару мен қаржыландыру жүйесі реформаланды.

Соңғы 5 жылда ана өлімі шамамен 3 есе азайды, бала туу көрсеткіші 1,5 есе өсті.

Білім алуға тең мүмкіндіктер жасалуда.

Соңғы 15 жылда білім алуға жұмсалатын қаржы 9,5 есе өсті.

Білім берудің мектепке дейінгіден бастап жоғары білімге дейінгі барлық деңгейлерін түбегейлі жаңғыртуға бағытталған Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда.

Біздің адам капиталын дамытудағы ұзақ мерзімді салымдар саясатының арқасында қазіргі талантты жас ұрпақты өсірдік.

6. Әлемдік қауымдастық таныған ел

Әлемдік саясатта біздің еліміз – талассыз халықаралық беделге ие жауапты да сенімді серіктес.

Біз жаһандық қауіпсіздікті нығайту ісінде маңызды рөл атқарамыз, халықаралық терроризмге, экстремизмге және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресте әлемдік қауымдастықты қолдаймыз.

Біз өз қауіпсіздігіміз үшін халықаралық үнқатысу алаңы – Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыруға бастамашылық жасадық. Бүгінгі күні АӨСШК халқы 3 млрд-тан асатын 24 елді біріктіреді.

Соңғы 2–3 жылда Қазақстан Республикасы ЕҚЫҰ, ИЫҰ және ҰҚШҰ-ға төрағалық етті.

Астана экономикалық форумында біз үнқатысудың жаңа пішімін – G-Global-ды ұсындық. Бұл бастаманың мәні – әділетті де қауіпсіз әлемсіпатын жасау ісінде күш-жігерді біріктіру.

Біз жаһандық энергетикалық және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге лайықты үлес қосамыз.

7. Ядролық қаруды таратпау режимін ілгерілетудегі біздің белсенді роліміз

Ядролық қаруды таратпау режимін нығайту жөніндегі бастамаларымыз – әлемдік тұрақтылыққа, тәртіп пен қауіпсіздікке қосқан сөзсіз үлесіміз.

Әлемде алғашқы болып Семей ядролық полигонын жауып және атом қаруынан бас тарта отырып, біз жетекші ядролық державалардан – АҚШ-тан, Ресейден, Ұлыбританиядан, Франциядан және Қытайдан қауіпсіздігімізге берік халықаралық кепілдік алдық.

Біз Орталық Азияда ядролық қарусыз аймақ құруда негізгі рөл атқардық және жер шарының басқа да аймақтарында, әсіресе Таяу Шығыста, осындай аймақтар құруға белсенді қолдау көрсетеміз.

Біз әлемдік қауымдастықтың ядролық терроризм қатеріне қарсы тұрудағы күш-жігеріне қолдау жасаймыз.

Қазір біз ядролық қатерді таратпау жөнінде одан әрі табанды шешімдер қабылдау қажеттілігі туралы батыл айтамыз. Ядролық қаруды таратпау туралы шарт таратпау режимінің арқауы болды және солай бола бермек.

Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарттың тезірек күшіне енуі таратпау режимін нығайтудың маңызды қозғаушысы болуға тиіс.

Бұдан 3 жыл бұрын БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 29 тамызды Халықаралық ядролық сынақтарға

қарсы іс-қимыл күні деп жариялау туралы ұсынысымыды қолдады.

Осының барлығы – жаһандық саясаттағы біздің рөлімізді тану.

Осындай жауапты саясатының арқасында Қазақстан ядролық қаруды таратпау режімінің көшбасшысы, басқа мемлекеттер үшін үлгі болып танылды.

8. «Қазақстан – 2030» стратегиясы: негізгі қорытындылар.

«Қазақстан – 2030» стратегиясында біз еліміздің табысын жоспарладық. Біз алға қойған мақсаттарға дәйекті де табанды түрде қадам басып келеміз. 2008–2009 жылдардағы жаһандық дағдарыстың өзінде ұлттық экономикамыз өсуін жалғастырды.

Бүгінгі күні мен үшін «Қазақстан – 2030» стратегиясының мерзімінен бұрын орындауға қол жеткен параметрлерінің тұтас бір қатарын іске асырудың қорытындыларын шығару үлкен абырой.

(1) Ұлттық қауіпсіздік

Біздің алдымызда Қазақстанның тұтастығын сақтай отырып дамыту міндеті тұрды. Біз жоспарлағаннан да асыра орындадық.

Тұңғыш рет тарихта біздің мемлекет халықаралық дәрежеде танылған нақты шекарасын белгіледі. 14 мың шақырым мемлекеттік шекара межеленді.

Қазақстан Каспий теңізінің айдынындағы ахуалды сенімді бақылауда ұстайды.

Болашақта кез келген аумақтық даулардың туындау қаупі қазір сейілген. Біз ұрпақтарымызға көршілермен даулы аумақтар қалдырған жоқпыз.

Біз адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күшті, заманауи, қорғанысқа қабілетті әскерді, пәрменді құқық қорғау жүйесін құрдық.

(2) Біз 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері тұратын елде ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық бірлікті сақтап, нығайттық. Біздің саясатымыз табысты болды

Біз демократиялық даму үлгісі негізінде азаматтық қоғам институттарын дәйекті түрде қалыптастырдық. Адам құқықтары жөніндегі Омбудсмен институты құрылды.

Бізде бұрын ешқашан көппартиялылық болмаса, қазір еліміздегі күллі саяси спектрді көрсететін партиялар жұмыс істейді. Бізде көппартиялы Парламент, парламенттік көпшілік қолдаған Үкімет бар.

Азаматтық қоғам дамуда, тәуелсіз БАҚ жұмыс істеуде. Түрлі бағыттағы 18 мыңнан астам үкіметтік емес ұйымдар жұмыс істейді. 2,5 мыңдай БАҚ бар, оның 90 %-ы – жеке иелікте.

Қазақстан бүгінде мәдениетаралық және конфессияаралық үнқатысудың халықаралық орталығына айналды.

Әлемдік және дәстүрлі діндердің алғашқы 4 съезі нақ біздің елімізде өтті.

XXI ғасырда Қазақстан Шығыс пен Батыстың ұнқатысуы мен өзара іс-қимылының көпірі болуға тиіс.

(3) Шетелдік инвестициялар мен ішкі салымдардың деңгейі жоғары, ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу

Біз дамудың нақты, орнықты және үдемелі қарқынына қол жеткізу міндетін қойдық. Біз осы міндетті тарихи тұрғыдан алғанда аса қысқа мерзімде шештік.

Дәл осы «Қазақстан – 2030» стратегиясында басты назар экономикалық өсуге аударылды.

Нәтижесінде, 15 жыл ішінде ұлттық экономиканың көлемі 1997 жылғы 1,7 трлн теңгеден 2011 жылы 28 трлн теңгеге өсті.

Елдің ІЖӨ-сі 16 еседен астам өсті. 1999 жылдан бастап Қазақстанның ІЖӨ-нің жыл сайынғы өсуі 7,6 %-ды құрап, алдыңғы қатарлы елдерді басып озды.

Жан басына шаққанда ІЖӨ 1998 жылғы 1,5 мың доллардан 2012 жылы 12 мың долларға жетіп, 7 еседен астам өсті.

Қазақстан әуел бастан жан басына шаққанда тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың көлемі жағынан ТМД-да көшбасшы болды. Бүгін бұл 9 200 долларға жетті.

Біз сыртқы сауданың – 12 есе өсуіне, ал өнеркәсіп өнімін өндіру көлемінің 20 есе өсуіне қол жеткіздік.

Осы жылдар ішінде мұнай өндіру – 3 есе, табиғи газ өндіру 5 есе ұлғайды. Біз шикізат ресурстарынан түскен кірісті Ұлттық қорға жібердік.

Бұл – ықтимал экономикалық және қаржылық сілкіністерден қорғайтын сенімді қалқанымыз. Бұл – бүгінгі және болашақ ұрпақ қауіпсіздігінің кепілі.

Үдемелі индустрияландыру бағдарламасы аясында 2010 жылдан бастап жалпы құны 1 797 млрд теңге болатын 397 инвестициялық жоба іске асырылды, 44 мыңнан астам жұмыс орны ашылды.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы іске асырылған 2 жыл ішінде жалпы көлемі 101,2 млрд теңге сомасындағы кредит болатын 225 жоба мақұлданды.

Біз – бүгін халқының табысы орташа деңгейдегі және серпінді дамитын экономикасы бар елміз.

(4) Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты

Адамдардың жағдайын түбегейлі өзгертудің, өмір сүру жағдайын жақсартудың өмірлік маңызы бар. Атқарылған жұмыстың нәтижесі көзге бірден түседі.

Орташа айлық жалақы 9,3 есе өсті. Зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері 10 есе ұлғайды.

Халықтың нақтылы ақшалай кірістері 16 есе өсті.

Егер 1999 жылы қаржыландыру 46 млрд теңгені құраса, 2011 жылы 631 млрд теңге болды.

Денсаулық сақтаудың 5 инновациялық нысаны – Балаларды оңалту орталығы, Ана мен бала орталығы, Нейрохирургия, Жедел медициналық жәрдем және Кардиохирургия орталықтары кіретін медициналық кластер құрылды.

Елдің барлық өңірлерінде халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету үшін қажетті жағдай жасалды.

Еліміздің ең шалғай аудандарын медициналық қызметтермен қамтитын көлік медицинасы жедел қарқынмен дамуда.

Ұлттық скрининг жүйесі ауруларды бастапқы сатысында анықтауға және олардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Дәрі-дәрмекпен тегін және жеңілдікті қамтамасыз ету енгізілді.

Соңғы 15 жылда халықтың саны 14 млн-нан 17 млн адамға дейін өсті.

Өмір сүру ұзақтығы 70 жасқа дейін ұлғайды.

Біз қолжетімді және сапалы білім беруді дамыту бағытын дәйекті жүргізудеміз.

«Балапан» бағдарламасын іске асыру балаларды мектепке дейінгі білім берумен 65,4 %-ға дейін қамтуға мүмкіндік берді.

Міндетті мектепалды даярлық енгізілді, ол мектеп жасына дейінгі балалардың 94,7 %-ын қамтыды.

1997 жылдан бері республика бойынша 942 мектеп, сонымен қатар, 758 аурухана және өзге де денсаулық сақтау нысандары салынды.

Біз әлемдік деңгейдегі зияткерлік мектептер мен кәсіптік-техникалық колледждер желісін дамытудамыз.

Соңғы 12 жылда жоғары білім алуға берілетін гранттар саны 182 %-ға ұлғайды.

1993 жылы біз «Болашақ» атты бірегей бағдарлама қабылдадық, соның арқасында 8 мың талантты жас әлемнің таңдаулы университеттерінде озық білім алды.

Астанада халықаралық стандарттар бойынша жұмыс істейтін заманауи ғылыми-зерттеу университеті құрылды.

(5) Энергетикалық ресурстар

Қазақстанның мұнай-газ кешені күллі экономиканың локомотиві болып табылады және басқа салалардың дамуына ықпалын тигізеді.

Біз экономиканың заманауи, тиімді мұнай-газ және тау-кен өндіру саласын құруға тиіс едік. Біз бұл міндеттің үдесінен шықтық. Біз бүгін шикізат секторының табысын болашақ экономиканы құру үшін пайдаланудамыз.

Елдің ІЖӨ-де мұнай-газ саласы үлесінің тұрақты өсу қарқыны байқалады, ол 1997 жылғы

3,7 %-дан 2006 жылы 14,7 %-ға және 2011 жылы 25,8 %-ға өсті.

Біз өткізу нарықтарын әртараптандырып, өз тұғырларымызды берік орнықтырдық, сол арқылы өнімімізді өткізудің бір бағытқа тәуелділігін азайттық.

(6) Инфрақұрылым, әсіресе көлік пен байланыс

Біз инфрақұрылымды дамыту міндетін алға қойдық. Біз мұны да еңсердік. Өткен жылдар ішінде өнеркәсіп, көлік инфрақұрылымы мен тыныс-тіршілік инфрақұрылымының ірі стратегиялық нысандары іске қосылды. Бұл – автомобиль және теміржол магистральдері, құбыр жолдары, логистикалық орталықтар, терминалдар, әуежайлар, вокзалдар, порттар және т. б.

Осының барлығы көптеген қазақстандықтарға жұмыс тауып берді, біз өңірлік және жаһандық шаруашылық байланыстар жүйесіне кіріктік.

Жыл сайын телекоммуникация тұтынушыларының саны өсе түсуде. Бұл стационарлық телефондарға да, ұтқыр байланысқа да, Интернетке де қатысты.

Электронды үкімет азаматтардың мемлекетпен өзара іс-қимылын едәуір жеңілдетті.

Соңғы 11 жылда автомобиль жолдары саласын дамытуға 1 263,1 млрд теңге жұмсалды. Осы жылдар ішінде ортақ пайдаланудағы 48 мың шақырымнан астам жол, сондай-ақ 1,1 мың шақырым темір жол салынды және реконструкцияланды.

Қазіргі уақытта біз «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» магистральдік көлік дәлізін салып, Жаңа Жібек жолын жаңғыртудамыз.

Біз «Өзен – Түрікменстан шекарасы» теміржол желісін салып, Парсы шығанағы мен Үлкен Шығыс елдеріне жол аштық. «Қорғас – Жетіген» жолын төсеп, Қытайдың және күллі Азия құрлығының нарықтарына еніп, Шығыс қақпасын айқара аштық. Біз «Жезқазған – Бейнеу» темір жолын салуды бастадық.

(7) Кәсіби мемлекет

Біз әкімшілік-әміршілдік жүйенің басқару дәстүрлерінен түбегейлі бас тартып, басқарушылардың заманауи әрі тиімді корпусын құруға тиіспіз. Барлық азаматтар тең құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болатын, кадрларды іріктеу мен жоғарылатудың біз жасаған жүйесі мемлекеттік аппарат қызметінің кәсібилігі мен ашықтығының барынша жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Біз мемлекеттік басқаруда өзіндік тұрғыда төңкеріс жасауға қол жеткіздік, оны халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыруға қайта бағдарладық.

Осылайша «Қазақстан – 2030» стратегиясында белгіленген негізгі міндеттер орындалды, қалғандары орындалу үстінде.

Бүгінгі күні біздің әрқайсымыз «Қазақстан – 2030» стратегиясы іске асты, заманауи Қазақстан орнықты» деп айта аламыз. Бұл – біздің бірлігіміздің, табанды да қажырлы еңбегіміздің нәтижесі, ұмтылыстарымыз бен үміттеріміздің жанды көрінісі.

Біз өз жетістіктеріміз үшін мақтаныш сезіміне бөленеміз.

Әлемдік дағдарыс біздің мемлекет пен қоғам ретінде орныққанымызды растады. Біздің шекарамыз, саяси жүйеміз, экономикалық үлгіміз ел ішінде де, одан сыртқары жерде де ендігі жерде елеулі келіспеушіліктер мен талас-тартыстардың өзегіне айналмайды.

Енді біздің алдымызда жаңа міндет тұр. Біз мемлекетіміздің ұзақ мерзімді кезеңге бағдарланған одан әрі даму векторын күшейтуге тиіспіз.

II. XXI ғасырдың 10 жаһандық сын-қатері

Қазіргі уақытта адамзат жаңа жаһандық сын-тегеуріндермен бетпе-бет келуде.

Еліміз бен өңіріміз үшін мен 10 негізгі сын-қатерді бөліп көрсетемін. Егер біз өз дамуымызда жаңа табыстарға одан әрі қол жеткізуді жоспарлайтын болсақ, олардың әрқайсысын міндетті түрде ескеруге тиіспіз.

Бірінші сын-қатер – тарихи уақыттың жеделдеуі

Тарихи уақыт аса жеделдей түсуде. Әлем қарқынды түрде өзгеруде және болып жатқан өзгерістердің жылдамдығы адамды таң қалдырады.

Соңғы 60 жылда Жер тұрғындарының саны 3 есе көбейді, ол 2050 жылға қарай 9 млрд адамға жетеді. Осы кезең ішінде әлемдік ішкі жалпы өнім 11 есе өсті.

Бүкіл әлемдік тарихи үдерістің жеделдеуі қай кезде де мемлекеттер алдында жаңа шектеусіз мүмкіндіктер ашады, ал оларды толығымен пайдаланғанымызды мен мақтан тұтамын.

Соңғы 20 жылдан астам уақытта біз қоғам өмірінің барлық салаларына өте жоғары қарқынмен жаңғырту жүргіздік. Көптеген басқа елдерге 100, тіпті 150 жыл керек болған нәрселерді атқардық.

Дегенмен осы уақытқа дейін жалпы жаңғырту үдерісіне кірікпеген әлеуметтік топтар бар. Оның объективті себептері де бар. Қоғамда адамдардың моральдық жай-күйі мен қоғамдық аңсар-үмітіне әсер ететін бірқатар теңгерімсіздік әлі де орын алуда.

Біз осы теңгерімсіздікті жойып, қоғамның барлық жіктеріне қоғамдық жаңғырту үдерісіне кірігу мүмкіндігін беруіміз керек. Олар қоғамда өзінің лайықты орнын тауып, жаңа саяси бағыт ұсынған мүмкіндіктерді толық пайдалануға тиіс.

Екінші сын-қатер – жаһандық демографиялық теңгерімсіздік

Жаһандық демографиялық теңгерімсіздік күн өткен сайын күшейе түсуде.

Жалпыәлемдік тренд – адамзаттың қартаюы. Енді 40 жылдан кейін 60 жастан асқан адамдардың саны 15-ке толмағандардан асып түседі. Туудың азаюы және адамзаттың қартаюы көптеген елдерде еңбек нарығындағы проблемаларға, атап айтқанда, еңбек ресурстарының жетіспеушілігіне сөзсіз әкеледі.

Шиеленісе түскен демографиялық теңгерімсіздік жаңа көші-қон толқындарын туғызып, күллі әлемде әлеуметтік шиеленісті күшейте түседі.

Біз Қазақстанда заңсыз еңбек мигранттары жергілікті еңбек нарықтарын тұрақсыздыққа әкелген елдің жекелеген өңірлеріндегі көші-қон қысымымен бетпе-бет келіп отырмыз.

Біз таяу болашақта кері үдеріспен – елдің шегінен тыс жерлерден бізге келетін еңбек иммиграциясымен бетпе-бет келуіміз әбден мүмкін екенін түсінуге тиіспіз.

Біз жас ұлтпыз. Еліміздегі орташа жас – 35. Бұл біздің адамдық әлеуетімізді сақтауға, әлемде өзіміздің дұрыс орнығуымызға зор мүмкіндік береді. Бүгінгі күні алға жылжуға бізде жақсы негіз бар.

Елімізде әрбір іздеген адам табуына болатын жұмыс бар. Оның үстіне біздің әрқайсымыздың

өзіміз жұмыс істеп, өзімізді асырауға мүмкіндігіміз бар. Бұл – біздің үлкен жетістігіміз.

Мен сіздерді Жалпыға ортақ еңбек қоғамына бастап келемін, онда жұмыссыздар жай ғана жәрдемақы алушылар емес, олар жаңа кәсіптерді меңгеретін болады, мүгедектер жасампаздық қызметпен белсенді түрде айналыса алады, ал корпорациялар мен компаниялар олардың еңбегі үшін лайықты жағдай жасай алады.

Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек.

Үшінші сын-қатер – жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер

Әлемдік халық саны өсуінің жоғары қарқыны азық-түлік проблемасын күрт шиеленістіріп отыр.

Бүгіннің өзінде әлемде миллиондаған адам аштыққа ұшырап, 1 млрд-қа жуық адам тағамның ұдайы жетіспеушілігін бастан кешіруде. Тамақ өнімдерін өндіруде революциялық өзгерістер жасамаса, осынау үрейлі цифрлар тек өсе түспек.

Біз үшін бұл сын-қатер астарында орасан зор мүмкіндіктер бар.

Біз қазірдің өзінде астық дақылдарын аса ірі экспорттаушылар қатарына ендік. Бізде аса ірі

экологиялық таза аумақтар бар және экологиялық таза тағам өнімдерін шығара аламыз.

Ауыл шаруашылығы өнеркәсібінде сапалы секіріс жасау – толықтай қолымыздағы нәрсе. Бұл үшін бізге жаңа тұрпаттағы мемлекеттік ой-сана қажет болады.

Төртінші сын-қатер – судың тым тапшылығы

Әлемдік су ресурстары да қатты қысым көріп отыр.

Соңғы 60 жылда жер шарында ауыз суды пайдалану 8 есе өсті. Осы жүзжылдықтың ортасына қарай көптеген елдер суды сырттан алдыруға мәжбүр болады.

Су – барынша шектеулі ресурс және оның көздерін иелену үшін күрес жер бетіндегі шиеленіс пен жанжалдар себептерінің бірі ретінде, қазірдің өзінде геосаясаттың аса маңызды факторына айналып отыр.

Сумен қамтамасыз ету проблемасы біздің елімізде де өткір болып отыр. Бізге сапалы ауыз су жетіспейді. Бірқатар өңірлер оның зардабын қатты тартуда.

Бұл проблеманың геосаяси астары да жоқ емес. Қазірдің өзінде біз трансшекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалануда бірқатар мәселелермен бетпе-бет келдік. Аталған мәселенің күрделілігіне қарамастан, біз оны саясаттандыруға жол бермеуге тиіспіз.

Бесінші сын-қатер– жаһандық энергетикалық қауіпсіздік

Барлық дамыған елдер баламалы және «жасыл» энергетикалық технологияларға инвестицияны ұлғайтуда.

2050 жылға қарай алғанның өзінде оларды қолдану барлық тұтынылатын энергияның 50 %-на дейін өндіруге мүмкіндік береді.

Көмірсутегі экономикасының дәуірі бірте-бірте аяқталып келе жатқаны анық. Адамзаттың өмір тіршілігі тек бір ғана мұнай мен газға емес, энергияның жаңғыртылатын көздеріне негізделетін жаңа дәуір келе жатыр.

Қазақстан жаһандық энергетикалық қауіпсіздіктің басты элементтерінің бірі болып саналады.

Мұнай мен газдың әлемдік деңгейдегі аса ірі қорларын иеленетін біздің еліміз өзінің энергетикалық саладағы сенімді стратегиялық әріптестік пен өзара пайдалы халықаралық ынтымақтастық саясатынан бір қадам да кейін шегінбейтін болады.

Алтыншы сын-қатер – табиғи ресурстардың сарқылуы

Жердің табиғи ресурстарының шектеулілігі, түгесілуі жағдайында адамзат тарихындағы теңдесі жоқ тұтынудың өсуі әр бағыттағы, келеңсіз де, оң да үдерістерді үдете түседі.

Біздің еліміз бірқатар артықшылықтарға ие. Жаратқан бізге көп табиғи байлық сыйлаған.

Басқа елдер мен халықтарға біздің ресурстарымыз қажет болады.

Бізге өз табиғи байлықтарымызға деген көзқарасымызды ой елегінен өткізудің қағидатты маңызы бар. Біз оларды сатудан қазынамызға кіріс құя отырып, оларды дұрыс басқаруды, ең бастысы, еліміздің табиғи байлығын орнықты экономикалық өсуге барынша тиімді кіріктіруді үйренуіміз керек.

Жетінші сын-қатер – Үшінші индустриялық революция

Адамзат Үшінші индустриялық революция табалдырығында тұр, ол өндіріс ұғымының өзін өзгертеді. Технологиялық жаңалықтар әлемдік нарықтың құрылымы мен қажеттіліктерін түбегейлі өзгертеді. Біз бұрынғыға қарағанда мүлде өзгеше технологиялық болмыста өмір сүріп жатырмыз.

Цифрлық және нанотехнология, регенеративтік медицина және басқа да көптеген ғылыми жетістіктер қоршаған ортаны ғана емес, адамның өзін түрленуге түсіріп, күнделікті ақиқатқа айналады.

Біз осынау үдерістердің белсенді қатысушылары болуға тиіспіз.

Сегізінші сын-қатер – үдей түскен әлеуметтік тұрақсыздық

Қазіргі уақытта ең үлкен әлемдік проблемалардың бірі – күшейе түскен әлеуметтік тұрақсыздық. Оның негізгі себебі – әлеуметтік теңсіздік.

Бүгінде әлемде 200 млн-ға жуық адам жұмыс таба алмай отыр. Еуропалық Одақтың өзінде жұмыссыздық соңғы онжылдықтардағы ең жоғары деңгейге жетіп, көптеген жаппай тәртіпсіздіктерге түрткі болып отыр.

Мұның жанында Қазақстандағы ахуал біршама қолайлы болып отырғанын мойындау керек. Бүгінде біз бүкіл жаңаша тарихымыз ішіндегі жұмыссыздықтың ең төменгі деңгейіндеміз. Бұл, сөз жоқ, үлкен жетістік. Солай бола тұра, біз масаттануға тиіс емеспіз.

Әлеуметтік-саяси дағдарысқа ұласатын жаһандық экономикалық дағдарыс Қазақстанға сөзсіз қысым көрсетіп, біздің төзімімізді сынаққа алатын болады.

Сондықтан күн тәртібіне әлеуметтік қауіпсіздік және әлеуметтік тұрақтылық мәселесі қойылады. Біз үшін маңызды міндет – қоғамымыздағы әлеуметтік тұрақтылықты нығайту.

Тоғызыншы сын-қатер – өркениетіміз құндылықтарының дағдарысы

Әлем ауыр дүниетанымдық және құндылық дағдарысты бастан кешіріп отыр. Өркениеттер қақтығысын, тарихтың ақырын, мультимәдениеттің күйреуін жариялайтын үндер жиі естіледі.

Жылдар бойы сыннан өткен құндылықтарымызды қорғай отырып, біз үшін осынау кертартпа көзқарастан тартынуымыздың қағидатты маңызы бар. Өз тәжірибемізден білетініміз, біздің «осал тұсымыз» деп атаған көпэтностылығымыз бен көпконфессиялығымызды өз артықшылығымызға айналдыра алдық.

Біз мәдениеттер мен діндердің қатар өмір сүруі жағдайында өмір сүріп үйренуіміз керек. Біз мәдениеттер мен өркениеттер үнқатысуына бейілді болуға тиіспіз.

Тек басқа ұлттармен жарастықта ғана біздің еліміз болашақта табыс пен ықпалға қол жеткізе алады. ХХІ ғасырда Қазақстан өзінің өңірлік көшбасшылық ұстанымын нығайтып, Шығыс пен Батыстың үндестігі мен өзара іс-қимылы үшін көпір болуға тиіс.

Оныншы сын-қатер – әлемдік жаңа тұрақсыздық қаупі

Әлемде не болып жатқанын біздің бәріміз көріп отырмыз. Бұл дағдарыстың жаңа толқыны емес, әлемдік экономика әлі еңсере алмай отырған 2007–2009 жылдардағы дағдарыстың жалғасы.

Жаһандық экономикалық жүйе 2013–2014 жылдардың өзінде елеулі іркіліске ұшыратып, атап айтқанда, шикізатқа әлемдік бағаның құлдырауын туғызуы мүмкін. Біз үшін мұндай көрініс аса тиімді бола қоймайды.

ЕО мен АҚШ-тағы ықтимал рецессия дамыған елдердің шикізат ресурстарына қажеттілігін төмендетуге әкелуі мүмкін.

Еуроодақтағы жоқ дегенде бір мемлекеттің ықтимал дефолты «домино әсерін» тудырып, біздің халықаралық резервтеріміздің сақталуы мен экспорттық өнім беруіміздің тұрақтылығына күмән туғызуы мүмкін.

Валюталық резервтердің қысқаруы валюталық бағамдар мен инфляцияның қысымын күшейтіп, бұл қайтадан әлеуметтік-экономикалық ахуалға кері әсер етуі мүмкін.

Осыған байланысты біз халықаралық ахуал дамуының кез келген көрінісіне жан-жақты дайын болу үшін биліктің барлық тармақтарының, мемлекет пен қоғамның ойластырылған, келісілген және үйлестірілген бағытын тұжырымдауға тиіспіз.

III. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – тым құбымалы тарихи жағдайдағы жаңа Қазақстан үшін жаңа саяси бағыт

Біз шешуге тиісті міндеттер парадигмасы сапалық тұрғыдан өзгерді. Жаңа сын-қатерлерді лайықты қабылдау үшін ендігі жерде «Қазақстан – 2030» стратегиясының аясы жеткілікті емес. Біз жоспарлау көкжиегін кеңейтіп, 15 жыл бұрынғыдай кезекті дүниетанымдық серпіліс жасауымыз керек.

Біріншіден, Қазақстан – қазіргі заманғы мемлекет. Біздің мемлекетіміз кемелдікке жетті. Сондықтан да бүгінгі күн тәртібі мемлекеттің қалыптасуы кезеңіндегіден өзгеше.

Дүниеде болып жатқан өзгерістердің сипаты мен тереңдігі, жаһандық өзара іс-қимыл ұзақ мерзімді дамуды талап етеді. Көптеген елдер қазірдің өзінде 2030–2050 жылдардың арғы жағына көз жіберуге тырысады. «Басқарылатын болжамдау» қазіргі тұрақсыз кезде мемлекеттер дамуының маңызды тетігіне айналуда.

Екіншіден, «Қазақстан – 2030» стратегиясы біздің мемлекеттілігіміздің қалыптасу кезеңі үшін жасалған болатын. Өзінің арқаулық өлшемі бойынша ол орындалды.

Үшіншіден, біз жаңа өмір шындығы тудырған сынақтар мен қауіп-қатерлерге кезігіп отырмыз. Олар жалпылық сипат алып, барлық елдер мен өңірлерге әсерін тигізуде.

Біз «Қазақстан – 2030» стратегиясын тұжырымдаған кезде нәтижесінде жаңа, мүлдем күтпеген, экономикалық және геосаяси жағдаяттар туындайтын, өз көлемі жағынан теңдесі жоқ әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс төнеді деп ешкім күтпеген еді.

«Қазақстан – 2030» стратегиясы 1997 жылы ашық құжат ретінде жасалды. Біз о бастан-ақ оған түзетулер енгізу мүмкіндігін ескердік.

Әлемдегі жағдай өзгеретінін және өмір өз түзетулерін енгізуі мүмкін екенін түсіне отырып, менің тапсырмам бойынша жаңа жағдайдағы біздің орнымыз бен біздің мүмкіндіктерімізді ой елегінен өткізе отырып жұмыс істейтін жұмыс тобы құрылды.

Олардың талдау жұмыстарын ескере отырып, мен ұлттың 2050 жылға дейінгі жаңа саяси бағытын жасауды ұсынамын, оның ішінде «Қазақстан – 2030» стратегиясының міндеттерін орындау жалғасын табатын болады. Уақыт пен жағдай 2030 бағдарламасы сияқты біздің жоспарларымызға түзетулерін енгізетінін нақты түйсінудіміз керек.

2050 жыл – жай бейнелі дата емес. Бұл бүгінде әлемдік қауымдастық бағдар ұстап отырған нақты мерзім. БҰҰ-да 2050 жылға дейінгі өркениеттер дамуының жаһандық болжамы әзірленді. 2050 жылға дейінгі болжамдық баяндаманы Дүниежүзілік азық-түлік ұйымы жариялады.

Қазір елдердің дені осындай ұзақ мерзімді стратегиялар әзірлеп, қабылдауда. Қытай өзі үшін дәл осындай стратегиялық жоспарлау көкжиегін айқындап алды. Ірі трансұлттық компаниялардың өзі алдағы жарты ғасырға даму стратегияларын әзірлеуде.

15 жыл бұрын, «Қазақстан – 2030» стратегиясы қабылданғанда, біздің жаңа мемлекетімізде дүниеге келген қазақстандықтардың жаңа буыны

енді ғана мектепке баруға даярланып жатты. Бүгінде олар еңбек етуде немесе жоғары оқу орындарын аяқтауда. Енді 2–3 жылдан соң тәуелсіздіктің екінші буыны дүниеге келе бастайды. Сондықтан қазірдің өзінде оларға дұрыс бағдар нұсқау туралы ойланғанның маңызы зор.

Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында тұру болуға тиіс.

Біздің жетістіктеріміз бен қазақстандық даму үлгісі Жаңа саяси бағыттың негізі болуы керек.

«Қазақстан – 2050» стратегиясы – «Қазақстан – 2030» стратегиясының жаңа кезеңдегі үйлесімді дамуы. «Біз кімбіз, қайда барамыз және 2050 жылға қарай қайда болғымыз келеді?» деген сұрақтарға жауап осы. Жас ұрпақтың нақ осыған мүдделі екеніне сенімдімін.

Осыған орай, ұлттың 2050 жылға дейінгі жаңа саяси бағытының жобасын ұсынамын. Бұл менің Қазақстан халқына Жолдауым болады.

Қазақстан 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуға тиіс.

Дамушы елдер арасында осы клубтағы орынға бәсекелестік қатал болмақ. Күн астындағы орын тек ең мықтыларға арналғанын нақты сезіне отырып, ұлтымыз жаһандық экономикалық тайталасқа дайын болуға тиіс. Біз бірінші дәрежедегі мынадай мақсаттарымызды назардан шығар-

мастан, нысаналы әрі шабытты жұмыс істеуіміз керек:

– Мемлекеттілікті одан әрі дамыту және нығайту;

– Экономикалық саясаттың жаңа қағидаттарына көшу;

– Ұлттық экономиканың жетекші күші – кәсіпкерлікке жан-жақты қолдау көрсету;

– Жаңа әлеуметтік үлгіні қалыптастыру;

– Білім беру мен денсаулық сақтаудың қазіргі заманғы және тиімді жүйесін құру;

– Мемлекеттік аппараттың жауапкершілігін, тиімділігі мен функциялылығын арттыру;

– Халықаралық және қорғаныс саясатының жаңа сын-қатерлеріне барабар саясат құру.

Бүгін, сонымен қатар, мен 2050 жаңа саяси бағыттың табысты басталуын қамтамасыз ететін 2013 жылғы бірінші кезектегі міндеттерді атағалы отырмын.

Осы міндеттерге сәйкес Үкімет шұғыл түрде 2013 жылғы Жалпыұлттық іс-қимыл жоспарын әзірлеуі тиіс.

Осынау аса маңызды құжат нақты тапсырмаларды қамтуы және биліктің атқарушы, заң шығарушы және сот тармақтары басшыларының дербес жауапкершілігін көздеуі тиіс. Президент Әкімшілігі оны дайындау және кейіннен іске асыру барысын ерекше бақылауға алуға тиіс.

Енді мен «Қазақстан – 2050» стратегиясының негізгі бағыттары туралы өз пайымдауымды алға тартқым келеді.

1. Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу қағидатына негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм

Жаңа бағыт экономикалық саясатының мәні – түгел қамтитын экономикалық прагматизм, шын мәнінде бұл біздің бүгінгі көзқарастарымыз бен ұстанымдарымызды түбегейлі өзгерту.

Бұл нені білдіреді?

Бірінші. Экономикалық және басқару шешімдерін түгелдей экономикалық мақсаттылық және ұзақ мерзімді мүдделер тұрғысында қабылдау.

Екінші. Қазақстан толыққанды бизнес-серіктестік ретінде қатыса алатын жаңа нарықтық тауашаларды айқындау. Экономикалық дамудың жаңа тіректерін құру.

Үшінші. Экономикалық әлеуетті арттыру мақсатында қолайлы инвестициялық ахуал құру. Инвестициядан алынатын кірістілік пен қайтарым.

Төртінші. Экономиканың тиімді жеке секторын құру және мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті дамыту. Экспортты мемлекеттік ынталандыру.

Жаңа кадр саясаты.

Жаңа экономикалық саясат табыстылығының басты шарты кадрлар арқылы нығайтылуға тиіс. Бұл үшін біз:

– Басқарушылық ресурсын жетілдіруге тиіспіз әрі бұл үшін бізде резервтер бар. Менеджменттің жаңа құралдарын және мемлекеттік сектордағы корпоративтік басқарудың қағидаларын енгізу қажет.

– Мұнымен бір мезгілде халықаралық еңбек бөлінісінен пайдалы жағын алуымыз, атап айтқанда, біздің жаңа бағытымыздың бірқатар міндеттерін іске асыру үшін аутсорсинг бағдарламалары арқылы сыртқы кадр ресурстарын тартуымыз керек. Біз сонымен қатар ашық нарықтағы ең үздік шетел мамандарын тартуға және оларды елімізге жұмысқа шақыруға тиіспіз.

Keң көлемді халықаралық тәжірибесі бар әрі білімді басқару кадрларын пайдалану екі бірдей нәтиже береді: біз өндірісіміздің менеджментін жаңғыртумен қатар, өзіміздің отандық кадрларымызды үйретеміз. Бұл – біз үшін жаңа тәжірибе.

2050 жылға дейін кезең-кезеңмен мынадай міндеттерді шешу қағидатты түрде маңызды:

Біріншіден, мемлекеттің макроэкономикалық саясаты жаңғыртылуы тиіс.

Бюджет саясаты:

– Біз бюджет саясатының жаңа принциптерімен қарулануға – өз мүмкіндіктеріміз шегінде ғана

шығындануға және тапшылықты барынша мүмкіндікте қысқартуға тиіспіз. Ұзақ мерзімде олардың сақталуын қамтамасыз ете отырып, «қиынқыстау» күнге резервтер жинау қажет.

– Бюджеттік-қаржылық үдеріске деген көзқарас жекелей салымдарға көзқарас секілді ұқыпты да ойластырылған болуға тиіс. Басқаша айтқанда, бірде-бір бюджеттік теңге ысырап болмауға тиіс.

– Мемлекет бюджеті ұзақ мерзімді келешектілік тұрғысынан қарағанда өнімді, мәселен, экономиканы әртараптандыру және инфрақұрылымды дамыту секілді жалпыұлттық жобаларға бағытталуы тиіс.

Инвестициялар үшін нысандарды олардың мақсаттылығы және қайтарымдылығы тұрғысынан қатаң іріктеу қажет. Ең заманауи нысандардың өзі оларды ұстап тұру үшін шығыстарды талап етіп, бірақ кірістер әкелмейтін болса және ел азаматтарының проблемаларын шешпейтін болса, бюджетке масыл боларын есте сақтаған жөн.

Салық саясаты:

– Өндіріс және жаңа технологиялар саласындағы салық салу нысандары үшін қолайлы салық режимін енгізу қажет. Қазір бұл жұмыс басталды. Оны жетілдіру мақсатын қоямын. Барлық қолданыстағы салық жеңілдіктеріне тексеру жүргізіп, оларды мейлінше тиімді ету керек.

– Біз салық әкімшілігін ырықтандыру және кеден әкімшілігін жүйелендіру саясатын жалғастыруға тиіспіз. Салық есептілігін жеңілдетіп әрі мейлінше азайту қажет. Біз нарық қатысушыларын салықтан жалтару жолдарын іздеуге емес, бәсекелестікке ынталандыруымыз қажет.

– Салықтық қадағалауды прагматикалық азайту шаруашылық субъектілерінің салық қызметімен диалогын азайтуға тиіс. Алдағы 5 жылда бәріміз онлайн-электрондық есептілік режиміне көшуіміз керек;

– 2020 жылдан бастап біз салықтық несиелендіру практикасын енгізуіміз керек. Басты міндет – кәсіпкерлердің инвестициялық белсенділігін ынталандыру.

– Жаңа салық саясаты әлеуметтік бағыт алуға тиіс. Бұл үшін 2015 жылдан бастап ынталандыру шаралары кешенін, соның ішінде білім беруге, өзін, өз отбасын, қызметкерлерін медициналық сақтандыруға қаражат салатын азаматтар мен компанияларды салықтан босату практикасын көздейтін ынталандыру кешенін әзірлеу қажет.

Осылайша, бизнес деңгейіндегі болашақ салық саясаты ішкі өсімді ынталандыруы және сыртқы нарықтарға отандық экспортты, ал азаматтар деңгейінде олардың қорларын, жинақтарын және салымдарын ынталандыруға тиіс.

Ақша-кредит саясаты:

– Әлемдік экономикадағы қолайсыз ахуалды ескере отырып, біз инфляциядан әрбір қазақстандықтың кірістерін қорғауды қамтамасыз ететін және экономикалық өсім үшін лайықты деңгейін ұстап тұратын боламыз. Бұл жай ғана макроэкономикалық мәселе емес, бұл елдің әлеуметтік қауіпсіздігінің мәселесі. Және де бұл – 2013 жылдың өзінен бастап Ұлттық банк пен Үкімет жұмысының басты мәселесі.

– Қазақстандық банктер өз кезегінде өзінің мақсатын орындауға және нақты экономика секторының кредиттік ресурстарға деген қажеттілігін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ретте қаржылық жүйеге бақылауды әлсіретуге болмайды, банктерді проблемалы кредиттерден тазарту және қорландыру мәселелерімен тығыз айналысу қажет.

Бұл үшін Ұлттық банк пен Үкіметке Президент Әкімшілігінің үйлестіруімен экономиканы қажетті ақша ресурстарымен қамтамасыз етуге бағытталған түбегейлі ақша-кредит саясатының жаңа жүйесін әзірлеу қажет болады.

Мемлекеттік және сыртқы қарызды басқару саясаты:

– Біз елдің мемлекеттік қарызының деңгейін тұрақты бақылауда ұстауға тиіспіз.

ІЖӨ-ге қатысты бюджет тапшылығын 2013 жылғы 2,1%-дан 2015 жылы 1,5%-ға дейін төмендету керек.

Мемлекеттік қарыз аз мөлшерлі деңгейде қалуға тиіс. Бұл қағидатты міндет, өйткені біз әлемдік тұрақсыздық жағдайында бюджетіміздің тұрақтылығын және ұлттық қауіпсіздігімізді тек осылай ғана қамтамасыз ете аламыз.

– Экономиканың квазимемлекеттік секторы борышының деңгейін қатаң бақылау қажет.

Екіншіден, біздің инфрақұрылымды дамытуға деген қағидатты түрде жаңа көзқарасымыз болуға тиіс.

Инфрақұрылым экономикалық өсімнің мүмкіндіктерін кеңейтуге тиіс.

Инфрақұрылымды 2 бағытта дамыту: ұлттық экономиканы жаһандық ортаға кіріктіру, сонымен қатар, ел ішінде өңірлерге қарай қадам жасау қажет.

Өз пайдамызды мұқият есептей отырып, Қазақстанның шегінен тыс өндірістік көліктік-логистикалық нысандар құру үшін, елден сыртқа шығуға назар тіктеудің маңызы зор. Біз қазіргі түсініктерімізден арылып, өңірде және барша әлемде – Еуропада, Азияда, Америкада, мысалы, теңізге тікелей шыға алатын елдердің порттары, әлемнің тораптық транзиттік нүктелеріндегі және тағы басқа, көліктік-логистикалық хабтар секілді қазіргі заманғы кәсіпорындар құруға тиіспіз. Осы мақсатта «Жаһандық инфрақұрылымдық интеграция» арнайы бағдарламасын әзірлеу қажет болады.

Біз өз транзиттік әлеуетімізді дамытуға тиіспіз. Бүгінде нәтижесінде 2020 жылы Қазақстан арқылы транзиттік тасымалдау 2 есеге ұлғаюы тиіс болатын бірқатар ірі жалпыұлттық инфрақұрылымдық жобалар іске асуда. 2050 жылға қарай бұл цифр 10 есе ұлғаюға тиіс.

Осының бәрі басты мақсатқа – экспортымызды тек біздің өніміміз бен қызметтерімізге деген ұзақ мерзімді сұраныс болатын әлемдік нарықтарға қарай жылжытуға бағынуға тиіс.

Инфрақұрылым жасау, сонымен қатар, табыстылық заңына бағынуға тиіс. Жаңа бизнестерді дамытуға және жұмыс орындарын ашуға бастайтын жерде ғана құрылыс жүргізу қажет.

Шалғай өңірлерді немесе тұрғындарының тығыздылығы кем өңірлерді өмірлік маңызды және экономикалық қажет инфрақұрылым нысандарымен қамту үшін біз «инфрақұрылымдық орталықтар» құруға тиіспіз. Бұл үшін көлік жүйесінің озыңқы инфрақұрылымын құруды қамтамасыз ету қажет.

Үкіметке 2013 жылы Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама әзірлеп, қабылдауды тапсырамын.

Үшіншіден, мемлекеттік активтерді басқару жүйесін жаңғырту.

Қазақстан – әлемдік ауқымда алғанда көлемі шағын экономика. Сондықтан оны өте тиімді басқару қажет. Ел біртұтас корпорация секілді

жұмыс істеуі тиіс, ал мемлекет оның өзегі болуға тиіс.

Корпоративтік ойдың қуаты барлық үдерістердің біртұтас алып қаралуында жатыр. Барлық деңгейдегі мемлекеттік басқарушылар осындай бизнес-пайымға үйренуге тиіс.

Қайталап айтамын: елдің бюджетін жай бөліп қана қоймай, ойлы да салмақты инвестициялау қажет.

Тиімділіктің басты өлшемі – біздің салымдарымыздан түсетін қайтарым деңгейі. Елдің өндірістік әлеуетін қаншалықты еселей алсақ, Қазақстанның халықаралық рыноктың шылауы емес, толыққанды ойыншысы болуы соншалықты жеделдей түседі.

Ұлттық қор жаңа экономикалық саясатқа көшудің «локомотиві» болуға тиіс.

Ұлттық қордың қаражатын бірінші кезекте ұзақ мерзімдік стратегиялық жобаларға бағыттау керек. 2013 жылы Ұлттық қорда қаражат жинақтау жалғасуы тиіс, бірақ бұл қаражатты мейлінше тиімді де ойластырып пайдалану керек.

Мемлекет Үшінші индустриялық революция нәтижесінде пайда болатын секторларды ескере отырып, ұлттық компаниялар арқылы болашақтың экономикасын дамытуды ынталандыруы тиіс. Ұлттық индустрия біз өз елімізде өндіруге тиіс ең жаңа композиттік материалдарды тұтынуы керек.

Мемлекет ақпараттық технологиялар саласында транзиттік әлеуетті дамытуды ынталандыруы тиіс. 2030 жылға қарай Қазақстан арқылы біз әлемдік ақпараттық ағындардың кем дегенде 2–3 %-ын өткізуге тиіспіз. 2050 жылға қарай бұл цифр кем дегенде екі еселенуге тиіс.

Сонымен қатар, жеке компаниялардың өз қаражатын зерттеулер мен инновацияларға салуын ынталандыру керек. Мына нәрсені баса айтқым келеді: инновацияларды енгізудің маңызы зор, бірақ бұл әйтеуір мақсат емес. Біздің жаңа технологиялар сұранысқа ие болғанда, олар нарықта қажет болғанда ғана ел нақты пайда алады. Олай болмаған күнде инновация – ақшаны босқа шығындау деген сөз.

Жекелеген компаниялар мен салаларды іріктеп қолдау тәжірибесін тоқтату керек. Біз әлеуметтік-маңызды стратегиялық міндеттерді атқаратын және өзінің тиімділігін дәлелдейтін салаларды ғана қолдауға тиіспіз.

Төртіншіден, табиғи ресурстарды басқарудың түбегейлі жаңа жүйесін енгізу қажет.

Біз ресурстарды экономикалық өсуді, ауқымды сыртқы саяси және сыртқы экономикалық уағдаластықтарды қамтамасыз ету үшін Қазақстанның маңызды стратегиялық артықшылығы ретінде пайдалануға тиіспіз.

Қазірдің өзінде шикізаттың жаңа қаржылық күйреу жағдайында тұрақсыздандыруға ұшырай-

тын халықаралық нарықтарға шығуын барынша жеделдету қажет. Біздің негізгі импорттаушыларымыз шикізат сатып алуды елеулі қысқартуы, ал баға күрт төмендеуі мүмкін. Ал біздің озыңқы стратегиямыз кейіннен елге ықтимал жаһандық дағдарыс кезеңінен аман өтуге көмектесетін қаражатты нарықтардың тұрақсыздануы басталғанға дейін өте тез жинақтауға мүмкіндік береді.

Технологиялық революция шикізат тұтыну құрылымын өзгертеді. Мысалы, композиттер технологиясын және бетонның жаңа түрлерін енгізу темір кені мен көмірдің қорларын құнсыздандырады.

Бұл – қазіргі жоғары әлемдік сұранысты елдің мүддесіне пайдалану үшін табиғи ресурстарды өндіру мен әлемдік нарыққа жеткізу қарқынын арттырудың тағы бір факторы.

Көмірсутегі шикізатының нарығында ірі ойыншы болып қала отырып, біз энергияның баламалы түрлерін өндіруді дамытуға, күн мен желдің энергиясын пайдаланатын технологияларды белсенді енгізуге тиіспіз. Бұл үшін бізде барлық мүмкіндіктер бар. 2050 жылға қарай елде энергияның баламалы және жаңғыртылатын түрлерін қоса алғандағы барлық энергия тұтынудың кем дегенде тең жартысы келуге тиіс.

Егер ұлтымыз шикізат ресурстарынан түсетін кірістерді 35 жылдан кейін пайдаланғысы келсе, бұған бүгіннен бастап дайындалу керек. Бізге

арнайы стратегия әзірлеу – барлық ірі корпорациялар мен концерндер тәжірибесіндегі алда тұрған барлық жылдарға барша жұмысты бөліп жоспарлау үшін басымдықтарды, серіктестерді айқындап алу қажет.

Бұл – біздің төл тарихымыздың басты тағылымы: Қашаған бойынша келіссөздер мен дайындықты біз осыдан 20 жыл бұрын дерлік бастадық, ал нәтижесін тек қазір ғана алуға кірістік.

Стратегияны әзірлеудің негізгі бағыттары:

Өңірлер инвестициялар тартуға мүдделі болуы үшін жер қойнауын пайдалануға мораторийді жою қажет.

Біз жай ғана шикізат беруден энергия ресурстарын қайта өңдеу мен аса жаңа технологиялармен алмасу саласындағы ынтымақтастыққа көшуге тиіспіз. 2025 жылға қарай біз өз нарығымызды жаңа экологиялық стандарттарына сай жанар-жағармай материалдармен толықтай қамтамасыз етуге тиіспіз.

Біз инвесторларды елімізге ең заманауи өндіру және қайта өңдеу технологияларын беру шартымен ғана тартуға тиіспіз. Біз инвесторларға еліміздің аумағында ең жаңа өндірістер құратын болса ғана шикізаттарымызды өндіру мен пайдалануға рұқсат беруге тиіспіз.

Қазақстан инвестиция үшін өңірлік тартылыс күші болуы тиіс. Біздің еліміз инвестиция үшін және технологиялар трансферті үшін Еуразия-

дағы ең тартымды болуға тиіс. Мұның қағидатты маңызы бар. Біз инвесторларға қолда бар артықшылықтарымызды көрсетуге тиіспіз.

Барлық өндіруші кәсіпорындар тек экологиялық зиянсыз өндірісті енгізуге тиіс.

Ұлт болашағы мен мемлекет қауіпсіздігі мүддесінде көмірсутегі шикізатының стратегиялық «резервін» құру керек. Стратегиялық резерв ел энергетикалық қауіпсіздігінің іргетасы болады. Осылайша біз ықтимал экономикалық сілкіністер жағдайына тағы бір қорғаныс шебін құрамыз.

Бесіншіден, бізге индустрияландырудың келесі сатысының жоспары қажет.

2 жылдан кейін үдемелі инновациялық индустрияландыру бағдарламасын іске асырудың бірінші бесжылдығы аяқталады.

Үкімет индустрияландыру бағдарламасының келесі сатысының егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеуі тиіс. Перспективалық технологиялық бағыттарды дамытудың сценарийі қажет.

Нәтижесінде, экспорттың жалпы көлеміндегі шикізаттық емес экспорттың үлесі 2025 жылға қарай 2 есеге, ал 2040 жылға қарай 3 есеге ұлғаюы тиіс.

Бұл үшін не істеу қажет?

– 2050 жылға қарай Қазақстан өзінің өндірістік активтерін ең жаңа технологиялық стандарттарға сәйкес толықтай жаңартуы тиіс.

Бәсекеге ең қабілетті салаларда біз отандық өндірушілер үшін жаңа нарықтық тауашалар қалыптастыру стратегиясын белсенді әзірлеуге тиіспіз. Бұл, әсіресе, ДСҰ-ға кірудің келешектілігін ескере отырып, кері индустрияландырудың ықтимал ыдыратушы әсерлерін болдырмауға мүмкіндік береді.

Отандық тауарлар бәсекеге қабілетті болуы тиіс. 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанның, Ресей мен Беларусьтің қатысуымен Бірыңғай экономикалық кеңістік құрудың іс жүзіндегі кезеңі басталды.

Жиынтық ІЖӨ-сі 2 трлн доллар болатын, 170 млн тұтынушыны біріктіретін осынау ауқымды нарық біздің бизнесті бәсекеге қабілеттілікке үйретуі тиіс. Бұл ретте осынау экономикалық-интеграциялық үдерісте Қазақстан өз егемендігінің бір мысқалын да жоғалтпайды.

– Біз экспортқа бағытталған шикізаттық емес секторды кеңейтуге негізделген жаңа өндірісті дамытуға тиіспіз.

– Біз Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасын өнеркәсіптік қуаттарды импорттауға және технологиялар алмасуға бағыттауға тиіспіз. Бұл үшін бізге бірлескен халықаралық компаниялар мен ел үшін пайдалы серіктестіктер құру мен дамытудың кіші бағдарламасы қажет.

– 2030 жылға қарай Қазақстан ғарыш қызметтерінің әлемдік нарығындағы өз тауашасын кеңейтіп, басталған бірқатар жобаларды қисынды аяқтауға дейін жеткізуге тиіс. Мен Астанадағы ғарыштық аппараттар құрастыру-сынақтан өткізу кешенін, қашықтан зондтау ғарыштық жүйесін, ғарыштық мониторинг пен жердегі инфрақұрылымның ұлттық жүйесін және жоғары дәлдіктегі жерсеріктік навигация жүйесін айтып отырмын.

– Екі жетекші инновациялық кластерді – Назарбаев Университетін және Инновациялық технологиялар паркін дамытуды жалғастыру керек.

– Бізге төменкөміртекті экономикаға жедел көшу қажет. 2013 жылы «Жасыл көпір» халықаралық ұйымын құруды, сонымен қатар, Алматының маңындағы 4 серіктес қалада «Green-4» жобасын іске асыруды бастауды ұсынамын.

Елдің дамудың «жасыл» жолына көшуіне Астанадағы алда тұрған «ЭКСПО-2017» қуатты серпіліс беруі тиіс. Астанада ғылым мен техниканың үздік әлемдік жетістіктері ұсынылатын болады.

Көптеген қазақстандықтар біз қол созып отырған «болашақтың энергиясын» өз көзімен көре алады.

Қазір мен еліміздің Үшінші индустриялық революцияға дайындығының шарты болып табылатын ең негізді мәселелерді атадым.

Алтыншыдан, ауыл шаруашылығын, әсіресе, ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында ауқымды жаңғырту қажет.

Әлемдік азық-түлік нарығының алдында болу және ауыл шаруашылығы өндірісін арттыру үшін бізге мыналар қажет:

– Егістік алаңын ұлғайту. Мұндай мүмкіндік көптеген елдерде жоқ екенін атап өтемін.

– Егістік түсімін, ең алдымен жаңа технологиялар енгізу есебінен елеулі көтеру қажет.

– Біз әлемдік деңгейдегі мал шаруашылығы жемшөп базасын құру үшін үлкен әлеуетке иеміз.

– Біз экологиялық баса назар аудара отырып, ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер құруға тиіспіз. Нәтижесінде мен аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің алдына – экологиялық таза өндіріс саласындағы жаһандық ойыншы болу міндетін қоямын.

Ауылшаруашылық қайта өңдеуде және саудада фермерлік пен шағын және орта бизнесті дамыту. Бұл – өзекті міндет. Бұл арада бізге:

– Жер өңдеу мәдениетін өзгерту және жаңа ғылыми, технологиялық, басқарушылық жетістіктерді ескере отырып, мал шаруашылығындағы дәстүрлерімізді жаңғыртуымыз қажет.

– Аса ірі экспорттық нарықты меңгеру үшін біз қай азық-түліктің жаппай өндірісін басты етіп қоятынымызды айқындауымыз керек.

– Алынған шаралардың нәтижесі 2050 жылға қарай ел ІЖӨ-дегі ауылшаруашылық өнімінің үлесі 5 есе артуы болуы тиіс.

2013 жылдың өзінде Үкіметке мыналарды тапсырамын:

– Ел аграрлық-өнеркәсіп кешенінің 2020 жылға дейінгі дамуының жаңа бағдарламасын әзірлеу.

– 2020 жылға қарай ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың көлемін 4,5 есе арттыру.

– Ең жаңа агротехнологияларды қолдануға бағытталған орта және ірі тауарлық ауылшаруашылық өндірістерін құру жөніндегі заңнамалық және экономикалық ынталандырулар жүйесін тұжырымдау.

– Берілгеннен кейін белгілі бір кезеңде игеру қолға алынбаған жерлерге салық мөлшерлемелерін көтеруді енгізу.

Жетіншіден, еліміздің су ресурстарына қатысты жаңа саясат тұжырымдау қажет.

Ауыл шаруашылығы мұқтаждығы үшін бізге аса көп су көлемі қажет. Осыған байланысты біз:

– Басқа елдердегі, мысалы, Австралиядағы сумен қамтамасыз ету проблемаларын шешудің озық тәжірибесін мұқият зерделеп, оны біздің жағдайымызда пайдалануға тиіспіз.

– Бізде елеулі қоры бар жерасты суларын өндіру мен үнемді пайдаланудың ең озық технологияларын енгізу қажет.

– Аграрлық-өнеркәсіп секторында ылғал үнемдеу технологиясына кешенді түрде ауысуға тиіспіз.

Қоғамымыздағы ой-сананы түбегейлі өзгерту қажет. Біздің ең асыл табиғи байлығымыз – суды ысырап етуді тоқтатуымыз қажет.

2050 жылға қарай Қазақстан сумен қамтамасыз ету проблемасын түбегейлі шешуге тиіс.

Үкіметке дәйектілікпен, бірінші кезеңде 2020 жылға қарай – тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету, 2040 жылға қарай суару проблемасын шешетін ұзақ мерзімді бағдарлама жасауды тапсырамын.

2. Кәсіпкерлікті – ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау

Отандық кәсіпкерлік жаңа экономикалық бағыттың қозғаушы күші болып табылады.

Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 2030 жылға қарай, ең аз дегенде, 2 есе өсуге тиіс.

Біріншіден, біз адамға ол үшін мемлекет барлық проблемаларын шешіп беруін күтпей, өзін бизнесте сынап көруге, елде жасалып жатқан экономикалық өзгерістерге толыққанды қатысушыға айналуына жағдай туғызуымыз керек.

Іскерлік мәдениетінің деңгейін көтеру мен кәсіпкерлік бастаманы ынталандырудың маңызы үлкен.

Ол үшін төмендегідей шаралар қажет:

– Шағын және орта бизнестің бірлестіктер мен кооперацияларға ұмтылысын көтермелеу, оларды қолдау мен көтермелеудің жүйесін жасау.

– Жергілікті бизнес-бастамаларды көтермелеу және мейлінше аз, бірақ қатаң реттеу есебінен ішкі нарықты дамыту.

– Бизнеске жасанды бөгеттер тудыратын мемлекеттік шенеуніктер үшін жаңа, әлдеқайда қатаң жауапкершілік жүйесін енгізуді қарастыру.

– Жаңа жағдайларды, соның ішінде біздің Еуразиялық экономикалық кеңістікке қатысуымызды, алда Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіретінімізді ескере отырып, отандық кәсіпкерлерді қолдау тетіктерін жетілдіру және олардың мүдделерін қорғау мен ілгерілету үшін қажетті барлық шараны қабылдау.

Бүгінгі күннің міндеті – ұсақ кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлерді орта деңгейге көшіру үшін жағдай және алғышарттар қалыптастыру.

Өкінішке қарай, қазіргі уақытта шағын және орта бизнеске салық салу жүйесіндегі қиғаштықтар олардың дамуы мен өсуіне кедергі келтіруде. Сондықтан Үкімет 2013 жылдың соңына дейін заңнамаға микро-, шағын, орта және ірі бизнес ұғымдарын айқын жіктеуге бағытталған өзгерістер енгізсін. Бұл тұста біз шағын және орта іскерлік сегменттеріне түсетін күшті ауырлатпауға тиіспіз.

Мен Үкіметке 2013 жылдың бірінші жартыжылдығының соңына дейін Қазақстан азаматтарының

өмір-тіршілігі қауіпсіздігіне тікелей ықпал етпейтін барлық рұқсаттар мен лицензияларды қайтарып алып, оларды хабарландырумен ауыстыруды тапсырамын.

Заңнамалық негізде бизнеске ұсынатын тауар, жұмыс және қызмет сапасын бақылау мәселелерін өзі реттейтін жағдай тудыру қажет. Бізге тұтынушылар үшін сот шешімдерін қабылдаудың көпдеңгейлі жүйесін алып тастап, олардың құқығын қорғаудың жаңа жүйесін әзірлеп шығу керек.

Екіншіден, мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі қағидатына негізделген сенімді арақатынас құру үшін бизнесті топтастыруды жалғастыру керек, ол бұл жаңа стратегияны жүзеге асыруда кең ауқымды және барлық кәсіпкерлердің тартылуы міндетін шешіп береді.

Халықаралық тәжірибені талдау көрсеткендей, кәсіпкерлердің палаталарға топтасуы – экономиканың тиімділігінің маңызды факторының бірі, осылай істелген жерлерде «мықты бизнес – мықты мемлекет» қағидасы іс жүзіне асты.

Үкімет «Атамекен» Одағымен бірлесіп, Ұлттық кәсіпкерлер палатасына міндетті мүшеліктің тұжырымдамалық моделін әзірледі.

Аталған модель кәсіби-техникалық білім, әсіресе, ауылдық жерлер мен моноқалалардағы шағын бизнесті кешенді сервистік қолдау, сыртқы экономикалық қызмет салаларында мемлекеттік

органдардың кең өкілеттіктері мен функцияларын құрылатын Ұлттық кәсіпкерлер палатасына беруді қамтамасыз етеді. Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Үкіметтің сенімді және білікті серіктесіне айналады.

Осыған байланысты Үкіметке тиісті заң жобасын әзірлеп, оны Парламентке келесі жылдың бірінші тоқсанында енгізуді тапсырамын.

Үшіншіден, мемлекет өзінің рөлін өзгертуі тиіс. Бізге кең ауқымды жекешелендірудің екінші толқыны қажет.

Бұл оңай қадам емес, өйткені мемлекет пен нарық арасындағы жауапкершілікті қайта бөлісуді білдіреді. Бірақ біз экономикалық өсімнің жоғары қарқынын сақтау үшін соны жасауымыз керек.

Жеке бизнес әрқашан және барлық жерде мемлекеттен гөрі тиімдірек әрекет етеді. Соңдықтан біз стратегиялық емес сипаттағы кәсіпорындар мен қызметтерді жеке қолға беруге тиіспіз. Бұл – отандық кәсіпкерлікті нығайту үшін аса маңызды қадам.

Бұл жолдағы алғашқы қадам «Халықтық IPO» бағдарламасының сәтті басталуы болды. Бұл – ең алдымен ұлттық байлықтың халықтың қолына таратылып берілуі. «ҚазТрансОйл» компаниясы тарапынан 28 млрд теңгені орналастыру туралы хабарланды және қазірдің өзінде тапсырыстар ұсыныстан екі есе асып кетті.

3. Әлеуметтік саясаттың жаңа қағидаттары – әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік

Біздің басты мақсатымыз – әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтарымыздың бақуаттығы. Бұл – қоғамдағы тұрақтылықтың ең жақсы кепілі.

Біздің қоғамда уақыт сынына төтеп бере алатын жаңартылған және әлдеқайда тиімді әлеуметтік саясатқа деген сұраныс өсіп келеді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әлеуметтік саясаттың мінсіз және әмбебап үлгісі жоқ. Бұл барлық азаматтары сол әлеуметтік жүйеге қанағаттанатындай бірде-бір қоғамның жоқтығы сияқты.

Әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтардың бақуаттығы мәселелерін шешу – әрбір қазақстандыққа әсер ететін қиын және өте маңызды міндет. Сондықтан бұл тұста әр қадам мұқият ойластырылған болуы тиіс.

Мен біздер басшылыққа алуға тиіс және оларды ескере отырып, әлеуметтік әділеттілік пен әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелеріне деген көзқарастарымызға түзету енгізе алатын қағидаларды өзімнің қалай пайымдайтынымды баяндап бергім келеді.

Біріншіден, мемлекет, әсіресе жаһандық дағдарыс жағдайында, азаматтарға ең төменгі әлеуметтік стандарт кепілдігін беруі тиіс.

Басты міндет – кедейшіліктің өсуіне жол бермеу.

Кедейшілік ешбір қазақстандық үшін әлеуметтік келешекке айналмауы керек.

Біз өз азаматтарымыз үшін экономика мен бюджеттің өсіміне тікелей тәуелді болатын ең төменгі әлеуметтік стандарттар мен кепілдіктер белгілеуіміз керек.

Олар мынаны қамтуға тиіс:

– Ең алдымен, тұлғаның қажеттіліктері тізімін кеңейту және оған білім беру мен денсаулық сақтау баптарын енгізу (соның ішінде, жұмыссыздар мен еңбекке қабілетсіздер үшін оларды барынша әлеуметтендіру мақсатында), саламатты тамақтану және саламатты өмір салты, зияткерлік және ақпараттық сұраныстарын өтеу, т. б.

– Нақты бағалар бойынша тұлғаның қажеттіліктерінің құнының есебі (тиісінше, елдегі статистиканы жетілдіру қажет).

– Экономиканың өсіміне байлаулы өмір сапасының стандарттарын кезең-кезеңімен сапалы арттыру.

Осы стандарттарды сақтау бүкіл әлеуметтік саланы бюджеттік қаржыландыру көлемін айқындауы тиіс. Бұл бюджеттік үдерістердің ашықтығын арттырады және біздер бөлетін қаражаттың атаулылығын күшейтеді. Үкіметке тиісті заң әзірлеуді тапсырамын.

Екіншіден, мемлекет әлеуметтік қолдауды тек бұған мұқтаж топтарға ғана көрсетуі тиіс.

Ол үшін не істеу керек?

Мемлекет қоғамның әлеуметтік жағдайы төмен топтарына – зейнеткерлерге, мүгедектерге, еңбекке жарамсыздарға, науқас балаларға және т. б. атаулы көмек үшін толық жауапкершілік алатын болады.

Ұдайы әлеуметтік және зейнетақылық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіріп отыру, ананы және баланы жан-жақты қорғау қажет.

Бізде жұмыссыздарды оқыту мен қайта даярлаудың еңбек нарығына бейімделген айқын бағдарламалары болуы керек. Мемлекет жұмыссыздарға әлеуметтік қолдауды бұл санатқа жататын адам жаңа мамандық игеріп, қайта даярлықтан өтуге бет бұрған жағдайда көрсетуі керек.

Жұмыс берушілер халықтың әлеуметтік жағдайы төмен топтарын жұмысқа белсене тартып, оларды жалақымен қамтамасыз ететіндей жағдай туғызу қажеттігі маңызды.

Ең алдымен, бұл мүмкіндігі шектеулі адамдарға қатысты. Әлемнің дамыған елдерінде осылай жасайды. Біз олардың толыққанды еңбек етуіне жағдай туғызуға тиіспіз. Мемлекеттік жәрдем-ақыны тек шынымен нақты жұмыс істей алмайтындар ғана алуы тиіс. Жұмысқа мүгедектерді алып, оларға жағдай жасайтын компаниялар мен корпорацияларды көтермелеу керек.

Үшіншіден, біз өңірлерді дамытуда әлеуметтік теңгерімсіздік мәселелерін шешуге назар аударуға тиіспіз.

Қазіргі кезде бірқатар өңірлердің экономикалық баяу дамуы еңбекпен қамтудың қамтамасыз етілмеуіне алып келеді. Халықтың кірісінің деңгейі тербеліп тұр.

Ең алдымен, мемлекеттік органдардың өңірлік даму саласындағы жұмыстарын үйлестіруді күшейту қажет.

Міндет – мемлекеттік және салалық барлық бағдарламалардың орындалуын өңірлерді дамытудың басымдыққа ие міндеттерін шешумен үйлестіру.

Үкімет 2013 жылдың бірінші тоқсанында-ақ өңірлердегі қажетті және болашағы бар жобалардың тізбесін анықтауы және тарифтеуі тиіс.

Өтіп бара жатқан жылда біз моноқалаларды дамыту бағдарламасын жүзеге асыруды бастадық. Жаңа жұмыс орындарын ашуға, әлеуметтік мәселелерді шешуге, кәсіпорындар жұмысын жетілдіруге айтарлықтай қайнарлар бағытталды.

Біз жергілікті жерлерде басқарудың сапасын арттыратын боламыз. Бұл жұмыс менің жеке бақылауымда.

Сонымен бірге, бізге өңірлерде әлеуметтік-экономикалық жағдайларды теңестірудің тиімді жаңа тетіктері қажет.

Үкіметке облыстардың әкімдерімен бірлесіп, 2013 жылы шағын қалаларды дамыту жөнінде бағдарлама қабылдауды тапсырамын. Бұл олардың негізінде көптеген индустриялық жобалар жасай отырып, ұзақ мерзімге арналуы керек. Олардың міндеті – өңірлердің салаларға мамандану жүйесін құруға көмектесу, ірі агломерациялардың индустриялық-өндірістік серіктес қалаларына айналу, ақыр соңында, жергілікті халықтың тұрмыс деңгейін арттырып, ауыл жастарын жұмыспен қамтамасыз ету.

Бізге көші-қон мәселелерін кешенді түрде шешу бойынша ел өңірлеріндегі еңбек нарығына ықпал ететін шаралар қабылдау қажет.

Шектес елдерден келіп жатқан көші-қон ағынына бақылауды күшейту керек.

Келешектілі міндет ретінде біздің алдымызда шетелдік еңбек нарықтарына көптеп кетіп қалмауы үшін отандық білікті мамандарға қолайлы жағдай жасау міндеті тұр.

Үкімет 2013 жылы Көші-қон мәселелерін шешу жөнінде кешенді жоспар әзірлеп, бекітуі тиіс.

Ерекше назарды шекарамен шектес аумақтарға аударған жөн. Олардың әлеуеті әлі толық ашылған жоқ. Оларды өмір сүруге қолайлы ете түсу қажет. Үкімет облыстардың әкімдерімен бірлесіп, 2013 жылы шекарамен шектес аудандарды дамыту жөнінде қосымша шаралар кешенін әзірлеуі қажет.

Төртіншіден, біз еңбекпен қамтуды қамтама-сыз ету және еңбек төлемі саясатын жаңғыртуға тиіспіз.

Әлемдік тұрақсыздықтың басты қатері – жұмыссыздықтың өсуі. Елде жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік те, салалық та – барлық бағдарламалар, тек әлдебір бөліктері емес, барлығы нақты жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етуі тиіс. Сондықтан Үкіметке және әкімдерге 2013 жылдың өзінде-ақ төмендегіні іске асыруды тапсырамын:

– Кәсіпкерлікті дамыту және бизнесті қолдау жөніндегі бұрын қабылданған барлық бағдарламаларды кіріктіру.

– Бюджеттік қаражатты жұмыссыздардың және кірісі аз адамдардың көрсеткіші жоғары өңірлерге бөлу тетіктерін әзірлеу.

Бұл жаңартылған бағдарламаның орындалуына жауапты ретінде мен Премьер-министрдің жеке өзі мен әкімдерді бекітемін.

Бұдан жарты жыл бұрын, «Әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты мақалам жарияланған соң, Кәсіподақтар және еңбектің реттелуі туралы Заң әзірлене бастады. Біздің мақсатымыз – жұмыскерлер мүддесін ескерген кәсіпкерлік қолдауын қамтитын еңбек қатынастарының түбірімен жаңа үлгісін жасау.

Күшіне еніп, барлық жұмыскерлердің мүддесін қорғауы үшін бұл заңның қабылдануын жеделдету қажет.

Үкіметке еңбек төлеміне және ондағы сәйкессіздіктерді қысқартуға қатысты мүлде жаңа амалдар табу шараларын қабылдау қажет.

Жаңа кезеңдегі әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ана мен баланы қорғауды жариялаймын.

Мемлекет үшін және менің жеке өзім үшін де ананы қорғау – ерекше мәселе.

Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты.

Ең алдымен, біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек. Олар – болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтың шырақшылары.

Қазақстан – зайырлы мемлекет. Азаматтарды ар-ождан бостандығымен қамтамасыз ете отырып, мемлекет қоғамға өз бетімен біздің дәстүріміз бен заңдарымызға қайшы келетін әлдебір қоғамдық нормаларды тықпалайтын әрекеттерге өте қатаң қарсы тұратын болады.

Біз Қазақстан қыздарының сапалы білім алып, жақсы жұмысқа тұруы және еркін болулары үшін барлық жағдайды жасауымыз қажет.

Олар банк карточкаларына ие болуға, көлік жүргізіп, қызмет жолын қалыптастыра алуға, заманға сай болуға, сәнденуге тиіс және біздерде

ешқашан киілмеген, салтымызға жат киімдерге оранып-қымтанбауға тиіс. Біздің халқымыздың өз мәдениеті, өз дәстүрі мен салты бар.

Халқымыз «Қыздың жолы жіңішке» дегенге ерекше мән беріп айтады. Бойжеткеннің жолы, қыздың жолы – қылдай, оны үзуге болмайды. Бойжеткен, әйел заты әрдайым біздің қоғамның тең құқылы мүшесі, ал ана – оның ең ардақты тұлғасы болды.

Біз әйел затына – анаға, жарға, қызға деген қапысыз құрметті қайта оралтуға тиіспіз.

Біз әйел-ананы қорғап-қолдауымыз керек. Мені отбасында әйелдер мен балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсету жайттарының көбеюі алаңдатады. Әйелді құрметтемеу деген болмау керек. Бірден айтайын, ондай зорлық-зомбылықтың жолы қатаң түрде кесілуі тиіс.

Мемлекет әбден асқынған жыныстық құлдыққа, әйелге тауар ретінде қарайтын көзқарасқа айрықша қатаң түрде тыйым салуға тиіс.

Біздің елімізде толық емес отбасылар көп. Мемлекет баланы жалғыз тәрбиелеп жатқан аналарға көмектесуі керек. Біз әйелдер үшін икемді еңбек түрлерін қалыптастырып, үйде жұмыс істеуге жағдай туғызуымыз керек. Заң, мемлекет және мен біздің ханымдарымыздың жағындамыз.

Біз бұдан әрі де елімізде әйелдердің рөлі артуы үшін барлық жағдайды жасайтын боламыз.

Қазіргі замандағы қазақстандық әйел қызмет істеуге ұмтылуы керек.

Әйелдерді мемлекеттік және қоғамдық басқару ісіне белсене тартқан жөн, әсіресе, жергілікті деңгейдегі өңірлерде. Олардың бизнес ашып, оны жүргізуіне де қолайлы жағдай жасаған абзал.

Бейбіт өмірдің өзінде бізде мыңдаған жетімдер бар – балалар үйлері толы. Бұл, өкінішке қарай, жалпыәлемдік үрдіс және жаһанданудың сынағы. Бірақ біз бұл үрдіспен күресуіміз керек. Мемлекетіміз бен қоғамымыз жетімдерді асырап алуды және отбасы типіндегі балалар үйлері салынуын көтермелеуі қажет.

Ерлердің әйелдер мен балаларға мүлдем жауапсыз көзқарас таныту көбейіп барады. Бұл біздің дәстүрімізге, мәдениетімізге тіптен жат.

Балалар – қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі және олар құқықсыз болуға тиіс емес.

Елбасы ретінде мен әрбір сәбидің құқығы қорғалуын талап ететін боламын.

Біздің топырағымызда туған кез келген сәби – қазақстандық. Және мемлекет оны қамқорлығына алуға тиіс.

Мен ажырасуға қарсымын, жастарды отбасы құндылығы, ажырасудың қасірет екендігі рухында тәрбиелеу керек, өйткені оның салдарынан, ең алдымен, балалар зардап шегеді. «Әкесі қой баға білмегеннің баласы қозы баға білмейді». Бала

тәрбиесі – тек ананың емес, ата-ананың екеуінің де міндеті.

Ал болған іс болған екен, онда әке алимент төлеуге тиіс. Мемлекет жалғызбасты аналарды қолдауы және алимент төлемегені үшін жазаны күшейтуі керек.

Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек.

Мен өскелең ұрпақтың озық білім алуы үшін мүмкіндік туғызуға көп күш жұмсадым: «Балалар» бағдарламасы жүзеге асып, Зияткерлік мектептер, Назарбаев университеті, «Болашақ» бағдарламасы жұмыс жасап жатыр.

Өздеріңіз білесіздер, оған тек дайындығы бар және дарынды балалар ғана өте алады. Баланы білім мен еңбекке дайындау – ата-ананың борышы.

«Бар жақсылық – балаларға» ұраны барлық ата-ана үшін қағидаға айналуы қажет.

Үкіметке:

– ана мен баланы қорғау, сондай-ақ, отбасы және неке саласында заңнаманы түбегейлі қайта қарауды;

– ана мен балаға қарсы бағытталған қылмыс үшін, сондай-ақ, осы саладағы ең ұсақ деген заң бұзушылықтар үшін жазаны күшейтуді;

– туу мен көп балалы болуды ынталандыру жүйесін реформалауды – жеңілдетілген салық, медициналық және әлеуметтік қызмет, еңбек

нарығында жаңа мүмкіндіктер беру және сол сияқты материалдық және материалдық емес ынталандыруларды қамтитын шаралар кешенін әзірлеуді;

– елде жыныстық ерекшелігі бойынша кемсітушілікке жол бермеу және іс жүзінде гендерлік теңдік пен әйелдерге ерлермен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуді тапсырамын. Бұл орайда мен сөзімді ең бірінші жұмыс берушілерге арнаймын.

Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі.

Денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесін ұзақ мерзімді жаңғырту аясында біз елдің барлық аумағында медициналық қызметтер сапасының бірыңғай стандарттарын енгізуге, сондай-ақ медицина мекемелерінің материалдық-техникалық жабдықталуын бірыңғайландыруға тиіспіз.

Негізгі басымдықтар:

– Сапалы және қолжетімді медициналық қызметтер көрсетумен қамтамасыз ету.

– Аурулар түрінің барынша кең аясына диагноз қоюмен және емдеумен қамтамасыз ету.

– Профилактикалық медицина аурудың алдын алудағы басты құралға айналуы тиіс. Халықпен ақпараттық-түсіндірмелік жұмыс жүргізуге баса ден қою.

– «Смарт-медицина», қашықтан профилактика және емдеу, «электрондық медицина» қызметтерін енгізу. Медицина қызметтерінің бұл жаңа

түрлері біздікі сияқты аумағы үлкен, кең байтақ елде ерекше сұранысқа ие.

– Біз балаларымыздың денсаулығын қамтамасыз етуге жаңа тәсілдер енгізу мәселесімен жұмыс жүргізуіміз қажет. Барлық 16 жасқа дейінгі балаларды медициналық қызметтің барлық түрлерімен қамту қажет деп ойлаймын. Оны ең төменгі өмір стандарттарына заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет. Бұл қадам ұлт денсаулығын қамтамасыз етуде маңызды үлес болады.

– Медициналық білім беру жүйесін түбірімен жақсарту. Медициналық жоғары оқу орындары жүйесі мамандандырылған орта деңгейдегі білім беру мекемелері желісі арқылы нығайтылуы тиіс. Күнделікті тәжірибе оқу үдерісімен барынша кіріктірілуі тиіс.

– Медициналық жоғары оқу орындары жұмысының тәжірибелік ғылыми-зерттеушілік бөлігіне басты маңыз беру. Адамзаттың жаңа білімдері мен технологиялық жетістіктерін шоғырландыратын жоғары оқу орындары болуы тиіс. Мысал ретінде, ірі және тиімділігі жоғары медициналық орталықтар болып саналатын АҚШ-тағы университеттік госпитальдерді келтіруге болады. Бұл бағытта да мемлекеттік-жекеменшік әріптестігін дамыту керек.

– Жеке медицинаның дамуына жағдай жасау. Барлық дамыған әлемде медициналық қызметтердің айтарлықтай бөлігін жеке сектор көрсетеді.

Біз жеке ауруханалар мен емханаларға тезірек көшуге жағдай туғызуға тиіспіз.

– Заңнамалық деңгейде медициналық жоғары оқу орындары мен мекемелердің халықаралық аккредитациясын өткізуді бекіту.

Қазірге дейін ауылдағы медициналық қызметтің сапасына көп сын айтылады. Ал ауыл тұрғындары бізде бүкіл халықтың 43 %-ын құрайды.

Дене шынықтыру мен спорт мемлекеттің айрықша назарында болуы тиіс. Нақ сол саламатты өмір салты ұлт денсаулығының кілті болып саналады.

Алайда елде барлығы үшін қолжетімді спорт нысандары, спорт құрал-жабдықтары жетіспейді.

Осыған байланысты Үкімет және жергілікті органдар дене шынықтыруды, бұқаралық спортты дамыту және типтік жобадағы денешынықтыру-сауықтыру нысандары, соның ішінде, аула нысандары құрылысы бойынша шаралар қабылдауы қажет. Бұл жұмысты келесі жылы-ақ бастау керек.

4. Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары

Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек.

Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең

заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс.

Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың міндетті сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды.

Біздің жұмыстарымыздың білім беру саласындағы басымдықтары.

Бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшуі керек.

Сіздер білесіздер, мен балаларымыздың бастапқы мүмкіндіктерін теңестіруді басты міндеті санайтын «Балапан» бағдарламасы бастамасын көтердім.

Ол жүзеге асырыла бастаған сәттен бері 3 956 жаңа балабақша мен шағын орталықтар іске қосылды.

Туу көрсеткішінің жоғарылығын, жалғасып жатқан демографиялық өсімді ескере келе, мен «Балапан» бағдарламасын 2020 жылға дейін ұзартуға шешім қабылдадым. Үкімет пен әкімдердің алдына балаларды мектепке дейінгі білім беру және тәрбиемен 100 % қамтуға қол жеткізу міндетін қоямын.

«Қазақстан – 2050» жаңа бағытын ескере отырып, Үкіметке 2013 жылдан бастап халықаралық үлгідегі куәліктер беру арқылы инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді тапсырамын.

Кәсіби-техникалық және жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек. Көп жағынан бұл халықты еңбекпен қамту мәселесін шешіп береді.

Жоғары оқу орындары білім беру қызметімен шектеліп қалмауы тиіс. Олар қолданбалы және ғылыми-зерттеушілік бөлімшелерін құруы және дамытуы қажет.

Біз академиялық автономия кепілдігін берген жоғары оқу орындары тек оқу бағдарламаларын жетілдірумен шектелмей, өздерінің ғылыми-зерттеушілік қызметін де белсенді дамытуы тиіс.

Жеке бизнестің, үкіметтік емес және қайырымдылық ұйымдарының, жеке адамдардың әлеуметтік жауапкершілігі білім беру саласында айрықша көрінуі керек. Бұл ең бірінші кезекте лайықты білім алуда оқу ақысын өз бетінше төлей алмайтын жастарға көмек беруге қатысты.

Ол үшін қажетті шаралар:

– Жоғары және орта білім беру жүйесін дамыту үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі желісін құру.

– Көпсатылы оқу гранттары жүйесін әзірлеу.

– Бүкіл ел бойынша ғылыми-зерттеушілік және қолданбалы білім берудің өңірлік мамандықтарды ескеретін мамандандырылған оқу орындары жүйесін құру.

– Жоғары оқу орындарындағы оқудың екінші курсынан бастап кәсіпорындардағы міндетті өндірістік тәжірибені заңнамалық тұрғыда бекіту.

Бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту керек болады.

– Біз қалайтындардың барлығы үшін қашықтан оқытуды және онлайн режимінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз.

– Ескірген немесе сұраныс жоқ ғылыми және білім пәндерінен арылу, сонымен бірге, сұраныс көп және болашағы бар бағыттарды күшейту қажет.

– Орта және жоғары білім берудің оқу жоспарларының бағыттылығы мен басымдықтарын оларға тәжірибелік машықтарға үйрету бойынша және тәжірибелік біліктілікке ие болу бағдарламаларын қосып, өзгерту.

– Кәсіпкерлікке бағдарланған оқу бағдарламаларын, білім беру курстары мен институттарын құру.

* * *

Бүкіләлемдік тәжірибенің көрсетуінше, бүкіл инновациялық өндірістік циклды жеке бір елде жүзеге асыруға тырысу – велосипед ойлап шығару

деген сөз. Бұл – өте қымбатқа түсетін және әрдайым нәтижелі, жемісті бола бермейтін іс. Табысқа жету үшін ғалымдардың талай буынының тәжірибесіне, тарихи қалыптасқан ғылыми мектептердің арнаулы ақпарат және білімдерінің көп терабайт көлеміне негізделген дербес ғылыми база қажет болады.

Жаңа технологиялық толқын жалына жармасып, теңдессіз инновациялар жасау барлық елдің қолынан келе бермейді. Біз осыны жете түсінуге тиіспіз.

Сондықтан біз өте шынайы, барынша прагматикалық стратегия құрғанымыз жөн.

Біз шығыны көп емес зерттеулер мен әзірлемелерге ден қоюға тиіспіз.

Бізге елімізге қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту керек. «ЭКСПО-2017» бұл үдеріске серпін беріп, бізге болашақтың энергиясын дамыту үшін жаңа технологияларды таңдап алуға көмектесуі тиіс.

Біз – жас ұлтпыз және бұл біздің қолымыздан келеді.

Оған қоса, біз ауқымды халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына әбден-ақ белсене қатыса аламыз. Бұл бізге ғалымдарымыздың күш-жігерін шетелдік ғылыми-зерттеушілік қоғамдастықпен стратегиялық инновациялық бағыттар бойынша ықпалдастыруға мүмкіндік береді. Біздің мақсаты-

мыз – жаһандық технологиялық революцияның бөлшегіне айналу.

Біз 2013 жылдың өзінде-ақ ғылым мен бизнес-тің толыққанды кооперациясы жөнінде шаралар қабылдауға тиіспіз. Үкіметке технология трансферті мүмкін болатын салааралық секторларды анықтауды және оларға жер қойнауын пайдаланушылар мен ұлттық компаниялар тарапынан сұраныс тудыруды тапсырамын.

Болашағы зор ұлттық кластерлер қалыптастыру жөнінде нақтылы Жол карталарын әзірлеу аса маңызды.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі үшін құқықтық арқауды анықтауды да тездету қажет. Міңдет – мұндай әріптестіктің бүгінгі күнгі ең озық құралдары мен тетіктерін енгізу.

Авторлық құқықтар мен патенттер мәселелерін реттейтін заңнаманы қайта қарау. Үкімет 2014 жылдың соңына дейін бұған дейін берілген барлық патенттер мен тіркелген авторлық құқықтарды олардың коммерциялануының ықтималдығы жөнінен талдаудан өткізуі қажет.

* * *

Мен сөзімді, әсіресе, жастарымызға арнағым келеді.

Бүгін мен жариялаған Жаңа саяси және экономикалық бағыт сіздерге жақсы білім беруді,

яғни бұдан да лайықтырақ болашақ сыйлауды көздейді.

Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер.

Мемлекет басшысы ретінде мен әрдайым сіздердің оқуларыңыз бен өсіп-өнулеріңіз үшін барлық жағдайды жасауға тырыстым. Әлемдік деңгейдегі университет, зияткерлік мектептер аштым, «Болашақ» бағдарламасын құрдым.

Қазір мемлекеттік жастар саясатының жаңа тұжырымдамасы әзірленуде.

Мемлекет сіздердің алдарыңыздан жаңа мүмкіндіктер ашылуы үшін барлығын жасауда. Олар – сіздердің ата-аналарыңыз тіпті ойлап та көрмеген мүмкіндіктер.

Естеріңізде болсын: сіздердің табыстарыңыз – ата-аналарыңыздың табысы, туғандарыңыз мен туыстарыңыздың табысы, отбасыларыңыздың табысы, барлық отандастарыңыздың табысы, біздің Отанымыздың табысы.

5. Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту

Біздің мақсатымыз – мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастыру. Ол қоғамға қызмет ету мен мемлекеттілікті нығайтудың жаңа міндеттеріне сай болуы тиіс.

Бірінші. Бізге мемлекеттік жоспарлау және болжау жүйесін одан әрі жетілдіре түсу керек.

Қойылатын мақсат – жоспарлар мен бағдарламалар әзірлеуде мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейту. Осыған байланысты Үкіметке беретін тапсырмам:

– Менің пайымдауымдағы Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясын ескере отырып, жұмыста және өмірде еліміз басшылыққа алатын стратегиялық құжаттарды қайта қарау.

– Елде Мемлекеттік аудит енгізу тұжырымдамасын әзірлеп, келесі жылы Парламентке тиісті заң жобасын енгізу. Бізге мемлекеттік аудиттің ең озық әлемдік тәжірибесі негізінде кешенді жүйе құру қажет.

– Экономикалық стратегияларымыз жүзеге асуы үшін мемлекет дағдарыстық жағдайларды күні бұрын тиімді түрде біліп, оларға қарсы шара қолдануы тиіс. Бұл үшін бізге дағдарысқа қарсы әрекет етудің көпдеңгейлі жүйесін құру қажет.

Біз де ықтимал дағдарыстық жағдайларға арналған стандартты іс-әрекеттер жиынтығы болуы керек. Бұл, әсіресе, өңірлер үшін маңызды. Ол жүйені әзірлеу барысында мен айтқан барлық қатерлерді ескеру қажет.

Екінші. Біз басқаруды орталықсыздандыруды сауатты жүргізуіміз керек.

Орталықсыздандыру идеясының мәні – шешім қабылдау үшін құқықтар мен қажетті ресурстарды орталықтан өңірлік билік органдарына беру.

Біз 2013 жылы жауапкершілік пен өкілеттіктерді орталық пен өңірлер арасында бөлу жөнінде нақты шаралар қабылдауымыз қажет.

Жергілікті жерлердегі билік органдарының өкілеттіктері қаржылық және кадрлық ресурстармен нығайтылатын болады.

Қоғам және азаматтар мемлекеттік шешімдер қабылдау үдерісі мен олардың жүзеге асырылуына тікелей қатыстырылуы қажет. Жергілікті басқару органдары арқылы халыққа жергілікті маңызы бар мәселелерді өз бетімен және жауапкершілікпен шешуіне нақты мүмкіндік беру керек.

Мен Жергілікті басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіттім. Ол ауылдық, селолық деңгейде басқару сапасын арттыруға мүмкіндік жасайды және азаматтардың жергілікті маңызы бар мәселелерге қатысуын кеңейтеді.

Біз селолық әкімдіктерге қосымша өкілеттіктер береміз және олардың ауылдағы ахуалға ықпалын күшейтеміз.

Бірақ, сонымен бірге, бізге қоғамдық бақылауды, жергілікті жерлердегі ахуалға азаматтардың ықпалын күшейту керек. Сондықтан мен мәслихат арқылы ауыл әкімдерінің сайланбалылығын енгізу туралы шешім қабылдадым. Сайлауды біз 2013 жылдың өзінде-ақ бастаймыз.

Барлығы 2533 әкім, соның ішінде селолық округтердің, кенттердің және аудандық маңызы бар 50 қаланың әкімі сайланатын болады.

Бұл барлық деңгейдегі әкімдердің жалпы санының 91,7 %-ы!

Осылайша, біз азаматтармен тікелей жұмыс істейтін және мәселені жергілікті жерде шешетін барлық әкімдерді сайланбалылықпен қамтитын боламыз.

Азаматтардың жергілікті жерлердегі өзекті мәселелерді шешуге, жергілікті билік органдарының жұмысын бақылауға белсене араласатын уақыты туды.

Үкіметке Президент Әкімшілігімен бірлесіп, қажетті заңнамалық актілер әзірлеуді тездетуді, ал Парламентке олардың басымдық тәртібімен қабылдануын қамтамасыз етуді тапсырамын.

Біз бүкіл әлеммен бірге өркениетті жолмен жүруге және қоғамның одан әрі демократиялануына бағыт ұстауға тиіспіз.

Парламенттің өкілеттіктерін күшейту жөніндегі саясатымызды жалғастыру керек.

Сонымен бірге, орталықсыздандыруға тек жергілікті деңгейде белгілі бір өкілеттіктер беруге болатын жаңа билік органдарын құру үдерісі ретінде қараудың керегі жоқ.

Орталықсыздандыру – ең алдымен мемлекеттік басқару жүйесінің сапалық өзгерісі, мәселелерді жергілікті деңгейде шешу жүйесін өзгерту.

Бұл орайда орталықсыздандыру жоғарыдан төмен қарай басқару билігінің әлсіреуіне, орындаушылық тәртіп мен реттіліктің төмендеуіне

апарып соқтырмауы тиіс. Оған жол беруге болмайды. Жергілікті жерлерде әкімдер, Үкімет мұны ерекше бақылауда ұстауға тиіс.

Үшінші. Алдымызда, мен бүгін жариялаған қағидаларға сәйкес, халыққа және мемлекетке қызмет етуді барлығынан жоғары қоятын кәсіпқой мемлекеттік аппарат қалыптастыру міндеті тұр.

Біз мемлекеттік қызметтің кадрлық құрамын іріктеу және кәсіби даярлықтың жетілдірілген әдістемелерін енгізу арқылы сапалы түрде жақсартуымыз керек.

Басқарушылық шешімдер мемлекет деңгейінде төмендегідей талаптарға сай болуы тиіс:

– Тек қысқа мерзімді ғана емес, ұзақ мерзімді нәтижелерді де есепке алу.

– Басқарушылық шешімнің мультипликативті әсерін есепке алу.

– Адал бәсекелестік және кәсіпкерліктің еркіндігі ережелерін қамтамасыз ету.

– Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық міндеттерінің екі түрлі түсіндірілуін болдырмау. Олардың қызметінің заңнамалық тұрғыдан дәл реттелі.

Жаңа талаптарды ескере отырып, біз әкімшілік реформасының екінші кезеңін бастап кеттік.

Ең алдымен мемлекеттік аппарат реформаланатын болады. Мен мемлекеттік қызметтің жаңа жүйесі туралы заңға қол қойдым. Ол сыбайлас

жемқорлыққа қарсы шараларды күшейтуді, мемлекеттік қызметшілерді іріктеуде ашықтықты арттыруды, меритократия қағидаларын енгізуді, яғни жақсы кадрларды ілгерілетуді қамтамасыз етеді.

Біз Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия құратын боламыз. Мемлекеттік саясаттың нақты бағыттарын жүзеге асыруға жауапты кәсіпқой басқарушылардың мүлдем жаңа санаты – «А» корпусы құрылады.

«А» корпусына бірінші кезекте жауапты хатшылар мен облыс әкімдерінің аппарат басшылары, комитет төрағалары, қалалар мен аудандар әкімдері кіреді. Өзімнің Әкімшілігіме «А» корпусына үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары туралы жарлық жобасын дайындауды тапсырамын.

Бұдан былай мемлекеттік қызметші лауазымдық сатымен кезең-кезеңмен, билік иерархиясының бір сатысынан келесісіне өзінің машығын жетілдіре және кәсіби деңгейін арттыра отырып көтерілетін болады. Белгіленген көрсеткіштерді асыра орындағандар мен өзінің тиімділігін көрсеткендерге және жоғары нәтижеге қол жеткізгендерге ғана тысқары қарау керек.

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің 2013 жылдың соңына дейін мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық өсуінің осындай мүлде жаңа тетігін енгізуді тапсырамын.

Ерекше назарды мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын арттыруға аудару қажет. Міндет – мемлекеттік аппараттың халықпен өзара қарым-қатынастарында біржақты-өктем көзқарастардан арылып, азаматтарға мемлекеттік қызметтерді тиімді және жедел түрде көрсетуге көшу.

Қазір Парламентке «Мемлекеттік қызмет туралы» заң жобасы енгізілді. Оны 2013 жылдың бірінші тоқсанының соңына дейін қабылдау керек.

Біз мемлекеттік органдарды оларға тән емес функцияларды орындаудан босатып, мемлекеттік институттардың дербестігін сапалық тұрғыдан кеңейтуге тиіспіз. Үкімет оның орындалуын 2014 жылдан бастап жергілікті бюджет қалыптастырудың жаңа тетігін енгізумен ұштастыруы керек.

Төртінші. Мемлекеттік аппарат бизнес-қарым-қатынастармен жаңа өзара іс-қимыл жүйесін құруы керек.

Біз бизнеске араласпауға және «бәрін қолынан жетелеп жүрмеуге» тиіспіз. Біз бизнеске ертеңгі күнге деген сенімділік сіңіруге тиіспіз, кәсіпкерлер өздерінің күшіне сенуге және мемлекет оларды алдамайтынын, қорғайтынын білуге тиіс. Олардан тек адал жұмыс істеу ғана талап етіледі.

Бұл үшін біз, біріншіден, жекеменшік құқығының беріктігін іс жүзінде қамтамасыз етуге кепілдік беруге тиіспіз деп санаймыз. Екіншіден, шарттық міндеттемелерді қорғауға кепілдік беру керек.

Мемлекеттің міндетті – азаматтарға олардың іскерлік белсенділігін жүзеге асыруға барынша мүмкіндік беру. Ал бұл дегеніміз – отандық бизнес үшін инфрақұрылым құрудың қамын ойлау.

Осы мақсатта жаңа 2013 жылдың өзінде ұлттық құқықтық жүйені жаңғыртудың кезекті кезеңін бастау керек.

Заңнама тек ұлттық мүдделерді ғана қорғап қана қоймай, қарқынды дамып отырған халықаралық құқықтық ортамен де үйлесуге тиіс. Үкіметке жария, сондай-ақ жеке құқықтың барлық арқаулық салаларында біздің құқық жүйеміздің бәсекеlestігін арттыру жөнінде жүйелі шаралар қабылдауды тапсырамын.

Үкіметке 2013 жылы Президент Әкімшілігімен бірлесіп атқаратын мынадай тапсырма беремін:

– Қылмыстық және Қылмыстық-іс жүргізу заңнамаларын реформалауды бастау керек. Одан әрі ізгілендіруге, оның ішінде экономикалық құқық бұзушылықты қылмыссыздандыруға, маңыз беру керек;

– Парламентке 4 жаңа кодексті: Қылмыстық-іс жүргізу, Қылмыстық, Қылмыстық-орындаушылық және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерді әзірлеп, енгізу керек.

Бұл өзекті заң актілерінің қабылдануы қылмыстық сот ісін жүргізуді және, ең алдымен, қылмысқа қарсы мемлекеттің күрес саясатын тұжырымдық тұрғыдан жаңғыртады, біздің

құқығымызды қазіргі сын-қатерлерге өз дәрежесінде әрекет жасайтындай деңгейге көтереді.

Бесінші. Мемлекет тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік қағидатын ұстануға тиіс.

Дамыған қоғам барлық жерде тәртіп пен реттілік орнатудан, жайлы кіреберістен, жинақы ауладан, таза көшеден және жарқын жүзді адамдардан басталады.

Бізең ұсақ құқық бұзушылықпен, бұзақылықпен, мәдениетсіздікпен ымыраға келмеуіміз керек, өйткені осының өзі қоғам тыныштығын бұзады, өмірдің сапасына селкеу түсіреді.

Тәртіпсіздік пен бетімен кетушілікті сезіну одан да елеулі қылмыстарға жол ашады.

Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы – қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам.

Біз құқықтық нигилизмді, дәни көзқамандықты жеңіп, қоғам мүшелерін қоғамдық тәртіпті қорғау ісіне тартуымыз керек.

Біз әлеуметтік бүлдіргі пиғылды жұмысқа орналасу мәселесімен байланыста қарауымыз керек. Біз қоғамдық орындардағы бұзақылық әрекет үшін жеке іс қағазында және түйіндемеде міндетті түрде көрсетілетін және жұмысқа қабылдау, қызмет сатысы бойынша өсіру кезінде ескерілетін жаза қолдануды енгізуіміз керек.

Мұның бәрі қоғамдық өмірдің қалпы болуға тиіс.

Алтыншы. Мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін біртұтас күш болуға тиіс.

Жемқорлық – жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады.

Біз түпкі мақсатымыз – жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті қатты күшейтуіміз керек.

Жетінші. Біз құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтердің реформасын жалғастыруға тиіспіз. Онсыз біз тәртіпсіздікке мүлдем төзбеуді қалыптастыру және жемқорлықты түбірімен жою жөніндегі міндеттерді шеше алмаймыз.

Соңғы 3 жылда құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтердің бірқатар маңызды реформалары жүргізілді. Бұл – мемлекеттікті нығайтудың маңызды қадамы. Олардың жұмысының құқықтық арқауы жақсартылды. Атқаратын міндеттері нақты айқындалды. Қызметтің қайталануы жойылды. Қылмысқа қатысты саясат ізгілендірілді.

Барлық құқықтық құрылымдардың қызметкерлері түгелдей аттестаттаудан өткізілді. 100 мыңнан астам адамнан 12,5 мың адам аттестаттаудан өтпей қалды және органдардан босатылды.

Біз бұл жұмысты одан әрі жалғастыра береміз.

Президент Әкімшілігі мен Қауіпсіздік кеңесіне және Үкіметке бірлесіп атқаратын мынадай тапсырма беремін:

– Құқық қорғау органдары қызметкерлерін ақша-лай қамтамасыз ету және зейнетақымен қамсыздандыру деңгейін арттыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын дайындау керек. Осы 2013 жылдан бастап арнайы атақтар үшін төленетін қосымша ақы мөлшерін әскери атақтар бойынша төленетін жалақы деңгейіне дейін көтеруді тапсырамын.

– Құқық қорғау органдарының Кадр саясаты тұжырымдамасын әзірлеу керек.

– Жоғары аттестаттау комиссиясының негізінде құқық қорғау органдарындағы кадр саясаты жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін құрылым құру керек.

– Құқық қорғау және арнайы органдар жетекшілерінің Президенттік резервін қалыптастыру керек.

Президент Әкімшілігіне, Қауіпсіздік кеңесіне Үкіметпен бірлесіп, ведомствоаралық жұмыс тобын құруды және 2013 жылдың екінші тоқсанының аяғына дейін Құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғырту бағдарламасының жобасын әзірлеуді тапсырамын.

Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқын жүзеге асыруы болып табылады.

Бұл үшін сот төрелігін жүзеге асыру үдерісін оңайлату, оны басы артық төрешілдік рәсімдерден арылту керек. Жаңа ақпараттық технологияларды белсенді енгізген жағдайда мұны істеу қиын емес.

Сонымен бір мезгілде соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырған жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей тетіктер қарастыру қажет.

Сот билігінің беделі орындалмаған сот шешімдерінен төмендейді. Осыған байланысты бұл жағдайды түбегейлі өзгерту жөніндегі шаралар қабылдануға тиіс.

Шекара қызметінің ауқымды реформасын жүргізу керек. Міндет – оның тиімділігін түбегейлі арттыру, материалдық-техникалық базасын жаңғырту.

Бұл үшін Қауіпсіздік кеңесіне Президент Әкімшілігімен және Үкіметпен бірлесіп, Шекара қызметін дамытудың және мемлекеттік шекараны орта мерзімді кезеңде орнықтырудың арнайы Кешенді жоспарын әзірлеуді тапсырамын.

6. Дәйекті және болжамды сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді ілгерілету мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту

Қазақстан тәуелсіздік жылдарында халықаралық үдерістердің тең құқықты қатысушысы

болып қалыптасты және біз қолайлы сыртқы ахуал құруға қол жеткіздік.

Біздің басымдықтарымыз өзгермейді – көршілеріміз – Ресеймен, Қытаймен, Орталық Азия елдерімен, сондай-ақ АҚШ-пен, Еуроодақпен, Азия елдерімен серіктестікті дамыту мәселесі болып табылады.

Біз Кеден одағын және Бірыңғай экономикалық кеңістікті нығайтатын боламыз.

Біздің таяудағы мақсатымыз – Еуразиялық экономикалық одақ құру. Осыған орай біз мәселелердің бәтуаға келу арқылы шешілетінін нақты мәлімдейміз. Саяси егемендікке қысым көрсетілмейді.

Сыртқы саясатымызды теңдестіру әлемдік істерде елеулі рөл атқаратын және Қазақстан үшін практикалық қызығушылық туғызатын барлық мемлекеттермен достық және болжамды қарым-қатынастарды дамыту дегенді білдіреді.

Алайда халықаралық ахуал және геосаяси орта қарқынды өзгеруде және әрқашан жақсы жағына қарай ойыса бермейді. Солтүстік Африка мен Таяу Шығыстан Солтүстік-Шығыс Азияға дейін тұрақсыздықтың алып белдеуі созылып жатыр. Күштердің арасалмағы жаһандық деңгейде де, сонымен қатар, Жер шарының жекелеген өңірлерінде де елеулі өзгерістерге ұшырауда. Соған сәйкес БҰҰ, ЕҚЫҰ, НАТО, ҰҚШҰ, ШЫҰ, АӨСШК және басқа аймақтық қауіпсіздік тетіктерінің рөлі

арта түседі. Орталық Азияда ұлттық қауіпсіздікке төнген жаңа қатерлер пайда болды.

Мұндай ахуалда Қазақстанның сыртқы саясаты ішкі саясаты сияқты жаңғыртылуға тиіс.

Сыртқы саясатты жаңғыртудың басымдықтары:

– Өңірлік және ұлттық қауіпсіздікті жан-жақты нығайту.

– Экономикалық және сауда дипломатиясын белсенді дамыту.

– Мәдени-гуманитарлық, ғылым-білім және басқа шектес салалардағы халықаралық ынтымақтастықты арттыру.

– Азаматтарымызды құқықтық қорғауды, олардың шетелдердегі жеке, отбасылық, іскерлік мүдделерін қорғауды күшейту.

Біріншіден, ұлттық мүдделерді сыртқы саясатта ілгерілету айрықша прагматикалық принциптерге негізделген.

Біздің міндеттеріміз: сыртқы саясатты әртараптандыру, ұлттық экономикалық және сауда мүдделерін ілгерілету үшін экономикалық және сауда дипломатиясын дамыту.

Екіншіден, біз әрі қарай да аймақтық қауіпсіздік үшін өз жауапкершілігімізді сезінуге және Орталық Азияны тұрақтандыруға өз үлесімізді қосуға тиіспіз.

Біздің міндетіміз – аймақтағы тартысты жағдайдың алғышарттарын жоюға барынша көмектесу.

Орталық Азияны тұрақтандырудың озық тәсілі – өңірішілік бірігу. Нақ осы жолмен біз біздің өңірдің тартыстық әлеуетін төмендетіп, толғақты әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешіп, су-энергетикалық және басқа да қайшылықтардың түйіндерін жаза аламыз.

Біздің дауысымыз барлық әлемге естіліп тұруға тиіс. Сондықтан мен Астана экономикалық форумында өзіміз G-Global деп атаған ұнқатысудың жаңа түрін ұсындым.

Әлемде бірде-бір ел бастан кешіп жатқан дәуірінің қатерлерін жалғыз өзі жеңе алмайды. Менің бастамамның мәні – әділ және қауіпсіз әлем орнықтыру үшін баршаның күшін біріктіру.

Үшіншіден, біздің еліміз халықаралық ілгерішіл бастамаларды бәрін одан әрі қолдап, жаһандық қауіпсіздікке үлесін қоса беруі керек.

Қазақстан барлық мүдделі серіктестермен және біздің көршілерімізбен бірге Ауғанстан мәселесін тезірек саяси реттеуге және қайта қалпына келтіруге қол жеткізетін болады.

Қазақстан ИЫҰ-ның белсенді қатысушысы бола отырып, Таяу Шығысты реттеу үдерісінің бейбіт сипатына шын жүректен мүдделілік танытады. Араб-ислам әлеміндегі халықтық толқудан босаған күш-қуаттың жасампаздық арнаға бағытталып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге қызмет етуі маңызды.

Біз Азия-Тынық мұхиты өңірінің елдерімен экономикалық тұрғыдан озық қарқынмен жақындасуға тиіспіз. Бұл бізге тек экономикалық дивиденд беріп қана қоймайды, сыртқы саясатымыздың теңгерімділігін де нығайта түседі.

Төртіншіден, Қазақстан өзінің қорғаныс қабілеті мен әскери доктринасын нығайтуға, түрлі қорғаныстық тежеу тетіктеріне қатысуға тиіс.

Біз ұлттық қорғаныс моделін әзірлей отырып, түрлі елдермен және ұйымдармен ынтымақтасуға тиіспіз.

Қазақстан ҰҚШҰ бойынша одақтастармен тығыз жұмыс істейтін және жедел қимылдайтын Ұжымдық күштердің әлеуеті мен жауынгерлік қабілетін арттыруға көмектесетін болады.

7. Жаңа Қазақстандық патриотизм – біздің көп ұлтты және көп конфессиялы қоғамымыз табысының негізі

Біздің бұл бағыттағы басты мақсатымыз қарапайым және түсінікті: біз қоғамдық келісімді сақтауға және нығайтуға тиіспіз. Бұл – біздің мемлекет ретінде, қоғам ретінде, ұлт ретінде өмір сүруіміздің айнымас шарты.

Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі.

Биыл Лондон Олимпиадасында біздің спортшыларымыз 205 ұлттық құрама арасынан 12-ші

орын алды. Біздің команда көп ұлтты Қазақстанның, көптеген этностардың берік және ынтымақты шаңырағының біртұтас жасағы ретінде сайысқа түсті. Олимпиададағы жеңіс салтанаты халқымызды одан әрі біріктіре түсті, патриотизмнің ұлы күшін танытты. Бұқаралық спорт және жоғары жетістіктерге жеткізетін спорт кешенді жүйелі тәсілді талап етеді. Тек саламатты ұлт қана бәсекелестікке қабілетті болмақ.

Үкіметке әлемдік озық тәжірибені есепке ала отырып, Бұқаралық спорт пен жоғары жетістікке жеткізетін спортты дамыту бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын.

Бірінші. Жаңа қазақстандық патриотизм.

Болашаққа деген сенім болмаса, толыққанды мемлекет құруға болмайды. Мемлекет пен азаматтың мақсаттары барлық бағыттар бойынша сәйкес келуі өмірлік тұрғыдан маңызды. Мемлекеттің басты міндеті де осы.

Азаматтар мемлекетке, болашақ бар болса, даму үшін, жеке және кәсіби тұрғыдан өсу үшін мүмкіндіктер болса ғана, сенім артады.

Мемлекет және халық мұны сезініп, бірлесіп жұмыс істеуге тиіс.

Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады.

Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге қажеттілікті қамдау тұрғысынан қарауымыз керек. Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады.

2050 жылға қарай біз Қазақстанның кез келген азаматы ертеңгі күнге, болашаққа өте сенімді болатындай саяси жүйе құруымыз керек.

Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс.

Екінші. Барлық этностар азаматтары құқықтарының теңдігі.

Біз – бәріміз тең құқықты, тең мүмкіндіктерді иеленген қазақстандықтармыз. Жаңа қазақстандық патриотизм барлық қоғамды, барлық этностық әркелкіліктерді біріктіруге тиіс.

Біз – көп ұлтты қоғамбыз. Және де ұлтаралық қатынастар мәселесінде ешқандай қосарланған стандарттар болмауға тиіс. Мемлекетте бәрі де тең болуға тиіс. Этностық немесе басқа да белгілер

бойынша жақсы немесе жаман деген болмауға тиіс.

Бұл мәселе мен үшін декларативті емес. Егер біреуге этностық белгісі бойынша қысым жасалса, онда бүкіл қазақстандықтарға қысым жасалды деп есептеу керек. Ешқандай этносқа ешқандай артықшылық болмайды және болмауға тиіс, барлығының құқықтары мен міндеттері бірдей. Біз тең мүмкіндіктер қоғамын, бәрі заң алдында бірдей болатын қоғамды құрудамыз. Біз ешқашан оқуға түсу, жұмысқа тұру және қызмет бабында өсу этностық белгі арқылы шешіледі дегенді ойға да алмауға тиіспіз.

Мен Үкімет пен әкімдердің еңбек саясатына тәртіп енгізуін талап етемін. Жұмысқа, әсіресе жергілікті билік органдарына, этностық ерекшеліктеріне қарамастан, үздіктер алынуы керек. Өлшем біреу ғана – өте жоғары этика және кәсібилік. Министрліктер мен әкімдіктердің барлық буындарында кадр таңдауда байқалатын біржақтылықты түзеу керек.

Біздің қоғамымызда «артық» немесе «бөтен», «біздікі» немесе «біздікі емес» деген болмауға тиіс. Біз еліміздің бірде-бір азаматын сыртта қалдыра алмаймыз. Әрбір қазақстандық биліктің қолдайтынын және тірек екенін сезінуге тиіс.

Ұлттардың этносаралық келісіміне сына қағуға тырысатындардың барлығы да заңмен қудаланады.

Мұнда ерекше жауапкершілік біздерге, қазақтарға артылады. Бір ұлтты мемлекеттердің келмеске кеткенін біз түсінуге тиіспіз.

Қазақстан – біздің қасиетті мекеніміз. Бұл атам заманнан біздің бабаларымыз қоныс еткен жер. Кейінгі ұрпақ осынау қастерлі өлкеде өмір сүріп, өркен жаятын болады. Өз жерімізде тыныш пен бейбіт өмір болуына біз тікелей жауаптымыз.

Қазақ жеріне тағдырдың жазуымен алуан түрлі ұлт өкілдері қоныс аударды. Біз оларға құшағымызды ашып, қазақи қонақжайлылықпен қарсы алдық. Олар біздің елімізде өсіп-өніп, бауырларымызға айналды. Қазір біз көп ұлтты сипаты бар, біртұтас елміз.

Жаһандану дәуірі – көп ұлтты мемлекеттер дәуірі. Бұл – әлемдік үрдіс.

Еліміздің дамуына барша ұлт пен ұлыс өкілдері бірге үлес қосты. Ендеше, тәуелсіз қазақ елінің азаматтарын алалауға, бауырластығын бұзуға ешкімнің қақысы жоқ. Барлық ұлт өкілдерімен тіл табысып, тату-тәтті, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру – барша қазақтың басты қағидасы болуы шарт. Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген жан өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды. Біз ел иесі ретінде биік бола білсек, өзгелерге сыйлы боламыз.

Тіл туралы жауапкершілігі жоғары саясат біздің қоғамымызды одан әрі ұйыстыра түсетін басты

фактор болуға тиіс. Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Кез келген тіл өзге тілмен қарым-қатынасқа түскенде ғана өсіп, өркен жаятынын әрдайым есте сақтаған жөн.

Осы заманғы ғылыми терминологияның негізін латын тілінен енген сөздер құраса, ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек.

Қазақ тілінің осы заманның биік талабына сай, бай терминологиялық қорын жасаған соң оны рет-ретімен, кезең-кезеңімен қоғамдық өмірдің бар саласына батыл енгізуіміз керек.

Мемлекеттік тілмен қатар Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін дамытуға барынша жағдай жасауды алдағы уақытта да жалғастыра беретін боламыз.

Үшінші. Қазақ тілі және тілдердің үштұғырлылығы.

Жауапкершілікті тіл саясаты қазақ ұлтын біріктіруші басты факторлардың бірі болып табылады.

Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз.

Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға

бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет.

Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің тұғырын биіктету үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек.

Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз.

Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен Интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады.

Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінде бір бәтуаға келу керек. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет. Бұл мәселе оқшауланған қайраткерлердің ортасында шешілмеуге тиіс. Үкімет мұны реттегені жөн.

Бүкіл әлемде бірдей қабылданған терминдер бар. Олар кез келген тілді байытады. Біз өмірді өзіміз күрделендіре түсеміз, түсінбестікке бой алдырып, ақыл-ойды сапырылыстырамыз, көнерген сөздердің шырмауынан шықпаймыз. Мұндай мысалдар аз емес.

Мен қазіргі тілде жазылған кемінде жүздеген қазіргі кітаптардың тізімін жасап, қазақ тіліне қазіргіше аударуды ұсынамын. Бәлкім, жастар арасында конкурс жариялау керек шығар: өздеріне не нәрсе қызықты әрі пайдалы екенін олар да айтсын.

Қазақ тілін дамыту саясаты одан жерінуге, тіпті қазақтардың өздерінің бойды аулағырақ ұстауына ықпал етпеуі керек. Керісінше, тіл Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс. Бұл үшін тіл саясатын сауатты және дәйекті, қазақстандықтар сөйлесетін бірде-бір тілге қысым жасамай жүргізу керек.

Сіздер біздің саясатымыз туралы – 2025 жылға қарай қазақстандықтардың 95 %-ы қазақ тілін білуге тиіс екендігін білесіздер.

Бұл үшін қазір барлық жағдай жасалған.

Қазірдің өзінде еліміздегі оқушылардың 60 %-дан астамы мемлекеттік тілде оқиды. Мемлекеттік тіл барлық мектептерде оқытылады. Бұл – егер бала биыл мектепке барса, енді 10–12 жылдан соң жаппай қазақша білетін қазақстандықтардың жаңа ұрпағы қалыптасады деген сөз.

Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде.

Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі.

Тәуелсіздігін алған тұста еліміздегі қазақтың саны 6,8 млн немесе 41 % болса, қазір 11 млн-ға жетіп, 65 %-дан асты. Қазақтың саны 4 млн-ға артты. Егер әрбір қазақ ана тілінде сөйлеуге ұмтылса, тіліміз әлдеқашан Ата заңымыздағы мәртебесіне лайық орнын иеленер еді.

Қазақ тілі туралы айтқанда, істі алдымен өзімізден бастауымыз керектігі ұмыт қалады. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс.

Тағы да қайталап айтайын: қазақ қазақпен қазақша сөйлессін. Сонда ғана қазақ тілі барша қазақстандықтардың жаппай қолданыс тіліне айналады.

Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан оған бейжай қарамайық.

Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз.

Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз.

Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек.

Орыс тіліне және кириллицаға біз қазақ тіліне қандай қамқорлықпен қарасақ, сондай қамқорлықпен қарауымыз керек. Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі.

Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымдары мен араласатын ортасын кеңейтіп келе жатқанын жоққа шығармауға тиіспіз.

Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады.

Төртінші. Мәдениет, дәстүр және даралық.

Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды.

Патшалықтың, төңкеріс дүмпуі мен тоталитаризмнің барлық ауыртпалығы мен қиыншылықтарына қарамастан, біздің еліміздің аумағында тұратын қазақтар және басқа да халықтардың өкілдері өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтай алды.

Тәуелсіздік жылдарында, жаһандану мен ба-
тыстандыруға қарамастан, біздің мәдени іргета-
сымыз беки түсті.

Қазақстан – бірегей ел. Біздің қоғамда әртүрлі
мәдени элементтер бір-бірімен біріккен және
бірін-бірі толықтырып тұрады, біріне-бірі нәр
беріп тұрады.

Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүр-
лерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен
қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөл-
шектеп болса да жинастыруымыз керек.

Бірлігі бар ел озады, бірлігі жоқ ел тозады.
Бұл – тарих заңы. Сондықтан қазақтың бірлігі –
елдігіміздің кілті, ең басты мәселесі. Ел бірлігі – ең
асыл қасиет. Бірлік, ынтымақ, сабырлылық пен
парасаттылық ең алдымен өзімізге – қазақтарға
керек.

Қазақты ешуақытта сырттан жау алған емес.
Қазақ әлсіресе, алауыздықтан әлсіреген, күшейсе,
бірліктен күшейген. Үйдің берекесі қабырғасының
қиюымен емес, теңінің жиюымен, отбасындағы
сыйластықпен, татулықпен кіреді. Мемлекет те
солай. Қазақстанның елдігі асқан, ерлігі тасқан,
кемел де келісті елге айналуына бізден – қазақтар-
дан артық мүдделі кім бар?!

Қазақтың ішкі тұтастығын бұзғысы келетін
рушылдық, жершілдік әңгімемен ел бірлігін бұл-
діргісі келетін күштердің пайда болуы Елбасы
ретінде мені алаңдатпай қоймайды. Ондай

жымысқы ниеттілердің айқайына құлақ асып, айтағына ілескен жан әр атаның шежіресін әспеттеп, әр жаққа тартқанын аңдамай қалуы мүмкін.

Ру мен тайпаға бөліну – ұлттық тұтастықтан айырылудың өте қауіпті түрі.

Қазақ шежіресінің түпкі мәнін ұмытпау керек, алып дарақтың бұтақтары сияқты күллі рулардың түбін қуа келгенде, барлығы бір ғана ұлы тамырға – қазақ деген ұлтқа барып тіреледі.

Қай шежірені алып қарасаңыз да, ол қазақтың бірлігін, тұтастығын әйгілейді. Шежіре – қазақты бөлшектейтін емес, керісінше, біріктіретін ұғым.

Барша адамзаттың Адам атадан басталатыны сияқты, бүкіл қазақтың шежіре атаулысы Атам қазақтан бастау алатынын әрбір қазақ жүрегінің төрінде ұстауға тиіс.

Тек бірлесіп қана, бүкіл халықтың күш-жігерін біріктіріп қана біз алға баса аламыз. Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ.

Бесінші. Ұлттық интеллигенцияның рөлі.

Біз мемлекеттілігіміздің рухани мәселелері экономикалық, материалдық мәселелерден ешбір кем бағаланбайтын даму кезеңіне келіп отырмыз. Рухани дамуда негізгі рөлге әрқашан интеллигенция ие.

2050 жылғы Қазақстан озық мұраттар қоғамы болуға тиіс. Біздің қоғамымыздың қазіргі көзқа-

растарының негізін дәл осы интеллигенция беруі керек.

Интеллигенция қалыптасқан мемлекет кезеңінде жаңа жалпыұлттық құндылықтар жасауда алдыңғы қатарлы күш болуы керек. Олар заманға сай және болашаққа құлшынысты болуға тиіс.

Біз жастарымыз бағыт алып, бой түзеуге тиіс өз заманымыздың жаңа қаһармандарын көрсету және жасауымыз керек.

Интеллигенция менің пайымдауымдағы «Қазақстан – 2050» жаңа саяси бағыты негізінде ел болашағының ментальді, дүниетанымдық үлгісін жобалауда негізгі рөлді қолға ала алады және алуға тиіс.

Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек. Бүкілқазақстандық бірегейлік біздің халқымыздың тарихи санасының өзегіне айналуға тиіс.

Бүгінде кез келген этносқа жататын немесе дінді ұстанатын қазақстандық – өз елінің тең құқықты азаматы.

Қазақ халқы және мемлекеттік тіл даму үстіндегі қазақстандық азаматтық тұтастықтың біріктіруші ұйытқысы болып келеді.

Біз: «Мен – қазақстандықпын, өз елімде мен үшін барлық есік ашық!» – деп айта алатын әділетті қоғам құрып жатырмыз.

Бүгінде біздің азаматтар үшін барлық есік, барлық мүмкіндік, барлық жол ашық.

Біз көппіз және бәріміз – бір елміз, бір халықпыз.

Өз еліне пайдасын тигізу, өз Отанының тағдырына жауапты болу – әрбір жауапты саясаткер үшін, әрбір қазақстандық үшін парыз және абырой.

Біз бірлік пен татулық құндылықтарын қоғамның іргетасына, қазақстандық ерекше толеранттылықтың негізіне айналдырдық. Біз осы құндылықтарды қазақстандықтардың әрбір болашақ буынына аялай ұсынуымыз керек.

Алтыншы. XXI ғасырдағы Қазақстандағы дін.

Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр.

Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз.

Біздің Конституция сенім бостандығына кепілдік береді, бұл – факт. Бірақ, өздеріңіз білетіндей, шексіз еркіндік деген болмайды. Ол дегеніміз – хаос. Барлығы да Конституция мен заңдар аясында болуға тиіс.

Әркімнің таңдау құқы бар. Діни таңдауға өте үлкен жауапкершілікпен қарау керек, өйткені адамның өмірлік салты, тұрмысы, көп жағдайда бүкіл өмірі соған байланысты.

Бүгінде, Интернет пен жоғары технологиялар ғасырында, ақпараттар тасқындаған заманда, «сүзгі» адамның ішінде болу керек.

Ішкі «сүзгі» сұрақтар қойып отыруға тиіс: аналарымыз, әпке-қарындастарымыз, қыздарымыз орамалға оранып алып, басқа халықтардың киімін кигені бізге керек пе? Бізбен бір дастарқанда отырып тамақ ішпеуге тиіс пе? Көлік жүргізбеуі керек пе? Мұның бәрі – басқа елдердің орныққан дәстүрлері, біздің даламызда ондай дәстүрлер ешқашан болған емес. Классиканы оқыңыздар, фильмдерді көріңіздер.

Біздің әйелдерде ұлттық тәкаппарлық, қалыптасқан киіну стилі бар, оны олар ибалылықпен ұстана біледі және біз, ерлер, әйелдердің осы қасиетін жиі теріс пайдаланамыз.

Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын сүнниттерміз.

Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін – ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал.

Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің хақ жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда. Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек.

Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз. Ол – біздің дәстүріміз. Бірақ бізде зайырлы қоғамның дәстүрлері де бар екенін, Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек.

Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек. Біз өзін-өзі ұстаудың ерекше үлгілерін алуға тиіспіз. Мен жария етіп отырған стратегия біздің халқымызды орта ғасырларда емес, ХХІ ғасырда өмір сүруге дайындайды.

Мемлекет пен азаматтар радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен бой көрсетулеріне қарсы біртұтас шеп құруға тиіс.

Діни экстремизм қаупі ерекше алаңдаушылық тудырып отыр. Дінбасылар да ортақ алаңдаушылық білдіруде.

Біз Жаратушыға деген кіршіксіз сенімнің агрессиялы және қырып-жойғыш фанатизммен алмасуына жол бермеуіміз керек. Соқыр фанатизм біздің бейбітсүйгіш халқымыздың психологиясы мен діліне мүлде жат. Ол Қазақстанның мұсылмандары ұстанатын ханафи мазһабына қарама-қайшы.

Қазақстандағы экстремизм мен терроризмде идеялық емес, қылмыстық негіз бар. Жалған діни көпірмеліктің артында қоғамның негізін күлталқан еткісі келетін қылмыстық іс-әрекет жасырынып жатыр.

Бұл – біздің еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа шабуыл. Бұл – біздің мемлекеттігіміз бен азаматтық кемелдігіміздің мықтылығының сынға түсуі.

Біз діни радикализм мен экстремизмнің пайда болуын бейтараптаңдыру мақсатында заңдарымызды жетілдіруіміз керек. Біз терроризмге қарсы заңдарды да жетілдіруге тиіспіз. Мемлекет қайдан бой көтерсе де, радикализм мен экстремизмнің жолын кесу керек.

Біз әлеуметтік, этностық және діни шиеленістер мен қақтығыстарды еңсерудің жаңа сенімді тетіктерін жасауымыз керек. Дәстүрлі емес секталар мен күмәнді жалған діни ағымдардың іс-әрекетін қатаң түрде тыйып отыру қажет.

Біз қоғамда, әсіресе, жастар арасында діни экстремизмнің алдын алуды күшейтуіміз керек.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі беретін артықшылықтарды да пайдалануымыз керек. Осы әңгімелесу алаңының арқауында діни ыңғайдағы дауларды шешудің жаңа тұғырнамасын жасауымыз қажет.

Біз діни және этностық дауларды шешу үшін аймақтағы ыстық нүктелерде, Үлкен Таяу Шығыс аясында, тіпті одан да ауқымды деңгейде арағайындық жасауға дайын болуымыз керек.

Біздің мемлекетіміздің зайырлы келбеті – Қазақстанның табысты дамуының маңызды шарты.

Мұны Қазақстанның қазіргі және болашақ саясаткерлері, барлық қазақстандықтар айқын түсінуге тиіс.

Үкіметке Президент Әкімшілігімен бірлесіп, Діни экстремизммен және терроризммен күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарлама дайындауды тапсырамын.

Сөйте тұрып, мен ұлтты да сақтандырғым келеді. Экстремизммен күрес әйтеуір жазықтыны іздеп табуға айналып кетпеуге және дінмен күреске жалғасып кетпеуге тиіс.

Дін мәселелерінде ойластырылған қадам және өте мұқияттылық қажет. Мемлекет діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпауға тиіс. Біз ұят, толеранттылық және төзімділік еркіндігі қағидаттарын қастер тұтуымыз керек.

Құрметті қазақстандықтар! Менің отандастарым!

Бүгінгі Жолдауымда мен сіздердің әрқайсыларыңызға сөз арнаймын. Ел алдында ірі мәселелер тұр. Мен біздің табысты болатынымызға сенімдімін.

Болашақтың Қазақстанын мен қалай елестетемін?

Мен 2050 жылғы қазақстандықтар – үш тілде сөйлейтін білімді, еркін адамдардың қоғамы екеніне толық сенімдімін. Олар – әлемнің азаматтары. Олар саяхаттап жүреді. Олар жаңа білім меңгеруге құштар. Олар еңбексүйгіш. Олар – өз елінің патриоттары.

Мен 2050 жылғы Қазақстан – жалпыға ортақ еңбек қоғамы екеніне сенімдімін. Ол – барлығы да адам игілігі үшін жасалатын, экономикасы мықты мемлекет. Білім беру саласы да, денсаулық сақтау саласы да үздік. Бейбітшілік пен тыныштық салтанат құрған. Азаматтары еркін және тең құқықты, ал билігі әділ. Онда заң үстемдік етеді.

Мен біздің дұрыс бағытпен ілгерілеп баратқанымызға сенемін және бізді ештеңе де түзу жолдан тайдыра алмайды. Егер біз күшті болсақ, бізбен санасатын болады. Егер біз таңғажайыпқа сенсек немесе басқаларға иек артсақ, қол жеткізген жетістіктерімізді жоғалтып аламыз.

Бүгін біз ең дұрыс таңдау жасауға тиіспіз.

«Қазақстан – 2050» жаңа стратегиялық бағытын жүзеге асыруда бізге – қазақ халқына айрықша жауапкершілік жүктеледі.

Тағылымы мол тарихымызбен, ұлы бабалардың ұлағатты өмірінен алар тәлімімізбен біз алдағы асулардан алқынбай асамыз.

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді.

Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

Осыдан 3 ғасыр бұрын Аңырақайда болған ұлы шайқаста ата-бабаларымыз бірліктің құдіреті қандай боларын өзіне де, өзгеге де дәлелдеген. Сын сағатта туған елге деген перзенттік парызды бәрінен биік қоя білген. Сол шайқаста төгілген қан барша қазақтың тамырында бар. Бізді бір-бірімізбен біріктіретін де, бауыр ететін де

бабалардың бостандық жолында төгілген осы қаны деп білемін.

Елдік мұрат жолындағы ұлы ерлік әрқашан аталарымыздың бойынан табылған. Бабаларымыз тірі болу үшін бір болса, біз әрдайым ірі болу үшін бір болуымыз керек.

Бейбіт күндегі белестерді бағындырып, алдағы сындардан сүрінбей өтеріміз, ең алдымен, өзімізге, бірлігіміз бен берекемізге байланысты.

Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік ел» етуді мұрат қылдық.

«Қазақстан – 2050» стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі.

Тәуелсіз елді өз қолымен құрған буыннан басталған ұлы істерді кейінгі ұрпақтың лайықты жалғастыратынына кәміл сенемін.

Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік ел» боламыз. Сондықтан барлық буын өкілдеріне үн қатамын!

Алдымен, алдыңғы толқын – аға буын! Сіздердің көрегендіктеріңіз бен өмірлік тәжірибелеріңіз кейінгі буынның ақиқат жолынан адаспай, алға басуына септігін тигізеді.

Ортаңғы буын отандастарым! Сіздердің еншілеріңізге алып империяның күйреп, жас, тәуелсіз мемлекеттің түлеген кезеңі дөп келді. Сіздердің күрделі де қиын шешімдер арқылы жинаған өлшеусіз тәжірибелеріңіз – қиындықтардан абыроймен өтуімізге қажетті баға жетпес қазына.

Ал кейінгі толқын жастарға айтарым: Сендер – болашаққа деген үкілі үмітіміздің тірегісіңдер. Біздің бүгінгі атқарып жатқан қыруар шаруаларымыз тек сендер үшін жасалуда. Сендер тәуелсіз Қазақ елінің перзенттерісіңдер. Тәуелсіз елде туып, тәуелсіз елде тәрбие алдыңдар. Сендердің азат ойларың мен кемел білімдерің – елімізді қазір бізге көз жетпес алыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарға апаратын құдіретті күш.

Мен барша халқымды жарқын болашаққа жол бастайтын адамзат баласының мәңгілік құндылықтары – ерік-жігер мен еңбексүйгіштік, мақсаткерлік қасиеттерді бойға сіңіруге шақырамын.

Мен ХХІ ғасыр Қазақстанның «алтын ғасыры» боларына сенемін. Бұл бейбітшіліктің, тұрақтылық пен өркендеудің ғасыры болады.

Қазақстан халқы ұлы тарихтың иесі атануға лайық. Біз көздеген мақсатымызға міндетті түрде жетеміз.

Аңсарлы азаттығымыз бен тәу етер тәуелсіздігіміз баянды болсын! Мәңгілік ел болу жолындағы ұлы істеріміз жаңа дәуірлерге жол ашсын!

Баршаларыңызға бақ-береке, отбасыларыңызға амандық тілеймін.

Қазақстан халқы Ассамблеясының
«Қазақстан – 2050» стратегиясы:
бір халық – бір ел – бір тағдыр» атты
XX сессиясында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2013 жылғы 24 сәуір

**Қымбатты отандастар!
Қадірлі қауым!**

Қасиетті қазақ жерін татулықтың талбесігі етіп,
бейбітшілікке бөлеген Қазақстан халқы Ассамбле-
ясы биыл кәмелетке толды.

Ел тәуелсіздігінің ең жауапты кезеңінде бірлі-
гіміздің бастауы болсын деп қолымызбен құрған
Ассамблеяның дүниеге келгеніне 18 жыл. Осы
аралықта ол өзінің өміршеңдігін көрсетіп, біздің

бейбіт қоғамның ажырамас бөлігіне айналды. Елдіктің өлшемі, тұрақтылықтың тұтқасы болды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық XX сессиясын «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» деп атауымыздың астарында үлкен мән бар.

Кезінде тағдырдың жазуымен қасиетті қазақ даласына сан түрлі ұлт өкілдері қоныс тепкен еді. Бүгінде олар тегі басқа болғанмен теңдігі бір, қаны бөлек болғанмен жаны бір, арманы ортақ біртұтас халыққа айналды.

Туған елдің туының астында бірігіп, туған жердің тұғырын биік етуге бел шешкен азаматтарды бір тағдыр күтеді. Осылай, елдігіміздің ертеңі, ошақтың үш тағаны сияқты «бір халық – бір ел – бір тағдыр», деген 3 сөзге сыйып тұр.

Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырыс-несібесі мол болмақ. Осыны халқымыз бек түсініп, бірлігіне бекем болды.

Ел иесі – қазақ халқы да ешкімге шетқақпайлық көрсеткен жоқ. Ұлтына, тілі мен діліне қарамай, барша этнос өкілдерінің теңдігін Ата заңымызда айқындап алдық.

Табысқа тоқмейілсіп, тоқырап қалмай, алыс болашағымыздың темірқазығы – «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдадық. Онда ең басты 7 басымдықтың бірі – жаңа қазақстандық патриотизмнің түп қазығы ретінде ел бірлігін басты назарға алдық.

Менің тапсырмаммен дайындалған Қазақстан халқы Ассамблеясын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы да айрықша маңызды құжат.

Бүгінгі сессияда салиқалы ойлар айтылып, тағдырлы шешімдер қабылданарына сенемін.

Құрметті қазақстандықтар!

Бүгін біз Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХ сессиясын өткізіп отырмыз. Бұл біздің үлкен жолды жүріп өткенімізді білдіреді.

Осы жылдар ішінде Қазақстан этностық жанжалдардан азат аумақ болып қалыптасты.

Экономикалық және әлеуметтік-саяси реформалар этносаралық тағаттылық пен үйлесімнің арқасында табысты жүргізілді.

Бейбітшілік пен тыныштық әр үйдің баға жетпес байлығына айналды.

Біздер мен сіздер атқарған жұмыстың, Ассамблея жұмысының басты нәтижесі, міне, осы!

Бүгін Ассамблея – тұтастай Қазақстан халқы деп біз толық негізбен айта аламыз! Барлық 17 млн!

Бүгін Ассамблея – тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің сенімді, берік іргетасы. Ассамблея тарихы – ел тарихы, халық тарихы.

Құрметті отандастар!

Біздің сессиямыздың күн тәртібіне маңызды мәселе енгізіліп отыр. Ол: «Қазақстан – 2050» стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр».

Неге біз бұлай айта аламыз?

Өйткені бір халық – бұл барлығымыз үшін ортақ ұлттық мүдделер.

Бір ел – бұл барлығымыз үшін ортақ Отан.

Бір тағдыр – бұл біз бірге жүріп өткен қиындықтар мен жеңістер!

Бұл біздің ортақ келешегіміз – игілікті және өсіп-өркендеген Қазақстан!

Осының барлығын қоса алғанда, Стратегияны табысты жүзеге асыру үшін қоғамның бірлігі қажет дегенді білдіреді.

Бүгінде әлемдік экономикада «белгісіздік белесі» келе жатыр. Дамыған елдердің рейтингтері төмендеуде, рецессияның жаңа толқынын күту күшейе түсуде. Кипрде болған жақындағы оқиғалар адамдардың игілігіне тікелей ықпал ететін қаржы тәуекелдері қаншалықты күрделі болатынын көрсетіп берді. Бұл – алаңдатарлық дабыл.

Әлемдегі экономикалық жағдай біз мұқият бақылап отырған этномәдени ахуал трендтеріне ықпал етеді. Қазіргі дәуірдің шешуші парадоксі әлемде бір мезгілде екі үрдіс: біріздендіру жағына және үлкен әртүрлілік жағына іс-қимыл танытатынына барып тіреледі. Әлем қарапайымданып

емес, күрделіленіп барады. Тек Еуропаға ғана миллион-миллиондаған мигранттар келіп жатыр.

Біреулер үшін бұл құбылыс табиғи, ал екіншілері үшін апатты көрінеді. Барған сайын шетін желсөзділіктің дауысы қатты естілуде. Мультикультурализмнің бұрынғы практикасы өзін тауысқаны айқындала түсуде. Тіпті болашақта Еуропа мемлекеттерінің «өзін-өзі жоятыны» туралы кітаптар пайда болуда.

Мен ашық мемлекеттік стратегия мен ізгі ниет бар жағдайда бірлік пен көпқырлылық трендтері бір-біріне қайшы келмейтініне, керісінше, бірін бірі толықтыратынына сенімдімін.

Біз Қазақстан халқы Ассамблеясының барлық 20 сессиясы бойына нақ осындай саясат жүргізіп келеміз. Және бұл саясат өзін толық ақтады!

Тәуелсіздік жылдарында біз этносаралық бірліктің өз моделін жасадық. Іс жүзінде азаматтарымыздың тең құқығы мен мүмкіндігін, өмір сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз еттік.

Зураб Бобохидзе Атыраудан былай деп жазады: «Менің үйім, менің отбасым, бауырларым, 3 балам, 5 немерем осында. Тәуелсіздік жағдайында мен грузин болғаным үшін бірде-бір рет өз елімнің өмірінен шет қалу сезімін басымнан өткерген емеспін».

Бүгінде біздің көптеген азаматтарымыз осылай дей алады.

Құрметті қазақстандықтар!

Бүгінде әлем өзгеріп жатыр. Онда көптеген оқшаулағыш сызықтар: өңірлік және конфессиялық, әлеуметтік және мәдени, тілдік және этностық сызықтар пайда болуда.

Жаңа жағдайларда, біз 2050 жылға дейінгі Стратегияға аяқ басқан кезде қоғамның көпқырлылығын өзіміздің пайдамызға жарата білуге тиіспіз. Жаңа жағдайларда Ассамблея нағыз жалпыазаматтық, саясатүстілік және жалпыхалықтық институт болуы тиіс. Мен мынаны атап көрсетемін: Ассамблеяның ХХІ ғасырдағы миссиясы тарылып емес, кеңейіп келеді!

Өкінішке қарай, мұны барлығы бірдей, тіпті шенеуніктер де түсіне бермейді. Кейбіреулер «ескіше» Ассамблея – бұл этностық азшылықтың өкілдігі деп ойлайды.

Мен түсінбейтіндерге немесе түсінгісі келмейтіндерге бүгінде Ассамблеяның не екенін айтқым келеді.

Оны БҰҰ-да, ЕҚЫҰ-да, АӨСШК-де таныды. Ассамблея – бүкілхалықтық өкілдік! Нақ сондықтан Ассамблеяға өзім жетекшілік етемін! Нақ сондықтан мен бүгінде Ассамблея – бұл барлық 17 млн қазақстандық дедім!

Ардақты ағайын!

Ассамблеяның ең басты міндеті – еліміздегі қоғамдық келісім. Ал ұлтаралық татулық мәселесі

Ассамблеяның сан қырлы қызметінің бір парасы ғана.

Қазақстандағы қоғамдық келісім – ең алдымен қазақтың келісімі екенін мықтап есте ұстаған абзал. Татулық пен тұрақтылық ел иесі ретінде ең алдымен қазаққа керек. Қазақтың ынтымағы мен бірлігі мықты болмайынша, мемлекеттің тұтастық келбетін сақтау мүмкін емес.

Халқымыз «тар жерде табысқан кең жерде келіседі» демейтін бе еді?! Ең тар замандарда қазақ құшағына алған өзге этнос өкілдері бүгінде өз бауырларымыз атанып, бізбен бір халыққа айналды.

Құрметті отандастар!

Біз «Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыруға кірісудеміз. Бүгінде біздің 2050 жылға дейінгі этносаралық саладағы стратегиялық болжамымызды қалыптастыруға толықтай негіз бар.

Қазақстан 2050 жылы қандай ел болады?

2050 жылы Қазақстанның жұдырықтай жұмылған біртұтас халық, үлгілі ұлттық мемлекет болатынына мен сенімдімін.

Қоғамдық келісім біртұтас көпэтносты халық, мемлекет пен азаматтық қоғам институттары, саяси партиялар, діни конфессиялар өмірінің басты ерекшелігі болуы тиіс.

Қоғамдық келісім Жалпыға ортақ еңбек қоғамының ереже тұтар қалыбы болуы тиіс.

Менің өз тәжірибемде талай мәрте көз жеткізген нәрсем – кез келген еңбек ұжымда өзара түсіністік пен келісім болғанда ғана табысты.

Сессиялардың бірінде мен Парахат Хаджиметоваға «Бірлік» медалін тапсырдым. Ол 67 жаста, 10 гектар жерге бау-бақша өсіріп, осының есебінен балалар үйіне 156 баланы өсіруге көмектесіп жүр! Бұл – нағыз патриот! Біз осындайларға көмектесуге тиіспіз! Бұл – барша үшін үлгі!

Жаңа жағдайларда Қазақстан халқы Ассамблеясының жауапкершілігі тек арта түсетін болады. Қоғамдық келісім тиімді инновациялық экономикаға негізделеді. Орта тап қоғамдық келісімнің діңгегіне айналады. Қазақстанның әрбір азаматы айқын келешек, болашағына сенімділік, кәсіби өсу үшін барлық мүмкіндіктерге ие болады.

Мен мерейтойлық XX сессия қарсаңында қол қойған ҚХА-ны дамытудың 2020 жылға дейінгі Тұжырымдамасында нақ осы мәселелер көрініс тапқан.

Бұл – жаңа стратегиялық құжат. Оның жібек желісі – қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік.

Тұжырымдаманы табысты жүзеге асыру үшін бізге мыналар қажет:

Біріншіден, облыс әкімдеріне жергілікті ерекшеліктер мен этнодемографиялық құрылымдарды есепке ала отырып, өңірлік ҚХА-ны дамытудың тұжырымдамасын жасау тапсырылады.

Екіншіден, қоғамдық келісім мен әлеуметтік бастамалардың орталығы ретінде Достық үйлері жұмысының тиімділігін арттыру қажет. Мұндай үйлер барлық өңірлерде болуы тиіс. Бұл жай нәрсе емес.

Бірақ мен баршаңыз мына жайды нақты ұғынып алғандарыңызды қалаймын – Қазақстандағы бейбітшілік пен келісім үшін қандай баға да көптік етпейді.

Ассамблея жанынан Достық үйлері директорларының республикалық әдістемелік кеңесін құрып, жұмыстың ең озық және тиімді тәсілдерін табуды және ортақтандыруды тапсырамын.

Мәдениет және ақпарат министрлігі Ассамблея Хатшылығымен бірлесіп, Достық үйлері жұмыстарының тұжырымдамасын жасасын. Олардың бейбітшілік пен келісімнің өңірлік орталықтары ретіндегі құқықтық мәртебесін айқындаған жөн.

Үшінші. Ассамблеяның «тігі» мен «көлденеңі» әр қазақстандыққа, әсіресе, әр жас қазақстандыққа жетуі міндет.

Жастарды Ассамблеяның қоғамдық келісім қалыптастыру жөніндегі барлық деңгейдегі шараларына тартуды қамтамасыз ету маңызды.

Төртінші. Қоғамдық келісім бүкіл халық өмірінің басты қағидаты болуы тиіс.

Ассамблеяның туы астында барлық өңірлерде Қоғамдық келісім кеңестерін жасақтауды тапсырамын.

Сессия қарсаңында біздің өңірлеріміздің этномәдени байлығын көрсеткен, халықтың бірлігін нығайтқан мен бастамашылық танытқан «Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы» мегажобасы мәресіне жетті.

Бесінші. Қоғамдық келісімнің халықаралық қыр-сыры бар.

Қазақстанның этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім моделі оның таяу және алыс шетелдердегі брендiне айналды.

Ассамблеяның саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған «Болашақ жолындағы естелік» жобасы мен Толеранттылық мәселелері жөніндегі азаматтық форумы халықаралық жаңғырық туғызды.

Жақында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі Атқарушы хатшылығы Ассамблеямен Ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қою бастамасын көтерді. Ол бастаманы қолдауға шақырамын.

Тағы бір мысал. Украинада қазақстандықтардың «Бірлік» Харьков қоғамдық бірлестігі бар. Соның арқасында жүздеген қазақ отбасылары осыдан 70 жыл бұрын бауырлас Украина халқының бостандығы үшін Харьковті азат ету ұрыстарында қаза тапқан өздерінің ұлдарының, әкелерінің, бауырларының зираттарын біліп, басына барды.

Мен оларға қазақ халқының ризашылық сөзін жеткіземін. Мен Харьков бастамашы тобының

мүшелері Макка Сағынғалиқызы Қаражанованы, Татьяна Николаевна Крупаны, Леонид Михайлович Карцевті «Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалімен» марапаттау туралы шешім қабылдадым.

Алтыншы. Ассамблеяны дамытуға «ЭКСПО-2017»-ге дайындық қуатты серпін беруі тиіс.

Көрмеге әлемнің ондаған елдерінен, оның ішінде қазақстандық этностар шыққан елдерден делегациялар қатысады және олар өздерінің үлкен мәдени бағдарламасын әкеледі.

Ассамблея, этномәдени бірлестіктер, халық дипломатиясының жанды көпірі ретінде, көрменің этностық топтар жетістіктерінің жарқын көрінісіне айналуы үшін жағдай жасаулары керек.

Қазақстан халқы біздің меймандарымыздың қонақжай қожайынына айналуы тиіс.

Жаңа кезеңде ұлттық бірлесу үдерісіндегі қазақ халқының рөлін нығайту міндеті бірінші кезекке шығады.

Біріншіден, қазақ халқы Қазақстандағы барлық этностық, әлеуметтік топтар үшін ұлттық мемлекеттік қауымдастықтың қуатты тарихи діңі ретінде көрініс табады.

Біз қазақ әлемінің тарихи тұрғыда ешқашан тар моноэтносты және мономәдениетті болмағанын білеміз. Біз ешқашан да әлемдік өркениет үдерісінен бөлек дамыған емеспіз. Одан да бетер – біздің

ата-бабаларымыз осынау әлемдік үдерісті өздері қалыптастырды!

Біздің Қазақстанда тұратын барлық этностық топтармен – Еуразия ауқымында – талай ғасырлар бірлесе өмір сүріп жатқанымызды атап көрсету қажет.

Біздің ата-бабаларымыз әлемге мәдениет пен руханилықтың қуаттандырушы үлгілерін көрсетті – біздер олардың істерін жалғастыруымыз керек! Қазіргі заманғы қазақтар, ата-баба дәстүрлерін ұстана отырып, бірліктің, тағаттылық пен отаншылдықтың, мемлекет пен қоғамға қалтқысыз қызмет етудің үлгісін көрсетуі тиіс.

Екіншіден, бізге ұлттар үшін ортақ тарихи сана-сезім қажет.

Біздің тарихты тануымыз тұтас, оң сипатта болуға, қоғамды бөлініске салмай, біріктіруге тиіс. Ұлттық рухты қажетті биіктікке көтеру үшін біздің шынайы тарихымыздың, мәдениетіміздің, дініміздің қандай екенін айқын сезінуіміз қажет.

Қазақтардың ұлттық тарихы, олардың этногенезі мыңдаған жылдарға созылған бірегей ажырамайтын үдеріс ретінде қарастырылуы тиіс.

Осы тұрғыда қазіргі заманғы Қазақстан ұлы дала өркениетінің ежелден келе жатқан шешуші мұрагерлерінің бірі ретінде заңды түрде көрініс табады.

Мен жоғарыда атап өткендей, Қазақстан ешқашан оқшауланған емес. Сондықтан да тарихта,

оқу пәніндегідей, қазақтар мен өзге халықтардың мәдени және экономикалық қарым-қатынастар үдерісі, түрлі этностардың ел тарихына үлесі лайықты танылуы тиіс. Нәтижесінде қазақстандықтардың тарихи сана-сезімі топтасуға, өзінің өткеніне, қазіргісіне және болашағына патриоттық қарым-қатынас қалыптастыруға жұмыс істеуі тиіс.

Үшіншіден, біз бүкіл күш-жігерімізбен қазақтардың ішкі бірлігін нығайтуымыз қажет. Бүгінде ХХІ ғасыр, инновациялар уақыты, сондықтан қазақ қоғамы да бұрынғы ғасырлардағыдай бола алмайды. Қазақтың зиялы қауымы менің сөзімді естуі тиіс.

Қазақстан – біздің жеріміз, біз өз жеріміздің перзентіміз. Ақиқат қарапайым: қазақтардың өздерінің белсенді араласуынсыз Қазақстанда ешқандай ұзақ мерзімді қоғамдық келісімнің болуы мүмкін емес. Бұл жер әрқашанда біздің ата-бабаларымыздың жері болған. Ол енді біздің ұрпақтарымыздың жері болмақ. Біз өз жеріміздегі бейбіт өмір үшін тікелей жауаптымыз.

Толеранттылық ұлттық құндылық және Қазақстан халқының игілігі болып табылады. Ол қазақ халқының көп ғасырлық дәстүрлері мен мәдени үлгіқалыптары негізінде қалыптасты.

«Ел-жұрт», «жеті ата», «қонақжайлылық», «асар», «сыйластық», «сабырлылық» – бұл ұғымдар

қазақтардың дүниетанымы және өмір салттарының негізінде жатыр. Осындай құндылықтардың арқасында біздің ортақ үйімізде бейбітшілік пен тыныштық сақталып отыр. Сондықтан қазақтардың толеранттылықты қалыптастыратын өзіне тән әлеуметтік-мәдени ережелерін, салттары мен дәстүрлерін жалпыадамзаттық мақсаттағы материалдық емес мәдени мұралардың белгі-нышаны ретінде қарастыру қажет.

Осы тәжірибені ЮНЕСКО-дағы Қазақстан өкілдігі жұмысының бағыттарының бірі ретінде тану тиімді болар еді.

Төртіншіден, тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстандағы тілдердің, мәдениеттер мен салт-дәстүрлердің этностық көптүрлілігі сенімді үндестікке, өзіне тән реңктер мен әсемдіктер молшылығына ие болды.

Бүгінде әлемде, түрлі бағалаулар бойынша, жыл сайын 10–25-ке дейін жазуы жоқ тілдер жойылып, этностық мәдениеттердің бүтіндей бір қатпарлары келмеске кетуде!

Чамикуро тілінде сөйлейтіндердің ең соңғыларының бірі Наталия Сангама былай деген болатын: «Мен чамикуро тілінде армандаймын, бірақ өз армандарымды ешкімге айтып бере алмаймын, өйткені ендігі жерде чамикуро тілінде ешкім сөйлемейді. Сенің ең соңғы болуың жалғыздыққа ұрындырады».

Эяк тілінде ең соңғы болып сөйлеген, 2008 жылғы қаңтарда дүниеден өткен Мэри Смит мынадай үндеу жасаған болатын: «Сенің тілінде сөйлейтін соңғы адам болу өкінішті. Мен сияқты жалғыз қалмау үшін өз бастауларыңа қайта оралып, өз тілдеріңді үйренулеріңді өтінемін».

Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында бірде-бір этнос өз тілін жоғалтқан жоқ. Біз тіпті ең шағын этностық топтар – ассириялықтардың, рутулдардың, лактардың және басқа да топтардың мәдениеттерін ұқыптылықпен сақтаймыз және оларды дамыту үшін барлық мүмкіндіктер жасаудамыз.

Қазақ жері 100-ден астам этностарды біріктірді. Әрине, осы этностық әралуандықтың бәрі біртұтас ұлтқа айналуы үшін жақсы цемент қажет. Бүгінде ұлтты біріктіруші басты фактор қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып отыр.

Бесіншіден, бізге менталитет моделін, «Қазақстан – 2050» жаңа саяси бағытының негізінде елдің болашақ бейнесін қалыптастыру қажет.

Бұл бейне шынайы, тартымды және рухтандырушы болуы тиіс.

Жаһандық сын-қатерлер жағдайында өзіміздің мәдени кодымыз: тілді, салт-дәстүрлерді, құндылықтарды сақтай отырып қана оған баламалы жауап қайтара аламыз.

Отанға, туған жерге, өзіміздің ата-бабаларымызға, өзіміздің біртұтас және бөлінбейтін

тарихымызға деген сүйіспеншілік бүкіл қазақстандықтар үшін айрықша маңызға ие.

Біздің асыл мұраттарымыз – тәуелсіздік, бірлік, келісім және өркендеу. Оны Қазақстанның халқы өзі қалыптастырды.

Ұлт бірлігін нығайтуда интеллигенция қызметі айрықша маңызға ие. Тек интеллигенция ғана қоғамды топтастырудың рухани үдерісіне басшылық жасай алады.

Біздің елордамыз осы жұмыстың орталығына айналуы тиіс. Сондықтан да біз Астанада әлемдік деңгейдегі Опера және балет театрын – «Астана Операны» салдық, Қазақстан тарихының жаңа музейін құрудамыз.

Алтыншыдан, біздің бірлік формуламыз нақты істер төңірегінде қалыптасады. Ол біздің бірлігіміздің ең берік, материалдық негізі.

Мен әркім меншік иесі болғанда қоғамдық келісімнің іс жүзінде жүзеге асатынына берік сенімдімін. Сондықтан да мен Үкіметке «Халықтық IPO» бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырдым.

Ассамблея бұл бағдарламаны түсіндіруге белсенді атсалысуда. Бұл өте маңызды, бүкілхалықтық іс. Оны жалғастыру қажет.

Бүгінде біз бірлік пен толеранттылық біздің активіміз, елді жаңғыртуға салған біздің экономикадан тыс инвестицияларымыз деп сеніммен айта аламыз!

Бүгінде бейбітшілік пен келісім саясатының тікелей экономикалық тиімділікке ие екені баршаға мәлім. Ішкі тұрақтылық инвесторлар сенімін нығайтуға, экономикалық ынтымақтастықты дамытуға жағдай жасайды.

Жетіншіден, жаһандық негізгі үрдістерді ескере отырып, біз мемлекеттің, қоғам мен діннің өзара қарым-қатынастарының тиімді моделін табуға тиіспіз.

Біздің тарихи таңдауымыз – зайырлы мемлекет пен қоғам.

Бірақ зайырлы деген атеистік дегенді білдірмейді. Зайырлы дегеніміз – ілгерішіл, бейбіт сүйгіш, толерантты, ашық қоғам.

Біз дәстүрлі діндерді қолдаймыз, бірақ кез келген экстремизмді үзілді-кесілді теріске шығарамыз.

Жастарды біздер үшін бөгде радикалды діни ағымдардан қорғау қажеттігіне менің сенімім мол. Біздің Ұлы дала мыңдаған жылдар бойы толерантты, яғни тағатты болды.

Сонымен бірге мен толеранттылықтың, кейбіреулер ойлайтындай, ойыңа келгенді істеу емес екенін де атап көрсеткім келеді. Толеранттылық – өзіміз нығайтып, сақтайтын және бүкіл ұрпақты тәрбиелейтін біздің қоғамымыздың парасаттылық қалыбы.

Құрметті сессияға қатысушылар!

2 онжылдықта Қазақстан жолы жаңа тәуелсіз елдер үшін ұлттық табыстың үлгілі моделіне айналды.

Бұл бүкіл қазақстандықтардың еңбексүйгіштігі мен топтасқандығының нәтижесі! Бұл ұлттың нағыз пассионарлық бұлқынысы! Бұл тек күшті халықтарға ғана тән ұлы қабілет. Біз осындай халыққа айналдық және осы биіктікте қалуға тиіспіз!

Қазақстан – бұл біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ.

Біздің мерейтойлық сессиямыз – бүкіл қазақстандықтардың игілігі жолындағы жаңа жұмыстар үшін жақсы бастау. Алдымызда үлкен жоспарлар тұр. Оларды жүзеге асыру жаһандық құбылулардың күрделі жағдайларында жүретін болады. Оған бүгіннен бастап дайын болып, халық бірлігін бүкіл күш-жігермен бекемдеу қажет. Сондықтан да біз бір халықпыз – бір елміз – бір тағдырмыз!

Мен бүкіл қазақстандықтарды алдағы Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтаймын!

Барлық сессияға қатысушыларға, бүкіл халыққа және жаһандық әлемдегі біздің барлық достарымызға зор табыстар тілеймін!

ХІ Еуразия медиа-форумында
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2013 жылғы 25 сәуір

**Құрметті форумға қатысушылар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Сіздерді Қазақстан жеріне келулеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Еуразия медиа-форумы 2 жылдан бері Астанада өткізіліп келеді. Қазір біздің жиынымыз өтіп жатқан Қазақ медиаорталығы жұмысын бастағаннан бері Қазақстанның астанасы Еуразияның ақпараттық коммуникациясының маңызды буынының біріне айналды.

Еуразия медиа-форумы өзінің 11 жылдық тарихында саясаткерлер мен сарапшылардың журналистер қауымымен пікір алмасатын бірегей алаңы болып қалыптасты. Мен форумның еуразиялық ықпалдастықты дамытуға қосқан үлесін айрықша атап өткім келеді.

Үш ел – Қазақстан, Ресей және Беларусь бірлесіп, Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік құрды, Еуразиялық экономикалық одақты қалыптастыру үшін өнімді жұмыс істеуде.

Форумның күн тәртібіндегі маңызды тақырыптардың бірі Еуразия экономикалық одағын құрудың келешектілігін талдаумен байланысты екені мені қуантады.

Осы залда қызу талқыланатын басқа да тақырыптар маңызды екені даусыз.

Ханымдар мен мырзалар!

Күн тәртібіне шығарылған мәселелер жөніндегі өз көзқарасымды білдіре кетейін.

XXI ғасырда медиасаланың маңызы күрт артып келеді. Медиасала қоршаған әлемде болып жатқан оқиғаларды таратушы болып қана қоймай, көп жағдайда оның жекелеген елдерде және тұтас әлемде қалай өрістеп отырғанын айқындайтын жетекшілік негізі бар күшке айналып отыр.

Жаппай онлайн-журналистика – БАҚ дамуының жаңа кезеңі. Ол БАҚ-ты дамытуға шексіз мүмкіндік береді.

Біріншіден, сарапшылар бағалауы бойынша, таяу келешекте коммуникация мен медиа дамыған елдердегі ұлттық өнімнің елеулі бөлігін құрайтын болады.

Өзге экономикалық салалардағы құлдырау мен тоқыраушылық құбылыстарына қарамастан, медианарық, ең алдымен, тұтынушылар сұранысының артуы есебінен қалыпты әрі дәйекті түрде ұлғаятын болады.

Екіншіден, таяудағы 5 жылдың өзінде Интернетке қол жеткізу үшін жалпыәлемдік тұтынушылығының жыл сайынғы өсімі болжанып отыр, демек, оны пайдалану және контентін құру үшін төлем, орташа алғанда, 9 % астам болады.

Үшіншіден, шындығында БАҚ тұтынушылардың өзіне тікелей ақпарат беруге бейімделген контент «кезеңіне» енеді. Бұл электрондық медиа үшін де, мерзімді медиа үшін жаңа ахуал қалыптастырады.

Мен мерзімді басылымдардың таяу уақытта жойылатыны немесе «Гутенберг дәуірінің ақыры» туралы топшылау жасауға ерте деп есептеймін. Алдағы онжылдықтарда газеттер мен баспа ісі жойыла қоймайды. Киноның пайда болуымен театр, теледидардың пайда болуымен кино мен радио, Интернеттің пайда болуымен радио мен теледидар жойылып кеткен жоқ қой.

Ақпараттық сала – қазіргі заманғы мәдениеттің жаһандық және нақты ұлттық өлшеміндегі бөлінбес бөлшегі.

Біз Қазақстандағы масс-медианы дамыту келешектілігін осы тұрғыдан қарастырамыз, одан қоғамымыздағы бірлікті нығайтудың, елдің ілгерілеу жолына сеніммен қадам басын қамтамасыз етудің маңызды факторын көреміз.

Өткен жылғы желтоқсанда «Қазақстан – 2050» стратегиясы жарияланғаннан кейін, өте маңызды алғашқы құжат – «Ақпараттық Қазақстан – 2020» бағдарламасының бекітілуі үлгі болып отыр. Онда Қазақстандағы медиакеңістікті техникалық және мазмұндық тұрғыдан жаңғырту, оны ХХІ ғасырдың жаһандық әлемінде біздің қоғамымыздың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды тетігіне айналдыру жөнінде ауқымды міндеттер қойылды.

Тұтастай алғанда, медиасаланың рөлін арттыру жаңа құрылымның өмірге келуіне жол ашады. Мен оны «Бұқаралық инновация құралдары» деп атаған болар едім. Ол тек экономикада ғана емес, саясатта да, әлеуметтік өмірде де, қоғамның рухани-адамгершілік жағдайының дамуының да жоғары стандарттарын қалыптастырады. Мен бұдан ұлттық және жаһандық масс-медианың ХХІ ғасырдағы басты миссиясын көремін.

Құрметті форумға қатысушылар!

Біздің Орталық Азия өңірі, жалпы әлемдегі сияқты, өзгерістер белдеуіне қадам басты. Осыған орай өңірлік қауіпсіздік проблемасы, әсіресе оның алдағы онжылдықтағы жаһандық өлшем жағдайындағы көрінісі, өте өзекті болып отыр.

Мен «апаттық теорияларды» қабылдамайтындымды бірден айтайын. Мен Ауғанстанда халықаралық коалиция күштері операциясының белсенді кезеңі аяқталғанда, 2014 жылы өңірге белгісіз «Х сағатын» жақындататын, кері санау таймері іске қосылды деп мүлде есептемеймін.

Мұндай жағдай ешқашан болмайды деп сенемін. Дегенмен мұны тілейтіндер немесе осындай сценариймен қорқытқысы келетіндер бар.

Ашығын айтсам, бүгінде Орталық Азия өңірінің сыртқы қабылдауында өткеннің күшті серпіні сақталып қалған. Мұның себебі кейбір масс-медиа топтарға, талдаушыларға және көбінесе саясаткерлерге тән ескі таптаурын ойлау жүйесі әлі де еңсерілмегендіктен деп білемін.

Біріншіден, кейбіреулер біздің өңірдің нақты өзгергенін көріп отырған жоқ немесе көргісі келмейді.

Орталық Азия бүгінде «Тәңірдің мейірімі түспеген» шеткері немесе «иесіз жатқан жер емес», бүкіл Еуразияның және әлемнің қарқынмен дамып келе жатқан өзіндік жаңа аймағы.

Қазақстан мен Орталық Азиядағы өзге мемлекеттер егемендігі мен лайықты дамуға деген өз қабілеттілігін дәлелдеді.

Екіншіден, Орталық Азия елдеріне, олардың ұлттық мүдделерін есепке алмай отырып, сыртқы ықпал ету нысаны ретінде қарау – бұл мүлдем геосаяси көзқарастың кемшіндігінің көрінісі.

Үшіншіден, Орталық Азия – бұл ұлы тарихы, лайықты бүгіні және болашаққа деген орасан перспективалары бар өркениетті халықтар қауымдастығы.

Біздің елдеріміздің ерекшелігі сонда, бұлар жай ғана жаңадан пайда болған мемлекеттер емес. Бұл халқының сапасы түбегейлі өзгерген, экономикасы қарқынды үлгімен дамыған, мәдениеті жаңарған, жаңа ұлттық рухы мен мүмкіндіктері бар мүлде жаңа елдер. Олар жаһандық әлемнің ажырамас бөлігіне айналды және солай болып та қала береді.

Түркі пассионарлығының, славяндық жан дүние шынайылығының және еуропалық ұқыптылықтың үйлесімді бірлігі әлемге дамудың жоғары үлгісін көрсетеді, мен бұған сенімдімін.

Төртіншіден, XX және XXI ғасырлар межесіндегі өңірлік жағдай мен оның қазіргі сипаты арасындағы айырмашылықты көре білу қажет.

Орталық Азияда негізгі геосаяси бағыттар негізінде жобаланған өңірлік қауіпсіздіктің көпдеңгейлі және көпжоспарлы жүйесі әрекет етеді.

Оның негізгі компоненттері – АӨСШК, ШЫҰ, ҰҚШҰ, ЕҚЫҰ – үйлестірілген, бұл бүкіл жүйеге тұтастық береді. Олардың өңірлік ауқымдағы дағдарысқа жауап беру қабілеті жеткілікті деңгейде жоғары. Мұны назарда ұстау керек.

Бесіншіден, мен халықаралық коалицияның Ауғанстандағы миссиясы өз мақсатына қол жеткізген жоқ дегендей байлам жасаған авторлар бағасына келіспеймін.

Қауіпсіздікке төнген тікелей қатер анағұрлым азайды және бейтараптандырылды. Иә, Ауғанстанның ішкі мәселелерін ретке келтіру үдерісінде түйткілдер бар, бірақ мұнда да оң өзгерістер кездеседі.

Мен әлемдік қоғамдастық тарапынан қақтығыстан кейінгі әлем құрылысына және ауған экономикасын дамытуға бағытталған шаралар қабылдау маңызды екенін әрдайым айтып келемін. Өкінішке қарай, Ауғанстанға халықаралық гуманитарлық және инвестициялық көмекті күшейтуге барынша күш салғанмен, бұл мәселедегі жетістік әзірге өте аз.

Қазақстан бұл мәселені тиімді шешу үшін жаңа халықаралық алаң ұйымдастыруда өз қызметін ұсынуға дайын. Осы орайда мынадай проблемаға назар аударғым келеді.

Біз осымен үшінші жыл қатарынан әлем бұрын экономикасы мен әлеуметтік дамуы қарқынды болған бірқатар мемлекеттердің тұрақтылық

аймағынан «шығып қалып» жатқанын байқап отырмыз. Әңгіме Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка елдерінің тұтас бір тобы жөнінде болып отыр. Кейбір азиялық мемлекеттер үшін де тұрақсыздық қатерінің ауылы алыс емес. Қайшылықтан соң қалпына келтіру қажет болып отырған елдер тізімі қазір ұзыншұбақ, ол уақыт өткен сайын ұзара түсуі де мүмкін.

Бұл жалпы жаһандық дамуға әсерін тигізбей қалмайды. Жаһандық көмектің «созылмалы» реципиенттерінің болуы – әлемдік экономикалық жүйеге артылатын айтарлықтай жүк. Бұл жаһандық дамуға ұзақ мерзім бойы тежеу болуы әбден мүмкін. Сондықтан «геосаяси жеңіл ойлылықты» мен жаһандық салмақты экономикалық проблема деп санаймын, ол енді қазірдің өзінде адамзат үшін қымбатқа түскелі отыр. Технологиялардың дамуы мен қымбаттауы жағдайында бұл жаһандық экономиканы тығырыққа тіреуі ықтимал.

Бұл жағдайда жаһандық экономикалық өсу мен орнықты дамудың бірінші шарты қатарында жаңашылдық пен жауапкершілікті ілгерілету өте дұрыс болып табылады.

Біріншіден, инновациялық көзқарас тек геоэкономикада ғана емес, сонымен бірге геосаясатта да қажет.

Екіншіден, жауапкершілік тек мемлекеттерге ғана емес, сондай-ақ, жаһандық экономикалық

кеңістікті өңірлендіру тренді ескергенде, ғаламшардың әр өңіріне тән болуға тиіс.

Қазақстан өңірлік даму мәселелеріне жауапкершілікпен қарайды. Нақ сол себептен де біз Ресей Федерациясымен және Беларусь Республикасымен бірге Еуразия экономикалық одағын құру жөніндегі дайындық жұмыстарын жүргізудеміз.

Бүгінде әлемде еуразиялық интеграцияға «қырғи қабақ соғыс» кезеңінің әбден көмескі тартып, тозған линзасы арқылы қарайтын саясаткерлер мен сарапшылар бар. Бірақ бұл ескі оптика шындықты бұрмалап көрсетеді.

3 елдің өз тауарларының, қызметтерінің және жұмыс күшінің нарығын біріктіруге ұмтылысы бүкіл жаһандық экономиканың тек ұтысқа шығуына алып келеді.

Географиялық жағынан Еуропа мен Азияның, Батыс пен Шығыстың түйіскен тұсында орналасқан ауқымды өңір іскерлік белсенділік үшін ортақ, ақылға сыйымды және ашық ережелері бар біріктіруші кеңістік болады. Қауіпсіз әрі сенімді трансевразиялық қысқа магистральдері бар тұрақты экономикалық ареал құрылатын болады. Ақыр соңында болашақ Еуразия экономикалық одағына қатысушылар әлемнен оқшауланбай, барлығымен ынтымақтастықты белсене жалғастыратын болады. Қазірдің өзінде бірқатар елдер Еуразия экономикалық одағына кіруге ықылас

танытуда, сондықтан болашақта ол тек кеңейе береді.

Әрине, интеграция – қатып қалған бір сәттік үдеріс емес. Еуразиялық Одақтың тәжірибесі көрсеткендей, онда өмірдің өзі әшкерелейтін түйткілді тұстар қазір де бар және бола береді.

Біз Еуропаның тәжірибесі мен қателіктерін мұқият зерттеудеміз. Сондықтан БАҚ-тың міндеті – олар туралы батыл айту әрі барлық қырынан баға беру және соның негізінде шешімдер нұсқаларын ұсыну.

Осы тұста журналистерді еуразиялық интеграция үдерісін жариялап-көрсетуге шақырамын.

Жаһандық саясаттың белсенді субъектісінің бірі ретінде Орталық Азияның маңызы артып келеді.

Қазақстан, өздеріңіз білесіздер, қазіргі заманның аса күрделі проблемасының бірі жөніндегі келіссөздер өткізу орнына айналды. Біздің Алматыда «5+1» пішіміндегі топтың отырыстары өтіп келеді, оларда Иранның ядролық бағдарламасы ахуалын реттеу жолдары іздестіріледі.

Жалпы, сарапшылар және журналистер қауымын Орталық Азиядағы ахуал мен үдерістерге байыпты және шынайы баға беруге шақырамын. 20 жылдан астам уақыт ішінде болған таңғаларлық өзгерістерді ескерместен, өңірге «көнекөз» лампалы теледидардың бұлыңғыр ізтүзімі арқылы қарау әдетінен арылу керек.

Ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан қазір өз күшіне бұрынғы қай кездегіден де артық сенімді. Біздің оптимизміміз «Қазақстан – 2050» стратегиясында көрініс тапқан. Онда алдымызға әлемнің ең дамыған 30 елінің біріне айналу жөнінде басты мақсат қойдық.

Бұл мақсатқа жетуді біз жаһандық экономикалық және саяси негізгі үрдістермен етене үйлестіре, дербес міндеттеріміз бен мүмкіндіктерімізді әлемдік тәжірибемен және әлем дамуының үрдістерімен сабақтастыра отырып жоспарлаймыз.

Өздеріңіз білесіздер, 2017 жылы «Болашақтың энергиясы» ұранымен өтетін халықаралық «ЭКСПО» көрмесін өткізу орны ретінде Қазақстанның елордасы Астана таңдап алынды. Біз оған дайындыққа кірісіп те кеттік.

Барлық елдерді, іскерлік ортаны, бұқаралық ақпарат құралдарын «ЭКСПО-2017» көрмесіне дайындық жұмыстарына және өткізілуіне белсене қатысуға шақырамын.

Қазіргі кезде G-20 пішімі аясында жаһандық экономикалық шешімдерді іздестіру ісін жандандыру маңызды. Оған қатысу үшін Қазақстан да шақырылды.

Біз жаһандық дамудың қазіргі кезеңінің басты ерекшелігін әлемнің жаңа сапалық жағдайға көшуінен көріп отырмыз.

Мен ХХІ ғасырдағы әлемнің жаңа құрылымының қалыптасуына негіз ретінде өзім ұсынған G-Global идеясын қалыптап шықтым. Менің идеям – ең алдымен бүкіл жаһандық қоғамдастықты әлемдік экономика мен саясаттың барлық түйткілі жөніндегі ортақ үнқатысуға шақыру.

Интернет желісінде G-Global коммуникациялық алаңы табысты жұмыс жасайды, оған қазірдің өзінде бірнеше миллион пайдаланушы кірген. Оның аясында көпполярлылық жағдайындағы дүниеқұрылымның G-Global идеясының мен ұсынған бес қағидаты талқылануда. Оларды қысқаша санамалап өтейін.

Бұл:

біріншіден, эволюция және саясаттағы революциялық өзгерістерден бас тарту;

екіншіден, әділеттілік, теңдік, консенсус;

үшіншіден, жаһандық тағаттылық және сенім;

төртіншіден, жаһандық транспаренттілік;

бесіншіден, сындарлы көпполярлылық.

Осылардың негізінде ХХІ ғасырда кез келген жаһандық проблема бойынша табысты үнқатысу және барша қатысушылар қабылдай алатын шешімдер шығару мүмкін болады.

G-Global идеясының басты мән-маңызы – әлем дамуының жаһандық парадигмалары ауысуының бейберекет қарқынына оң сипаттағы балама ұсыну. Біздің бірегей әлем сындарлы көпполяр-

лылық жағдайында өмір сүруге лайықты екеніне мен сенімдімін.

1 айдан соң, биылғы мамырда өтетін кезекті Астана экономикалық форумында, БҰҰ-ның Дүниежүзілік дағдарысқа қарсы күрес жоспарының негізгі бағыттарын талқылау көзделіп отыр. Сонымен бірге мен Астанаға пікірталасты жалғастыру және әлем күтіп отырған бағалы ұсыныстар әзірлеу үшін саясаткерлерді, бизнесмендерді, сарапшыларды, журналистерді шақырамын.

Қымбатты достар!

Еуразия медиа-форумы өңірлік жетекші ұнқатысу алаңының біріне айналды.

Жаһандану жағдайында Еуразияның өзекті мәселелерін кеңінен талқылаудың маңыздылығы мен нәтижелілігі әлемде жалпы артып келеді. ХХІ ғасырдағы диалог – жаһанданудың бірқатар сарапшылар мегадипломатия деп атаған жаңа құбылысының маңызды тәсілі.

Мен барша қатысушылардың пікірталасы жемісті болуына және талқыланатын барлық мәселе бойынша пайдалы ұсыныстардың айтылуына тілектеспін.

**Ыстамбұл үдерісіне қатысушы елдердің
Сыртқы істер министрлерінің
конференциясында**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алматы қаласы,
2013 жылғы 26 сәуір

**Құрметті министрлер және делегация
басшылары!
Қадірлі конференцияға қатысушылар және
құрметті қонақтар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Қонақжай қазақ жеріне қош келдіңіздер!

Біз Ыстамбұл үдерісіне қатысушы елдердің
өкілдерін қарсы алып, осы маңызды кездесуді
өткізіп отырғанымызға қуаныштымыз.

Бүгінгі басқосуда ауған халқының тағдырына байланысты аса маңызды мәселелер қаралатын болады. Бұл мәселелер халықаралық деңгейдегі күн тәртібінде тұрғаны баршаңызға белгілі. Біздің шешімдеріміз Ауғанстан көрші ел ұзақ күткен бейбіт өмірдің қайта оралуына ықпал етеді деп сенемін.

Қоғамдағы тұрақтылық пен экономикалық дамуды орнықтыру жолдарын бірлесіп іздегеніміз жөн.

Ханымдар мен мырзалар!

Ауғанстан маңызды тарихи кезеңге аяқ басуда. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектесетін халықаралық күштердің миссиясы аяқталып келеді. Ел аумағының көп бөлігі қазірдің өзінде Ауғанстан Үкіметінің жауапкершілігінде.

Біз бұл үрдісті нығайта түсуге ел басшылығы мен халықаралық қоғамдастықтың күш салуына қолдау білдіреміз.

Алайда халықаралық коалиция күштерінің шығарылуы, менің пікірімше, Ауғанстанға әлем назарының бәсеңдеуінің белгісі ретінде қарастырылуға тиіс емес. Ол елдің барлық толыққанды күштері үшін жаңа, бейбіт даму кезеңіне өтудің белгісі болуға тиіс.

Басты міндет – ішкіұлттық келісімнің жетістігі мен ұзақ мерзімді бейбітшіліктің негіздерін қамтамасыз ету.

Ауғанстан проблемасын шешудің кілті, ең алдымен, оның заңды өкілдері ретінде ауған халқының және үкіметінің өз қолында.

Әлемдік қоғамдастық үшін ауғанаралық үнқатысудың дамуын толығымен ынталандыру маңызды. Ауғанстанда бейбітшілік пен тәртіп орнықтыруға дайын екенін көрсеткен күштер қолдауға ие болуға тиіс.

Осы орайда 2014 жылға жоспарланған Ауғанстандағы президенттік сайлау өте маңызды болып отыр. Мен сайланған мемлекет басшысы ауған қоғамының барлық буынының мейлінше қолдауына ие болады деп үміттенемін.

Құрметті достар!

Халықаралық көмек көрсету бағдарламаларының негізін құраушы сипат – Ауғанстанды экономикалық тұрғыдан оңалту. Өңірдегі экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуді жеделдетіп, бұл үдеріске Ауғанстанды белсенді кіріктіру қажет.

Қазақстан – өңірлік ықпалдастықтың тұрақты жақтаушысы. Біздің еліміз өңірлік көлік инфрақұрылымын құруға белсенді түрде инвестиция салуда.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транзит дәлізі, «Қазақстан – Түрікменстан – Иран» теміржол маршруты, Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектесетін халықаралық күштерді шығаруға арналған Солтүстік тарату жүйесіндегі Қазақстанның көлік

инфрақұрылымы, «Жаңа Жібек жолы» бастамасы аясындағы жаңа идеялар – біздің еліміздің өңірлік ықпалдастыққа үлесі.

Біз әлі пысықталып жатқан өңірлік ірі жобаларға қолдау көрсетудеміз. Олардың ішінде «ТАPI» («Түрікменстан – Ауғанстан – Пәкстан – Үндістан» газ құбыры), «CASA-1 000» («Central Asia – South Asia – 1 000») жоғары кернеулі электр тарату желісі), сондай-ақ, Ауғанстанның маңайы мен ішіндегі теміржол жүйесін кеңейту жобасы бар.

Менің ойымша, Ауғанстанды дамытуға байланысты міндеттерді шешу үшін Алматы қаласының мүмкіндіктерін де іске қосқан болар еді.

Біздің оңтүстік астанамыз – Ауғанстанға географиялық тұрғыдан жақын, мүмкіндіктері мол қуатты көлік торабы. Алматы – халықаралық, соның ішінде БҰҰ жүйесі агенттіктері орналасқан орын. Сондықтан Алматыда БҰҰ Халықаралық орталығын құру туралы ұсыныс әлі күнге дейін өзектілігін сақтап отыр. Оның қызметі Ауғанстанды қақтығыстан кейінгі оңалтуға да бағыттатын болады.

Мұндай құрылым БҰҰ-ның өңірлік және субөңірлік өкілдіктері, халықаралық және өңіраралық ұйымдар арқылы бұл елде қаржылық-экономикалық көмекті үйлестіру үшін қажет. Бұл қазіргі бағдарламаларды және келешектегі көпжақты ынтымақтастық міндеттерін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

1996 жылдың өзінде, Ауғанстанның солтүстік бөлігінде жағдай күрт ушыққан сәтте, Алматыда Орталық Азия мемлекеттері мен Ресей басшыларының шұғыл кездесуі өтті. Кездесуге қатысушылардың ұсынысы бойынша БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің отырысы жедел шақырылды. Нақ сол кезде, 22 қазанда 1990–1996 жылдар аралығында алғаш рет Қауіпсіздік кеңесінің Ауғанстан жөніндегі № 1076 жеке қарары бірауыздан қабылданды.

Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету барысында Ауғанстан проблемасын шешуге көмектесуге аз күш жұмсаған жоқ.

Мұндай жұмыстар біздің ИЫҰ-ға мүше елдердің Сыртқы істер министрлері кеңесіне төрағалық етуіміз аясында да атқарылды.

Біздің еліміз Шанхай ынтымақтастығы ұйымы және Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы аясында Ауғанстанның проблемаларын реттеу мәселелеріне белсене қатысады.

Ауғанстанға қатысты проблемалар шоғыры Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Атлантикалық альянстың өзара іс-қимылының маңызды бағытының бірі болып саналады.

Біз Ауғанстанды қалпына келтіру жөніндегі міндеттемемізге адалмыз. Ауғанстандағы Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектесетін халықаралық күштер операцияларының басынан бастап Қазақстан Альянспен бірге жүктерді тран-

зиттеу туралы келісімді, сондай-ақ АҚШ-пен, Германиямен, Франциямен, Испаниямен және Ұлыбританиямен екіжақты уағдаластықты жүзеге асыру аясында коалиция әскерлеріне жәрдемдесуде.

Қазір біз Каспийдің Ақтау кемежайы есебінен НАТО-ның жүктері үшін транзиттік әлеуетті арттыруға дайындалып жатырмыз.

Қазақстан Ауғанстанды қалпына келтіру жөнінде халықаралық қоғамдастықтың гуманитарлық күш-жігер жұмсау ісіне белсене қатысып отыр.

Біздің еліміз 2007 жылдан бері Ауғанстанға көмек көрсетудің арнайы жоспарын жүзеге асырып келеді. Оның аясында жас ауған азаматтары үшін 1 мың бейбіт мамандық иелерін даярлау бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Жыл сайын Қазақстан Ауғанстанға қайтарымсыз техникалық және гуманитарлық көмек көрсетеді.

Қазақстанның қаражатына «Талукан – Құндыз – Шерхан-Бандар» автожолы қайта салынды.

Қазақстанның көмегі есебінен мектеп пен аурухана тұрғызылды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда «KazAID»-тың дамуына ресми және техникалық тұрғыдан көмек көрсету жөніндегі ұлттық агенттік құрылу үстінде. Оның қызметінің басым бағытының бірі Ауғанстандағы жобаларды жүзеге асыру болады.

Қазақстан одан әрі қарай да Ауғанстандағы бейбіт өмірді қалпына келтіруге әлеуметтік және білім беру бағдарламалары мен жобаларына, азық-түлік пен жанар-жағармай жеткізу түріндегі гуманитарлық көмекке ден қою арқылы жәрдемдесе беретін болады.

Қазақстан соның ішінде, БҰҰ ААШҰ және Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламаның тетіктері арқылы астық, үн және азық-түліктің өзге түрлерін тасымалдауды ұлғайтуға әзір.

Халықаралық донорларды Ауғанстанды қалпына келтіру үдерісіне Қазақстанның әлеуетін барынша белсенді пайдалануға шақырамыз.

Бүгінде өңірлік дамудың басты сын-қатерлері арасында есірткі өндірісі мен есірткі тасымалына қарсы күрес проблемасы тұрғанын атап өткен маңызды. Осы жаһандық проблемаға қарсы күресте ұжымдық және үйлестірілген күш-жігер жұмсауға шақырамын. Оны кешенді түрде шешіп алмай, 2014 жылдан кейін де Ауғанстандағы тыныштық пен тұрақтылыққа қол жеткізу қиын болады.

Бұл үдерістегі маңызды рөлді, біздің ойымызша, Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымымен күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы атқаруға тиіс. Алматыда БҰҰ қолдауымен құрылған бұл бірегей құрылым қазірдің өзінде өңірдегі трансшекара-

лық есірткі қылмысымен күрестің тиімді тетігі ретінде өзін көрсете білді.

Өңірлік тағы бір маңызды мәселе халықаралық терроризм мен діни экстремизмнің қатері болып қала береді. Ауғанстан террористік және экстремистік әрекеттің көзі және оны соның ішінде көршілес елдерге де таратушы болуды жалғастырып отыр. Біз бұл жайтты Ауғанстандағы біздің бірлескен күш-жігерімізді жоспарлау кезінде қаперден шығарып тастауға тиіс емеспіз деп ойлаймын.

Құрметті достар!

Біздің конференция Ауғанстан үшін маңызды осы кезеңде «шешуші сәтке» айналуға тиіс.

Айқын тәсілдер, сындарлы саясат, өңірдің тұрақты дамуына зиян келтіретін геосаяси стратегиядан бас тарту – «өңірлік мүдделер тұғырнамасы» жөніндегі біздің тезисіміздің негізін құрайтын нәрселер осылар.

Біз Еуразия кеңістігі елдерінің өңірдегі бейбітшілікті сақтау мақсатында Ауғанстан мәселесіне байланысты ниеттестік бірлігі бар екенін мәлімдеуге тиіспіз. Бұл бастаманы өңірден тыс елдер де қолдайды деп үміттенемін.

Форумның қорытынды құжаты – Алматы декларациясында халықаралық қауымдастықтың Ауғанстанды жауапты және тең құқықты серіктес ретінде одан әрі қарай қолдау жөніндегі бағыты

мен стратегиясы өзгермейтіні туралы ауған қоғамына, елдегі және одан тысқары саяси күштерге арналған нақты белгі беруіміз көрініс табуға тиіс.

Ыстамбұл үдерісіне әртүрлі мәртебеде қатысушы барлық мемлекет алда да ашықтық саясатын ұстанады, сындарлы үнқатысып, ынтымақтастықты дамытатын болады деп сенемін.

Конференцияға қатысушыларға біздің форумның мақсатын қуаттап-қолдағандары, саяси үнқатысуға қосқан үлестері үшін алғыс айтып, барлығының жұмысына жеміс тілеймін.

VI Астана экономикалық форумында
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2013 жылғы 23 мамыр

**Құрметті форумға қатысушылар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Қонақжай Қазақ елінің астанасына қош келдіңіздер!

Астана экономикалық форумы 5 жылдан бері тұрақты өткізіліп келеді. Форум өткізу тәсілі тұрғысынан да, мазмұны жағынан да ерекше үнқатысу алаңына айналды.

Біріншіден, оның дағдарыспен күрестің жаһандық жоспарын жасауға ұмтылысы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 67-ші сессиясының қолдауына ие болды.

VI Астана экономикалық форумымен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымының аясында тұңғыш рет Дүниежүзілік дағдарысқа қарсы күрес конференциясы өткізілуде. Оған 100-ден астам мемлекет қатысуда.

Айтулы жиынға қатысушыларға шынайы сәлем жолдай отырып, оған қолдау білдіргені үшін БҰҰ-ның жетекшілігі мен оның құрылымдық бөлімдеріне ризашылығымды айтқым келеді.

Екіншіден, форум ашылғаннан бергі 5 жылда оған қатысушылардың саны күрт артты. Бүгінгі форум мен конференция 10 мыңнан астам қатысушының, оның ішінде 132 елден келген 3 мыңға жуық шетелдік қонақтың басын қосып отыр.

Үшіншіден, мен Астанада Ғылымдардың еуразиялық экономикалық клубын құрғандары үшін және форумға барынша қолдау білдіріп, белсене қатысқандары үшін ғұлама ғалымдарымыз – Нобель сыйлығының лауреаттарына айрықша ықыласымды білдіремін.

Төртіншіден, G-Global-дың Интернеттегі коммуникациялық алаңының қызметі Астана экономикалық форумын үздіксіз онлайн талқылаудың орталығына айналдырды. Оған ғаламдық желінің 120 мыңнан астам тұрақты тұтынушысы қатысуда.

Бесіншіден, Астана экономикалық форумының әлеуеті арта түскеніне басқа да айғақтар арқылы көз жеткізуге болады.

Мысалы, 1 жыл бұрын мен осы мінберден G-Global атты XXI ғасырдың жаңа әлемдік құрылымы идеясын ұсынған едім. Бүгінгі таңда тек «Google» ақпарат іздеу жүйесінің өзі осы терминге қатысты 1 млрд-қа жуық сілтеме жасайды.

Мен Астана экономикалық форумы мен Дүниежүзілік дағдарысқа қарсы күрес конференциясы аясындағы пікірталастардың қорытындысына аймақтық және жаһандық деңгейдегі сұраныстың арта түсеріне сенімдімін.

Ханымдар мен мырзалар!

Форумға қатысушылардың талқылауына ұсынылып отырған өзекті проблемаларға қатысты өз көзқарасыммен бөлісем деп едім.

Ең алдымен, дағдарысқа қарсы маңызды тұжырымдамалық әдіс-тәсілдер туралы.

Дүниежүзілік дағдарысқа қарсы күрес жоспарын белгілеу үдерісі барысында соңғы жылдары өзіміз бетпе-бет келген бірқатар қағидатты маңызды тағылымдарды ой елегінен өткізуіміз керек.

Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы, өткен жылдың соңында бүкіл әлем XXI ғасырдың жаһанданған экономикасының бірінші дағдарысы тарих қойнауына кеткеніне сенгендей де еді. Бұл туралы бізді көптеген қаржы институттары

барынша сендіріп те бақты. Алайда үкілі үміт ақталмады.

Кипрдегі қаржы жүйесінің күйреуі бүкіләлемдік экономикалық тұрақтылық дәуірінің ауылы әлі алыс екенін көрсетті. Мен «Кипр оқиғасы» мен жаһандық дағдарыстың арасындағы байланысты жоққа шығаратын бағалардың бар екенін де білемін. Алайда нақты фактіні ешкім жоққа шығара алмайды.

Тіпті экономикадан аздаған ғана хабары бар көптеген тұтынушылардың өздері осыдан 5 жыл бұрынғы америкалық агенттіктерінің күйреуі мен кипрлік банктер проблемаларының бір-біріне ұқсас екенін оңай ажырата алады. Бұл, ең алдымен, қаржы көбіктерін жасанды түрде «үрлеу» және «жеңіл ақшаға» деген құмарлық, жаһандық қаржы жүйесін басқарудағы дәрменсіздік, ұлттық қаржы институттарының тиісті жауапкершілігінің жоқтығынан болып отыр.

Іс жүзінде осы және жаһандық дағдарыстың басқа да тұғырлы кемшіліктері әлі күнге дейін жойылған жоқ. Ал бұл жаһандық дағдарыс аяқталды деуге әлі ертерек екенін көрсетсе керек.

Бұл Дүниежүзілік дағдарысқа қарсы күрес жоспарын әзірлеген кезде ұғынуға және ескерілуге тиісті бірінші тағылым деп есептеймін.

Екінші тағылым мынаған саяды: қаншалықты қисынсыздығына қарамастан, ұлттық деңгейде

жасалған дағдарысқа қарсы кейбір күрес шаралар да жаһандық рецессияға ұрындырады.

Әрине, кез келген дағдарыс жағдайында мүлде әрекетсіз қалмай, қандай да бір іс-қимыл жасаудың артық екендігі даусыз. Қазақстан өз кезегінде дағдарысқа қарсы тиімді күрес жоспарын жүзеге асырғаны белгілі. Ол жұмыс орындарын сақтауға және экономиканың өсу серпінін сақтауға мүмкіндік берді.

G20 тобы шеңберінде жасалған дағдарысқа қарсы ұсыныс-пікірлердің барлығы бірдей орындалған жоқ. Сөйтіп, көптеген мемлекеттер қорымалдық шараларды ғана жүзеге асырған болды. Ол әлемдік сауданың өсімін тежеді, жаһандық және өңірлік рыноктардағы бағалардың төмендеуіне әкеп соқты. Траншекаралық кредит беру мен инвестициялау көлемі түсіп кетті – қазір ол дағдарысқа дейінгі деңгейдің тек 60 % ғана құрайды.

Ендігі бір мәселе – адамдардың әлеуметтік көңіл-күйі күрт төмендеді. Жаһандық жұмыссыздық өсіп келеді. Халықаралық еңбек ұйымының болжамы бойынша, үстіміздегі жылдың өзінде әлемдегі жұмыссыздар саны 200 млн адамнан асады. Биылғы жылдың басында Еуропада 26 млн-нан астам адам жұмыссыз болған. Бұл осыдан 5 жыл бұрынғы көрсеткіштен 1,5 есе жоғары.

Көптеген мемлекеттер білім беруге, медицинаға, адам капиталын дамытуға арналған шығыстарды қысқартуда.

Бұның бәрі, тіпті дамыған қоғамдардың өзіне өмір сапасы стандарттары деңгейінің төмендеуі қаупін төндіретін жаһандық әлеуметтік дағдарыстың белгілері. Оксфордтық сарапшылардың есептері бойынша, планетадағы күнкөрісі төмен адамдардың жартысы G20 елдерінде өмір сүреді екен. 250 млн адам жақсы жағдай іздеп ауа көшуге мәжбүр. Ол да көптеген әлеуметтік проблемалар туғызады.

Қазір көптеген елдерде орын алып отырған әлеуметтік әділетсіздік – қаржылық-экономикалық тиімсіздіктің тікелей салдары.

Ұлттық дағдарысқа қарсы күрес жоспарлары дағдарыс салдарларын жеңілдетті, алайда одан кейінгі жаһандық деңгейдегі тиімді, түбірлі іс-қимылдар жалғасын тапқан жоқ.

Мен өзімнің 4 жыл бұрын жарияланған «Дағдарыстан шығудың кілті» атты мақаламда әлемдегі экономикалық дауылдың басты себебі әлемдік валюта жүйесінің кемістігінде екенін атап көрсеттім.

Заңдылық, демократиялық, бақылаушылық пен жауапкершілік тиімділігінің өлшемдеріне жауап бермейтін эмиссия мен әлемдік валюта айналымын өзгертуге табандылықпен шақырғанымды естеріңізге сала кетейін. Алайда күні бүгінге дейін жаһандық дағдарысқа қарсы күрестің тиімді тетіктері де, сенімді әлемдік резервтік валюта немесе өңірлік валюталар тобы да жоқ. Түбегейлі

шешімдер қабылдау үшін жеткілікті жігер мен жауапкершілік танытылмады.

Дүниежүзілік дағдарысқа қарсы күрес жоспарымен жұмыс істеген кезде ескерілуі маңызды үшінші тағылым – сенім тапшылығын еңсерумен байланысты.

Мен жаһандық дағдарыс ең алдымен сенімге деген дағдарыстан басталғандығы жөніндегі пікірмен келісемін. Жаһандық қаржы институттары мен ұлттық мемлекеттер арасында, қаржы саласының субъектілері мен нақты экономика арасында, мемлекеттер арасында, т. с. с. сенім жоқ.

Жалпыға бірдей сенім орнықпайынша, қандай да болмасын дағдарысқа қарсы жоспардың іс жүзінде кезекті «жыртықты жамау» болып қана қалатындығына күмәнсізбін.

XXI ғасырда әлемге жаңа экономикалық модель қажет. Ол, ең алдымен, алдау-арбау, жауапсыздық және талан-таражға салу болмайтын әділ де адал әлемдік қаржы жүйесіне негізделуге тиіс. Адамзат өндірген өнімдер қоғамның әрбір мүшесінің өсіп-өркендеуі мен бақыты үшін жұмсалуды керек.

Төртінші тағылым қанағат сезіміне талпынуға қатысты.

Біріншіден, қаржылық сектор жаһандық деңгейде де, ұлттық деңгейде де, нақты өндірістен қол үзе дамымауға тиіс және дами алмайды да.

Бүкіл планетаның жиынтық ІЖӨ-і деривативтер айналымынан 8 есе асып кеткен дағдарыс алдындағы жағдай жаһандық экономика үшін өз-өзіне қол жұмсағанмен барабар болды. Сондықтан да жаһандық қаржылық басқаруды реформалағанда негізгі назарды қосынды бағалы қағаздар нарығын реттеудің тиімді моделін құруға салған жөн.

Екіншіден, оффшорларды жаһандық бақылау туралы мәселені шешу маңызды.

Ұлттық экономикалардан оффшорлық аймақтарға бөлінген қаржының көлемі 30 трлн долларға дейін жетеді. Шын мәнінде олар кез келген уақытта жарылып кетуі мүмкін жасырын минаға айналады. Кипр төңірегіндегі жағдай осы проблемадан дәйекті түрде сақтандырады.

Бесінші тағылым ағымдағы жаһандық дағдарыстың көптектілігімен байланысты.

Мен оны жаһандасқан әлемнің бірінші жалпы дағдарысы деп бекер атап отырған жоқпын. Оның барысы мен қозғалысын тек экономикалық қаржы емес, сондай-ақ саяси, гуманитарлық және өнегелік-құндылық себеп-салдарлары да айқындайды.

Бүгінде, мәселен, халықаралық көмектің «тұрақты реципиенттеріне» айналған елдер санының артуына байланысты проблеманы байқамау мүмкін емес.

Таяу Шығыс және Солтүстік Африка елдерінде болып жатқан ішкі қақтығыстардың әлемдік экономикаға ауыр салмақ салып отыр.

Бірақ «әлемдік экономикалық өртті» саяси тұрақсыздықтың «бүкіләлемдік топан суымен» өшіру мүмкін емес.

Жаңа жаһандық экономика жаңа әділетті әлемдік тәртіпсіз еш қисынсыз.

Жаһандық дағдарыс барысында ойға түйілген осы бес тағылымды ескеру бұл жүзжылдықтағы әлем дамуының дағдарысқа қарсы сенімді әдіс-тәсілін айқындау үшін қағидатты маңызды.

Бүгінде жаһандық дағдарысқа қарсы шешімдерді іздестірудегі Біріккен Ұлттар Ұйымы рөлінің артып отырғандығы қуанышты.

2011 жылғы қыркүйекте, БҰҰ Бас Ассамблеясының 66-шы сессиясында сөйлеген сөзімде мен әлемдік қоғамдастықты Жаһандық реттеу туралы пакті дайындауды кідіріссіз бастауға шақырдым.

Бұл құжат халықаралық экономикалық саясаттың маңызды ұстанымдарын келісудің нақты құралына айнала алады. Оларға жаңа жаһандық қаржылық жүйенің қызмет атқару тетіктерін әзірлеу және бірыңғай ойын ережесін айқындайтын әлемдік реттегіш құру жатады.

Бүгінгі таңда, сондай-ақ G8 және G20 шеңберінде жаһандық дағдарысқа қарсы күрес менеджмент жөніндегі үнқатысуды кеңейту де өмірлік маңызды.

Қазақстан «Үлкен жиырмалықтың» алдағы, Санкт-Петербург қаласында өтетін саммитіне шақырылған ел ретінде оған қатысушыларға Астана форумы мен Дүниежүзілік дағдарысқа қарсы күрес конференциясының ұсыныстары мен ұстанымдарын жеткізеді.

Қымбатты достар!

Егер болашаққа тек үреймен қарасақ, болашақта бізге үреймен қарамақ.

Кез келген дағдарыс – ол, ең алдымен, түбегейлі өзгерістер мүмкіндігі.

Осыдан 1 жыл бұрын мен осы форумның мінберінен G-Global идеясын ұсынған едім. Мен оған қызу қолдау көрсеткендерге алғысымды білдіремін!

G-Global-дың басты мақсаты әлемдік дамудың парадигмаларын бейберекет өзгерту үрдістеріне тиімді оң баламалар ұсыну болатын. Ол қарапайым да түсінікті бес қағидаттың біріктіруші әлеуеттеріне негізделген. Еске сала кетсек, олар:

біріншіден, эволюция және саясаттағы революциялық өзгерістерден бас тарту;

екіншіден, әділеттілік, теңдік, консенсус;

үшіншіден, жаһандық толеранттылық және сенім;

төртіншіден, жаһандық транспаренттілік;

бесіншіден, жүйелі көптектілік.

Міне, осы негізде ХХІ ғасырда кез келген жаһандық проблема бойынша тиімді үнқатысу және шешімге қатысушылардың барлығы үшін қолайлы жол табуға мүмкіндік бар.

Бүгінде әлемге жаңа жаһандық қаржы-экономикалық жүйесі және тиімді жаһандық қауіпсіздік, оның ішінде ядролық қауіпсіздік құрылысы қажет.

Бұл ретте өзара түсіністік пен келісімді нығайтуға бағытталған жаһандық үнқатысуды жалғастырудың әлеуеті бар.

Жаһандық трансформация жағдайында саяси ерік-жігер, табандылық, келісім, ашықтық пен сенім қай кездегіден де қажет.

Мен G-Global бастамасын қолдаушылардың қатары арта түсетіндігіне сенімдімін.

Бұл идеяны одан әрі дамыту үшін Рим немесе Мадрид клубтарының үлгісіндегі G-Global-дың Қамқоршылар кеңесін құруды ұсынамын. Оның шеңберінде болашақтың тұғырлы идеяларын қаржыландыруды жүзеге асыру қажет.

Ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан әлемнің саяси картасында соңғы екі онжылдық ауқымында ғана пайда болды.

Біз «нөлден» бастадық, ал бүгінде біздің экономикамыздың жетістіктерін бәрі мойындауда.

2012 жылы Дүниежүзілік банктің «Бизнесті жүргізу» рейтингі бойынша біздің еліміз 49-шы

орынды немесе «Инвесторларды қорғау» көрсеткіші бойынша 10-шы орынға шықты.

Бүкіләлемдік экономикалық форум белгілеген бәсекеге қабілеттілік рейтингі бойынша Қазақстан қазірдің өзінде 51-ші орынды иеленді.

Біз осыдан бірнеше жыл бұрын мен күн тәртібіне қойған еліміздің әлемдегі ең бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу туралы міндетті орындауға жақындап келеміз.

Біздің қазір «Қазақстан – 2050» стратегиясын белгілегенімізді білесіздер. Оның басты мақсаты – Қазақстанды әлемнің ең дамыған 30 елдің біріне айналдыру. Бұл даму өскелең инновациялық экономикаға және әлеуметтік қағидаттарға негізделетін болады.

Бұл реттегі ең бастысы – «экономика-энергетика-экология» атты үш негізгі тұғырдың жүйелі түрде дамуы болмақ. Әрі ол көктегі сағымданған елес емес, адамзаттың нақтылы жоғары қажеттілігіне негізделген ақиқат.

Алдағы әлемдік экономикалық дағдарыстан шығуы сөзсіз өндіріс пен тұтынудың анағұрлым ауқымды өсуін алып келеді. Оның үстіне, шындығы мынада: қазіргі әлемдегі әрбір адамның электр энергиясына қолы жетпейді. Сондықтан да энергетикалық және экологиялық проблемаларды шешуді кейінге қалдыру ақталмас қамсыздық болмақ.

Өткен жылы Рио-де-Жанейро саммитінде мен ұсынған Жаһандық энергетикалық-экологиялық стратегия туралы бастама және «Жасыл көпір» жоспары әлемдік қауымдастықтың қолдауына ие болды. «Жасыл энергетикаға» көшу және «жасыл технологияны» өндіріске енгізу – бұл жаһандық экономиканың дамушы векторы.

Қазақстан табиғи қазба байлықтарына, оның ішінде көмірсутегі кен орындарының көптігіне қарамастан, болашақта балама қуат көздерін дамытуды белсенді жүргізуге мүдделі. Біздің «Қазақстан – 2050» стратегиямызда нақ осындай келелі міндеттер қойылған.

Біз алдағы уақытта «жасыл жарақтандыруға» жыл сайын ұлттық ІЖӨ-нің 2 % көлемінде қаржы жұмсамақпыз. Бұның бәрі біз қабылдаған «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасында көрсетілген.

Енді 4 жылдан кейін Астана қаласында «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі өтеді. Біз оны «Болашақтың энергиясы» ұранымен өткізетіндігіміз де тегіннен тегін емес.

Мен төрткүл дүниенің барлық бөлігіндегі іскер топтарды «ЭКСПО-2017»-ні дайындау мен өткізу жұмыстарына белсене қатысуға шақырамын.

Қымбатты достар!

XXI ғасыр жүрісін қарқындатып, уақыт пен арақашықтықты «қыса» түсуде. Жаһандық экономиканың жаңа түрі туындап, халықаралық қатынастардың жаңа қағидаттары мен қоғамдық өмірдің жаңа құндылықтары қалыптасуда. Сондықтан да бүгінде жаһандық проблемалардың сенімді шешімдерін табу маңызды.

Форумға қатысушыларға және Дүниежүзілік дағдарысқа қарсы күрес конференциясының делегаттарына жемісті пікірталастар өткізу мен жаңа ұсыныстар тұжырымдауда сәттілік тілеймін!

Зейнетақы реформасының мәселелері
жөнінде Қазақстан халқына

ҮНДЕУІ

Астана қаласы,
2013 жылғы 7 маусым

Қымбатты отандастар!

Республика Конституциясына сәйкес менің қарауыма Үкімет пен Ұлттық банк бастамашы болған зейнетақы жүйесі туралы жаңа заңнама дестесі келіп түсті.

Мен заңнаманы әзірлеу, талқылау және қабылдаудың күллі үдерісінде болған кеңінен қоғамдық талқылауды мұқият қадағаладым.

Мен заңнаманы жақтаушылардың да, оған қарсылық білдірушілердің де дәлел-дәйектерімен жақсы таныспын.

Ерлер мен әйелдердің зейнетке шығу жасын теңестіру туралы мәселе қазіргі ең өзекті тақырыпқа айналды. Мұның себебін мен Үкімет пен Ұлттық банк іс-әрекетінің орашолақтығынан да көремін.

Біріншіден, осындай өте маңызды әлеуметтік заң жобасы, ұзақ мерзімді келешектегі халықтың әл-ауқатына және ұлттық зейнетақы жүйесінің тиімділігіне кепілдік беретін қажетті әрі өмірлік маңызды шара емес, жай ғана заңнамалық акт ретінде ұсынылды.

Екіншіден, оны қоғамдық талқылау кезінде насихаттап-көрсетуде Үкімет, атап айтқанда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, дұрыс жұмыс жүргізген жоқ.

Нәтижесінде, қазақстандықтардың көбі зейнетақы реформасының түпкі мәнін түсінбей қалды.

Жалпы, мен Үкімет пен Ұлттық банктің жаңа зейнетақы заңнамасын халыққа түсіндіру жөніндегі жұмысына оң баға бере алмаймын.

Бүгінде зейнетақы заңнамасына өзгерістер енгізу керек екені анық. Бұл – жаһандық үрдіс. Еуропалық Одақ пен әлемнің өзге де елдері дағдарыс пен құлдырау жағдайында осылай жасауға мәжбүр болды.

Зейнетақы заңнамасын жаңғырту ғана барша қазақстандық зейнеткерлердің әл-ауқатына нақты кепілдіктер бере алады.

Осындай жағдайда ғана жинақтаушы жүйе ұзақ уақыт тиімді жұмыс істейтін болады.

1990-шы жылдарда болғандай, қоғам мен мемлекет зейнетақы төлей алмаған, қазақстандық зейнеткерлер айлап зейнетақысын ала алмаған, ал олардың мөлшері болмашы болған зейнетақы жүйесінің дағдарысынан қоғамымыз осылайша ғана құтыла алатын еді.

Әйелдердің зейнет жасын арттырудың басты себебі зейнетақы төлеудегі қаражаттың болжамды тапшылығы және зейнеткерлердің 70 %-ын әйелдер құрайтыны болды. Әйелдердің зейнет жасын арттырмаса, зейнетақы төлеуге жұмсалатын бюджет шығыстары 2014–2024 жылдары 3 трлн теңгеге өседі. Бұл мемлекетті зейнетақы төлеуге қауқарсыз етіп, болашақ зейнеткерлер үшін проблемаға айналады. Сондықтан біз бұл мәселені қазірден бастап шешуге тиіспіз.

Ерлер мен әйелдердің зейнетке шығу жасының бірыңғай болуы – көптеген дамыған елдерде бар норма. Мәселен, бірқатар Еуропа елдерінде ерлер мен әйелдердің зейнеткерлік жасы – 67.

Көптеген мемлекеттер осындай шешімді жаһандық дағдарыс жағдайында сөзсіз болатын шара ретінде қабылдауда.

Қазақстан Үкіметі әйелдер үшін зейнет жасын өсіруді жоғары шекке дейін біртіндеп көшіру арқылы жүзеге асыруды алдын ала ұсынды. Алайда Үкімет пен Ұлттық банк барлық күш-жігерін осы заң тікелей қатысты болатын адамдарды емес, Парламент депутаттарын сендіруге жұмсады.

Парламент Мәжілісі мен Сенаты бұл шешімнің халық үшін маңызын түсініп, зейнетақы жүйесі туралы жаңа заңнаманың дұрыс шешім болып табылатын нұсқасын қабылдады.

Азаматтардың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін қажет болғандықтан, заң жобасын мен жалпы қолдаймын. Бірақ зейнетақы жүйесін реформалаудың қыр-сыры түгел жете ойластырылған дей алмаймын.

Конституцияда берілген өкілеттіктеріме сәйкес, әйелдердің зейнет жасын өсіру туралы норманы енгізу мерзімі бөлігінде қайта талқылау және дауысқа салу үшін Парламентке қайтарамын.

Мен зейнет жасын кезең-кезеңмен ұзартуды 2014 жылғы 1 қаңтардан емес, 2018 жылғы 1 қаңтардан бастауды ұсынамын.

Бұл алдағы зейнетақы жүйесін жаңғыртуды қазақстандықтардың мүддесін барынша толық ескере отырып, жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жаңа заңнама күшіне енбестен бұрын мемлекет азаматтарды, әсіресе зейнеталды

жасындағы әйелдерді әлеуметтік қорғау үшін қосымша шаралар қабылдауы тиіс.

Осыған байланысты Үкіметке халыққа қажет заң мәселелерін одан әрі пысықтап, дамытуды тапсырамын.

Бірінші. Бала күтімі демалысы кезінде жұмыс істеуші әйелдердің міндетті зейнеткерлік салымына мемлекет есебінен қосымша төлемақы қамтамасыз етілсін.

Жинақтаушы зейнетақы қорына төлемдердің жалпы көлемін олардың бұрынғы табысының 10 %-на жеткізу қажет.

Екінші. Азаматтардың міндетті 10 % зейнетақы шығысына жұмыс берушінің міндетті шығарылымы есебінен қосымша 5 % енгізілсін.

Үшінші. Міндетті кәсіби зейнетақы салымын кезең-кезеңмен тағы да 5 %-ға көбейту керек. Бұл жайт айрықша және зиянды өндірістерде зейнеткерлікпен қамтамасыз етуді жақсартады.

Осы шаралардың барлығы азаматтарымыздың әлеуметтік қорғалу деңгейі үшін мемлекеттің де, жұмыс берушінің де, жұмыскерлердің өзінің де ортақ жауапкершілігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Үкіметке зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі шаралар кешенін, сондай-ақ зейнетақы активтерін экономиканың неғұрлым келешекті

салаларының жобаларына тиімді инвестициялау тетіктерін әзірлеуді де тапсырамын.

Азаматтардың зейнетақы жинақтары зейнетақы қорларының пайда алу көзі емес, әрбір қазақстандықтың қария жасында лайықты өмір сүруінің сенімді негізі болуға тиіс.

Парламентті менің ұстанымымды ескеруге шақырамын.

Зейнетақы реформасының күрделі мәселесі бойынша дұрыс шешімдер табылады деп кәміл сенемін.

Аудандық маңыздағы қалалар, селолық округтер, селолық округтердің құрамына кірмейтін поселкелер мен селолар әкімдері сайлауының қорытындысы бойынша

ҮНДЕУІ

Астана қаласы,
2013 жылғы 10 тамыз

**Құрметті қазақстандықтар!
Қымбатты отандастар!**

Мен сіздердің бәріңізді ел өміріндегі маңызды қоғамдық-саяси оқиғамен құттықтаймын!

2013 жылғы тамыздың 5-нен 9-на дейін тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет жергілікті билік органдары басшыларының сайлауы табысты өтті.

Баламалы негізде мәслихаттар аудандық маңыздағы қалалардың, селолық округтердің, селолық округтер құрамына кірмейтін поселкелер мен селолардың әкімдерін сайлады.

Бұл елдегі бүкіл әкімдердің 91 %-дан астамы. Барлығы 7 млн 632 мың қазақстандық тұратын ауданға қарасты қалалардың, селолық округтердің, поселкелер мен селолардың 2 454 әкімі сайланды.

Өздеріңіз білетіндей, осы сайлауды өткізу туралы бастаманы мен «Қазақстан – 2050» стратегиясы туралы халыққа Жолдауымда көтердім. Сайлау жас қазақстандық демократияның маңызды жетістігіне айналды. Оларға шамамен 7 мыңдай кандидат қатысты.

Егер бұрын әкімдер тағайындалса, бүгінде олар алғаш рет сайланды. Және оны қазақстандық сайлаушылар өздерінің аттарынан іс-қимыл жасауға жоғары сенім көрсеткен халық өкілдері – мәслихаттар депутаттары заңды негізде саналы және жауапкершілікпен жүзеге асырды.

Өткен сайлау барысына беделді жұртшылық өкілдері байқау жасады. Қоғам қайраткерлерінің бастамасы бойынша Сайлау барысына байқау жасау жөніндегі республикалық қоғамдық комиссия құрылып, табысты жұмыс жүргізді.

Байқаушылар электораттық науқан мен сайлау барысында айтарлықтай бұрмалаушылықтардың

тіркелмегенін атап көрсетті. Сайлау ашық, мөлдір болды және қолданыстағы заңнамалар нормалары мен қазіргі заманғы демократиялық тәжірибеге толықтай сәйкесті.

Жергілікті әкімдерді сайлаудың «Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыруды бастаудың дәл бірінші жылында өтуінің де нышандық мәні бар.

Бұл біздің ХХІ ғасырға арналған басты стратегиялық жоспарларымызда белгіленген Қазақстан үшін тағдыршешті мақсаттар мен міндеттерді сатылап жүзеге асыруға біздің әбден бейілділігімізді бейнелейді.

Құрметті қазақстандықтар!

Жергілікті өзін-өзі басқару – Қазақстан Республикасы конституциялық құрылымының арқаулық негіздерінің бірі. Оның одан әрі тиімді қалыпта-суындағы таяудағы және ұзақ мерзімді міндеттер мен бекіткен Қазақстан Республикасында Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдама-сында белгіленген. Оларды дәйектілікпен шешу төменгі деңгейдегі басқару жүйесінің сапасын айтарлықтай арттыруға жағдай жасайды.

Осы тұжырымдаманы жүзеге асыру үшін де сайлауды табысты өткізу қамтамасыз етілді.

Менің бұдан былай азаматтармен бетпе-бет жұмыс істейтін және проблемаларды жергілікті

жерлерде тікелей шешетін барлық әкімдердің сайланбалылықпен қамтылғанын айрықша атап өткім келеді.

Бұл жергілікті әкімдер қызметіне азаматтық бақылауды күшейту үшін мүмкіндіктерді ұлғайтады, сондай-ақ әрбір жекелеген аумақтық қоғамдастықтағы ахуалға мәслихаттар мен барлық азаматтардың тікелей ықпалының артуына жағдай жасайды.

Осылайша, саяси жүйені жаңғырту жолында, қазақстандықтардың жергілікті өзін-өзі басқаруға белсенді қатысу тәжірибесі мен дәстүрлерін кеңейтуде тағы бір маңызды қадам жасалды.

Жаңа әкімдердің менің тапсырмам бойынша тиімді жұмыс істеуі үшін биылғы жылы жергілікті билік органдарының мүмкіндіктері айтарлықтай күшейтілді.

Бүгінде олар тиімді жұмыс жүргізу үшін қажетті барлық материалдық-қаржылық және кадрлық ресурстарға ие. Атап айтқанда, жергілікті әкімдерге әлеуметтік салада қосымша өкілеттіктер берілді. Биылғы жылы күшіне енген жаңартылған заңнама бойынша оларға заң жүзінде 67 қызметтік міндет бекітіліп берілді, оның өзі іс жүзінде жергілікті маңыздағы барлық көкейкесті мәселелерді дербес және жауапкершілікпен шешуге мүмкіндік береді.

Бірақ бұл сонымен бір мезгілде әкімдердің отандастары мен мемлекет алдындағы аса зор жауапкершілігі де! Әр әкім оны толық сезініп, өз міндеттерін абыроймен және лайықты атқарып, адал да шынайы берілген еңбегімен өзін сайлаған халықтың заңды өкілдерінің жоғары сенімін ақтауы тиіс.

Мен барлық әкімдерді лауазымға сайлануымен құттықтаймын!

Сіздер – біздің тарихымызда тұңғыш сайланған әкімдерсіздер. Алда сіздерді барлық қалалардың, ауылдардың, селолар мен селолық округтердің игілігі үшін, біздің бүкіл халқымыздың игілігі үшін жауапты жұмыстардың 4 жылы күтіп тұр. Сіздердің еңбектеріңізге тек сіздердің жерлестеріңіздің ғана әл-ауқаты байланысты емес. Бұдан кейін сайланатын барлық әкімдер жұмысының жаңа сапасына жоғары өлшемдер белгілеу де сіздердің күш-жігерлеріңізге байланысты.

Мемлекет басшысы ретінде мен сіздерден дәл осыны күтемін! Сіздерден біздің бүкіл халқымыз осыны күтеді!

Сіздерге осы жоғары үміттерге сәйкес болуды тілеймін! Заңды берік ұстаныңыздар, отандастарыңыздың сұраныстарына мұқият болыңыздар! Халық мүддесін бәрінен жоғары қойыңыздар! Бүкіл халықтың бірлігі мен топтасқандығын,

біздің жеріміздегі тыныштық пен келісімді мұқият сақтаңыздар! Осының бәрі – әр әкімнің табысты жұмысының басты құрамдастары.

Сіздердің барлығыңызға жұмыста табыстар тілеймін!

Қазақстан Республикасы Парламенті
бесінші шақырылымы III сессиясының
ашылуында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2013 жылғы 2 қыркүйек

Құрметті депутаттар!
Құрметті Үкімет мүшелері!

Қазақстан Республикасы Конституциясының
59-шы бабына сәйкес бесінші шақырылымдағы
Парламенттің III сессиясын ашық деп жариялай-
мын.

Құрметті Мәжіліс және Сенат депутаттары!

Баршаларыңызды жаңа парламенттік маусымның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын.

Бесінші шақырылымдағы Парламент өзінің конституциялық өкілеттігі аясында 1,5 жыл жұмыс істеді.

Осы уақыт ішінде үш партиялы Мәжіліс жоғары деңгейде қызмет атқара алатынын көрсете білді.

Отандық парламентаризм тарихында тұңғыш рет заң шығару жұмысын бір шақырылымдағы депутаттардың өкілеттік мерзіміне тұтастай жоспарлау тәжірибесі енгізілді. Бұрын біз ондай жоспарды тек бір сессияға ғана жасайтын едік.

II сессия барысында 100-ге жуық заң қабылданды. Қазақстан экономикасының құқықтық негізі жақсарып, салық жүйесі жетілдірілді, шағын және орта бизнесті дамытудың заңнамалық мәселелері шешілді. Зейнетақы жүйесін реформалау, білім беру жинақтау жүйесін құру, мемлекеттік қызмет көрсету туралы және басқа да көптеген маңызды әлеуметтік заңдар қабылданды. Бүгінгі таңда Парламенттің қарауында 30-ға жуық заң жобасы бар.

Парламентіміз жоғары саяси жауапкершілік режимінде жұмыс істеп, халық өкілі ретіндегі өз міндетін абыроймен атқарып келеді. Алдағы уақытта да осы қарқыннан таймау қажет. Себебі біз дамудың ең шешуші сатысы – «Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыру кезеңіне аяқ бастық.

Бұл Стратегияның алға қойған негізгі мақсаты – әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру. Бұл барша Қазақстан халқына, оның ішінде сіздерге айрықша міндеттер жүктейді.

Құрметті депутаттар!

Парламенттің жаңа сессиясы «Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыру кезінде басталып отыр.

Мен өз Жолдауымда тұтас жаңа жарты ғасырға жуық дәуірді – Қазақстанның әлемнің мейлінше дамыған 30 елінің қатарына кіруді қамтамасыз етуді айқындадым.

Жаһандық ахуал бізге күрделі жағдайда бір-ақ жыл ғана жұмыс істеуге тура келмейтінін көрсетіп тұр. Әлемдік экономиканы болжаудың мүмкіндігі аз. Оның күрт өзгерістері мен әркелкі үрдістері болуы мүмкін.

Біз кеше ғана болашағы зор болған және қарқынды дамыған елдердің бір-ақ сәтте ішкі алауыздық пен жанжалдың аймағына айналғанын көріп отырмыз. Әлеуметтік проблемалар көптеген дамыған елдерде шиеленісіп кетті. Жұмыссыздықтың өсуі, халықтың табысының төмендеуі, әлеуметтік дамудың үйлесімсіздігі мен кереғарлығы – мұның бәрі әлемнің көптеген елдеріндегі нақты жағдайлар.

Бұл орайда Қазақстандағы ахуал, олардың көпшілігінде болып жатқан жайттарға қарағанда, артықшылығымен ерекшеледі.

Алғашқы жартыжылдықтың қорытындысы бойынша Қазақстанда ІЖӨ-нің өсімі 5 %-дан астам болды. ІЖӨ көрсеткіші жан басына шаққанда 12 мың доллардан асты.

Қазақстанның Ұлттық қордың валюталық активтерін қоса алғандағы халықаралық резерві 90 млрд доллардай болады.

Қазақстан экономикасына инвестиция тарту мүмкіндіктерін кеңейту жөнінде шаралар қабылдануда, оның ішінде заңдық сипаттағылары да бар.

Біз инновациялық индустрияны сенімді жалғастырып, экономикамыздың кластерлік дамуға көшуін жүзеге асырудамыз.

Қысқа мерзімде әкімшілік реформаның жаңа кезеңі өткізілді.

Біріншіден, мемлекеттік қызметтің жаңа моделі жасалды. «А» корпусы жасақталды. Бұлар – жоғары талаптар арқылы іріктелген 543 мемлекеттік қызметші. Саяси қызметшілердің саны 7,5 есе қысқарды. Өңірлерде аудан мен қала әкімдерінің үштен бірі, ал орталық деңгейдегі атқарушы органдар басшы құрамының 15 %-ы жаңарды.

Екіншіден, жергілікті өзін-өзі басқару реформасы жүргізілді. Ауылдық деңгейге қосымша 5 мың штат бірлігі беріліп, 67 мемлекеттік қызметтік міндет бекітілді. Бүгінде ауыл әкімдері салық жинауға, бюджет қалыптастыруға және жергілікті проблемаларды тұрғындардың өздерін қатыстыра отырып шешуге қаржы бөлуге құқылы. Жергілікті

2,5 мың әкімнің сайлауын өткізу маңызды қадам болды. Бұл еліміздегі барлық әкімдердің 91 %-ы.

Үшіншіден, «Мемлекеттік қызметтер көрсету туралы» Заң қабылданды және жүзеге асырылуда. Бұл бизнес-ортаны жақсартады, азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттырады.

Сонымен қатар, Үкімет бұл жұмыстарды, ең алдымен медициналық, білім беру қызметтерін көрсетуді жалғастыру қажет.

Жалпы, біздің жаңа саяси бағытымыз ХХІ ғасырдың ортасына қарай еліміздің дамуына жаһандық, өңірлік және ішкі өлшемдегі сын-қатерлерді қамтиды. Сондықтан ІІІ сессия барысында Парламент ұзақ мерзімді жаңа Стратегия негізінде мына бес бағыт бойынша заң шығарудағы маңызды міндеттерді шешуге тиіс.

Бірінші. Заң шығару үдерісінің басымдығы тұрақты экономикалық өсімді құқықтық қамтамасыз ету болып қала беруі керек. Мен баршаға ортақ экономикалық тұрақтылық дәуірінің басталуын күтіп отыру бейқамдық екенін бірнеше рет айттым. Жаһандық жаңа дағдарыстар ықтималдығы азаймай тұр.

Экспорттық өнім мен шикізат бағасының тұрақсыздығы – ұзаққа созылатын үрдіс. Тек сыртқы кредитке ғана үміт арту ақылдылық емес. Сондықтан дамудың барлық ішкі мүмкіндіктері мен көздерін толық іске қосу маңызды. Осыған байланысты отандық бизнес өзін сенімді сезініп,

тиімді дами алатын құқықтық орта қалыптастыру маңызды болып табылады.

Мен Үкіметке Кәсіпкерлік кодексі жобасын әзірлеуді тапсырдым. Онда қазақстандық кәсіпкерлер қызметінің және олардың мемлекетпен өзара іс-қимылының негізгі қағидаттарын белгілеу керек. Бұл «қазақстандық бизнес конституциясы» болуға тиіс.

Тағы бір маңызды заң жобасы – «Рұқсаттар және хабарламалар туралы». Онда бизнес-құрылымдарға қатысты кез келген бюрократтық озбырлықтан қорғаудың айқын кепілдіктері анық жазылуға тиіс. Үкіметке бұл жобаны Мәжіліске осы жылдың соңына дейін енгізуді тапсырамын.

Аса маңызды және басымдығы бар міндет – «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңға өзгерістерді қабылдау. Онда барлауға құқық беру жүйесін түбегейлі жеңілдетіп, «жеміссіз» кен орындарына қатысты алыпсатарлық тәжірибесінен сақтанған жөн.

Табиғи ресурстарды игеру құқын алып, бірақ оған ештеңе инвестицияламай, іс жүзінде оны экономикалық айналымнан шығаратын жағдайлар да баршылық.

Қаражат салынбайтын кеніштерді мемлекетке қайтарып, басқа инвесторларға беру қажет. Осылайша біз геологиялық барлау саласына жаңа инвестициялар тарта аламыз.

Мен стратегиялық ірі кен орындарының жұмыстарына қатысты тапсырма беріп те қойдым. Атап айтқанда, келісім-шарттар жасау немесе оларға өзгерістер енгізу кезеңінде инвесторларға Қазақстан экономикасын әртараптандыруға көмектесу тұрғысында міндетті талаптар қою тетіктерін ойластыру қажет.

Сондай-ақ экономиканы дамытуға және инвестиция тартуға көмектесу үшін мен өз жарлығыммен Парламентке 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін «Бәйтерек» ұлттық басқару холдингі қызметінің заңнамалық негізін әзірлеуді қамтамасыз етуді тапсырдым.

Міндеттердің екінші блогы инновациялық үдерісті, әсіресе басымдығы бар салаларды ынталандыратын жаңа заңнамалық нормаларды қабылдауға байланысты.

Парламент қазірдің өзінде «Инновациялық технологиялар паркі» инновациялық кластері туралы» заң жобасы мен оған ілеспелі құқықтық нормалар кешенін қарастыруда.

Энергия тиімділігі мен энергия жинақтауды арттыру да маңызды болып саналады. Энергия жинақтаудың жаңа мәдениетін, экономика тәрізді күнделікті өмірде де жаппай қалыптастыру қажет. Өздеріңіз білесіздер, менің жарлығыммен «Жасыл экономикаға» өту тұжырымдамасы бекітілді.

Алайда оны жүзеге асыру энергия пайдаланудың тиімділігіне қатысты мүлде жаңа тәсілдерді қажет етеді.

Мен қойған міндеттерді орындау үшін 2020 жылға дейін бізге энергия үнемдеуді жыл сайын 2,5 %, ал 2020 жылдан кейін 3,5 % көлемінде қамтамасыз ету қажет. Сонда біз отандық кәсіпорындардың энерготиімділігінің қажетті деңгейіне жетеміз және сонымен қатар «жасыл экономика» құру аясындағы міндеттерді орындаймыз.

Тұжырымдаманы жүзеге асыру да заңнаманы жетілдіруді талап етеді. Парламенттің III сессиясы барысында «жасыл экономиканың» қалыптасуы мен дамуына қажетті заңнамалық негіздерді қарауға кірісуі үшін бұл жұмысты жедел жүргізу керек.

Осыған байланысты Үкіметке тиісті заң жобаларын Парламенттің қарауына тездетіп енгізуді тапсырамын. Астанада «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің өтетіндігіне байланысты бұл айрықша маңызды.

Биылғы жылғы қарашада Үкімет «ЭКСПО-2017» көрмесін ұйымдастыру мен өткізуге қажетті нормалары қамтылған заң жобасын енгізеді. Оның қаралуын мен шұғыл деп жариялаймын. 2014 жылдың бірінші тоқсанында бұл заңды қабылдау қажет.

Өздеріңіз білетіндей, мемлекет азаматтардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын, соның ішінде бас-

панамен қамтуды, мақсатты түрде жақсартып келеді.

Парламентке үлескерлік тұрғын үй құрылысы саласындағы қатынастарды жетілдіруге бағытталған, сондай-ақ тұрғын үй қатынастарының өзге де қырлары бойынша заң жобалары енгізіледі. Жалпы бұл бағыттағы жұмыс тиісті деңгейде жүргізілуде. Бізге қаражаттың жергілікті жерлерде уақтылы игерілуін және тұрғын үй құрылысының белгіленген көлемде қамтамасыз етілуін бақылау қажет.

Үшінші. Азаматтарды әлеуметтік қамтамасыз етуді, ең алдымен, зейнетақы жүйесін реформалау жұмыстарын жандандыру маңызды. Зейнетақы жүйесі реформасына байланысты қазақстандықтарға Үндеуімде мен Үкіметке азаматтардың зейнетақы жинақтары өсіміне қосымша кепілдіктер туралы бірқатар тапсырмалар бердім.

Атап айтқанда, біріншіден, жұмыс істейтін әйелдердің бала туу және бала күтіміне байланысты демалыста болу кезеңінде міндетті зейнетақы жарналарын бюджет қаражаттары есебінен субсидиялауды қамтамасыз ету қажет. Екіншіден, жұмыс берушілер қаражатынан өз жұмысшыларының зейнетақы шоттарына 5 %-дық міндетті аударымдар енгізу керек. Үшіншіден, міндетті кәсіптік жарналар мөлшерлемесін тағы 5 %-ға кезеңдік ұлғайтуды қарастыру. Төртіншіден, зейнетақы активтерін елдің мейлінше келешегі бар

салаларына инвестициялау тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету.

Әлеуметтік жаңғыру еңбек қатынастары мәдениетін арттыруды талап етеді. Сондықтан қазақстандық кәсіподақ қозғалысын жаңғырту қарқындырақ жүруі тиіс. Үшінші сессия жұмысы барысында «Кәсіптік одақтар туралы» жаңа заң қабылдау қажет. Оны Үкімет таяу арада енгізеді.

Әлеуметтік жаңғырудың маңызды қыры – жастар саясатының заңнамалық негізін нығайту. Бұл ретте заң шығарушылар мемлекеттік жастар саясаты туралы заң жобасын қарауы қажет.

Сондай-ақ алда ең төмен стандарттар мен кепілдер, дене шынықтыру және спорт туралы және басқа да заңдарды қарау және қабылдау мәселесі тұр.

Заңшығарушылық міндеттердің төртінші маңызды блогы құқық қорғау заңнамасын жаңғырту және терең реформалаумен байланысты. Парламентті Қылмыстық, Қылмыстық-іс жүргізу, Қылмыстық-атқару кодекстерінің жаңа жобаларын, сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексті қарау жұмысы күтіп тұр. Шын мәнінде, Қазақстанның құқық қорғау және сот жүйесінің әлемдік тәжірибені қолданған жаңа құқықтық негізі қалыптастырылатын болады.

Үкіметке және заң шығарушыларға қылмыстық құқықты ізгілендіру мен қоғамда құқық

бұзушылыққа төзбеушілікті қалыптастыру үдерістерінің арасында ортақ вектор түзу маңызды.

Кез келген қылмыс пен заң бұзушылық үшін жазаның бұлтартпастығы мен әділдігіне ешкімнің ешқандай да күмәні болмауы тиіс. Сонымен қатар құқық бұзушыларды еркіне қойып, азаматтардың заңға «жеңіл қарауына» есіркеушілік жасауға болмайды.

Жаңа актілерді қабылдау қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесін жаңғыртады. Қазақстандық құқық азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды мүлтіксіз қамтамасыз ететін сапалы деңгейге көтеріледі.

Бесінші. Маңызды бағыттың бірі – Қазақстанның өзге елдермен қол қойған мемлекетаралық келісімдерін ратификациялау.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіру кезінде қабылдайтын міндеттемелерін ратификациялау бойынша Жол картасын Үкімет биылғы жылдың 1 желтоқсанына дейін әзірлейді.

Таяудағы бір-екі жылда Бірыңғай экономикалық кеңістікті дамыту бойынша да жұмыстар жүргізіледі. Біз Ресей және Беларусьпен бірге Еуразиялық экономикалық одақ қалыптастырамыз. 2014 жылы еуразиялық интеграцияның жаңа деңгейінің арқаулық келісімдерінің негізгі пакетін әзірлеу жұмыстары аяқталады.

Мәжіліс пен Сенат депутаттары заң шығармашылығының барлық осы бағыттары бойынша жемісті жұмыс жүргізетіндігіне сенімдімін.

Құрметті депутаттар!

Мен Парламент депутаттары әрдайым тарихи міндеттердің биігінен табыла білеріне сенемін.

«Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыруды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуде Үкіметпен қоян-қолтық жұмыс істейді деп санаймын.

Бірліксіз істе береке болмайтынын, ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүретінін қаперден шығармайық. Басты байлығымыз – ел бірлігін сақтай отырып, биік мақсаттарға ұмтылуды мақсат еттік. Сол мақсаттарға бастайтын заңнамалық алғышарттарды жасайтын сіздер.

Халық қалаулысы деген абыройлы мәртебенің салмағын ауырсынбай арқалайтындарыңызға мен сенемін.

Сіздерге Қазақстанның өркендеуі жолында маңызды шешімдер қабылдайтын жұмыста зор табыс тілеймін.

G-20 «Үлкен жиыrmалықтың» саммитінде

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Ресей Федерациясы,
Санкт-Петербург қаласы,
2013 жылғы 5 қыркүйек

**Құрметті саммитке қатысушылар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Ең алдымен Ресей Федерациясының Президенті Владимир Владимирович Путин мен «Үлкен жиыrmалық» мемлекеттерінің барлық басшыларына саммитке шақырғандары үшін алғысымды білдіруге рұқсат етіңіздер!

Саны жағынан көп мемлекеттердің дағдарысқа қарсы шешімдерді іздестіруге тартылуы қай кездегіден де көкейкесті. G20 саммиттері сын-қатерлерге дер кезіндегі жауаптардың біріне айналды.

Сонымен бірге, көптеген дамушы елдердің көзқарастары саммиттердің нәтижелерінде тек жанама түрде ғана қамтылады. Қазақстанның да қатысы бар шағын елдердің дауысы естілуі үшін мен осыдан 2 жыл бұрын G-Global жобасына бастамашылық танытып едім.

Бұл G8 мен G20-ға балама емес, жаһандық диалогтың қосымша құралы. Ұсынылып отырған өзара іс-қимыл қарапайым әрі айқын: эволюциялық, әділдік, сенім, жаһандық транспаренттілік қағидаттарына негізделген. Оның тиімділігі ғылым, практика және саясат үшеуінің серіктестігінің бірлігіне құрылады.

G-Global қазірдің өзінде инфо-коммуникациялық пікірталас клубы ретінде жүзеге асырылуда. Ол 160 елден 3 млн интернет-пайдаланушыларды біріктірді. Оның жұмыс алаңы биылғы жылы G20 саммитінің аутрич-іс-шараларының тізбесіне енгізілген Астана экономикалық форумы болып табылады.

Біздің одан кейінгі бастамамыз жоғары деңгейдегі Дүниежүзілік дағдарысқа қарсы күрес конференциясын шақыру ұсынысы болды. Ол БҰҰ Бас Ассамблеясының қолдауымен Астанада өткізілді.

Оған 104 елдің экономикалық ведомстволарының басшылары қатысты.

Осы инновациялы жаһандық үнқатысу пішімдерін таныстыра отырып, көкейкесті проблемаларды шешудегі біздің пайымдауларымызбен бөліскім келеді.

Біріншіден, әлемдік валюталық-қаржылық архитектура эволюциялық жолмен барлық елдердің мүдделерін сақтауға келуі тиіс. Ең тамашасы – жаңа әлемдік валютаның келуі, ол:

– заңды әрі демократиялы, яғни барлық елдердің келісімімен қабылданып, айналысқа шығарылуы тиіс;

– сенімді, яғни нағыз құнның шын өлшемінің және өндірістің бақыланатын пайдасының құралы болуы тиіс;

– теңгерімді, яғни ұзақ мерзімді міндеттер мен даму құндылықтарына бағдарланған болуы тиіс.

Қазіргі жағдайдағы ең қарапайымы – резервтік ретінде бірнеше валютаны қабылдау. Бұл ретте олардың эмитенттерінің жауапкершілігін арттыру керек. Осымен бір мезгілде валюталық саясатты үйлестіру қажет. Ол үшін әлемдік валютаны реттеудің қуатты органы қажет.

Екіншіден, әлемдік қаржы жүйесіне реформа қажет.

Тәуекелдерді шамалап, өзіне шектейтін де, ынталандыратын да шараларды алатын реттеу

жүйесі керек. Халықаралық қаржы операцияларына салық мәселесі бұған дейін де көтерілген, енді оны шешу керек. Ол ресурстар тұрақтандыру қорларын қалыптастыруы тиіс.

Үшіншіден, қарыздық қарым-қатынастарды теңгерімді ету керек.

Мемлекеттік те, корпоративтік те қарыз алудың көлемін реттеудің және бақылаудың жаңа эмитенттерін әзірлеп, енгізу ұсынылады.

Мен әлемдік қаржы архитектурасын тек қазіргі дағдарыстың ең пісіп-жетілген проблемасы ретінде ғана қозғадым. Алайда ол алуан қырлы. Сондықтан оны еңсерудің жолдарын іздестіру әлемдік шаруашылық тыныс-тіршілігінің барлық салаларын қамтуы тиіс. Сауда мен инвестициялар, энергетика мен азық-түлік қауіпсіздігі, миграция мен кірістер – осылардың бәрінің де проблемалары мен табыстарының терең әрі өзара бір-бірімен матасып жатқан себептері бар.

Мұндай ізденіс G-Global алаңында тоқтап қалмайды.

Құрметті саммитке қатысушылар!

Ауқымы жөнінен теңдесі жоқ дағдарыс жаһандану бағытына деген сенімді шайқалтып кетті. Алайда біз құтылуды оқшауланудан іздеудің қате екендігіне сенімдіміз. Теңдік пен өзара тиімділік қағидаттарына негізделген өңірлік интеграция

тұрақты өсімді қалпына келтірудің сенімді құралы болып табылады.

Қазақстан мұнда өз серіктестері – Ресей мен Беларусьтің атынан Бірыңғай экономикалық кеңістіктің мүдделерін танытып отыр. Бұл бірлестік қазірдің өзінде жұмыс істеуде және Кеден одағының оң табысын дәйектеді. Үш мемлекеттің ортақ нарығы қалыптасып, жұмыс істей бастады. Бұл 170 млн адам және жалпы жиынтық өнімі 2 трлн доллардай.

Келесі қадам Еуразиялық экономикалық одақты құру болмақ. Бұл бірлестіктің ешқандай саяси мақсаттарды көздеп отырмағанын әрі өзге елдердің қосылуы үшін ашық екенін айрықша атап айтпақпын.

Қымбатты достар!

Қазақстан табиғи ресурстарға бай және мұның өзі бізге жауапкершілік жүктейді.

Біз «Жасыл климаттық қор» бойынша G-20 бастамасын қолдаймыз. Өз кезегінде, біз «Рио+20» саммиті қолдаған «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасына бастамашылық таныттық.

Көшбасшы елдер дамушы экономикалардың жаңа технологияларға қол жетімділігіне ықпал етіп, олардың одан әрі таралуына ынталандыруы тиіс деп есептеймін.

Қазақстан кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістіктегі «жасыл жаңғырту» жолына бекем түскен

және оның қағидаттарын белсенді ілгерілетуші алғашқы ел болды. Оның дәлелі – Астананың «Болашақтың энергиясы» тақырыбына арналған «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі өткізілетін орын ретінде таңдалуы.

«Үлкен жиырмалық» мемлекеттерін «ЭКСПО»-ға ең белсенді қатысушылардың қатарынан көруге қуанышты боламыз.

Дамушы нарықтардың
Еуразиялық форумында
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2013 жылғы 10 қыркүйек

**Құрметті форумға қатысушылар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Дамушы нарықтардың Еуразиялық форумына
қош келдіңіздер!

Бытыр желтоқсан айында мен «Қазақ-
стан – 2050» стратегиясын жария еттім. Ол
Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің
біріне айналуын көздейді.

Бұл мақсатқа жетуге еліміздің толық мүмкіндігі бар. Біздің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктеріміз бұған айқын дәлел бола алады.

Кеңестік экономиканың күйреген дағдарысы біз үшін өзінің ауқымы жағынан Америкадағы Ұлы күйзеліспен бірдей болды. Республиканың тәуелсіз мемлекет ретіндегі өміршеңдігіне, оның шекараларын сақтау мен қауіпсіздігіне күмән келтірілді. Бірақ біз бұл қиындықтарды еңсердік. Жаңа өмірлік және жаһандық дағдарыстарға қарамастан, біз өз елімізді жаңғырту жолымен сенімді алға бастық.

Біз өз болашағымызды дербес, сындарлы және батыл түрде қалыптастыра бастадық. Енді, Қазақстанда жаңа жетістіктер үшін берік іргетас қаланған кезде, біз өз мүмкіндіктеріміздің көкжиектерін кеңейтудеміз. Біз өзіміздің бәсекелестік артықшылығымызды нақты сезінеміз және оларды экономикалық және әлеуметтік табыстарға қалай айналдыру керектігін білеміз.

Біз зор аумаққа, бай табиғи ресурстарға, кең ауқымды ауылшаруашылық алқаптарына және жел мен күн энергиясын дамытудың айтарлықтай әлеуетіне иеміз.

Біз макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз еттік. Жоғары экономикалық өсім тұрақты сипатқа ие болды.

Біз мұнай табыстарын басқарудың тиімді саясатын жүзеге асырамыз. Бүтіндей алғанда елдің

алтын-валюта резервтері – 90 млрд доллар. Бұл – еліміз экономикасының 30 %-ға жуығы.

Біз толыққанды нарық экономикасы мен демократиялық қоғам қалыптастыру үшін қажетті арқаулық институттар құрдық.

Біз инвестициялық және бизнес-ахуалдың көптеген қырлары бойынша өңірде көш басында келеміз.

Қазақстанның халқы өсуде. Өмір сапасы мен азаматтар денсаулығының жағдайы жақсаруда, өмір сүру ұзақтығы 70 жасқа жетті.

Елде жоғары білікті мамандар үлесі артуда. Біз арнаулы зияткерлік мектептер, кәсіптік-техникалық білім беруді дамыту жөніндегі холдинг және әлемдік деңгейдегі университет құрдық. Біз дамыған елдердің үздік білім беру үлгіқалыптарына қарай батыл бет алып келеміз.

Бүгінде әлем Қазақстанды өзара тиімді ынтымақтастық пен интеграцияны жақтайтын бейбіт сүйгіш ел ретінде біледі.

Бізге елдің дамуы жолында ықтимал тосқауылдарға айналуы мүмкін кедергілер жақсы мәлім.

Бізде халық тығыздығы төмен – қазақстандықтардың жартысына жуығы ауылдарда тұрады. Көптеген елді мекендер экономикалық өсу орталықтарынан тым шалғай орналасқан. Бұл сапалы білімге, білікті медициналық жәрдем алуға, өндіріспен айналысуға, инфрақұрылымға жаппай қолжетімділік мүмкіндігін шектейді.

Біз әлі де «голланд ауруының» даму тәуекелі аймағында тұрмыз. Ел экономикасы әлі де өндіріс пен экспортты әртараптандыру үдерісінде тұр.

Тікелей шетел инвестицияларының негізгі көлемі экономиканың өндіруші секторына тиесілі.

Біз еңбек өнімділігінің салыстырмалы түрде алғандағы төмен деңгейінде экономиканың жоғары энергия сыйымдылығын мұра етіп алдық.

Көлік, тұрғын үй-коммуналдық және инфо-коммуникациялық инфрақұрылым жаңғыртуды қажет етеді.

Кедергілер – дамуды тежеуге себеп емес, бірақ өзіңді өзің жетілдіру үшін жақсы себеп.

Құрметті форумға қатысушылар!

Бүгінде «Дамыған ел дегеніміз не?» деген сауал барған сайын жиі қойылуда. Мен дамыған ел күрделі және көп өлшемді ұғым деп ойлаймын. Бүгінде отыздыққа кіретін дамыған елдер – жан басына шаққандағы ДЖӨ көлемі неғұрлым жоғары елдер. Бірақ бұл бар болғаны, ел дамуының сапалық өзгерулерін бейнелемейтіні үшін көптеген сарапшылардың сынына ұшыраған сандық көрсеткіш қана.

Дамыған елдердің бәрі де қызмет көрсету секторы басымдыққа ие, өнімділігі жоғары, ғылымы жетілген елдер болып табылады. Ғылыми білімдер мен өнеркәсіптің жоғары технологиялық секторы

экономикалық өсімді қамтамасыз етуде негіз қалаушы рөл атқарады.

Дамыған ел туралы бүгінгі түсінікті басшылыққа алар болсақ, Қазақстанның алдында дамуда тек сапалы сергіліс жасау міндеті ғана тұрған жоқ. Үдемелі және жан-жақты қамтыған жаңғыртулар қажет.

Сараптамалық бағалаулар бойынша, жаһандық трендтердің ықпалы таяудағы 15–20 жылда Қазақстан үшін қолайлы болмақ. Мұның өзі бізге қысқа мерзімде барынша үлкен нәтижелерге қол жеткізу үшін дәл 15–20 жылға «мүмкіндіктер терезесін» бермек.

Дамыған елге деген қазақстандық жол әркімнің де өзін өзгертуге, Қазақстанды өзгертуге және оны жаһандық әлемнің бір бөлігі етуге деген тілегінен бастау алуы тиіс. Жаңа сапалық дамуға деген тілек – ұлттың таяу онжылдықтардағы басты идеясы, міне, осы.

Біз әлемдегі дамудың түрлі нұсқаларына дайын тұрып, неғұрлым дамыған отыздыққа ену жөніндегі мақсатқа жету үшін икемді саясат қалыптастыруымыз қажет. Беймәлім әлемде табысқа жетудің кілті өзгерістерге сай тез әрі дұрыс әрекет ету және әлем қалай тез өзгерсе, дәл солай өзгеру мүмкіндігінде жатыр. 2050 жылы әлемнің қандай боларын ешкім де дәл болжап айта алмайды. Кейбір елеусіз оқиғалардың трендтер күйінде

қалыптасып, ал кейбір трендтердің күтпеген жерден, мүлде беймәлім жақтан шыға келуі мүмкін.

1970-ші жылдары ешкім де Қытай 40 жылдан кейін әлемнің екінші экономикасы болады деп ойлаған емес. Ешкім Кеңес Одағының күйреуі мен Жапонияның «жоғалған екі онжылдығын» білген де жоқ. Қазір де дәл солай. Әлемнің шынайы бейнесінің болашақта мүлде басқаша болып шығуы мүмкін.

Неғұрлым дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, ғылымды қажет ететін экономикаға көшу ғана экономика өсімінің икемділігін, ырғақтылығы мен тұрақтылығын және бүтіндей елдің әл-ауқатын бір мезгілде қамтамасыз ете алады. Сондықтан Қазақстанның әлемнің дамыған елдерінің отыздығына енуі ғылымды қажет ететін экономика қалыптастыруға негізделуі тиіс.

Ашық нарықтық экономика, меритократия, әріптестік пен прагматизм, құқықтың үстемдігі, инклюзивтілік, сол сияқты инновациялар арқылы үнемі құрылымдық өзгерістер жасау ғылымды қажет ететін экономика қалыптастырудың қағидаттарына айналуы тиіс. Бұл қағидаттар азаматтардың өз мүмкіндіктерін жүзеге асырулары үшін және кәсіпкерлік бастама үшін қажетті ынталандырулар жасайды. Олар әркімге тең құқықтар мен тең мүмкіндіктер береді. Олар барша үшін де бірдей ойын ережелерін қалыптастырады,

еркіндік, адал бәсекелестік пен әділеттілік ахуалын туғызады. Олар үнемі жаңа білімдерге ұмтылу үшін, кәсібиліктің өсуі үшін ынталандырулар жасайды. Біздің бүкіл саясатымыз бен барлық шараларымыз соларға бағынып, солармен нақты келісілген болуы тиіс.

Екі ең маңызды басымдық жаңа экономикалық саясат үшін арқауға айналуы тиіс. Ол, біріншіден, инновациялардың басты қозғаушысы – адамның дамуы үшін барлық қажетті жағдайлар жасау. Екіншіден, бизнес пен кәсіпкерлік бастамаларды дамыту үшін жағдайлар жасайтын институционалдық ортаны жетілдіру.

Бірінші. Адам капиталын дамыту.

Білім беру ғылымды қажет ететін экономика құрудың шешуші құралы ретінде білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріндегі жаңа сапаға бағдар ұстануы тиіс.

Ол – барлық балалар үшін, соның ішінде ата-аналарының әлеуметтік мәртебесі мен материалдық әл-ауқатына қарамастан, 3 жасқа дейінгі балалар үшін мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиенің қолжетімділігі.

Ол – орта, кәсіптік-техникалық және жоғары білім беру сапасының жоғары деңгейі. Білім беру жүйесі тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды тәжірибеде қолдану үшін қажетті дағдылар да қалыптастырып, оқытудың қазіргі

заманғы тәсілдерін тұрақты түрде енгізіп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді пайдалануы тиіс.

Бізге кәсіптік-техникалық білім берудің тиімді жүйесін қалыптастыру қажет. Астана мен Алматы қалаларында кем дегенде әлемдік деңгейдегі 2 колледж салу біздің жоспарымызда тұр. Бізге бүкіл өмір бойы оқытуды енгізе отырып, еңбек рыногындағы құрылымдық өзгерістерге кідіріссіз жауап беріп отыру қажет.

Жоғары білім беруді ғылымды қажет ететін экономика сұраныстарына бейімдеу үшін бізге университеттердің, ғылым мен бизнестің ықпалдастығын қамтамасыз ету қажет.

Міндет білім берудің әрбір деңгейінің экономикада да, сонымен бірге өмірде де қажет болатын білімдер мен дағдыларды бойға сіңіруінде тұр.

Қазіргі заманғы педагог кадрларды даярлау біз үшін білім беруді дамытудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Біз мұғалімдер біліктілігін арттыру, олардың кәсіби өсуі үшін ынталандырулар жасау және мұғалім кәсібінің қоғамдағы беделін арттыру жөнінде кешенді шаралар қабылдаумен келеміз.

Адам капиталының дамуы көбіне-көп өмір сапасын – денсаулық сақтау жүйесінің сапасы мен саламатты өмір салтын арттыру үшін жағдайлар жасауға байланысты. Елдің әрбір тұрғыны таза суға, ауаға және толыққанды биоресурстарға қол

жеткізе алуы тиіс. Денсаулық сақтау жүйесінің сапасын арттыру үшін бірінші кезекте, біз аурудың алдын алуға және науқастарды ерте анықтауға басымдық береміз. Бастапқы медициналық-санитарлық жәрдем бүкіл қалалық және селолық елді мекендерді қамтып, біздің денсаулық сақтау жүйеміздің негізіне айналуы тиіс. Бізге мемлекеттің, жұмыс берушінің және қызметкердің өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілігі қағидатын енгізу қажет. 2015 жылдан бастап бізде Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жұмыс істей бастайды.

Екінші. Институционалдық ортаны жетілдіру.

Біз экономикалық және саяси-құқықтық институттардың икемді және тиімді жүйесін құруымыз қажет. Олардың бірінші кезекті міндеті – кәсіпкерліктің дамуы үшін, әр азаматтың өз мүмкіндігін жүзеге асыруы және олардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін қолайлы орта қалыптастыруды және сақтауды қамтамасыз ету.

2008 жылғы дағдарыс мемлекетті экономикалық үдерістерді реттеуде неғұрлым белсенді рөл атқаруға мәжбүрледі. Ұзақ мерзімді және тұрақты даму үшін мемлекеттің рөлін төмендету мен нарықтық тетіктерді күшейтудің баламасыз нұсқа болып табылатыны түсінікті.

Өнеркәсіп пен инфрақұрылымдық кәсіпорындардағы мемлекет меншігінің үлесін біз тұрақты

түрде қысқартып отыратын боламыз. Жекешелендірудің жаңа сатысы, «Халықтық IPO», сол сияқты бағалы қағаздардың үнемі жүзеге асатын қосымша эмиссиялары бұл бағыттағы негізгі шаралар болмақ.

Біз бизнесті жүргізу жағдайларын одан әрі де жетілдіріп, кәсіпкерлік бастамашылықты дамытуға қамқорлық жасауға тиіспіз. Ол үшін бізге әкімшілік кедергілерді азайту жөніндегі саясатты жүзеге асыруды жалғастырудың маңызы зор. Бірінші кезекте халықаралық саудадағы кедергілерді жойып, кедендік әкімшілендіруді жетілдіру және бүтіндей алғанда сыртқы сауда қызметін реттеу қажет. Экономикадағы құрылымдық өзгерістер, ғылымды қажет ететін экономикаға көшу зияткерлік меншікті қорғаудың маңызын күшейте түседі. Осыған байланысты біз үшін зияткерлік меншік нысандарын қорғау құжаттарын тіркеуді жеңілдету мен жеделдету жөніндегі жұмыстардың маңызы зор.

Нарық экономикасындағы тиімділікке, қоғамдағы әріптестік пен прагматизмге қарым-қатынастардың орталықсыздандырылған жүйесі арқылы қол жетеді. Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді айқын шектеу, жергілікті бюджеттердің кіріс көздерін нығайту және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту өмір деңгейін өңірлік дәрежеде теңдестіру мәселелерінің шешімі болуы тиіс. Бұл мәселе мектептер,

ауруханалар, ЖОО-лар қызметінің дербестігін арттыруға да қатысты. Қамқоршылық кеңестер құру тәжірибесін тарату да біздің жоспарымызда тұр.

Біз оларға үлкен дербестік бере отырып, мемлекеттік сектордың ұйымдарында корпоративтік басқару тәжірибесін дамытатын боламыз. Бірақ бұл ретте ол ұйымдар қызметінің нәтижелеріне стратегиялық бақылау жасаудың маңызы үлкен.

Заңның үстемдігіне мемлекеттік басқарудың тиімділігіне, сот жүйесінің мөлдірлігіне және баршаның да заң алдында тең екендігін толық сезінумен кепілдік беріледі. Сот жүйесі теория жүзінде емес, іс жүзінде қолжетімді және мөлдір болып, дауларды қарапайым әрі тез шешуі тиіс. Соттардың кәсіптік міндеттерін адал және таза атқаруы, сот шешімдерін қабылдаудағы олардың тәуелсіздігі бұзылған құқықтардың тиімділікпен қалпына келуіне кепілдік береді. Ол қоғамда соттың әділдігіне, туралығы мен тәуелсіздігіне деген сенімді нығайтады. Бұл – біздің міндетіміз.

Сыбайлас жемқорлықты жою – кәсіпкерлік бастамашылықтың өсуі мен елдің әр азаматының шығармашылық дамуына бастайтын басты алғышарттардың бірі. Біз құқық қорғау жүйесіне кешенді институционалдық реформа жүргізіп, адамның өз міндеттерін адал атқаруына ықпал ететіндей жаңа институттар мен қарым-қатынастар жүйесін құратын боламыз. Бұл талаптардың

бәрі Үкімет таяу уақытта Парламентке енгізетін жаңа Қылмыстық және Қылмыстық-іс жүргізу кодекстерінде шешімін табады.

Бізге мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құру қажет. Мемлекеттік қызметте меритократия қағидаттарын тереңдету, «әлеуметтік лифтілер» құру, кәсібилікті нығайту, оның ішінде «А корпусының» тиімді менеджерлерін қалыптастыру есебінен нығайту қағидатты тұрғыда маңызды.

Биыл Қазақстанда 2,5 мың дерлік ауданға қарасты қалаларда, селолық округтерде, кенттер мен ауылдарда әкімдер сайлауы өткізілді. Бұл қоғамды одан әрі демократияландыру жолындағы ауқымды қадам. Біз одан әрі де жергілікті өзін-өзі басқару институтын нығайта отырып, демократиялық реформаларды сатылап тереңдете беретін боламыз.

Институционалдық ортаны жетілдіру мен адам капиталын дамыту біздің елімізге ұзақ мерзімді келешекте ғылыми ауқымды экономика мен бәсекелестік қалыптастыру үшін берік іргетас қалайтынына сенімдімін.

Осы 2 басты басымдық таяудағы онжылдықта басым бағытқа ие болулары тиіс. Институттар мен адам капиталының күшті базасы Қазақстан ұзақ мерзімді келешекте ауқымды өзгерістерді жүзеге асырып, жаһандық өзгерістерге қарсы тұра алатын негіз болады.

Енді аумақтық даму туралы. Бұл – біздің ұлан-байтақ аумағымызды және тұрғындардың сирек қоныстануын есепке алғанда маңызды мәселе.

Біздің таңдауымыз – қала агломерацияларын – экономикалық өсім нүктелерін оларға жапсарлас жатқан спутник-қалалармен қоса дамыту. Еліміздің ұзақ мерзімді мақсаттары әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті 4 агломерация-мегаполис пен бірқатар «ақылды», «жасыл», жайлы және қауіпсіз қалалар қалыптастыру болады. Бұл ғылыми ауқымды экономика қалыптастырудың қолға ұстарлықтай қаңқасы болады. Өзге елдердің тәжірибесі инновациялар ірі қалаларда дамиды деп үйретеді.

Тұрғындардың тығыз қоныстануы, инфрақұрылымдардың әртараптандырылуы мен дамуы, адам капиталы білім алмасу мен таратуды күшейтеді. Бұл өзгерістер инновациялар мен экономиканың жаңа бағыттарының туындауы үдерістеріне ықпал етеді.

Біздің аса ірі қалаларымыз – Астана мен Алматы агломерация орталықтары бола алады. Оларға басқа қалаларды да қосуға болады.

Бұл қалаларда шағын және орта бизнес белсендірек дамыса, оларда еңбекке жарамды халықтың үлкен үлесі тұрады, оларда барынша дамыған инфрақұрылымдар бар. Енді біз олардан

ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін, инновациялар мен кәсіпкерлікті дамытатын ірі орталықтар қалыптастырып, интеллектуалдық-инновациялық кластерлердің немесе ғылыми парктер деп аталатындардың желісін құруымыз керек.

Алғашқы интеллектуалдық-инновациялық кластер бізде қазірдің өзінде Астана қаласындағы Назарбаев университеті арқауында қалыптастырылуда. Кейін аталған тәжірибе басқа агломерацияларға көшірілуге тиіс. Олар жоғары сапалы білім беруді, ақпараттық және көліктік қызмет көрсетуді ұсыну, бәсекелестіктің интенсификациясы, сондай-ақ инвестициялар үшін жағымды жағдайлар есебінен ел тұрғындарын тартудың орталықтары болуы тиіс. Осы өсу орталықтарында заманауи инфрақұрылымдарды енгізу – жүрдек автобус маршруттары мен жеңіл рельсті трамвай желілерін және метроны дамыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңейту қажет.

Бізге ғылым мен инновацияларды дамыту мен қолдау жөніндегі институттардың тиімділігін арттыру қажет. Бұл үшін венчурлік қаржыландыру, зияткерлік меншікті қорғау, зерттеулер мен инновацияларды қолдау, сондай-ақ ғылыми жаңалықтарды коммерцияландыру бойынша заңнама жетілдірілуі тиіс болады.

Құрметті форумға қатысушылар!

Білім экономикасына көшу үшін біз энергетикалық ресурстарды басқару, қайталама қуат көздерін дамыту мен қуат тиімділігін, индустриялық дамуды қамтамасыз ету саласында өзіміздің стратегияларымызды теңдестіруіміз және үйлестіруіміз керек.

Бірінші. Көмірсутегі ресурстарын басқаруға қатысты қадамдарымызды өзгерту.

Шикізат қорлары, атап айтқанда, энергия ресурстары мемлекет табысының арқаулық көзі болудан қалуы, бірақ көп салалы ұлттық экономиканың өсімін қолдауы тиіс. Бұл Үкіметтің өзекті міндеті. Осыған байланысты энергетика саласындағы саясат дәйектілікке, орнықтылық пен энергия ресурстарын пайдалануда экологиялық қауіпсіздікке қайта бағдарлануы керек. Бізге мұнай қорларының ұзақ мерзімді экспорттық әлеуетін сақтап, қайталама қуат көздерін дамыту, сондай-ақ энергия тиімділігін қамтамасыз ету қажет.

Мұнай қорларын басқару саясатында түрлі тәсілдерді – оларды өндірудің агрессивті сценарийінен консервативті сценарийіне дейінгі тәсілдерді мұқият қарастыру қажет. Ұзақ мерзімді келешекте активтердің үш түрінен – кен орындарындағы мұнай қорларынан, Ұлттық қордағы қаржы активтері мен әлеуметтік инфрақұрылымдардан – алынбаған мұнай қорлары табыстылықтың оң

деңгейіне ие. Ресурстарды өндірудің қандай деңгейі бізге жеткілікті екенін анықтап, соған тоқтау қажет.

Консервативті тұрғыдан келгенде, 2050 жылға дейін мұнай қорларын өндіру мен экспорттаудың орнықтылығы және Ұлттық қорға кірістердің түсу тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. Агрессивті сценарийі жағдайында біз мұнай қорларын экспорттау мүмкіндігін тез жоғалтып аламыз. Бұдан бөлек, бұл «голланд ауруын» дамыту тәуекелін айтарлықтай күшейтеді.

Екінші. Энергияның баламалы көздерін дамыту және қуат тиімділігін арттыру.

Қазақстан энергияның баламалы көздерін дамыту үшін айтарлықтай әлеуетке ие және 2050 жылға қарай солардың есебінен экономиканың қуат сыйымдылығын бір мезгілде қысқарта отырып, электр энергиясының жалпы көлемі өндірісінің 50 %-ын қамтамасыз ете алады. Бізге 2050 жылға дейін экономиканың қуат сыйымдылығын төмендету мақсатында ел экономикасының қуат тиімділігін Қытай деңгейіне дейін жеткізу қажет. Бұл 2020 жылға дейін қуат тұтынуды жыл сайын төмендету 2,5 %-дан, 2020 жылдан кейін 3,5 %-дан кем емес болуы тиіс дегенді білдіреді.

Ол үшін бізге Таза энергетиканы дамыту жөніндегі агенттік, Энергияның баламалы көздері саласындағы жобаларды қолдау жөніндегі

қор құруды, энергосервистік компаниялар мен «Қуат тиімділігіндегі көшбасшы» бағдарламасын жасауды қоса алғанда, кешенді институционалдық қадам қалыптастыру қажет.

Үшінші. Индустриялық саясатқа түзету енгізу.

Біз индустрияландырудың ағымдағы басымдықтарын оңтайландырып, «өндірістің қатып-семген салаларынан» бас тартуымыз керек. Бізге үдемелі индустриялық-инновациялық саясат жүргізу үшін басымдық берілген салалардың санын шектеу қажет. Керісінше болған жағдайда бұл ресурстардың желге ұшуы мен нақты нәтижелердің жоғалуына соқтырады. Болашақта бәсекеге қабілетті болу үшін бізге қазірдің өзінде өндірістің жоғары технологиялы салаларына мамандану қажет. Осыған байланысты өндірістің «таза энергетика», роботты техника, нанотехнологиялар, ауыл шаруашылығындағы гендік инженерия және аэроғарыштық өндірістегі бос технологиялық қуыстар секілді салаларында зерттеу әлеуетін күшейту қажет.

Біз сондай-ақ қызмет көрсетудің жоғары технологиялы секторын, бірінші кезекте, геологиялық барлау және инжинирингтік қызмет көрсету, ақпараттық-коммуникациялық қызмет көрсету, сондай-ақ реакторлар мен атом стансалары өндірісі мен оларға қызмет көрсету бойынша кешенді қызметтер қалыптастыруымыз керек.

Ауыл шаруашылығы секторы ұзақ мерзімді даму келешегінде орасан әлеуетке ие екені сөзсіз. Азық-түлік тауарларына өсе түсіп отырған әлемдік сұраныс, дамушы елдерде тұрғындар санының артуы, жаһандық климаттық өзгерістер осы секторды дамыту үшін айтарлықтай қызығушылық туғызады. Бізге жаңа технологиялар енгізіп, құрғақшылықты және жартылай шөлейт өңірлердегі бұған дейін игерілмеген жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына қосу маңызды. Ауыл шаруашылығы саласында ғылыми зерттеулерді жаңдандыру, саланың инвестициялық тартымдылығын жоғарылату үшін жағдай жасау және қаржыландыруға қол жетімділікті кеңейту маңызды. Ресурстарды тиімді пайдалануға, оның ішінде гендік-модификацияланған азық-түлікті дамыту арқылы көшу маңызды.

Экономикалық саясатқа жаңа қадамдар «жасыл экономика» қағидаттарымен үйлесім табуы тиіс. Бұл – орнықты даму, экономиканың төмен қуат сыйымдылығы, энергияның баламалы көздерін дамыту мен ресурстарды тиімді пайдалану. Бұл – айналадағы ортаға аз әсер ететін инновациялық даму.

Соңғы айтарымыз – ықпалдастық мәселелері.

Ел аумағының ұзаққа созылып жатқаны, тұрғындар санының аздығы, теңізге шығу жолының жоқтығы Қазақстаннан ашық, белсенді ықпалдастық саясат пен елдің әлемдік қоғамдас-

тықтың белсенді мүшесі ретінде қалыптасуын талап етеді. Бұл бір ғана себеп емес.

Елдердің халықаралық сауда үшін ашықтығы барлық жедел дамушы елдерде орнықты өсуге қол жеткізу себептерінің бірі болды. Қазіргі әлемнің соғыстан кейінгі кезеңдегі дамыған елдері осындай жолдармен жүрді.

Біз еліміздің географиялық басымдығын Еуропа мен Азияның тоғысында орналасқан ел ретінде пайдалана аламыз. Транзиттік әлеует дамудың үлкен мүмкіндігіне ие. Ашықтық пен прагматизм біздің басқа мемлекеттермен саудадағы өзара қатынасымыздың барлық бағыттарына дендей енуі тиіс. Бұл Кедендік одаққа, ДСҰ-ға және Орталық Азия өңіріне қатысты.

Көрші елдердің тұрақты экономикалық дамуы мен әл-ауқатының жақсаруы Қазақстан дамуына оң ықпал ететін болады. Осы елдердегі игіліктің артуы сондай-ақ есірткі трафигінің өсуімен, терроризм, діни экстремизм қатерімен және этностық жанжалдардың ушығуымен байланысты әлеуетті тәуекелдерді азайтуға да ықпал ететін болады.

Құрметті форумға қатысушылар!

Мен өзімнің Қазақстанның ұзақ мерзімді келешектегі дамуына болжамым мен көзқарасымды ықшам түрде мазмұндап бердім. Іс-қимылдың егжей-тегжейлі жоспары жасалып жатыр және жақын арада жарияланатын болады.

Мұның Қазақстанның барынша дамыған мемлекеттердің отыздығына енуіне және 2050 жылдан кейінгі жаңа шептерді еңсеру үшін негіз қалауға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Біз бұл жұмыстарға кірісіп кеттік. Өткен жылы Үкіметке Қазақстанның аса дамыған елдердің 30-дығына ену тұжырымдамасын жасауға тапсырма берілген еді. Бүгінгі талқылауды ескере отырып Үкіметке тұжырымдама жобасын жасау барысында айтылған ұсыныстарды қаперге алу және үстіміздегі жылдың соңына дейін жоба жасау жұмысын аяқтау керек.

Біз 20 жылдан астам уақыттан бері жұдырықтай жұмылып, бүгінгі барымызға – қоғамның игілігіне, қуатты, жедел дамыған экономикаға қол жеткіздік. Бұл – жаңа істерге кірісу үшін сенімді негіз.

«Қазақстан – 2030» стратегиясын орындай отырып, біз елімізді одан әрі дамытатын қазіргіден де күрделі міндеттерді шешуге қабілетті қалыптасқан мемлекет болдық. Бірақ біздің келесі ұрпағымыздың лайықты да сенімді болашағы үшін бүгін әлі де көп нәрсе істеуіміз керек.

Біздің төңірегіміз де өзгерді. Ол біздің өзіміз секілді өзгеруін жалғастыратын болады. Уақыт – зымыран. 37 жылдан соң келетін 2050 жылғы перспектива қазір дерексіздеу, бұлдыр көрінгенімен, тарихи өлшем бойынша аз ғана уақыт аралығы болып табылады. Осы кезге дейін уақыт

біздің одақтасымыз болып келді, әрі қарай да осылай болады деп үміттенемін. Сондықтан біз болашаққа қойылған мақсаттарымызды барынша қамтамасыз ету үшін бүгін әрекет етуіміз қажет.

Алдымызда мақсат болған жағдайда, біз қайда ұмтылсақ, қашанда сонда келеміз. Мен біздің болашақ ұрпақтарымыздың өзінің мәдениеті мен дәстүрін сақтаған, азат, үлкен мүмкіндікке ие бейбіт Қазақстанда тұрғанын қалаймын. Заңдары жеке бастамаларын ынталандыратын және қоғам мүддесі үшін іс-қимыл танытатын елде өмір сүрсе екен деймін. Өзара жауапкершілікті және әріптестікті қоғамда ғұмыр кешсе екен деймін.

Мен қазақстандық ғалымдар мен зерттеушілердің химияда, генетикада, физикада және техникада әлемдік көшбасшылар тарапынан мойындалғанын, ал кәсіпкерлеріміз жаңа технологияларды қолдануда көшбасшылар болғанын қалаймын.

Қазақстандықтар өмір сүрудің жоғары қалыптарына ие әлемдегі аса саламатты ұлттардың бірі болады деп үміттенемін.

Дами және өркендей отырып, бейбітсүйгіш ел және сенімді әріптес болып қала отырып, Қазақстан әлемдегі жетекші елдер қатарынан табылатын болады. Бұған мен күмәнданбаймын!

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

2050 жылы дамыған Қазақстан қандай болатынын ой елегінен өткізе отырып, мен еліміздің даму прогресін бағамдайтын тарихшыны көз алдыма елестетуге әрекеттендім.

2050 жылдың басында Үкімет өткен жолдың қорытындысын шығарса, ал қазіргі студент – болашақ тарихшы былай деп жазар: «2012 жылдың желтоқсанында сол кездегі Президент әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену мақсатын жариялады. Біз бұл мақсатқа қол жеткіздік.

Қысқа ғана 40 жылдай уақыт ішінде адам басына 12 мың доллардан келетін орташа табысы бар елден біз аса дамыған 30 мемлекеттің қатарында тұратын деңгейге көтерілдік. Біз жеке бастамаларды қолдайтын және тұрғындардың әлсіз жіктерін тиімді қорғауды қамтамасыз ететін институттар құрдық. Біз табиғи ресурстарымызды дамуымызды тежейтіндей емес, қолдайтындай етіп пайдаландық. Біздің экономикалық табысымыздың үлкен бөлігіне жедел индустрияландыру мен қызмет көрсету салаларын дамытудың арқасында қол жетті. «Жасыл экономикаға» өту жүзеге асырылды. Қазақстан еңбек ресурстарының негізін нығайтуда зор табыстарға жетті. Бізде әлемдегі аса жетекші білім беру жүйелерінің бірі орныққан. Еліміз өз азаматтарының медициналық көмекке сұраныстарын қанағаттандыруда көш бастап келеді».

Біз – бейбіт елміз. Ешбір елге қатер төндірмей, баршаға құшағын бірдей жайған дос бола отырып, Қазақстан әлемдегі жетекші елдер қатарынан лайықты орын алды.

Енді біз көшбасшылығымызды одан әрі нығайтуға тиіспіз. Жаңа ұрпақ бұл сынақтарды құштарлықпен және табысқа сенімділікпен қабылдағанын қалаймын.

**«А» корпусының мемлекеттік
қызметшілерімен кеңесте**

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2013 жылғы 17 қазан

Құрметті кеңеске қатысушылар!

Ашық әрі әділ іріктеудің нәтижесінде «А» басқарушылық корпусының сапалы құрамы қалыптастырылды. Оған ең даярлығы мықты кадрлар кірді. Корпустың үштен біріне жуығының жаңа адамдар екендігінің де зор маңызы бар.

Сіздердің көпшілігіңіз – мемлекеттік емес сектордың дарынды әрі табысты басқарушыларысыздар. Мен мұнымен мемлекеттік басқару жү-

йесіне инновациялық қадамдарды енгізуді байланыстырамын. «А» корпусының бұл қызметкерлеріне ерекше назар аударып, қамқорлық таныту қажет. Бұл барлық басшылардың міндеті.

«А» корпусына конкурстың рәсімі әсіресе келешегі бар жастар арасынан дарынды және табысты басқарушылар үшін ашық әлеуметтік лифтіні жасады.

Конкурстың барысында үміткерлердің кейбіреулеріне небәрі 1–2 балл ғана жетпей қалғанын білемін. Оған бола еңсені түсірудің керегі жоқ.

Сөзсіз, «А» корпусы – бұл қатып қалған құрылма емес. Ең лайықты қызметкерлер саяси мемлекеттік қызметтің қатарларын толықтыратын болады.

Бұл залда орталық ведомстволардың, мемлекеттік холдингтер мен ұлттық компаниялардың болашақ басшылары отырғанына сенімдімін. Ал олардың нақты кім болатынын уақыт пен тікелей сіздердің әрқайсыңыздың дарыныңыз айқындайды.

«А» корпусы ұдайы жаңартылып отырылады, себебі бұл біздің мемлекеттік басқаруымыздың өзегі.

Мен сіздерден бүкіл мемлекеттік аппаратты жаңарту ісіне салиқалы үлес қосуды күтемін. Ең алдымен төрешілдік пен сөзбұйдалықты төмендетуде, мемлекеттік қызметтің сапасын жақсартуда,

этиканы қатаң сақтау мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз күресте үлес күтемін.

Бүгінде мемлекеттік басқаруда ең таяу уақыттың ішінде шешу керек болатын бірқатар проблемалар бар.

Ең алдымен бұл – халыққа мемлекеттік қызмет көрсету сапасының төмендігі. Қызмет көрсетудің бір түріне 450 тәртіп бұзушылықтан келеді. Құжат айналымының деңгейі, қарапайым сөзбен айтқанда, төрешілдік бір қызметкерге 500 құжат санынан келеді. Өткен жылы қазақстандықтар сол меморгандардың өздерінің талап етулері бойынша 22 млн-нан астам анықтама ұсыныпты. Мұнымыз не? Азаматтарға қарағанда анықтамалар көп. Бұл біз электрондық құжат айналымын, Халыққа қызмет көрсету орталықтары жүйесін белсенді дамытып жатқанымыздың өзінде осындай.

Төрешілдік – мемлекеттік басқару жүйесіндегі қажетті еңбектің қалпы белгіленбеуінің себептерінің бірі. Менің тапсыруым бойынша «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа Заң қабылданды. Бұл заң сіздердің үстелдеріңіздің үстінде жататын кітаптарыңыз болуы тиіс. Соның негізінде мемлекеттік қызмет көрсетуді оңтайландыруға, олардың сапасы мен нәтижелілігін арттыруға қол жеткізу керек.

«А» корпусының жүйелі дамуын қамтамасыз ету және ол үшін бірқатар шараларды іске асыру қажет.

Біріншіден, «А» корпусын жаңаша іріктеудің мазмұнын анықтап алу маңызды деп есептеймін. Ашығын айтайын: «А» корпусының жаңартылуы тек қана конкурстық жолмен жүзеге асады. Бұл лауазымдарға ешқандай «автоматты түрде» ауыстырылу мен жылжытулар болмауы тиіс. Конкурстарға тек осы жылы талап етілетін нәтижені ала алмағандар ғана қатыса алады.

Екіншіден, алғашқы конкурстың қорытындыларын терең талдап, оны өткізудің шарттарын, бірінші кезекте, әділеттілігін жақсарту жөнінде шаралар қабылдау керек.

Президент Әкімшілігіне Үкіметпен және Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікпен бірлесе отырып, келесі жылдың алғашқы жартысында осындай жұмысты жүргізуді тапсырамын.

Үшіншіден, заңнамалық қамтамасыз етудің және әкімшілік мемлекеттік қызметте меритократия қағидаттарын қорғаудың бүкіл қағидаттарын жақсарту маңызды.

Үкіметке келесі жылдың бірінші тоқсанынан кешіктірмей осы мәселелер жөнінде ұсыныстар дестесін әзірлеуді тапсырамын.

Төртіншіден, «А» корпусына әр қатысушының қазіргі кадрлық көзқарастары ұзақ уақыт бойы

«қатып қалмауы» тиіс. «А» корпусының ішкі жүйелі ауыс-түйісін қамтамасыз ету керек.

«А» корпусының мемлекеттік қызметшілері әмбебап мамандар болуы тиісті. Сіздер жұмыстың ауқымы мен бағыттарынан қорықпауға тиістісіздер. Мемлекеттік қызметте жаңа машықтарға жету үшін бастамашыл болу керек. Бұл сіздердің кәсібилігіңіздің мәселесі.

Президент Әкімшілігіне Үкіметпен және Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікпен бірлесе отырып, 2 айлық мерзім ішінде «А» корпусының ішіндегі ротациялық жүйе жөнінде ұсыныстар енгізуді тапсырамын.

Бесіншіден, жауапты хатшылар институтын құру және қызметінің тәжірибесін өңірлік деңгейде тарату мәселесін ойластыру керек.

Облыстық және ірі қалалар әкімдіктерінің деңгейінде оларды Президент Әкімшілігі тиісті әкімдермен келісе отырып тағайындауына болар еді деп есептеймін. Бұл кадрлардың тұрақтылығын нығайтады, атқарушылық тәртіпті арттырады әрі «орталық – өңірлер» желісі бойынша жұмыстың үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

Президент Әкімшілігіне менің тиісті жарлығымның жобасын ойластырып, әзірлеуді тапсырамын.

Алтыншыдан, жақында сайланған ауылдық округтердің әкімдеріне қолдау көрсетуге айрықша назар аударылуы қажет.

Біз оларды қосымша ресурстармен қамтамасыз еттік, өкілеттіктердің бір бөлігін бердік. Оларды соны пайдалана білуге үйретіп, қажетті әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету керек. Мемлекеттік басқару академиясының жанынан соларға арналып қысқа мерзімдік курстар ұйымдастырылуы тиіс. Ол үшін жауапкершілікті Мемлекеттік қызмет академиясымен бірге Өңірлік даму министрлігіне жүктеймін.

Сондай-ақ «А» корпусына қатысушыларды басқарудың қазіргі заманғы жүйесіне тұрақты оқытудың жүйесін соның ішінде шетелдік тәжірибеге негіздеп құру да маңызды деп есептеймін.

Жетіншіден, «А» корпусы тиімді жұмысының маңыздылығын ескере отырып, оның мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік кепілдіктерді жақсартудың айқын жүйесін ойластыру керек.

Сіздерге Үкіметке 2014 жылдың қаңтарынан «А» корпусы қызметкерлерінің еңбек ақысын 50 % арттыруды тапсырғанымды хабарлағым келеді.

Мұны біздің бүкіл қоғамымыздың сіздердің алдағы адал да мінсіз қызметтеріңіз үшін күні бұрын берілген баға ретінде қарастыруларыңызды сұраймын.

Қымбатты достар!

Бір философтың өздері өмір сүретін уақытты тамаша ететін адамдар болады деп айтып кеткені

бар еді. Сол кезде өмір сүрген адамдарды тамаша ететін уақыт та болады.

Біз өзіміздің жаңа мемлекетіміз – Қазақстанымызды дамыта отырып, сондай уақытта өмір сүрудеміз. Қазір біз шешіп жатқан осындай тарихи міндеттердің толқынында болу құрметі кез келген ұрпаққа бұйыра бермейді. Бізге мұндай құрметті тағдырдың өзі бұйыртып отыр. Сондықтан біздің міндетіміз биіктен көріну, жеріміздің тағдыры мен халқымыздың әл-ауқатының тағдыры үшін жауапты болу. Өздеріңіздің күш-жігеріңізді аянбай, «Қазақстан – 2050» стратегиясында белгіленгендеріміздің бәрін жүзеге асыру керек.

Сіздерге, «А» корпусының қызметкерлеріне, Қазақстанның қазіргі тарихын таңғажайып ету құрметі бұйырды. Сіздер мұны ең алдымен біздің бүкіл халқымыздың сіздерге жоғары сенімі деп түсінулеріңіз керек.

Кәсібилік, арлылық, адалдық, бастамашылық, отансүйгіштік, халыққа қызмет ету, жоғары моральдық және адамгершілік қасиеттер – «А» корпусы мемлекеттік қызметкерлерінің басты сипаттары, міне, осылар.

Сіздер «А» корпусы – әлдебір дара тұрған дегдарлар емес екенін әрдайым есте ұстауға тиістісіздер. Сіздер халықтың өз арасынан шыққансыздар. Сіздердің бәріңіз – халықтың қызметшісі екендіктеріңізді ешқашан ұмытпаңыздар. Адамдарға

енжар қарауға болмайды. Олардың проблемаларын біліп, күндіз демей, түн демей шешу керек! Адамдарды иландырып, олармен адал да ашық сөйлесу маңызды. Сіздердің асыл парыздарыңыз бен биік борыштарыңыз осы.

Сіздер ел игілігі жолында жұмыс істеп жатқан менің командалық бір бөлігі екендіктеріңізді есте ұстаңыздар.

Мен сіздерге жемісті де қызғылықты жұмыс, табыс, денсаулық тілеймін!

«Нұр Отан» партиясының XV съезінде
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2013 жылғы 18 қазан

**Құрметті съезд делегаттары!
Қадірлі қонақтар!**

Бүгінгі басқосудың орны айрықша. Өткен 15 жылдың қорытындысын шығару тұрғысынан және болашақ бағдар тұрғысынан да бөлекше күн. Бұл – еліміз «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдағаннан бергі партиямыздың алғашқы басқосуы.

Біз алыс болашаққа көз тігіп, алдымызға биік межелер белгіледік. Қандай мақсатқа қай жол-

мен жететінімізді нақтылап, оны жүзеге асыруға кірістік. Еліміздің стратегиясын қалай іске асыруымыз керек, соны ойластырамыз. Оны мүлтіксіз жүзеге асырып, Қазақ елін дамудың дара жолына бастау елдегі ең қуатты саяси күш – «Нұр Отанға» жүктеліп отыр.

Ең ұлы жолдың өзі шағын ғана қадамнан басталады. Осыдан 14 жыл бұрын партияның алғашқы съезіне небәрі 400-ге жуық делегат қатысқан еді. Аз ғана жылда «Нұр Отан» 250 филиалы, 6 300 бастауыш ұйымы бар алып құрылымға айналды. Атқарушы және өкілетті билік тармақтарында тізгінді берік ұстады. Елдік істердің барлығына белсене араласып келеді. Менің бастамаларыма әрдайым қызу қолдау білдіріп, идеяларымды құлшына іске асырып келеді. Осы арқылы телегей тәжірибе жинақтады.

Халық көздегіні ғана емес, көңілдегіні де көреді. «Нұр Отан» нақты нәтиженің, ілкімді істің партиясы атанып, елдің көңілінен шыға білді. «Елің қуатты болса, бағың тұрақты болады», – дейді халқымыз.

Күнімізді шуақты ете түсу үшін елімізді қуатты ету – барлығымыздың ортақ парызымыз. Елімізді әлемнің ең қуатты 30 елінің қатарына қосу – алдымыздағы үлкен, ұлы мақсат.

Бұл «Нұр Отанның» болашаққа жол сілтейтін темірқазығы болуға тиіс. Бүгінгі съезде қабылданатын «Нұр Отанның» жаңа саяси доктринасы да осыны көздейді.

Біз қоғамымыздың ерекшеліктерін артықшылыққа айналдыра білдік. Әралуандығымыз – байлығымызға, бірлігіміз – табысымызға айналды. Осыны ұлт зиялылары үнемі есте ұстап, жастарға әрдайым ынтымақтың үлгісін көрсеткені жөн.

Доктринада мемлекеттік тілдің ел бірлігінің факторы ретінде аталғаны да өте маңызды. Бұл мәселеге баса ден қоятын кез келді. Қазақ тілін білу азаматтық парызды ғана емес, ұлтқа деген құрметті де білдіреді.

Отан отбасындағы өнегелі тәрбиеден бастау алады. Осыны әрбір азамат есінде ұстауы тиіс.

Биыл тәуелсіздігіміздің 22 жылдығын атап өтейін деп отырмыз. Ол – ата-бабамыздың аңсаған арманы. Соның баршасында осы отырған көпшіліктеріңіз, бірге келе жатқан менің серік-тестерім, қызметтес достарым, жолдастарым, Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, барлық деңгейдегі әкімдер бүкіл халықты ұйымдастырып, оны жеңіске жеткіздік. Сол үшін баршаларыңызға зор ризашылығымды білдіремін.

Құрметті делегаттар мен съезд қонақтары!

Бұл форум Қазақстанның жаңа тарихының бетбұрысты белесінде өтіп отыр. Біздің қоғамымыз «Қазақстан – 2050» стратегиясында жария етілген жаңа ұлы мақсатқа сенімді қадам жасады.

XXI ғасырдың орта шеніндегі Қазақстанның тарихи шырқау шыңы шымыр да жұмыр бел-

гіленген. Нені және қалай істейтінімізді, қандай мақсатқа қол жеткізгіміз келетінін білеміз.

Өзінің ыңғайына қарай тарих қашанда уәждерін алға тартып отырады, тиісінше жағдаяттар да өзгереді, соған орай біздің де өзгеруімізге тура келеді. Алайда, алдағы мақсат біз үшін де, келер ұрпақ үшін де нақпа-нақ айқындалған. Мерзімінен бұрын орындалған «Қазақстан – 2030» стратегиясын жүзеге асыру барысындағы сияқты, бұл бізді шабыттандырады. Бұл бағдарламаны да біздің орындай алатындығымызға және халқымыздың игілігі мен елдегі тұрақтылықты қамтамасыз ете білетінімізге мен сенімдімін.

Бағдарламаның өзегі – біздің әлемдегі ең дамыған 30 елдің бірі болуға тиісті екендігіміз. Мақсатымыздың аса ауқымдылығы айдан анық. Өзінің тарихында біздің халқымыз тап қазіргісіндей экономикалық және әлеуметтік шыңдарды бағындырып көрген емес. Мұны жасау тек қазақстандықтардың қазіргі ұрпағының ғана қолынан келді. Тәуелсіздікті жария етіп, Қазақстанымызды дамыта отырып, біз дамудың шалғай шетінен біржола шығып кеттік, Еуразияның лайықты жаңа мемлекеті болдық. Ендігі жерде қашанда бүкіл әлемдік қоғамдастықпен қатар адымдауға тиіспіз.

«Қазақстан – 2050» стратегиясы – біздің әлемдегі ең танымал ұлттардың шоғырына біржолата қосылуымыз үшін берілген ұлы тарихи мүмкіншілік.

Бүгінгі таңда шешілуі экономиканы, қоғам мен мемлекетті дамытудың жаңа белесіне шығуға мүмкіндік беретін нақты міндеттерді пысықтау аяқталып келеді. Алдымызда ауқымды, күрделі жұмыс тұр.

«Қазақстан – 2050» стратегиясында мен ХХІ ғасырдың жаһандық 10 сын-қатерін нақты бөліп көрсеттім. Өткен жыл бұл болжамның дұрыстығын дәлелдеп берді.

Жаһандық дамудың драмалық кернеу күші көзге ұрып-ақ тұр. Жыл басында «Кипр дағдарысының» өрті зорға дегенде өшірілген еді. Бүгінде Еуропалық Одақтың ең төменгі макрокөрсеткіштер шегінде тербетіліп тұрған экономикасы күрделі күйде. Әлеуметтік дағдарыс әлі де күшті, жұмыссыздықтың, адамдардың көңілі толмауының деңгейі жоғары. БРИКС-ке мүше елдердің барлығының дерлік экономикалық қарқыны едәуір бәсеңдеп қалды.

Жақында ғана Біріккен Ұлттар Ұйымының бас хатшысы Пан Ги Мун БҰҰ сарапшыларының баяндамасын жария етті, онда 2050 жылға қарай Жер бетіндегі халықтың 50 %-ы судың қатты тапшылығын сезінетіні айтылған.

Таяу Шығыс енді «араб антикөктемін» бастан кешіруде. Египет пен Тунисте исламшылар бір жылдан аз ғана астам уақыт билік басында тұрып еді, сол уақыттың өзі ел азаматтарының қалың тобының ондай саясаттың тығырыққа тірмей

қоймайтынын түсінуіне жеткілікті болып шықты. Сириядағы азамат соғысының аяғы жаппай қырып-жоятын химиялық қаруды қорғансыз әрі ешқандай кінәсіз жандарға қарсы қолданумен тынды.

Менің ішкі түйсігім мен тәжірибем әлемнің таяу болашақтағы даму кезеңі аса күрделі болатынын аңдатады. Осындай жағдайда барлық қазақстандықтар өз Отанымыздағы тұрақтылық пен даму бағдарын болжауға болатындығының бағасын білуге тиіс!

Осындай қиындықтар мен дағдарыстар орын алып тұрғанда, біздің еліміз биыл тұрақты дамып келеді. Болжамға қарағанда, биылғы жыл ІЖӨ-нің шамамен 6 % өсімімен аяқталады. Бұл өткен жылға қарағанда жоғарырақ көрсеткіш, оған, жаһандық нарықтағы құбылмалылыққа қарамастан, қол жеткізілгенін қадап айтқым келеді.

Біздің диқандарымыз тамаша астық алды – 20 млн тонна бидай жинады.

Елдің жиынтық алтын валюта резервтері көбейе түсуде. Биыл ол көрсеткіш Ұлттық қор қаржысын қоса есептегенде 90 млрд доллардан асып түсті. Мұның өзі біздің әлемдік экономикада орын алатын кез келген қиындықтар мен сүргіндерге қайтарар жауабымыз болмақ.

Отандық дайын өнім әлемнің 111 еліне шығарылуда! Қазақстандық экспорт дегеніміз аккумуляторлар, трансформаторлар, металл құбырлары,

тыңайтқыштар, азық-түлік өнімдері сияқты көптеген дайын тауарлар. Бізде экономиканың атымен жаңа салалары пайда болды. Елімізде автомобиль, локомотив, вагон мен тікұшақтар жасайтын өндірістер ешқашан болған емес.

Индустриялық бағдарлама аясында өнімнің 250-ден астам жаңа түрлері игерілді. Олар – машина құрылысының, фармацевтиканың, химия өнеркәсібінің жоғары технологиялы өнімдері. Мысалы, емдік заттардың 100-ден астам түрлерін шығару игерілген!

Қазіргі таңда биылғы жылды барлық негізгі көрсеткіштер бойынша табысты аяқтап шығамыз деп күтуге толық негіз бар.

«Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыра отырып біздің еліміз түбегейлі жақсаруға тиіс. Ол өзгерістер бәрін де қамтиды, бәрін де тереңнен қопарады. Олар біздің қоғамымыз өмірінің барлық қырларына қатысты болады.

Бұл аса ауқымды жұмыстың да басында «Нұр Отан» партиясы тұруға тиіс! Бұл съездің түйінді міндеті – ХХІ ғасырдың орта шеніндегі біздің барша ұлы мақсаттарымызға қол жеткізудегі «Нұр Отан» партиясының алар орны мен саяси маңызын айқындау.

Құрметті делегаттар!

Бірнеше айдан кейін, келесі жылдың наурызында біздің партиямызға 15 жыл толады! Пар-

тия Қазақстан тарихында тұңғыш рет баламалы негізде өткізілген президенттік сайлау қарсаңында менің реформаларымның бағытын қолдайтын жалпыхалықтық коалицияның арқауында құрылған болатын.

Халықтың қалауына сәйкес басты саяси күшке айналған пікірлестер одағы дәл сол кезде қалыптасқан еді! Біздің жас демократиямыз да дәл сол кезде әлеуетін айқара ашқан еді! Кезінде басқа ілгері елдердегі – Сингапурдағы, Оңтүстік Кореядағы, Жапониядағы сияқты біздің елде де демократия прогресшіл, көшбасшы партиямен – «Нұр Отанмен» бірге дүниеге келген болатын. «Нұр Отанның» қалыптасу тарихы – демократияның әлемдік тәжірибесінің ажырағысыз бөлігі.

Бірінші съездің қалай өткені жадымызда біржола жатталып қалды. Ол кезде біздің батыл армандарымыздың өзі қазіргі жетістіктерімізге де ілесе алмай жататын. Қазір осы залда мен өзімнің бірінші съезде айтқан сөздерімді қайталамақшымын, ол сөздер 15 жыл өткенде де көкейкестілігін жоймаған: «Менің қымбатты жолдастарым, сіздерге Отан деп соққан жүректеріңіз үшін үлкен алғысымды айтамын. Сіздердің халықтың қадір-қасиетін ойлайтындарыңыз, мемлекеттілікті сақтау мен нығайту жолында бәріңіз бір үйдің баласындай жұмылғандарыңыз үшін рахмет деймін!»

Мен өзіммен бірге жаңа елді орнатысқан барлық қазақстандықтарға еңбегі мен төзімділігі үшін алғысымды білдіремін! Айрықша алғысымды менімен бірге біздің партиямызды құрысқан серіктестеріме арнаймын! «Нұр Отан» партиясын өркендетуге үлес қосқандардың бәріне алғыс айтамын!

Әуел бастан-ақ партия менің пікірлестерімнің ынта-құлшынысы мен сеніміне арқа сүйеді. Осы залда Сергей Александрович Терещенко, Қайыржан Шайқыұлы Тақуов, тағы басқалар отыр. Олар біздің даңқты дәстүрлерімізді сақтай біліп, партия жұмысына өз үлестерін қосуын жалғастырып жатыр.

Біз үшін алғашқы сынақ 1999 жылғы парламенттік сайлау болған еді. Міне, 15 жылға жуық уақыттан бері партия бәсекелесті адал күресте талай рет сайлау науқанының елегінен өтті және әрқашан жеңіске жетіп отырды! Бізді қай кезде де әр сайлау өткен сайын беки түскен халық қолдауы жігерлендіріп жүрді.

«Нұр Отан» партиясы қолынан келмейтінді ешқашан уәде еткен емес. Ол әрдайым нақты істер партиясы бола білді. Жүздеген мың нұротандықтардың күш-жігерінің, әрбір қазақстандықтың қажырлы еңбегінің арқасында «Қазақстан – 2030» стратегиясы мерзімінен бұрын жүзеге асырылды.

Осы залда кең-байтақ Отанымыздың әр қиырынан келген сан түрлі ұрпақтың, ұлттар мен кәсіптердің өкілдерін – менің серіктестерімді көріп отырмын. Сіздердің әрқайсыңыз өзінің отбасы мен жақын адамдарының, қаласы мен селосының, ауданы мен бүкіл елдің өміріндегі жаңа жетістіктермен бөлісе алатынына сенімдімін.

Әр отбасының тұрмысын жақсарту жөнінде ауқымды жұмыс атқарылды. Жүздеген жаңа кәсіпорындар, жолдар салынды, жүздеген мың жаңа жұмыс орындары пайда болды. Жаңа балабақшалар мен мектептер, ауруханалар жұмыс істеп тұр. Жаңа университеттер, кітапханалар, театрлар, концерт залдары, стадиондар, спорт алаңдары ашылды. Ең бастысы – халқымыздың рухы қайта өрледі.

Бүгінде «Нұр Отанның» қатарында 900 мыңдай партия мүшесі бар. «Нұротандық» депутаттар Парламент Мәжілісінде көпшілікті құрайды. Парламенттік заң шығару ісінде аса қомақты тәжірибе жинақталды. Парламенттің тек бесінші шақырылымы кезінде 140-тан астам заң қабылданған! «Нұр Отанның» фракциясы денсаулық сақтау, аграрлық сектор, мемлекеттің әлеуметтік маңызды қызметтері мәселелері бойынша 12 заң жобасын дайындады. Партия халық мүддесін қорғай білетін парламентшілер мен мәслихаттар депутаттарының тұтас шоғырын тәрбиелеп шығарды. Біздің партиямыз Үкіметті жасақтайды,

биліктің барлық тармақтарының іс-қимылының реттілігін қамтамасыз етеді.

Партия жанындағы қоғамдық құрылымдардың – Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі кеңестің, Құқықтық кеңестің және басқаларының қызметін айрықша атап өткім келеді. «Жас Отан» жастар қанаты белсенділігін арттыра түсуде. Біздің партияның жас мүшелері өздерінің II съезінің шешімдерін құлшына орындауда.

«Нұр Отан» басқа парламенттік партиялармен, Кәсіподақтар федерациясымен, Азаматтық альянспен, ардагерлер және әйелдер ұйымдарымен, өзге де үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауда. «Ақ жол» партиясы және Коммунистік партияның парламенттік фракцияларының белсенді әрі жемісті жұмысын айрықша атап өткім келеді, олар қағидатты мәселелерде өздерінің пікірлерін білдіріп, өз ұстанымдарын қорғайды және қарапайым халықтың жақтастары бола біледі.

Біздің партия – «Қазақстан – 2050» Жалпыұлттық демократиялық коалицияның біріктіруші күші. Бүгінде «Нұр Отан» – Қазақстанның XXI ғасырда табысты қадамдар жасауын қамтамасыз ететін саяси көшбасшылықтың басты тетігі!

Қазір бізде халқымызды жаңа жеңістерге сенімді жетелеу үшін не қажеттінің бәрі бар. Ең бастысы – барлық қазақстандықтардың зор сенімі мен қолдауы. Бұл – «Нұр Отанның» XXI ғасырдағы

саяси көшбасшылығының негізгі бастауы. Қазір партия ресурстарын дұрыс бөлу керек. Әр нұр-отандықтың партиялық жауапкершілігін күшейту қажет. Біз партия жұмысының қуатын еселеген үстіне еселей түсуге тиіспіз.

Құрметті делегаттар!

«Қазақстан – 2050» стратегиясы – біздің партиялық бағдарламаларымыздың негізі. Оны «Нұр Отанның» саяси көшбасшылығымен ғана орындау мүмкін екеніне менің ешқандай күмәнім жоқ. Партия біртұтас саяси ерік-жігердің үдеткіші, қазақстандықтарды біздің жолымыздағы кез келген бұрылыстардан алып шығар жол бастаушы ретінде іс-қимыл танытуы тиіс.

Бұл, бірінші кезекте, біздің еліміз тағдыры үшін ұжымдық жауапкершілігіміз. «Нұр Отан» сан түрлі адамдардың басын біріктіріп отыр. Іс жүзінде, партия біздің бүкіл қоғамымыздың айнасы іспетті. Партия халық мүддесінің бастаушысы болуы үшін депутаттар корпусы тарапынан атқарушы биліктің жұмысын тиімді бақылау қажет етіледі. Бүгінде жүйелі жаңару талап етіліп отыр. Сондықтан біз мұраттарымызды, құндылықтарымыз бен қағидаттарымызды бекітетін Саяси доктрина қабылдаймыз.

Біздің партия қашанда өзгерістердің басында тұрып, табысты партиялық тәжірибенің жаһандық үрдістеріне ілесуі, қоғамға қатысты кез келген

тәуекелдер мен сын-қатерлерге жедел және икемді үн қата білуі қажет. Біз қазіргі әлемде табыс тек нақты іс-қимыл стратегиясы бар саяси күштерге ғана жолдас болатынын анық көруге тиіспіз. Тек тұрақты даму мен халқымыз бірлігінің берік кепілі ретінде ұзақ мерзімді саяси көшбасшылық қамтамасыз етілетін жерде ғана табысқа қол жетеді. Осы жолмен тек ырғақты дамыған елдер – Түркия, Жапония, Үндістан, Сингапур, Малайзия ғана емес, сондай-ақ Солтүстік Еуропаның бірқатар елдері – Швеция, Норвегия, Финляндия, Дания жүріп өтті. Сонымен бір мезгілде, тарихтың жауапты кезеңдерінде саяси көшбасшылық әлсіреген жерде қоғам сілкіністер мен жанжалдардың аласапыранына батады. Сондықтан «Нұр Отанның» әрбір мүшесі – министрден қатардағы нұротандыққа дейін – партияның ХХІ ғасырдағы көшбасшылығы нені білдіретінін нақты түйсінуі тиіс.

Бірінші. «Нұр Отан» басты патриоттық күш болуы шарт.

Партияның аса маңызды миссиясы – «Қазақстан – 2050» стратегиясында жарияланған жаңа қазақстандық патриотизм қалыптастырудың жалпыұлттық түпқазығы болуы тиіс. Бұл жұмысқа «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар ұйымдары, «Жас Отан» бастаған жастар бірлестіктері, Республикалық Ардагерлер кеңесі, барлық патриоттық БАҚ-тар мен ҰЕҰ-лар қатысуы қажет.

Екінші. Партия қашанда жалпыұлттық бірліктің орталық буыны болуы тиіс.

Біріншіден, «Нұр Отан» – халықты топтастырушы партия.

Біз бабаларымыз сан ғасыр бойы аңсаған арманға қол жеткізгенімізді мақтан ете білуіміз керек. Ұлтымыздың ұлы тарихының жаңа тарауы қуатты да табысты тәуелсіз мемлекеттің шежіресі болып жазылуда. Еліміз осы жылдарда ерлік пен бірліктің үлгісін көрсетті. Тәуелсіздіктің қиыншылықпен келгенін, оны ұстап қалу оңай емес екендігін халқымыз білді. Осыны түсініп отырған, бір жұдырықтай жұмылып отырған халқыма шын жүрегімнен алғысымды айтамын.

Бірте-бірте барлық жағдай түзеледі, барлық мәселе шешіледі. Барлығымыз қолымызға қонған алтын құс – бақытымызды сақтай білейік. Бұл – ана тіліміз бен ата дәстүріміздің, ұлттық мәдениетіміздің Мәңгі жаңғыру дәуірі.

«Нұр Отан» мемлекеттік тілді нығайтуға, қазақтың дәстүрі мен мәдениетін жаңғыртуға байланысты қоғамдық-саяси жұмыстардың тиімді жүйесін жасауы тиіс.

Екіншіден, партияға біздің көпэтносты халқымыздың бірлігі үшін жоғары жауапкершілік жүктеледі. Бұл ретте түрлі деңгейдегі партия ұйымдары мен Қазақстан халқы Ассамблеясының, «Нұр Отан» парламенттік фракциясының

және Ассамблеядан сайланған Мәжіліс депутаттарының бірлескен іс-қимылының тұтас бір жүйесі қажет. Біздің ұранымыз «Бір ел – бір халық – бір тағдыр» – біз нақты өмірде дәйектілікпен жүзеге асырып келе жатқан аса маңызды қағидат.

Үшіншіден, партия ел өңірлерін жақындастырып, өңіраралық байланыстарды нығайтуы тиіс. Қазір мемлекеттің жаңа өңірлік саясатын қалыптастыру үдерістері жүруде. Бүкіл еліміз бойынша ауылдар мен аудандық маңыздағы қалалар әкімдерінің сайлауы өтіп, жергілікті билік батыл түрде жаңартылды. Орталықтан өңірлерге елеулі өкілеттіліктер берілді. Өңірлерден орталыққа, сондай-ақ, орталықтан өңірлерге кадрлардың ротациясы жүріп жатыр. Тек сіңірген еңбегіне негізделіп, конкурс бойынша жүзеге асырылуы тиіс мемлекеттік қызметке қабылдау мен ілгерілетудің жүйесі түбегейлі өзгертілді. Басқару органдарында жұмыс істейтіндердің корпусы айтарлықтай жаңарды. Партияға тұрғындардың бір бөлігінің санасындағы өңіршілдіктің көнерген түрін шешімді түрде еңсеріп, жалпықазақстандық мүдделерді біріктіруші күш болуы тиіс.

Үшінші. «Нұр Отан» қашанда азаматтық қоғамның көшбасшысы болуы қажет.

Партия, біз қашанда атқарып келе жатқандай, Азаматтық альянспен бірлескен жұмысты дамытуы, адамдардың нақты проблемаларын шешуші,

оларға көмектесуші және арқа сүйеуші барлық патриоттық ҰЕҰ-лар мүдделерінің жолбасшысы болуы тиіс. «Қазақстан – 2050» Жалпыұлттық коалициясын дәйектілікпен нығайту және кеңейту қажет. Бұл жұмысты босаңсытуға болмайды, өйткені біздің партия елдің болашаққа қадам басуының өзегі болып табылады.

Төртінші. Партиялық көшбасшылықтың басты мәселелерінің бірі – экономикалық және әлеуметтік инновациялардың жалпыұлттық эпицентрі болуы.

Біздің партиямыз қоғам мен мемлекетті дамудың батыл, инновациялық идеяларымен нәрлендіруі тиіс. Бүгін әлемдік экономика инновациялық кәсіпорындар мен сапалы жұмыс орындарын құру есебінен өсімді қамтамасыз ету бағытында жұмыс істеуде. Сондықтан тиісті мамандар дайындау қажет. Біз индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын дер кезінде қабылдадық және басқа елдер де бізден кейін осындай индустриялық бағдарламалар дайындады. Біз оны еліміздің бүкіл экономикасын дамытудың темірқазығы ретінде пайдалануға тиіспіз.

Осы екі мәселе де инновациялар және ғылыми жаңалықтар негізінде шешілуі керек. ХХІ ғасырда шешімдердің ең бастысы ғылыми жаңалықтар болады. Инновациялардың басты бағыттары биологияның, нанотехнологияның және математиканың түйісінде тоғысады. Болашақтың энергиясын

қамдау керек. Олар қазірдің өзінде жұмыс істей бастады. Қуаттың қазірше адамзатқа беймәлім мүлде жаңа түрлерін іздеу жүріп жатыр. ХХІ ғасырда табыстың маңызды шарты жасампаздыққа бейімдік болып табылатынын атап көрсетемін. Сондықтан «Нұр Отан» креативті партия болуы тиіс.

Шығармашыл интеллигенциямен жұмысты айтарлықтай күшейту керек. Нұротандықтар Қазақстанды дамытудың аса маңызды мәселелері бойынша интернет-пікірталастардың тұрақты қатысушысы болуы қажет.

Бесінші. ХХІ ғасырдағы көшбасшы партия – жалпыхалықтық бақылаудың басты құралы.

Бәрінен бұрын, «Қазақстан – 2050» стратегиясының міндеттерін жүзеге асыруда «Нұр Отан» фракциясының парламенттік және қоғамдық бақылау мүмкіндігін кеңінен пайдалану маңызды. Тек бесінші шақырылған Мәжілістің жұмысы барысында ғана нұротандық депутаттар партияның Сайлауалды тұғырнамасын орындаудың барлық қырлары бойынша мемлекеттік органдарға шамамен үш жүздей сауал жолдады. Бұл сауалдар Сайлауалды тұғырнаманың орындалуы туралы халыққа баяндалуы үшін мұқият қарастырылуы қажет, өйткені ол біздің ортақ ісіміз.

Заң жобасымен жұмыс кезеңінде халықтық бақылаудың маңызды тетігі «Нұр Отанның» парламенттік фракциясы жанындағы консультация-

лық-кеңесші органдардың қызметі болды. Олар маңызды заң жобалары бойынша сарапшылардың басын біріктіреді, қалың жұртшылықтың пікірлерін қаперге алады.

«Нұр Отан» фракциясының салық салу мәселелері бойынша қағидатты ұстанымын ерекше атап өткім келеді. Депутат-партияластардың орта тапқа салықтық салмақты ұлғайтуға жол беруге болмайтыны туралы ұстанымын өте дұрыс деп санаймын. Бізде шағын және орта бизнес өнімнің 20 %-дан сәл ғана астамын өндірсе, біз қатарына қосылуға ұмтылып отырған дамыған елдерде бұл көрсеткіш 60–70 %-ға жетеді. Бізге орта және шағын бизнестің үлесін 50 %-ға дейін жеткізу керек. Сондықтан орта таптың негізін құрайтын кәсіпкерлікке жаң-жақты көмектесу қажет.

Мен осыдан 5 жыл бұрын тапсырғандай, сән-салтанат заттарына, қымбат бағалы жылжымайтын мүлікке, қымбат автомобильдерге жанама салықтар енгізу қажет. Мұның сол сияқты алкоголь мен темекі бұйымдарына да қатысы бар. Бұл азаматтық және патриоттық ұстаным! Үкімет парламентарийлердің пікірлеріне құлақ түруі тиіс.

Бір жағынан алғанда, біз бюджетті толықтыру керек екенін және бізде корпоративтік және табыс салығы мөлшерлемелерінің төмен екенін түсінеміз, соның есебінен біз ауқатты азаматтар табын құрдық. Бұл дұрыс. Бұл біздің мақсатымыз

еді. Бұл мақсатты бағытталған саясат. Бай адамдар көбірек болуы керек және олар өз байлықтарын олардың осылай жасауына жағдай туғызған елдің дамуына бағыттауы тиіс. Енді, дәулетті адамдар табы ұлғайған кезде, олар әлеуметтік жауапкершілік ісіне өз үлестерін қоса алады және қосуға тиіс. Бүкіл әлемде осылай жасалады. Ал бізде миллионер де, жұмысшы да бірдей 10 %-дық табыс салығын төлейді. Бұл жөнінде ойлану қажет. Сондықтан мен өз әріптестерім – Мәжіліс депутаттарының бастамасын қолдаймын! Консультациялық-кеңесшілік органдар жұмысы тәжірибесін ұлғайту, оларды мәслихаттар жұмысында пайдалану маңызды.

«Нұр Отан» – парламенттік партия. Сондықтан «Нұр Отан» жұмысын күшейтудің маңызды бір бағыты – Мәжілістегі фракция қызметі. Біздің депутаттар бастамашы болған әрбір заң жобасы, әр шешім елдің ұзақ мерзімді мүдделерін айқын түсінуге негізделіп, Доктрина қағидаттарымен келісілуі тиіс. «Нұр Отан» ашық, мөлдір, тиімді және жауапты саяси күштің қандай болатынын өз қызметімен дәлелдеуі керек. Біз ашықпыз және біздің жасыратын ештеңеміз жоқ. Біз адал жұмыс істейміз және халыққа барлық кемшіліктер туралы ашық айтамыз, проблемалардың әлі бар екенін қолдаймыз және түсінеміз.

Әркезде де біздің халқымыздың игілігі үшін еңбек ету қажет. Партия жүйелі негізде өзінің

Қоғамдық қабылдауларының жұмысын күшейтуі керек. Тек биылғы жылы ғана Қоғамдық қабылдаулар азаматтардың 100 мыңға тарта өтініштерін өңдеуден өткізді. Сол сияқты таяу күндері біз «Электронды партия» жобасын іске қостық. Енді Интернетке қол жеткізген әрбір азамат үйінен шықпай-ақ «Нұр Отанға» өтініш жасай алады. Азаматтармен тұрақты үнқатысу қажет. «Нұр Отанды» халықтық қолдаудың сарқылмайтын басты қайнар көзі де, міне, осы!

Саяси көшбасшылықтың қағидатты мәселесі – біздің жемқорлыққа қарсы бітіспес күрес стратегиямыз. Партия нұротандықтардың азаматтық ар-ожданының берік сақшысы болуы керек. Адамдар жергілікті жерлерде жемқорларды түстеп таниды, ал бұл оларды қатардағы нұротандықтар да біледі деген сөз. Олар бірінші болып дабыл қағып, жемқорларды әшкерелеуі керек. Партия мен құқық қорғау құрылымдарының міндеті – жемқорлықпен күресушілерді қорғап, оларға көмектесу. Мемлекеттік қазынаның бір теңгесі де қараусыз қалмауы тиіс. Тек сонда ғана қазынаға қол салушылықпен күрес табысты болмақ!

Алтыншы. ХХІ ғасырда көшбасшылыққа тек жастар белсенді қолдау көрсеткен партия ғана ие бола алады.

Сондықтан мен жастар саясатын әлеуметтік жаңғыртудың маңызды бағыты ретінде белгіледім.

«Жас Отан» 200 мыңнан астам адамның басын біріктіреді. Бір жыл бұрын «Жас Отанның» екінші съезінде мен жастармен жұмысты күшейтудің кешенді бағдарламасын ұсындым. Бірақ, ашығын айтайын, менің тапсырмаларымның орындалуы жартыкеш жүруде. Мәселен, Үкімет 2020 жылға дейінгі жастар саясатының тұжырымдамасын бекітті. Бірақ оны жүзеге асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарында Үкімет қаржыландыру көлемін белгілемеген. Бәрі «бөлінген лимитке сәйкес» әкімшілік бағдарламаларды сатып алуға берілген. Ал бұл лимиттер алушыларға дейін жете ме – мәселе міне сонда.

Басқа бір мысал. Менің тапсырмам бойынша Білім және ғылым министрлігі «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығын құрған. Бірақ тағы да сол қаржыландырудың жоқтығынан ол толыққанды жұмыс жүргізе алмайды. Сөйте тұрса да, ол жергілікті жерлерде демеушілер есебінен табуға болатын және сол сияқты Үкімет те бөле алатын азғантай ғана қаржы. Өңірлерде жастардың ресурстық орталықтарын құру да созылып барады. Бүгінде 10 өңірде 96 орталық қана жұмыс істейді. Астана және Алматы қалаларында, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарында бұл жұмысқа тіпті кіріспеген де.

Менің тапсырмам бойынша бүкіл елде «Жасыл ел» жобасы жүзеге асырылып жатқанын сіздердің бәріңіз жақсы білесіздер. Біз негізінен шөлейтті және жартылай шөлейтті болып табылатын

көлемі бойынша әлемде тоғызыншы аумаққа иеміз, орманды бөлік 10 %-дан аз жерді алады. Сондықтан елді жасыл желекке бөлеу қоршаған орта мен азаматтарымыздың денсаулығы үшін маңызды, бұл үлкен парасатты іс. Бұл жоба жалғасын табуы керек және партия оған қолдау көрсетуі тиіс.

Биыл Қоршаған ортаны қорғау министрлігі желісі бойынша 429 млн-нан астам теңге бөлінді. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысында жастардың еңбек отрядтарының облыстық штабына ақша тек оқу жылы басталар алдында тамызда ғана келіп түскен! Осының салдарынан студенттердің негізгі бөлігі бағдарламаға қатысудан бас тартуға мәжбүр болды. Бұл басшылардың кемшілігі. Бұл жерде студенттердің кінәсі жоқ. Менің тапсырмаларымды орындамайтын нақты шенеуніктер кінәлі. Жастар саясатына деген мұндай көзқарасқа жол беруге болмайды.

Партия басшылығы мен Үкіметке әкімдермен бірлесіп жағдайды түзетуді және «Жас Отанның» II съезінде мен берген барлық тапсырмаларды орындау жөнінде нақты жұмыстармен айналысуды тапсырамын.

Жастар – біздің алтын қорымыз! Жас қазақстандықтардың партия бағытын қолдауы, олардың «Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыруға кеңінен атсалысуы зор тарихи және тұрақтандырушы маңызға ие.

Мен партия съезі мінберінен барлық қазақстандық жастарға тағы да сөзімді арнағым келеді. Біздің елімізде жасалғандардың бәрі, ең алдымен, сіздер үшін! Сіздер үшін Қазақстанда барлық есіктер ашық! Халықтың бірлігін сақтаңыздар! Біз үшін осындай Қазақстанды құрып жатқан біздің ата-аналарымыздың, аға буынның еңбегін бағалаңыздар! Біздің Отанымыздың ұлы болашағы үшін қажырлылықпен және лайықты оқып, еңбек етіңіздер! Сіздер – бүкіл Қазақстанның үмітісіздер!

Осы шаруаның бәрі жастар үшін, еліміздің тәуелсіздігі ұзағынан болу үшін және көк туымыз мәңгілік желбіреуі үшін жасалып жатыр. Мәңгілік ел болу үшін жасалуда. Келесі ұрпақ ел үшін, жер үшін, өзім үшін деп еңбек ету керек. Тек қана еңбекпен бақытты боласың.

Жетінші. «Нұр Отан» біздің мемлекетіміздің басты сыртқы саяси құндылықтарын белсенді жақтап және алға бастыруы керек.

Ол құндылықтар кеңінен мәлім. Қазақстанның өсіп келе жатқан халықаралық беделі соларға негізделген. Біз теңдестірілген және қауіпсіз, көпполярлы және толерантты әлемді қолдаймыз. Бұл құндылықтарды партия өзге елдердің рухы мен көзқарастары бойынша жақын саяси партияларымен байланыстарды кеңейте отырып, парламентаралық және халықаралық қызметінде алға бастыратын болады.

«Нұр Отанның» ХХІ ғасырдағы ұзақ мерзімді көшбасшылығының міндеттері осындай.

Құрметті делегаттар!

Партия съезінің алдында саяси доктрина қабылдау міндеті тұр. Оның жобасы «Нұр Отанда» және қоғамда кеңінен талқыланды.

«Нұр Отанның» бағдарламалық құжаттары әркезде де нақтылы болды, сондықтан олар нәтижелі болып келді. Біз ешқашан құрғақ қиялға берілген емеспіз. Біз ешқашан бұлыңғыр міндеттер қойып, бос уәделер берген жоқпыз. Біз әрбір сөзімізді әркезде де шынайы еңбекпен және нақты істермен айғақтап отырамыз. Мен әркезде де солай болатынына сенімдімін! Өйткені «Нұр Отан» – көшбасшы партия!

Қымбатты достар, әріптестер!

Біздің басты партиялық брендіміз – Қазақстан, тек қана алға! Стратегия – 2050-ді жүзеге асыруға байланысты ол одан да зор нақты мазмұнға ие болады.

Алға – жаңа инновациялық-индустриялық экономикаға!

Алға – біртұтас және топтасқан ұлт ретіндегі қазақстандықтардың жаңа өмір сапасына!

Алға – ХХІ ғасырдағы ырғақты дамушы және жауапты мемлекет ретіндегі Қазақстанның халықаралық беделінің жаңа шыңдарына!

Бұлар біздің ХХІ жүзжылдықтың ортасына дейінгі іс-қимылымыздың бірегей үш бағыты. Онда партия мен мемлекеттің алдағы жұмыстарының тарихи мәні түйінделген. Бұл біздің ортақ Қазақстан арманының ең терең мәні.

Алға, «Нұр Отан»! Қазақстан, тек қана алға!

Қазақстан Республикасы судьяларының
VI съезінде
«Қазақстан – 2050» стратегиясы аясындағы
ұлттық сот жүйесінің міндеттері»
тақырыбында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2013 жылғы 20 қараша

**Құрметті съезд делегаттары мен
қонақтары!**

Қазақстан судьяларының VI съезі жауапты тарихи сәтте өтуде. Тура бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясын жарияладым. Біз Жаңа саяси бағыттың барлық векторы үшін басымдықтар мен міндеттерді

айқындаудамыз. Олардың бәрі ұлы стратегиялық мақсатқа – осы уақыт ішінде әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруге бағытталған. Бұл – сот жүйесін де қамтитын барлық мемлекеттік органдардың міндеттері мен барлық жұмыстары соған сәйкестендірілген негізгі мақсат.

XXI ғасырдағы ұлттың дамуының маңызды өлшемі – мінсіз және тиімді ұлттық сот төрелігі жүйесі. Тәуелсіз және әділетті сот – құқықтық мемлекеттің негізі. Онсыз әлемнің бірде-бір елінде, тіпті ең дамыған мемлекеттерде қолайлы инвестициялық ахуалдың да, азаматтардың әлауқатының жоғары деңгейінің де, қоғамның табысты дамуының да болуы мүмкін емес.

Судьялардың осының алдындағы V съезінен бері өткен 4 жылда Қазақстанның сот жүйесі «Соттардың тәуелсіздігі» өлшемі жөнінен Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық рейтингіндегі өз көрсеткішін бірден 23 орынға күрт жақсартты. Бұл жақсы. Бірақ соған қарамастан, біз әзірше әлемде 88-ші орын аламыз. Демек, 30-дың қатарында болу үшін бізге тағы 60 орынға көтерілу керек. Сондықтан құқық жүйесін, әсіресе оның өзегі – сот төрелігі жүйесін реформалау жөніндегі жұмысты 2 есе арттыру қажет.

Біздің құқықтық жүйенің бәсекеге қабілеттілігін оның көпшілік құқығындағы да, жеке құқықтағы да барлық негізгі салаларында арттыру – «Қазақстан – 2050» стратегиясының басты

міндетінің бірі. Қазір биліктің сот тармағының беделін, тәуелсіздігін және тиімділігін арттыру жөніндегі ауқымды жұмыстардың басымдығы бар бағыттары мен нақты тетіктерін анықтау маңызды. Судьялардың VI съезінің басты міндетін мен осыдан көремін.

Құрметті судьялар!

Бүгінде Қазақстан кәсіби судьялар корпусы бар заманауи сот төрелігіне ие. Елде жалпы, әкімшілік, экономикалық, қылмыстық, ювеналдық және қаржылық заң құзыретіндегі 378 сот қызмет көрсетеді. Оларда қатаң біліктілік таңдауынан өткен 2 214 судья жұмыс істейді. Мейлінше ауыр қылмыстар бойынша қылмыстық істер алқабилердің қатысуымен қаралады. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау деңгейін арттыру мақсатында тұтқындауды сот санкциясымен жүзеге асыру институты енгізіліп, табысты жүргізілуде.

Қазақстанда жасалған сот реформасы сот төрелігі жүйесін азаматтар талаптары мен мүдделеріне жақындатты, істерді сотта қараудың сапасын айтарлықтай арттырды. Қазақстандықтардың соттарға деген сенімі арта түсті. Мұны, біріншіден, сот тәртібімен қаралатын істердің саны артқаны көрсетеді. Бұл көрсеткіш 2000 жылдан бері жылына 1 млн-нан асып түседі. Екіншіден,

Қазақстанның сот жүйесіндегі сапалық өзгерістерді БҰҰ қолдауымен өткізіліп келе жатқан әлеуметтік зерттеулер де дәлелдеп отыр.

Судьялардың тәуелсіздігін арттыру үшін олардың тәртіптік жауапкершілігін қарау жөніндегі өкілеттіктер тек қана Сот жюриіне берілді. Бұл судьяларға кез келген түрдегі қысым жасаудың ықтималдығын азайтып, соттардың тәуелсіздігін нығайтты. Соңғы 4 жылда тәртіптік жауапкершілікке тартылған және ұнамсыз себеп бойынша лауазымнан босатылған судьялар саны 4 есе дерлік азайды.

Кері қайтарылған және өзгертілген сот шешімдерінің жыл сайынғы көрсеткіші 2009 жылдан бері, орташа алғанда, барлық қабылданған шешімнің сәйкесінше 0,5 және 0,9 % деңгейінде тұрақтана түсті. Бұл да біздің елдегі сот төрелігін жүзеге асырудың әділеттілік деңгейі артқанын көрсетеді. Ұлттық сот жүйесі әлдеқайда жауапты және жедел сипат алды. Бұған облыстық соттар рөлін арттыру мен істі бірінші инстанциядағы соттарға қайтару тәжірибесінен бас тарту шаралары септігін тигізді. Соттарды мамандандыру жұмыстары жалғасуда.

Қазақстандық сот төрелігінің барлық құрылымының қызметі мейлінше ашық бола түсті. Қазір соттардың шешімдерімен электрондық режимде – Жоғарғы сот пен жергілікті сот инстанциялары сайтында танысуға болады. Менің тапсырмам бойынша 2010 жылы соттар өздеріне тән емес

функциялардан босатылды. Сот актілерін орындау әділет органдарына берілді, ал Жоғарғы сот жанынан дербес департамент құрылды. Соттар аппараттары судьялардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстанда соттан тыс делдалдың көмегімен бітістіру үдерісі – медиация институты құрылды. Бұл екі жақ та келісетін шешім қабылдануы мүмкін істерді қараудан соттарды біртіндеп босату үшін алғышарт жасайды. Бұл институтты дамытып, әлемдік деңгейге жеткізу қажет.

Сот жүйесінің тиімділігін арттыру мемлекеттің және менің әрдайым қамқорлығымда болды. Республикалық бюджеттің соттар қызметін қамтамасыз ету шығыстары 2006 жылдан бастап 2,6 есеге – 11,2 млрд теңгеден биылғы жылы 30 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Біз сот жүйесінің материалдық негізін едәуір нығайттық. Барлық соттар техникалық тұрғыдан жабдықталған және әділ төрелікті атқарудың заманаға сай үлгікалыптарына лайықты ғимараттарда орналасуда және бұл жұмыс жалғасатын болады. Астана қаласы, Алматы және Қостанай облыстарының соттарына арналған жаңа ғимараттардың құрылыстары аяқталып қалды. Өткен 4 жылдың өзінде ғана қазақстандық Фемида қызметшілерінің жалақылары 60 %-ға өсті. Барлық деңгейдегі судьялардың еңбекақысы біздің өңірде ең жоғары болып саналады.

Судьялардың халықаралық қауымдастығының Қазақстан судьялар одағын толыққанды мүшелікке қабылдауы біздің сот жүйесін реформалауда жеткен жетістіктеріміздің мойындалуының белгісі. Бұл – біздің сот жүйеміздің қызметін мойындау және отандық сот төрелігін халықаралық сот қоғамдастығына кіріктіру ісіндегі маңызды қадам. Жалпы, қазақстандық Фемида біртұтас мемлекеттік биліктің толыққан, жауапты және пәрменді тармағына айналды. Барлық деңгейдегі судьялардың орасан еңбегін мен осыдан көремін! Мен сіздердің Заң алдындағы қызметтеріңізге, сот мантиясы мәртебесіне адалдықтарыңызға, елімізде әділдік пен құқық тәртібі салтанат құруы үшін атқарып жүрген күнделікті лайықты еңбектеріңізге ризамын.

Құрметті форумға қатысушылар!

Сот-құқық кеңістігін жаңғырту еліміздің «Қазақстан – 2050» стратегиясында айқындалған үдемелі дамуының ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Уақыт өте келе экономикада айтарлықтай өзгерістер болды. Атап айтсақ, елімізде нарықтық қатынастар жұмыс істейді, жаңа қаржылық жүйе орнықты, жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасындағы өзара қатынастар өзгеріске ұшырады. Сондықтан, біз судьялардың біліктілігі туралы айтқанда, олар осы мәселелердің бәрінің байыбына барғаны жөн. Өйткені экономикалық

және саяси өмірде болған нәрсенің бәрі заңдарға бағынады.

Бүгінгі таңда, ең алдымен, сот төрелігі жүіесінің даму әлеуетін көру, ондағы проблемаларға сын көзбен қарап, дер кезінде шешу маңызды.

Біріншіден, Қазақстандағы сот ісін жүргізу әзірге негізсіз ұзақ және үстірт сипатқа ие. Сондықтан сот төрелігін атқару тәртібі мен ережелері біртіндеп жаңғыртуды қажет етеді. Сот ісін жүргізуде ақпараттық технологиялардың пайдаланылуы әзірге жеткіліксіз. Сіздердің бұқаралық ақпарат құралдарымен арада туындайтын проблемаларыңыздың себебі – соттар мен олардың жұмыскерлері өз қызметтері мен қабылданатын шешімдер туралы нашар хабарландыратындығында.

Екіншіден, соттардың мамандануын дамыту бөлігінде біз әлі жолдың басында тұрмыз. Тергеу судьялары институтын енгізу сотқа дейінгі іс жүргізуді бақылаудағы соттардың ролін арттырады. Жаңа кодекстерде – Қылмыстық-іс жүргізу және өзге кодекстерде біз бұл мәселені шешеміз. Оған қоса, сот санкция беретін тергеу әрекеттерінің аясы кеңиді. Қазір сондай-ақ алқабилер сотының қызметінде белсенді практикалық тәжірибе жинау да маңызды.

Үшіншіден, судьяларға түсетін жүктеменің өсуі мәселесін шешу маңызды. Бірінші инстанциядағы соттарда ол соңғы 4 жылда бір судьяға айына

орташа алғанда 38-ден 56 іске дейін өскен. Кейбір өңірлерде бұл көрсеткіш одан да жоғары. Мен мұны білемін және 2014 жылы республикалық бюджетте судьялар санын 450 адамға ұлғайтуды қарастыруға тапсырма берілді, бұл 25 %-дық өсім, сондай-ақ қосымша 450 персонал және 60 сот приставы. Нәтижесінде судьялар корпусының құрамы және сот аппараттары 960 адамға ұлғаятын болады.

Төртіншіден, қазақстандық сот жүйесінде әлі де болса соттар қателігі, заңдылық пен судья әдебін бұзу жайлар кездесуде. Бұларды жұртшылық ауыр қабылдайды, жалпы сот жүйесін жағымсыз бағалауға себепші болады. Жекелеген судьялар дауларды қарауды созу арқылы бюрократия мен соттағы әуре-сарсаңға өздері жол береді. Сот жүйесіндегі кадр саясаты әзірге мінсіз емес. Соттарға қолы таза емес тұлғалардың еніп кетуін болдырмайтын кедергілер жеткіліксіз.

Қазақстанда жыл сайын орта есеппен 2–3 судья жемқорлық қылмысы үшін сотталады. 39 судья тәртіптік жауапкершілікке тартылса, соның 8-і лауазымдарынан босатылған. Жалпы, облыстық деңгейде тіпті заң бұзған судьяларды қорғау фактілері де кездеседі. Мен судьяларды қорғау қажеттігін түсінемін, бірақ біз өз қатарымызды тазартып, әріптестерімізге қатаң болуымыз қажет. Жалпы, сот жүйесінде лайықты шешуді талап ететін мәселелер аз емес.

Құрметті судьялар!

Біздің «Қазақстан – 2050» стратегиямыз ауқымды жаңа мақсат қана қойып отырған жоқ. Ол Қазақстанның таяу онжылдықтағы экономикалық және әлеуметтік қатынастары ырғағының үдемелі қарқынын көздейді. Бұл ұлттық сот жүйесінің құқық тәртібін қамтамасыз етудегі, қоғамдағы тұрақтылықты нығайтудағы, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттырудағы рөлі мен жауапкершілігін арттыратыны сөзсіз. Қазақстандық Фемида экономикада алдағы кезеңде болатын үлкен өзгерістерге толық дайын тұруы керек.

Қазақстандық сот қоғамдастығы уақыттың кез келген сынағынан биікте болуы тиіс. Ол қазірдің өзінде жаһандық юриспруденцияда болып жатқан және болашақта болатын сот-құқық инновацияларына ашық әрі қабілетті болуы керек. Ұлттық сот жүйесі тек Заң сөзі мен рухын басшылыққа алып, кәсібилігін көтеріп, дамып әрі өзін-өзі жетілдіре отырып қана 2050 жылға дейінгі стратегиясын жүзеге асырудың құқықтық базасының орнықтылығын сенімді қамтамасыз ете алады.

Ұлттық сот ісін жүргізуді дамытудың маңызды бағыттарын біз 2020 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасында айқындадық. Бірақ бүгін одан да әрі, болашаққа қарау маңызды. Жаһандық құқықтық кеңістік қалай эволюцияға

түсетінін қаперге алу қажет. Ұлттық сот жүйесінің даму келешегін нақ осы көзқарас тұрғысынан дәл анықтаған жөн. Осыған байланысты сіздермен қазақстандық Фемиданың басты басымдықтарына қатысты көзқарастарыммен бөліскім келеді.

Бірінші. Соттар қызметінің заңнамалық және іс жүргізу нормаларын жүйелі түрде жетілдіру маңызды. Жаңа қылмыстық, қылмыстық-іс жүргізу, қылмыстық-атқарушылық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстердің жобалары қазірдің өзінде дайындалып қойды. Олар ұзақ әрі тыңғылықты дайындалды, оны барлығы, мен де қарадым. Онда соттардың жаңа құзыреті, оның ішінде іс жүргізудің жеңілдетілген жаңа тәртібі қарастырылған. Сот бақылауы мен сот тексеруі барысындағы судьялар өкілдіктерінің аясы кеңеюде. Әрине, ізгілендіру жүріп жатыр, бірақ ол мақсат емес, ең бастысы біз босаңсып кетпеуіміз керек. Тиянақты қарау керек. Бұл кодекстердің тезірек қабылдануы мен жүзеге асуы қылмыстық сот төрелігінің сапасы мен жеделдігін арттыруға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Сондай-ақ, азаматтық сот ісін жүргізуді жаңғырту керек. Үкіметке Жоғарғы сотпен бірлесіп жаңа Азаматтық іс жүргізу кодексінің жобасын әзірлеуді тапсырамын. Азаматтық істерді қарау тәртібі процестің тараптары үшін ыңғайлы және тез, оларды бітістіруге және заманауи технологияны кең қолдануға бағытталған болуға тиіс. Сот шешімдерін қайта қарауды талап ететін жағдай-

ларды айырып, шектейтін заңмен негізделген әдіснаманы әзірлеп, енгізген жөн. Барлық соттар жаңа заңнама жағдайындағы жұмысқа дайын болуға, істі жедел, заңды және әділ қарауды қамтамасыз етуге тиіс. Бұл үшін судьялар сияқты соттар төрағалары да жеке жауапкершілік алуға тиіс.

Екінші. Сот құрылысын әрі қарай жетілдіру керек. Осы жерде тиімді әкімшілік әділет жүйесін құру мәселесі қойылып отыр. 2020 жылға дейінгі құқықтық реформа тұжырымдамасында мұндай міндет белгіленген. Әкімшілік әділет жүйесі бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту үшін жасалып жатқан әкімшілік реформаның бір бөлігі болуға тиіс. Бұл әкімшілік әділет жүйесін асықпай, біртіндеп енгізу қажет. Біздің құқықтық мәдениетімізді ескере отырып, бұл мәселеде өзге елдердің тәжірибесін зерттеу керек. Оны байқаудан өткізу тәртібімен енгізетін боламыз. Сот билігінің осы маңызды бөлігінің құзыретінде азаматтар мен мемлекет арасында туындаған дауларды шешу мәселелері болуға тиіс. Жоғарғы соттың қадағалауы тәртібімен қарауға жататын сот істерін шектеуді заңмен бекіту керек.

Үшінші. Қазақстанның құқық жүйесін дамытудың ауқымды әлеуеті әсіресе әлеуметтік саладағы даулар мен қақтығыстарды шешудің баламалық жолдарын енгізуде жатыр. Медиация туралы заңнаманың жетілмегендігі біздің еліміздегі даулы жағдайларды реттейтін соттық емес институттардың дамуын тежеп отыр. Биылғы жылы барлық

істің 1 %-ы ғана медиация тетіктерінің пайдаланылуымен қаралды. Медиация туралы отандық заңнаманы халықаралық стандарттармен сәйкестендіру керек. Бұл Қазақстанның сот жүйесіне оң ықпал етеді, соттардың жүгін жеңілдетуге септігін тигізетін болады. Сонымен қатар іскерлік белсенділікті арттыруға, елде қолайлы инвестициялық ахуал орнатуға әсер етеді.

Елдегі инвестициялық ахуал туралы мен құқық қорғау органдарымен барлық кездесулерде үнемі айтамын. Кез келген ел секілді Қазақстанға да сыртқы және ішкі инвестиция қажет. Біз түрлі тексерулермен және әрқилы кедергілермен бизнесті шектемеуіміз керек. Қарастырылып жатқан кодекстерде экономикалық қылмыстар үшін қаржылық санкциялар қолдану, сол арқылы экономикалық құқық бұзушылық есебінен елдің түрме тұрғындары санын ұлғайтпау көзделуде. Бұл ретте сотқа дейінгі шешу үлкен маңызға ие.

Төртіншіден. Сот төрелігіне азаматтардың қалың тобы қол жеткізуін қамтамасыз ету маңызды. Соттың іс қарауы хаттамасын толық және сапалы қамтамасыз ететін тетік ретінде сот үдерістерінің электронды тіркелімін жаппай енгізген жөн. Бірінші инстанциядағы барлық соттарды бейнеконференция байланысымен қамтамасыз ету қажет, бұл сот төрелігін қашықтан жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сотқа жүгінген адамдар өздерінің құқығын қорғауда аумақтық тұрғыдағы

және ұйымдастырылған кедергілерге тап болуға тиіс емес.

Істі сотта тараптардың таңдауы бойынша қараудың баламасы аясын кеңейтіп, сотқа өтініш білдірудің кез келген формальды талабын жою маңызды. Бұл әсіресе тұрғындардың әлеуметтік әлсіз топтарына, соның ішінде кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты істі қарау кезінде өзекті. Заңнамада ескерілмеген тұстарды пайдаланып, қандайда бір болмашы желеумен өтінішті қабылдаудан бас тартуға соттардың құқы жоқ. Судьялар – барлық мемлекеттік қызметші тәрізді халық қызметшілері. Олардың тікелей міндетіне азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі барлық мүмкін болатын шараларды қабылдау жатады.

Бесінші. Қазақстан судьялар корпусының кәсібилігін арттыру маңызды. Ешкімнің де қателік жібермейтініне кепілдік жоқ екені сөзсіз. Бірақ судьялар жұмысындағы қателіктер барша қоғам үшін және әрбір адам үшін қымбатқа түседі. Судьяларға Заң атынан әділеттілік үшін әрекет ету сеніп тапсырылған, бұл оларға ерекше жауапкершілік жүктейді. Бұл міндеттің шешімі ең алдымен соттың білім беру жүйесін жаңғыртуды қажет етеді.

Сондай-ақ, судьялар қызметі үшін әлеуметтік және материалдық жағдайды жақсарту, бірақ бір мезгілде олардың жұмысының сапасына

талапты күшейтуді жалғастырған жөн. Соттар мен судьялардың қызметі табысты болуы үшін барлық қажеттілікпен қамтамасыз етілуін жақсарту қажет. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарының күш-жігері арқылы қоғамда сот билігіне қатысты жағымды және ілтипатты көзқарас қалыптастырған жөн.

Өкінішке орай, судьяларға қысым бар екенін мойындауға тура келеді. Бірде мен қандайда бір буынның басшысы немесе орынбасары айыпты болып қалса, онда бірінші басшы да оған жауапты болады деген едім. Осыны желеу етіп, облыстық судьяға «жол» табу үшін аудандық судьяны пайдалана бастады. Бұл дұрыс емес. Егер кінәсі болса, әркімнің ісі жеке қаралуға тиіс.

Ұлттық сот жүйесі қоғамдағы тұрақтылықтың, құқық үстемдігінің, қоғам мен мемлекет мүдделерін мүлтіксіз сақтаудың, қазақстандықтардың құқығы мен бостандықтарын қорғаудың сенімді кепіліне айналуға тиіс. Қазақстан судьялары қауымдастығының халыққа қызмет етуінің зор маңызы осыған саяды. «Қазақстан – 2050» стратегиясын іске асырудың күрделі жұмысындағы Қазақстан судьяларының басты борышы – осы. Мен Қазақстанның 2 мыңнан астам судьялар корпусы Отанымызды жаңарту және нығайту жөніндегі біздің ұлы мақсаттарымызды іске асыруға лайықты үлес қосатынына сенімдімін.

Құрметті съезге қатысушылар!

Қазақта «Билік айту оңай, біліп айту қиын» деген сөз бар. Әділ қазылық ету – кез келген судьяның қасиетті парызы. Ол үшін заңды бес саусақтай білу жеткіліксіз. Ең бастысы, би адал, әділ болуы керек. Қазы – халықтың ожданы. Ол қара қылды қақ жарған әділ болса, даугерлер төреліктің дұрыстығына күмән келтірмейді. Айыпкер заң бұзғанға зауал бар екенін түсінеді.

Біз кемел мемлекет құруды көздеген халықпыз. Сот төрелігінің әділдігі мен жедел әрі толық орындалуы – кез келген елдің кемел болмысының көрінісі. Сот жүйесінің дамуы тоқтап қалатын құбылыс емес, оны үздіксіз жетілдіріп отыру керек. Біз бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыра береміз. Ал, судьялар, сіздерден әрқашан жоғары біліктілік пен әділдік, адалдық талап етіледі.

Халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін қоғам – ең дамыған қоғам. Біздің мақсатымыз – дәл сондай қоғам құру. «Қазақстан – 2050» стратегиясының басты межелерінің бірі – осы. Ендеше, міндеттеріңіз айқын, бағыттарыңыз белгілі. Өздеріңізге артылған үмітті ақтап, адал жұмыс істейтіндеріңізге сенемін. Сіздерге әділ төрелік пен адал қызмет серік болсын. Табыс тілеймін!

Қазақстан Республикасы Президентінің
«Болашақ» халықаралық стипендиясы
тағайындалуының 20 жылдығына арналған
стипендиаттар мен түлектердің форумында

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2013 жылғы 29 қараша

Құрметті форумға қатысушылар!

Бүгін бізде ортақ мереке. Мен сіздерді «Болашақ» бағдарламасының 20 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл біздің тәуелсіздігіміздің тарихының алтын парақтарының бірі.

Мен президенттік бағдарлама бойынша шетелдік білім алған барлық мамандарға сәлем жолдаймын! Бүгінде өздерінің патриоттық борышын

орындай отырып, біздің экономикамыздың, қоғамымыз бен мемлекетіміздің түрлі салаларында жұмыс істеп жүргендердің бәріне сәлем жолдаймын. Бүгінде әлемнің 33 елінің жоғары оқу орындарында білім алып жатқан барлық стипендиаттарға сәлем жолдаймын!

Осыдан 20 жыл бұрын тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының қиын кезеңінде біздің жарқын болашағымызды кез келген адам болжай алған жоқ.

Экономикамыз күйреу ахуалында болды, барлық ірі өндірістер іс жүзінде тоқтап қалды. Адамдар жалақысын, зейнетақысын, жәрдем-ақысын уақтылы ала алмады. Инфляция ақылға қонымды шектердің бәрінен асып кетті, жұмыссыздық асқынды. Ел «жабайы капитализмге» келіп кірді.

Сол кезде біз нарықтық экономикаға енді ғана көше бастадық. Бірақ оның не екенін білетіндер аз болды. Тіпті ең тәжірибелі деген басқарушылардың өздерінде де жаңа экономикалық және әлеуметтік үдерістерді басқару, егемен мемлекетті құру туралы түсініктері шамалы болды. Тәуелсіз Қазақстан халықаралық деңгейдегі сапалы білімі бар кәсіби мамандарға өте мұқтаж болды.

«Болашақ» бағдарламасын қабылдау арқылы біз қазақстандықтардың сапалы білімі мен біздің еліміздің табысты болашағының арасына абсолютті теңдік белгісін қойдық. Бұл біздің дұрыс

стратегиялық таңдауымыз болып шықты! Екі онжылдық бойы біз соны ұстанып келеміз.

Біз осы жолда «Қазақстан – 2030» стратегиясын әзірлеп, мерзімінен бұрын, небәрі 15 жылда табысты жүзеге асырдық.

Тақыр жерден бастап, өсіп отырған орта және шағын бизнесі мен ырғақты өсімі бар тиімді экономика құрылды.

Әлеуметтік салада үлкен өзгерістер болды, қазақстандықтардың тұрмыстық деңгейі көп есе өсті.

Ғылым мен білім беру салаларында жүйелік өзгерістер табысты жүруде, онда оқыту мен зерттеулердің халықаралық стандарттары белсенді енгізілуде.

Қазақстанда мемлекеттік қызметшілердің кәсіби тілегі бір адамдарының тобы мен ұлттық және жеке компаниялардың топ-менеджерлері қалыптасты.

Қазақстан әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кірді.

Осыдан бір жыл бұрын мен «Қазақстан – 2050» стратегиясын ұсындым. Біздің алдымызда жаңа – ең дамыған елдердің 30-на ену мақсаты тұр. Біздің экономикамыз инновациялық индустрияландыру жолына түсті.

Мұның бәрі де тарихи жетістіктер. Және оларда «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің лайықты үлесі бар.

Қымбатты достар!

1994 жылы «Болашақ» бағдарламасының 187 стипендиаты шетелге оқуға аттанар алдында оларға мен өзім ақ жол тілеген болатынмын.

Бүгінде бағдарламаға қатысушылардың барлығының саны қазірдің өзінде 10 мыңнан асып жығылады.

«Болашақ» бағдарламасы елдің дамуында үлкен рөл атқарды.

Біріншіден, ең алдымен бұл экономика, білім беру, ғылым, денсаулық сақтау, ұлттық мәдениет пен өнер үшін жаңа кадрлар. Әрбір екінші бағдарлама бітірушісі бүгінде қазақстандық – жеке және мемлекеттің қатысы бар компанияларда жұмыс істейді. 19 %-ы – ұлттық компаниялардың менеджерлері. 4 %-ға жуығы халықаралық ұйымдарда, сондай-ақ Қазақстанның ҮЕҰ-да еңбек етеді.

Тұтастай алғанда бітірушілердің 3/4 бөлігі экономиканың нақты секторы мен азаматтық қоғамда жұмыс істейді. Мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарда «болашақтықтардың» 24 %-ы, соның ішінде жеке мемлекеттік басқару жүйесінде барлық түлектердің 19 %-ы, жұмыс істейді.

Бүгінгі күнге дейін «Болашақ» бойынша 2 мыңға жуық инженер-техник мамандар даярланған. Бұл инновациялық жобалар мен технологиялар, металлургия, телекоммуникациялар, энергетика саласындағы мамандар.

Тұтасымен алғанда гуманитарлық және инженерлік-техникалық мамандықтардың арасындағы теңгерімге қол жеткізілген.

Екіншіден, бағдарламаның барлық стипендиаттарының 2/3 – мемлекеттік емес құрылымдар қызметкерлерінің, зейнеткерлердің балалары. Соның ішінде қатысушылардың 8 %-ның әке-шешелері стипендия алу кезінде мүлде жұмыссыз болған. Стипендиаттардың 200-ден астамы – ата-анасыз қалған дарынды жастар.

Үшіншіден, «Болашақ» бағдарламасы бойынша Қазақстанның барлық өңірлері үшін кадрлар даярлануда.

Осыдан 5 жыл бұрын, бағдарламаның 15 жылдығына арналған форумда, мен оны стипендияларға өңірлерде тұратын жастар үшін қол жетімділікті ұлғайту орайында реттеу міндетін қойып едім. Бүгінде барлық қатысушылардың жартысы – Қазақстан облыстарының тұрғындары. Оқуды бітіргеннен кейін олардың көпшілігі негізінен өздерінің туған қалаларында жұмысқа орналасуда.

Төртіншіден, барлық болашақтық стипендиаттар «шанхай рейтингінің» тобына кіретін әлемнің жетекші университеттерінде білім алуда.

Мұның бәрі «Болашақ» бағдарламасының жоғары нәтижелілігін аңғартады. Соның арқасында қазақстандық дарынды жастар, олардың әлемдік ғылыми-білім беру орталықтарында оқуы

үшін «әлеуметтік лифт» құрылған. Жас ғалымдардың, педагогтардың, менеджерлердің креативтік ядросы өсірілуде.

«Болашақ» білім берудің локомотивіне айналды. Бір жағынан, Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік кеңістігіне әлемдік технологиялардың трансферт магистралі жасалды. Екінші жағынан, біздің стипендиаттарымыздан әлем Қазақстан, оның халқы, мәдениеті мен дәстүрлері, біздің еліміздің мүмкіндіктері мен әлеуметі туралы көбірек білді.

«Болашақ» бағдарламасының арқасында біз жаһандық элитаны даярлаудың әлемдік жүйесіне қосылдық. Бұл тәуелсіздік дәуірі қазақстандықтарының жаңа ұрпағын қалыптастыру жөніндегі менің жоспарымның маңызды бір бөлігі.

2010 жылы әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орны – Назарбаев университетінің ашылуы Қазақстанның өңірлік білім экспортеріне айналуының басы. Бүгінде Назарбаев университетінде 200-ден астам болашақтық түлектер жұмыс істейді.

«Болашақ» бағдарламасы стипендиаттарының қауымдастығы белсенді жұмыс істеуде. Оның желісі бойынша қазақстандық жастардың үлкен бөлігін қамтитын 60-тан астам жоба жүзеге асырылды. Қауымдастықтың жанынан сондай-ақ қайырымдылық қоры, консалтингтік топ жұмыс істейді. «Байқоңыр» қоғамдық сыйлығы белгіленіп, тапсырылуда. Қауымдастық бітірушілердің

жұмысқа орналасуына көмектеседі, бағдарлама стипендиаттарының слеттерін өткізеді, оларды оқитын елдерінде ұйымдастырады.

Бүгінде бүкіл әлемнің дамуы орайында, біздің «Қазақстан – 2050» стратегиямыздың орайында халқымыздың алдында тұрған жаңа міндеттерді көре білу маңызды. Сондықтан мен сіздерді болашаққа қазақстандық жолдың – жаңа саяси бағдардың көкейкесті мәселелерін талқылауға шақырамын.

Қазақстан Республикасының
Тәуелсіздігі күніне арналған
салтанатты жиналыста

СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Астана қаласы,
2013 жылғы 14 желтоқсан

**Қымбатты отандастар!
Құрметті қазақстандықтар!**

Барша арманымыздың асқары, бақытымыздың бастауы болған ұлы мереке – Тәуелсіздік күні – елімізге, әрбір азаматымызға құтты болсын!

22 жыл бұрын біз Мәңгілік ел болудың бірегей қадамын жасадық. Дүйім дүниеге тәуелсіздігімізді жария еттік. Бұл – ата-бабаларымыздың арманы

ақиқатқа айналып, азаттыққа қолымыз жеткен аса қасиетті күн. Бұл – ұрпақтарымыз ұлы елдің ұланы, азат елдің ақиығы атануына жол ашылған қастерлі күн. Бұл – тілімізді жаңғыртып, дінімізді қайтарған, тарихымызды түгендеп, тағдырымызды таңдаған ұлы күн. Тәуелсіздік – тәуекелі жеткендердің ғана пешенесіне бұйыратын бақыт. Бүгін Мәңгілік еліміздің жаңа ғасырдағы жаңғыру жолы – «Қазақстан – 2050» стратегиясы дүниеге келген күн.

Құрметті қазақстандықтар!

1991 жылдың 16 желтоқсанында әлем ұлттары шоқжұлдызында жаңа жұлдыз – Қазақстан Республикасы жанды. Осы күні біз өзіміздің Қазақстан жолын бастадық. Біз ұлы миссияны жүзеге асырдық – тәуелсіздіктің көшбастаушылары болдық.

Уақыт – зымыран. Тәуелсіз Қазақстан дүниеге келген сәттегінің бәрі бүгін мәңгілікке алыстап бара жатқан тарих. Сол кездегі уақыт жайында біз қазіргі ұлы жетістіктерді салыстырып пікір айтамыз.

22 жыл бұрын біз тек экономикамызды көтере аламыз ба деп армандаған едік. Ал осы жылы Қазақстан әлемдегі бәсекеге аса қабілетті елуліктің қатарына енді.

Тәуелсіздіктің таңсәрісінде біз ешқандай да әлемдік рейтингке енбейтінбіз. Біздің халықаралық рейтингіміз іс жүзінде нөлге тең еді.

2006 жылы мен дамыған елдердің елулігіне ену міндетін қойған кезде елімізде және шет елдерде өте көп адам бұл қадамды күмәншілдікпен бағалады. Бірақ болған істің аты – болған іс: біз бар-жоғы 7 жыл ішінде бұл міндетті шештік!

Тәуелсіздіктің алғашқы таңын біз өзіміздің жас валютамызды қолдау үшін өз қаржымыздың толықтай жоқ күйінде қарсы алдық. Үстіміздегі жылы біз Қазақстан теңгесінің 20 жылдық мерейтойын атап өттік. Тұрақты қаржы жүйесі табысты жұмыс істеп тұр. Елдің жиынтық халықаралық резерві өсу үстінде. Жақында олардың көлемі жақын арада 100 млрд доллардан асып, тарихи рекордқа жететін болады.

Осы жылдар ішінде біз тиімді өңірлік саясатты жолға қойып, барлық облыстардың өсу қарқынын теңдестірдік. Осы жылы алғаш рет жергілікті әкімдерді сайлау өтті. 7 мыңнан астам кандидат қатысқан сайлауларда мәслихаттар 2,5 мыңға жуық аудандық маңыздағы қалалар, ауылдық округтер, кенттер мен селолар әкімдерін сайлады. Бұл – еліміздегі әкімдердің жалпы санының 91 %-ы.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінде сол кезде шегі жоқ болып көрінген аса ауыр әлеуметтік проблемаларды біздің қашан және қалай шеше алатынымызды көп адамның көзіне елестетуінің өзі қиын еді. Бүгінде Қазақстанда халықтың әлауқатының сапасы артып келеді, адамдардың

табыстары да ондаған есе өсті. Қарапайым цифр. 2000 мен 2013 жылдар аралығында қазақстандықтар бүкіл әлем бойынша шамамен 61 млн шетелдік іскерлік және туристік сапарларға шыққан. Осы жылдар ішінде біздің елімізге шамамен 46 млн шетелдік мейман келген. Бұл, бірінші кезекте, біздің азаматтарымыздың өсе түсіп отырған игілігі мен біздің Отанымызға жаһандық қызығушылықты көрсетеді.

Бүгінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша қазақстандықтар әлемнің 33 еліндегі үздік ЖОО-ларда оқиды. Болашақтықтар қазірдің өзінде 10 мың адамнан асып отыр. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының деректері бойынша, 2012 жылы 65 мың қазақстандық түрлі әлемдік университеттерде білім алды. Бұл болашақтықтардан басқа оқуын ата-аналары төлеген ондаған мың жас қазақстандықтар. Осының барлығы қазақстандықтардың әл-ауқаты мен мүмкіндігінің артуы нәтижесінде мүмкін болды.

Әлемдік экономика үшін дағдарысты болған соңғы 4 жылда біз мұғалімдердің орташа айлық жалақысын 2 есеге жуық көтердік. Бізде 22 жылда нағыз автомобильдік революция жүзеге асты. Егер 1992 жылы жеке иеліктегі жеңіл автомобильдер 885 мың болса, 2013 жылы олардың саны 3,6 млн-ды құрады. Бұл – өсім 4 еседен астам деген сөз.

22 жыл бұрын Қазақстанға демографиялық құлдырау болжанған болатын. Бірақ бұл болжам, басқа да көптеген сұрқайболжамдар секілді, ақталған жоқ. Тәуелсіздік жылдарында бізде 6 млн 736 мың сәби өмірге келді!

Біздің дәрігерлер дайындауға және, тұтастай алғанда, денсаулық сақтау саласына ерекше назар аударып отырғанымыздың арқасында тек үстіміздегі жылдың 9 айында Қазақстанда жүрекке 40 мың түрлі операциялар жасалды. Олардың шамамен 10 мыңы ашық жүрекке жасалды! Осының барлығы тегін жасалады, демек, мемлекеттің ақшасына деген сөз! Бұл әлем елдерінде жоқ!

Осы жылдарда «Болашақ» бойынша 560 білікті дәрігер дайындалды. Және олардың әрқайсысы адамдарды емдеп, жас мамандарға ақыл-кеңестерін айтады, тағылымдамадан өткізеді.

Осының барлығы – денсаулық сақтауды дамыту, ана мен балаға, қарт адамдарға қамқорлық жасау туралы екі онжылдық бойғы жоспардың нақты нәтижесі.

Ең басты нәтиже – орташа өмір сүру жасы өсіп, өлім көрсеткіші төмендеуде, ел халқының саны артуда. Бұл – біз мақтана алатын негізгі және басты көрсеткіш.

22 жыл бұрын біз дамудың дұрыс векторын таңдадық. Біздің Ұлы ел жобамызды біз «Қазақстан – 2030» стратегиясында негіздедік

және оны мерзімінен бұрын, 1,5 онжылдықта жүзеге асырдық.

Тәуелсіздік бізге болашаққа батыл қарауға, алдағы перспективаларды айқын көруге мүмкіндік берді. Осы ұлы сыйды біз қазір «Қазақстан – 2050» стратегиясының тарихи міндеттерін шеше отырып, толығымен пайдаланудамыз.

37 жылдан соң аяқ басатын 2050 жылғы келешек қазір алыс көрінеді, бірақ бұл – қысқа ғана уақыт аралығы. Біз көптеген қиындықтарды еңсере білдік және уақыт әркез біздің жағымызда болды. Әрқашан осылай болатынына сенімдімін.

Қымбатты отандастар!

Халқымыз үшін қашанда Жеті санының орны бөлек. Жеті ырыс, жеті қабат көк, жеті қазына: айта берсек, жеті санына байланысты қасиетті ұғымдар өте көп. Еліміздің жаңа ғасырдағы басты бағдары – «Қазақстан – 2050» стратегиясы да жеті басымдықтан тұрады. Тәуелсіздіктің тартуы ретінде халқымыз құн жетпес жеті қазынаға ие болды.

Бірінші қазына – Алтай мен Атыраудың, Арқа мен Алатаудың арасын ен жайлап, еркін көсілген Мәңгілік еліміз. Біз шекарамызды шегендеп, іргемізді бекіттік, көршімен тату, алыспен сыйлас, ісі ілгері басқан жасампаз ел болдық. Біздің мұратымыз – Мәңгілік еліміздің асқақ болмысын аялап, ХХІ ғасырдың төріне оздыру.

Екінші қазына – ел бірлігі. Біз туған елімізді бейбітшіліктің бесігіне айналдыра білдік. Тыныштық арқылы тұрақтылық, татулық арқылы тұтастық төрімізге озды. Барша этностар ел иесі – қазақ ұлтының маңына ұйысты. Тегі бөлек болғанмен тілегі бір, қаны бөлек болғанмен жаны бір тұтас халық болды. Бірлік, береке – біздің басты байлығымыз, құн жетпес қазынамыз. Тұғырымыз – тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық, тілегіміз, татулық болса, еліміз тарих төрінен табылады.

Тәуелсіздік халықты Ассамблеяның – бейбітшілік пен келісімді сақтаушының біртұтас шаңырағының астында тұтастыра түсті. Біздің рухани бірлігіміз – зайырлы мемлекет пен қоғамның басты іргетасы.

Үшінші қазына – тәуелсіздікпен бірге түлеген төл мәдениетіміз бен туған тіліміз. Азаттықпен бірге ұлттық рухымыз асқақтады, мәдениетіміз мәңгілік құндылыққа айналды. Ата дініміз оралып, ана тіліміз тұғырына қонды. Қазақ тілі еліміздің мемлекеттік тілі ғана емес, түркі әлемінің жетекші тілдерінің біріне айналып келеді.

Аймақтарға сапарларымның бірінде Ассамблеяның қазақша еркін сөйлейтін бір өкілі: «Мен мемлекеттік тілді меңгерумен бірге 25-тен астам түркі тілдес халықтың мәдениетіне есік аштым», – деген еді.

Қазір қазақ тілін көрші елдерден өзге Әзірбайжан мен Армения, Беларусь, Польша, Мажарстан,

Оңтүстік Корея, Германия, Ұлыбритания, АҚШ мемлекеттерінің белді оқу орындарында оқытады. Бұл мемлекеттердің қатары жыл өткен сайын толығуда. Әйгілі Кембридж университетінде қазақ тілі, тарихы мен мәдениеті жөнінде арнайы пән бар.

Осының барлығы қазақ тілін өзіміздің құрметтей бастауымызды және оған қажеттілік күн санап арта түскенін көрсетеді. Мемлекеттің саясаты қазақ тілінің мәртебесін нығайтып, оның қолдану аясын кеңейте түсті. Ол отандық ақпарат құралдарының, мемлекеттік қызметтің, Интернеттің, ғылым мен білімнің тіліне айналды. Оқушылар мен студенттердің басым көпшілігі қазақ тілінде білім алуда. Қазір барша қазақстандықтардың 70 %-ы мемлекеттік тілді меңгерген.

Тәуелсіздіктің арқасында ұлттық мәдениетіміз қайта жаңғырды. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, кеткенімізді келтірдік, кемдігімізді толтырдық. Көмбелерімізді аршып, тарихымызды түгелдедік. Қазақтың асқақ өнері мен бай мәдени мұрасы әлем халқының рухани байлығына қосылды.

Төртінші қазына – индустриялық-инновациялық экономика. Индустриялық бағдарлама – біздің экономикамыздың болашағы.

Бүгінде біздің жеріміздің байлығы бүкіл халықтың игілігінде және соған қызмет етеді, халықтық әл-ауқаттың тұрақты артуы үшін

жағдай туғызады. Халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша, осы жылы Қазақстан минералдық ресурстарды басқару жөніндегі әлемдік рейтингте 19-шы орын алды.

Біз жаһандық дағдарыстардың сабақтарын жақсы меңгердік. ХХІ ғасырда барлық табысты ұлттардың жолын индустриялық әлеует пен инновациялар айқындайды. Сондықтан индустриялық-инновациялық дамудың жоғары нәтижесі – тәуелсіз Қазақстанның экономикалық бекемдігінің басты мәселесі. Индустрияландырудың алғашқы «бесжылдығын» жүзеге асыра отырып, біз 200 мыңнан астам жұмыс орны құрылған 700 мүлдем жаңа кәсіпорын салдық. Оған біз 2 трлн 100 млрд теңге жұмсадық, бірақ бұл кәсіпорындар тек осы жылы ғана 2 трлн 300 млрд теңгенің өнімін өндірді. Осылайша, салынған қаржы қазірдің өзінде өзін өзі ақтап жатыр.

Бесінші қазына – ұлттық байлығымыздың, әл-ауқатымыз бен әлеуетіміз түп негізі – Жалпыға ортақ еңбек қоғамы.

Жалпыға ортақ еңбек қоғамы – ұлттық байлықтың түпнегізі. Қазақстан мен қазақстандықтардың қолындағы қазіргі бар нәрсеге біз тер төге еңбек етудің нәтижесінде жеттік. Еңбек әр адамды мейірбан, ал елді ұлы етеді. Жалпыға ортақ еңбек қоғамы – тәуелсіздікті нығайту жолындағы күрделі жұмыс кезінде туған біздің қазақстандық идея.

Алтыншы қазына – еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің бойтұмары, әсем қаламыз – Астана.

Бүгінде Астана – мемлекет қуатының архитектуралық жүзеге асуы. Оның жаңа орамдарында, алаңдарында, саябақтары мен сәулеткерлік шедеврлерінде біздің тәуелсіздігіміздің ұлы тарихы айнадағыдай көрінеді. Сондықтан Астанаға деген сүйіспеншілік – әрбір қазақстандықтың біздің ортақ Отанымыз – Қазақстан Республикасына перзенттік сезімі. Бұл жаңа қазақстандық патриотизмнің алтын арқауы.

Жетінші қазына – қазақ елінің абыройын асқақтатып, бүкіл әлемді мойындатқан жаһандық жауапкершілігі мен барша адамзаттық бастамалары.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біздің еліміз өзін әлемге жауапкершілікті егемен держава ретінде жариялады. Әлемдік қоғамдастық біздің жаһандық ядролық қауіпсіздікті, мәдениеттер мен діндердің үнқатысуын нығайту туралы бастамаларымызды жоғары бағалайды.

Үстіміздегі жылы Қазақстан Иранның ядролық бағдарламасы туралы келіссөздер үдерісіндегі серпінділікке қол жеткізуге өзінің үлесін қосты. Алматыда өткен көпжақты келіссөздердің екі раунды көп жағдайда сенімсіздік мұзын еритсе, ол Женевадағы уағдаластықтарға алып келді.

Астана «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізуге дайындық жүргізуде.

Осының барлығы біздің тәуелсіздігіміздің баға жеткізгісіз табысы, оның нақты жемістері мен кең өрісті келешегі.

Құрметті қазақстандықтар!

Жылға бергісіз күндер, ғасырға бергісіз жылдар болады. Біз үшін өткен 22 жыл дәл осындай кезең. Біз үйренетін ұлттан үйрететін ұлтқа, жығуға емес, жығылмауға ұмтылатын елге айналдық. Бүгінгі ісімізге қарап ертеңгі ұрпақ бізге баға беретін болады. Осы жеті қазынамызды дәріптеп, дамыта білсек, ұрпақ алдында жүзіміз жарқын, мерейіміз үстем болады.

Біз «Қазақстан – 2050» стратегиясының ұлы мақсаттарына ұмтылдық. Әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылуға қадам бастық. Оған бізді адастырмай апаратын жалғыз ғана жарық жұлдызымыз – темірқазығымыз бар. Ол – тәубе дейтін, тәу ететін біздің ұлы тәуелсіздігіміз.

Тәуелсіздік – жасампаз халқымызға сарқылмас қуат беретін, көзіне нұр, көңіліне шуақ құятын кәусар бұлағымыз. Біз кемеңгерлігі мен көрегендігі, бірлігі мен бірегей мақсаткерлігі қатар өрілген Мәңгілік елімізді мақтан тұтамыз. Тәуелсіздіктің туын тігу бақыты мен оны баянды етіп, нығайту міндеті біздің маңдайымызға жазылды.

Біз Мәңгілік елдің іргетасын қаладық. Мәңгілік елдің жүрегіне айналған мәңгілік Астанамызды тұрғыздық. Мәңгілік мызғымас экономика қалыптастырып, Мәңгілік өшпес жылнама жаздық. Мәңгілік болашаққа жол салдық. Осының барлығы – тәуелсіздігіміздің тартуы, азаттығымыздың асыл қазынасы.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы болсын! Мәңгілік еліміздің келбеті сәнді, еңбегі мәнді болсын! Күллі халқымызға берекелі бірлік пен баянды тірлік тілеймін!

Қабылданған қысқартулар

ТІЗБЕСІ

- АӨСШК**..... Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі
- АҚ**..... акционерлік қоғам
- «АЛЖИР»**..... Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері
- АЭА**..... арнайы экономикалық аймақ
- АЭС**..... атом электр стансасы
- БАҚ**..... бұқаралық ақпарат құралдары
- БРИКС**..... Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Оңтүстік Африка Республикасы
- БҰҰ**..... Біріккен Ұлттар Ұйымы
- БҰҰ ААШҰ** БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы
- БЭК**..... Бірыңғай экономикалық кеңістік
- ҒЗТКЖ**..... ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
- ДСҰ**..... Дүниежүзілік сауда ұйымы
- ЕАЭО** Еуразиялық экономикалық одақ
- ЕО**..... Еуропалық Одақ
- ЕҚЫҰ**..... Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
- ЕурАзЭҚ**..... Еуразиялық экономикалық қоғамдастық
- ЖЖМ**..... жанар-жағар материалдары

- ЖОО**..... жоғары оқу орны
- ЖЭС**..... жылу электр стансасы
- Интерпол**..... Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы
- ИСЕСКО** Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ислам ұйымы
- ИБҰ** Ислам ынтымақтастығы ұйымы
- КСРО** Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
- КСРО ІІХК (НКВД)** КСРО Ішкі істер халық комиссариаты
- ЛАГББ (ГУЛАГ)** КСРО Еңбекпен түзеу лагерьлерінің, еңбек қоныстарының және қамау орындарының бас басқармасы
- МАГАТЭ** Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттік
- МӨЗ** мұнай өңдеу зауыты
- НАТО** Солтүстік Атлантикалық шарты ұйымы
- СШҚ** стратегиялық шабуыл қарулары
- СЭС** су электр стансасы
- ТКШ** тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы
- ТМД** Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
- ҰҚШҰ** Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы
- ҮЕҰ** үкіметтік емес ұйымдар
- ХВҚ** Халықаралық валюта қоры
- ХЕҰ** Халықаралық еңбек ұйымы
- ШЫҰ** Шанхай ынтымақтастық ұйымы
- ІЖӨ** ішкі жалпы өнім
- ЭЫДҰ** Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
- ЮНЕСКО** БҰҰ Білім беру, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы
- ЯҚТШ** Ядролық қаруды таратпау туралы шарт

Географиялық атаулар

КӨРСЕТКІШІ

Австралия.....	325
Азия-Тынық мұхит өңірі.....	253, 363
Азия құрлығы.....	246, 247, 249, 295
Ақмола қаласы.....	94, 261
<i>(Ақмола обл., 1997 жылдың желтоқсанынан бастап – Қазақстанның елордасы, 1998 жылдан – Астана қ.)</i>	
Ақмола облысы.....	70
Ақтау қаласы, теңіз кемежайы (Маңғыстау обл.).....	54, 124-126, 421
Ақтөбе қаласы (Ақтөбе обл.).....	54, 124-125, 520
Ақтөбе облысы.....	260
Алакөл көлі (Қазақстан).....	126
Алатау тау жотасы.....	552
Алматы қаласы.....	25, 28, 31, 54, 110, 116, 125-126, 177, 219, 240, 419, 476, 481, 520, 556
Алматы облысы.....	16, 70, 263, 420, 529
Америка Құрама Штаттары (АҚШ).....	199
Америка құрлығы.....	219, 315, 470
Алтай өңірі.....	552
Арал теңізі.....	24, 27

Арқалық қаласы (Қостанай обл.)	66, 82, 125
Астана қаласы (Қазақстан елордасы)	19, 20-21, 30, 73-74, 88, 92, 94, 110, 116, 131, 132, 135, 139, 147, 149, 157, 161, 164, 177, 182, 190, 240, 253, 265, 275, 277, 282, 286, 362, 413, 415, 425-427, 434, 437, 464, 476, 481, 482, 520, 529, 556
Атырау қаласы (Атырау обл.)	67, 240, 389, 552
Атырау облысы	16, 262, 263
Ауғанстан.....	252, 362, 407, 409, 417-423
Африка құрлығы	230
«Ашаршылық құрбандарына ескерткіш» (Астана қ.)	109
Балқаш көлі.....	126
Бангладеш.....	19, 248
Батыс Еуропа өңірі	66, 82, 125, 295, 418
Батыс Қазақстан облысы	16, 261, 520
Батыс Қазақстан өңірі	262
Батыс Қытай өңірі.....	66, 82, 125, 295, 418
Бахрейн	19, 248
Бейбітшілік және келісім сарайы (Астана қ.)	151
Бейжің қаласы (Қытай астанасы)	173
Бейнеу кенті (Маңғыстау обл., Бейнеу ауд.)	66, 82, 125, 295
Беларусь	21, 30, 74, 90, 109, 133, 165, 203, 214, 322, 404, 411, 461, 466, 553
«Богатырь» көмір кеніші (Павлодар обл.).....	50
Бразилия.....	272, 276
Вашингтон қаласы (АҚШ астанасы)	15, 95, 145, 251
Вьетнам	19, 248

Германия.....	78, 106, 114, 133, 276, 421, 554
Давос қаласы (Швейцария).....	135
Дания.....	512
Дубай әмірлігі (БАӘ)	124
ЕО	122, 134, 303, 305, 440, 504
(Еуропалық Одақ)	
Египет.....	504
Еуразия материгі	58, 74, 87, 90, 105, 122, 214, 254, 320, 396, 403, 407, 412, 415, 423, 503
Еуропа құрлығы.....	85, 121-122, 125, 128, 133, 169, 214, 225, 230, 253, 259, 315, 389, 411-412, 429, 441, 487
Жамбыл облысы.....	66-67, 261
Жаңа Жер архипелагы (Солтүстік Мұзды мұхит).....	185
Жаңаөзен қаласы (Маңғыстау обл.)	54
Жапония	195, 236, 276, 474, 507, 512
Жастар сарайы (Астана қ.).....	271
Жезқазған қаласы (Қарағанды обл.)	66, 82, 125, 295
Женева қаласы (Швейцария).....	556
Жер планетасы	225, 251, 297, 360, 504
Жерорта теңізі.....	230
Жетіген теміржол бекеті (Алматы обл.)	125, 295
Ирак.....	19, 248
Иран.....	125, 251, 412, 418, 556

Испания	272, 276, 421
Италия.....	133, 272
Камбоджа	19, 248
Канада	195, 272, 276
Каспий маңы өңірі.....	125
Каспий теңізі.....	125, 289
«Кендірлі» курорттық аймағы (Маңғыстау обл.).....	126
Кипр	388, 428, 432, 504
КСРО.....	21, 29, 155, 184
<i>(Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы)</i>	
Қапшағай курорттық аймағы (Алматы обл.)	126
Қарашығанақ мұнай-газ кен орны (Батыс Қазақстан обл., Бөрлі ауд.)	50, 67
Қашаған мұнай-газ кен орны (Каспий теңізі қайраңы).....	50, 320
Қонаев Д. А. үй-мұражайы (Алматы қ.)	31
Қонаев көшесі (Алматы қ.)	31
Қорғас теміржол бекеті (Алматы обл.).....	125, 295
Қостанай облысы	106, 529
Құндыз қаласы (Ауганстан, Құндыз провинциясы).....	421
Қызылорда облысы	520
Қытай (ҚХР)	77, 122, 125, 236, 249, 276, 287, 295, 307, 360, 474, 484
Лобнор уезді (Қытай Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы).....	185

Лондон қаласы (Ұлыбритания астанасы)	13-15, 172-173, 176-177, 180, 264, 363
Льеж қаласы (Бельгия).....	275
Люблинка ауылы (Қостанай обл., Қарасу ауд.).....	106
Малайзия.....	108, 236, 259, 512
Маңғыстау облысы.....	264
Маркс көшесі (Алматы қ.).....	31
Мәскеу қаласы (Ресей астанасы).....	24
Муруоро атолы (Тынық мұхит).....	185
Невада штаты (АҚШ).....	185
Нидерланды.....	195
Норвегия.....	512
Оңтүстік Африка Республикасы (ОАР)	272
Оңтүстік Корея (Корея Республикасы).....	114, 236, 507, 554
Оңтүстік Қазақстан облысы.....	521
Оңтүстік Қазақстан өңірі.....	261, 262
Оңтүстік-Шығыс Азия өңірі	122, 280
Орталық Азия өңірі.....	84-85, 94, 120-122, 143, 184-185, 287, 360-362, 407-408, 412, 420, 422, 487
Өзен теміржол бекеті (Маңғыстау обл.).....	125, 295
Өскемен қаласы (Шығыс Қазақстан обл.).....	179
Павлодар облысы.....	262

Парсы шығанағы.....	122, 125, 295
Пәкстан.....	419
Ресей	21, 30, 74, 78, 90, 96, 98, 109, 122, 125, 133, 165, 185, 187, 191, 195, 203, 214, 287, 322, 360, 404, 411, 420, 461, 463, 467
Рио-де-Жанейро қаласы (Бразилия).....	93, 179, 180, 437
Санкт-Петербург қаласы (Ресей)	434
Сахара шөлі (Африка).....	230
Сеул қаласы (Оңтүстік Корея астанасы).....	73, 90, 97, 142, 182, 186, 195, 251
Сингапур.....	124, 236, 507, 512
Сирия	251-252, 505
Солтүстік Африка өңірі	251, 360, 410, 433
Солтүстік Еуропа өңірі.....	512
Солтүстік Корея (КХДР).....	251
Солтүстік Қазақстан өңірі.....	261, 520
Солтүстік-Шығыс Азия өңірі	360
Сочи қаласы (Ресей)	179
Суэц каналы	122
Талукан қаласы (Ауғанстан, Тахар провинциясы)	421
Таяу Шығыс өңірі.....	215, 251, 287, 360, 362, 379, 410, 433, 504
ТМД.....	29, 74, 75, 88, 104, 122, 203, 290
<i>(Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы)</i>	
Төлебаев көшесі (Алматы қ.).....	31
Тунис.....	504

Түркия.....	78, 248, 259, 272, 512
Түрікменстан	125, 295, 418, 419
Украина.....	109, 165, 394
Ұлыбритания	77, 133, 272, 276, 287, 421, 554
Үндістан	419, 512
Филадельфия қаласы (АҚШ).....	199
Филиппины	19, 248
Финляндия.....	512
Франция	77, 133, 276, 287, 421
Фукусима префектурасы (Жапония).....	97, 188
Харьков қаласы (Украина)	394
Шанхай қаласы (Қытай)	15
Швейцария	195
Швеция.....	512
Шерхан-Бандар қаласы, өзен кемежайы (Ауғанстан, Құндыз провинциясы).....	421
Шортанды-Бурабай курорттық аймағы (Ақмола обл.).....	70
Шығыс Еуропа өңірі.....	259
Шығыс Қазақстан облысы.....	16, 31, 262
Шымкент қаласы (Оңтүстік Қазақстан обл.).....	54
Шұбаркөл кенті (Қарағанды обл., Нұра ауд.).....	66, 82, 125

Есімдер

КӨРСЕТКІШІ

Абай (Құнанбаев А.).....	163
Әуезов М. О.	244
Бобохидзе З.	389
Брежнев Л. И.	27
Винокуров А. Н.	175
Волкова М. И.	176
Воротников И.	213
Гаджиев Д. М.	176
Гумилев Л. Н.	117
Гутенберг И.	405
Дычко И. Ф.	176
Зиммель Г.	244

Ильин И. А.	175
Карцев Л. М.	395
Костенко В. Г.	106
Крупа Т. Н.	395
Кунц Е.	213
Қаражанова М. С.	395
Қонаев Д. А.	14, 23-28, 31
Манеза М.	175
Манюрова Г. Т.	176
Маркс К.	31
Ниязымбетов Ә. С.	176
Обама Б.	98
Оспанов Ж.	213
Пан Ги Мун.	106
Пирк Ж.	213
Подобедова С. Н.	175
Пя Ю. В.	213
Рифкин Дж.	230
Рыпакова О. С.	175

Сангама Н.	398
Сәпиев С. Ж.	176
Смит М.	399
Тақуов К. Ш.	508
Талейран Ш.	
Таңатаров А. Д.	176
Терещенко С. А.	508
Төле би	208
Төлебаев М. Т.	31
Хаджиметова П.	392
Хокинг С.	236
Чиншанло З.	175

Мекемелер мен ұйымдардың КӨРСЕТКІШІ

«Ақ жол».....	7, 510
Ақсу ферроқорытпа зауыты.....	269
«АЛЖИР»	155
<i>(Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері)</i>	
Алматы қаласы БҰҰ Халықаралық орталығы	419
АӨСШК.....	19, 86, 87, 146, 192, 247-249, 253, 254, 286, 360, 390, 409
<i>(Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі)</i>	
АӨСШК Іскерлік кеңесі.....	248
АӨСШК-ге мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлерінің кеңесі	246
«Астана Опера»	400
«Атамекен»	328
«Атомшы-ғалымдар бюллетені»	186
Атырау газ-химия кешені	67
Атырау мұнай өңдеу зауыты.....	67
Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі.....	417
Балқаш ЖЭС-ы.....	66, 82
«Бәйтерек».....	457

БРИКС	504
<i>(Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Оңтүстік Африка Республикасы)</i>	
БҰҰ	86, 92, 93, 106, 107, 145, 146, 149, 151, 182, 185, 189, 190, 195, 230, 307, 360, 390, 419, 422, 426, 504, 528
<i>(Біріккен Ұлттар Ұйымы)</i>	
БҰҰ ААШҰ	422
<i>(БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы)</i>	
БҰҰ Бас Ассамблеясы	87, 246, 287, 433, 464
БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі	420
«Бірлік»	394
БЭК.....	30, 46, 58, 74, 90, 105, 123, 133, 203, 214, 216, 322, 360, 404, 461, 467, 469
<i>(Бірыңғай экономикалық кеңістік)</i>	
Гумилев Л. Н. атындағы Еуразия ұлттық университеті	117
Ғалымдардың еуразиялық экономикалық клубы	149, 426
Дөң тау-кен байыту комбинаты.....	269
ДСҰ	30, 71, 214, 216, 322, 327, 461, 487
<i>(Дүниежүзілік сауда ұйымы)</i>	
Дүниежүзілік банк	134, 435
Дін көшбасшыларының кеңесі	152, 159, 163
ЕАЭО	21, 74, 105, 148, 149, 214, 327, 360, 404, 461, 467
<i>(Еуразиялық экономикалық одақ)</i>	
ЕҚЫҰ	30, 86, 88, 89, 146, 147, 161, 192, 204, 252- 254, 282, 286, 360, 390, 409, 420
<i>(Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы)</i>	

Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы (ЦАРИКУ).....	422
Еуразиялық экономикалық комиссия	214
ЕурАзЭҚ	104
<i>(Еуразиялық экономикалық қоғамдастық)</i>	
«Жас Қыран»	257, 512
«Жас Отан»	117, 257, 260-264, 270, 271, 273, 275, 510, 512, 520
«Жас Ұлан»	257, 512
«Жастар»	117, 266, 520
Интерпол	58
<i>(Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы)</i>	
ИСЕСКО	151
<i>(Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ислам ұйымы)</i>	
ИҮҮ	74, 161, 192, 204, 286, 362, 420
<i>(Ислам ынтымақтастығы ұйымы)</i>	
Кәсіптік-техникалық білім берудің өңіраралық орталығы	240
Кембридж университеті (Ұлыбритания).....	242, 243, 554
КСРО ІХК (НКВД СССР).....	109
<i>(КСРО Ішкі істер халық комиссариаты)</i>	
«Қазақмыс».....	50, 269
Қазақстан Азаматтық альянсы.....	117, 510, 514
Қазақстан Коммунистік халық партиясы.....	7

Қазақстан, Ресей және Беларусьтің	
Кеден одағы.....	90, 123, 203, 360, 404, 469
«Қазақстан темір жолы».....	17, 102, 124
Қазақстан халқы Ассамблеясы.....	13, 42, 100, 201, 229, 231, 265, 283, 385, 386, 387, 389, 392, 395, 513
Қазақстан электролиз зауыты.....	269
«Қазақстанның шетел инвесторларының кеңесі».....	130
«Қазақтелеком».....	269
«Қазатомөнеркәсіп».....	102, 241, 269
«Қазғарыш».....	241
«ҚазМұнайГаз».....	18, 102
«Қазтеміртранс».....	18
«Қазтеңізкөлікфлоты».....	17
«ҚазТрансГаз».....	17
«ҚазТрансОйл».....	17, 102, 329
Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектесетін халықаралық	
күштер.....	417, 418, 420
ҚР Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы.....	292
ҚР Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры.....	477
ҚР Білім және ғылым министрлігі.....	60, 108, 117, 520
ҚР Білім және ғылым министрлігінің	
Жастар ісі жөніндегі комитет.....	117, 266
ҚР Дін істері жөніндегі агенттігі.....	111
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.....	440
ҚР Жоғарғы соты.....	57, 528, 529, 534, 535
ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі.....	130
ҚР Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссиясы.....	353, 358
ҚР Кәсіподақтар федерациясы.....	510

ҚР Қарулы Күштері	14, 264
ҚР Қауіпсіздік кеңесі.....	358, 359, 420
ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі.....	521
ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі	393
ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі	116, 353, 495, 496
ҚР Орталық сайлау комиссиясы	35
ҚР Өңірлік даму министрлігі.....	497
ҚР Парламенті.....	40, 41, 43, 47, 452
ҚР Парламентінің Мәжілісі.....	33, 42, 81, 201, 442, 509
ҚР Парламентінің Сенаты	442, 452, 462
ҚР Президентінің Әкімшілігі.....	16, 56, 309, 314, 351, 353, 355, 358, 359, 380, 495, 496
ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы стипендиаттарының қауымдастығы	545
ҚР Президентінің жанындағы ҚР құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу жөніндегі жоғары аттестаттау комиссиясы	358
ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы	497
ҚР Президентінің жанындағы Шетел инвесторларының кеңесі	119, 128, 129, 142
ҚР Республикалық балаларды оналту орталығы	292
ҚР Республикалық жедел медициналық жәрдем ғылыми орталығы.....	292
ҚР Сот жюриі	528
ҚР Судьялар одағы	530
ҚР Сыртқы істер министрлігі	126, 420

ҚР Ұлттық банкі	65, 314, 439, 440, 442
ҚР Ұлттық ғылым академиясы	31
ҚР Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы.....	292
ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.....	328-329
ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі.....	359
ҚР Ұлттық қоры	68, 81, 102, 316, 483, 484, 505
ҚР Ұлттық медициналық холдингі.....	63, 103
ҚР Ұлттық нейрохирургия орталығы	292
ҚР Ұлттық олимпиадалық құрамасы.....	176
ҚР Үкіметі.....	16, 18, 49, 51, 54, 55, 75, 83, 111, 178, 212, 228, 268, 289, 309, 314, 327, 334, 342, 343, 346, 352, 354, 366, 369, 439, 440, 442, 455, 458, 460, 461, 480, 490, 495-497, 502, 517, 520
ЛАГББ (ГУЛАГ)	155
<i>(КСРО Еңбекпен түзеу лагерьлерінің, еңбек қоныстарының және қамау орындарының бас басқармасы)</i>	
Лениногорск металлургия комбинаты	31
МАГАТЭ.....	96, 98, 189, 194, 251
<i>(Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттік)</i>	
Мадрид клубы	435
Мойнақ ЖЭС-ы	82
Назарбаев зияткерлік мектептері	59, 238, 338, 348
Назарбаев университеті.....	59, 69, 240, 322, 339, 482, 545
Назарбаев университетінің жанындағы Өмір туралы ғылымдар орталығы	223

Назарбаев университетінің жанындағы Пәнаралық аспаптық орталық	223
Назарбаев университетінің жанындағы Энергетикалық зерттеулер орталығы.....	223
НАТО.....	86, 360, 421
<i>(Солтүстік Атлантикалық шарт ұйымы)</i>	
«Нұр Отан».....	7-8, 13, 44, 54, 104, 117, 263, 267, 271, 500-501, 506, 508, 510-514, 516-518, 522
Павлодар мұнай-химия зауыты	269
Республикалық ардагерлер кеңесі	512
Рим клубы	435
Сайрам машина жасау зауыты	270
«Самал»	262
«Самұрық-Қазына»	115, 217, 242
«Самұрық-Энерго»	7, 102
Семей ядролық полигоны	142, 250, 287
Судьялардың халықаралық қадымдастығы	531
ҰҚШҰ	74, 86, 286, 360, 363, 409
<i>(Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы)</i>	
«Фукусима» АЭС-ы.....	97
Халықаралық болжамдау институты	149
ХВҚ.....	134
<i>(Халықаралық валюта қоры)</i>	

ХЕҮ.....	133, 284, 311, 429
<i>(Халықаралық еңбек ұйымы)</i>	
Чикаго университеті (АҚШ).....	97
ШЫҰ	86, 104, 360, 409
<i>(Шанхай ынтымақтастығы ұйымы)</i>	
ЭЫДҰ.....	123, 227, 248, 401, 418, 550
<i>(Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы)</i>	
ЮНЕСКО	151, 161, 236, 398
<i>(БҰҰ Білім беру, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы)</i>	
Ядролық отын халықаралық банкі.....	98, 194, 251
* * *	
«Air Astana».....	17, 102
G-Global.....	20, 73, 92, 135, 136, 138, 139, 143, 146, 148, 149, 157, 159, 190, 192, 196, 204, 286, 362, 414, 426, 427, 434, 464, 466
G-Global Қамқоршылық кеңесі.....	435
G-8	92, 96, 134, 433, 464
G-20	92, 134, 272, 413, 429, 430, 433, 464, 467
«KazAID»	421
KEGOC.....	17, 102, 269

МАЗМҰНЫ

VII ТОМ (2012–2013)

Жаңа көкжиектер.....	7
Д. А. Қонаевтың 100 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі.....	23
<i>(Алматы қаласы, 2012 жылғы 12 қаңтар)</i>	
Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мен мәслихаттарының алдағы сайлауына байланысты үндеуі.....	34
<i>(Астана қаласы, 2012 жылғы 13 қаңтар)</i>	
Қазақстан Республикасы Парламенті бесінші шақырылымы I сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі.....	40
<i>(Астана қаласы, 2012 жылғы 20 қаңтар)</i>	
«Өлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.....	49
<i>(Астана қаласы, 2012 жылғы 27 қаңтар)</i>	
Қазақстанда тіркелген шетелдік дипломатиялық миссиялардың басшыларымен кездесуде сөйлеген сөзі.....	77
<i>(Астана қаласы, 2012 жылғы 2 наурыз)</i>	
Ядролық қауіпсіздік жөніндегі II жаһандық саммитте сөйлеген сөзі.....	95
<i>(Корея Республикасы, Сеул қаласы, 2012 жылғы 27 наурыз)</i>	

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақстан жолы: тұрақтылық, бірлік, жаңғырту» атты XIX сессиясында сөйлеген сөзі	100
<i>(Астана қаласы, 2012 жылғы 27 сәуір)</i>	
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің XXV пленарлық отырысында сөйлеген сөзі	119
<i>(Астана қаласы, 2012 жылғы 22 мамыр)</i>	
V Астана экономикалық форумында сөйлеген сөзі.....	131
<i>(Астана қаласы, 2012 жылғы 23 мамыр)</i>	
Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV съезінде сөйлеген сөзі.....	150
<i>(Астана қаласы, 2012 жылғы 30 мамыр)</i>	
Астана қаласында 1932–1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіштің салтанатты ашылуы рәсімінде сөйлеген сөзі	164
<i>(Астана қаласы, 2012 жылғы 31 мамыр)</i>	
XXX жазғы Олимпиада ойындарының жеңімпаздарына құрмет көрсетудің салтанатты рәсімінде сөйлеген сөзі.....	171
<i>(Астана қаласы, 2012 жылғы 17 тамыз)</i>	
«Ядролық сынақтарға тыйым салудан – ядролық қарусыз әлемге» атты халықаралық конференцияда сөйлеген сөзі.....	181
<i>(Астана қаласы, 2012 жылғы 29 тамыз)</i>	
Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзі	197
<i>(Астана қаласы, 2012 жылғы 30 тамыз)</i>	
Қазақстан Республикасы Парламенті бесінші шақырылымы II сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі	210
<i>(Астана қаласы, 2012 жылғы 3 қыркүйек)</i>	

- Назарбаев университетінде «Қазақстан білім қоғамы жолында» тақырыбында оқыған дәрісі..... 221
(Астана қаласы, 2012 жылғы 5 қыркүйек)
- АӨСШК-нің 20 жылдығына арналған АӨСШК-ге мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері кеңесінің мерейтойлық отырысында сөйлеген сөзі..... 246
(Астана қаласы, 2012 жылғы 12 қыркүйек)
- «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы «Жас Отан» жастар қанатының II съезінде сөйлеген сөзі..... 255
(Астана қаласы, 2012 жылғы 16 қараша)
- Астана қаласында «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізуге байланысты үндеуі..... 275
(Астана қаласы, 2012 жылғы 6 желтоқсан)
- «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы..... 278
(Астана қаласы, 2012 жылғы 14 желтоқсан)
- Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақстан – 2050» стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр» атты XX сессиясында сөйлеген сөзі..... 385
(Астана қаласы, 2013 жылғы 24 сәуір)
- XI Еуразия медиа-форумында сөйлеген сөзі..... 403
(Астана қаласы, 2013 жылғы 25 сәуір)
- Ыстамбұл үдерісіне қатысушы елдердің Сыртқы істер министрлерінің конференциясында сөйлеген сөзі..... 416
(Алматы қаласы, 2013 жылғы 26 сәуір)
- VI Астана экономикалық форумында сөйлеген сөзі..... 425
(Астана қаласы, 2013 жылғы 23 мамыр)

- Зейнетақы реформасының мәселелері
жөнінде Қазақстан халқына үндеуі 439
(Астана қаласы, 2013 жылғы 7 маусым)
- Аудандық маңыздағы қалалар, селолық округтер,
селолық округтердің құрамына кірмейтін
поселкелер мен селолар әкімдері сайлауының
қорытындысы бойынша үндеуі 445
(Астана қаласы, 2013 жылғы 10 тамыз)
- Қазақстан Республикасы Парламенті ІІІ бесінші
шақырылымы сессиясының ашылуында
сөйлеген сөзі 451
(Астана қаласы, 2013 жылғы 2 қыркүйек)
- G-20 «Үлкен жиырмалықтың» саммитінде
сөйлеген сөзі 463
*(Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қаласы,
2013 жылғы 5 қыркүйек)*
- Дамушы нарықтардың Еуразиялық форумында
сөйлеген сөзі 469
(Астана қаласы, 2013 жылғы 10 қыркүйек)
- «А» корпусының мемлекеттік қызметшілерімен
кеңесте сөйлеген сөзі 492
(Астана қаласы, 2013 жылғы 17 қазан)
- «Нұр Отан» партиясының XV съезінде
сөйлеген сөзі 500
(Астана қаласы, 2013 жылғы 18 қазан)
- Қазақстан Республикасы судьяларының
VI съезінде «Қазақстан – 2050» стратегиясы
аясындағы ұлттық сот жүйесінің міндеттері»
тақырыбында сөйлеген сөзі 525
(Астана қаласы, 2013 жылғы 20 қараша)
- Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ»
халықаралық стипендиясы тағайындалуының
20 жылдығына арналған стипендиаттар мен
түлектердің форумында сөйлеген сөзі 540
(Астана қаласы, 2013 жылғы 29 қараша)

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі.....	547
<i>(Астана қаласы, 2013 жылғы 14 желтоқсан)</i>	
Қабылданған қысқартулар тізбесі.....	559
Географиялық атаулар көрсеткіші.....	561
Есімдер көрсеткіші.....	568
Мекемелер мен ұйымдардың көрсеткіші.....	571

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

ТАҢДАМАЛЫ СӨЗДЕР

VII ТОМ

2012–2013

Жобаның жетекшісі –
саяси ғылымдардың докторы, профессор
М. Б. Қасымбеков

Арнаулы редактор –
филология ғылымдарының докторы, профессор
С. А. Абдрахманов

ISBN 978-601-277-195-4



«Сарыарқа» баспасында беттеліп, басылды.

Бас директор – Әлиев Қ. Ә.

Тех. редактор – Бектыбаева Г. Т.

Редактор, корректор – Раушанова Ғ. Қ.

Беттеуші – Степанец Н. П.

Басуға 19.11.2014 ж. қол қойылды. Қалыбы 60x84 $\frac{1}{16}$. Шартты баспа табағы 33,9.
Palatino Linotype гарнитурасы. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 68/9859.



Қазақстан Республикасы, Астана қ-сы,
Алматы а-ны, Көкарал к-сі, 2,
тел. (7172) 527462, 527411, факс: 527489
e-mail: izdat_saryarka@mail.ru